

ҰЛЫ ЖҮЗ



**ЖАЛАЙЫР
БАЙШЕҒІР БАБА
БЕКПЕНБЕТ
(ШЕГЕЛЕК)**

шежіресі



Бекпенбет
(Шежелек)
шежіресі

Bilik
Алматы
2021

ӘОЖ 929.5
КБЖ 63.2
Б 39

Б 39 **Бекпенбет (Шегелек) шежіресі.** — Алматы: «Білік» баспасы, 2020. — 384 бет.

ISBN 978-601-06-7376-2

Бұл — Ұлы жүздің ішіндегі Жалайырдың Байшегір бабасынан тараған Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының шежіре кітабы. Сонымен қатар кітапта Бекпенбет (Шегелек) руының тарихы, аңыз-әңгімелері мен көрнекті тұлғалары туралы мәліметтер қамтылған. Шежіре кітабы алыс-жақын шет елдерде және еліміздің әртүрлі аймағында тұрып жатқан Бесшал, Сегізбай, Сеңгетай, Қосақ аталардан тараған ұрпақтардың қаржылай қолдауымен жарыққа шығып отыр. Естелік әңгімелер мен керек деректерді, конеден жеткен жәдігерлер мен фотосуреттерді жинақтауға көмектескен азаматтарға алғыс айтамыз.

ӘОЖ 929.5
КБЖ 63.2

ISBN 978-601-06-7376-2

© «Білік» баспасы, 2021



АЛҒЫ СӨЗ

*Бисмилләһир рахманир рахиим!
Аса мейірімді, ерекше рақымды Алланың атымен!*

Қадірлі ағайын, шежіре кітапты оқымас бұрын ата-бабамыздан қалған дәстүр бойынша, әруақты сыйлап, бақилық болған жандарға арнап Құран бағыштасаңыз деген тілегіміз бар. Бұл — оларға деген құрмет. Құран бағыштау үлгісі кітаптың алғашқы беттерінде көрсетілген.

Шежіре жинау — ата-баба әруағына деген тағзым, өмірден өткен алдыңғы буынға: әке-шеше, ата-әже, бабаларымызға деген құрмет деп білеміз. Тамырын, тарихын білген ер азбайды, сол аталарының жолын жалғайды, дәстүрін сақтап, даңқын асырады.

Кітаптан:

- Байшегір баба Тоқтыбекұлының балаларына кәдесый беруі;
- Жалайыр ұрпақтарының Қаратал өңірінен Сырдария өңіріне барған кезеңі;
- Балпық бидің Іле-Балқаш аймағын Байшегір, Арықтыным, Балғалы, Күшік, Қайшылы руларының еншісіне беруі;
- Байшегір бабадан тараған Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының Қаратал өңірінен Іле өңіріне алғаш қоныстануы;
- Балқаш ауданына қарасты Үшжарма ауылының маңынан үш жарма жасап, тоған қазып, егіншілікпен айналысқаны;
- Бекпенбет (Шегелек) руынан шыққан әулиелер;



– Ашаршылық зұлмат заманында Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының Ақкөл өңірінен Қарой, Жиделі, Шелек ауылдарына қоныс аударуы;

– Бекпенбет (Шегелек) руының төрт атасы Бесшал, Сегізбай, Сеңгетай. Қосақ ата ұрпақтарының шежіресі;

– Отан қорғаған батыр аталарымыз;

– Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарын жалғастырған алтынқұрсақ аналарымыз;

– Қоғам қайраткерлері мен ғалымдар;

– Көнекөз аға буын өкілдерінің өнегелі әңгімелерін оқып, таныс боласыздар

Осы шежірені жинақтауға, жарыққа шығаруға атсалысқан барша ағайынға алғысымыз шексіз!

Ақсақалдар алқасы.



шежіресі

Бекпенбет (Шегелек)





ҚҰРАН БАҒЫШТАУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК

ФАТИХА СҮРЕСІ

5

- Әғузу биллаһи-минаш-шайтанир-ражим
1. Бисмиллахир-рахманир-рахим
 2. Әлһамду лилаһи рабил-ғаламин
 3. Әр-рахманир-рахим
 4. Малики иаумиддин
 5. Иййака нағбуду уа иййака настағин
 6. Индинас сиратал-мүстақим
 7. Сиратал ләзина әнғамта ғәләйһим ғойрил мағдуби ғалайһим уалладдоолин (Әмин)
- (Әминді әр уақытта іштен айтады)

ЫҚЫЛАС СҮРЕСІ

1. Бисмиллахир-рахманир-рахим
 2. Құлһуа аллаһу әхад.
 3. Аллаһус-сәмәд
 4. Ләм иалид уаләм иүләд
 5. Уаләм иәкүл ләһу күффуан әхад.
- 3-рет қайталаңыз*
- Садақал-лаһул-азиим.
- Сүбханә роббика роббил ғиззати ғәммә
- Иәсифун уә сәләмун ғәләл-мүрсәлин
- Уәлхамду-лилләһи роббил ғаламиин.
- (Әминді әр уақытта іштен айтады).



Иә, ұлы Алла! Осы оқылған «Фатиха», «Ықылас» сүрелерінен болған сауапты пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.), пайғамбарларға, сахабаларға, әулие-әмбилерге, шаһидтерге, дүниеден өткен барша мұсылмандарға, өзімнің дүниеден өткен ата-бабаларыма, әке-шешелеріме, туған-туысқандарыма (*аты-жөнін айту керек*) бағыштадым.

Иә, Алла! Ата-бабаларымның рухтарын шат-шадыман етіп, осы оқылған Құранның нұрымен нұрландырып, қабір азабынан сақтап, жандарын жәннатта ете гөр!

Иә, Алла! Бізді: үй-ішімізді, халқымызды қайғы-қасіреттен, қорлық-зұлымдықтан, қауіптен, қастандықтан, дұшпандықтан, табиғи апаттардан, мың бір атты пәледен, жүз бір атты жаладан сақтай гөр!

Дұға-тілектерімізді қабыл етіп, екі дүниеде де нығметіңе бөлей гөр!

Рэббәнә әтинә фуддуниә хәсәнәтгән уа фил ахирати хәсәнәтгән уақина газәбаннәр. (*Мағынасы: «Раббымыз! Бізге дүниеде де, ақыретте де жақсылығыңды бере гөр. От азабынан сақта!»*)

Аллаһу әкбар!





БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) ҰРПАҚТАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ

7

29 ақпан 2020 жылы Алматы облысының Балқаш ауданындағы Бақанас ауылында, Сейфуллин көшесіндегі «Айтуар» мейрамханасында Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының 4 (төрт) атасынан, яғни Бесшал, Сегізбай, Сеңгетай, Қосақ аталарынан тараған ағайын-туыстардың басы қосылып, алғашқы жиын өтті. Бұл жиынға:

- Бесшал атадан Төлеген ақсақал, Серік, Сейтжан, Бағдат;
- Сегізбай атадан Есенқұл қария, Елгелді қария, Тұрыскелді қария, Көрікбай, Айбек, Қуанышбек, Берік;
- Сеңгетай атадан Көпжасар ақсақал, Нұрсейт қария, Әмір, Бақыт, Марат, Мыңжасар;
- Қосақ атадан Ербай қария, Абай, Рақым, Аманжол, Фарид;
- Сеңгетай атадан Күлғайша Бекжігітқызы қатысты.

Жиын барысында Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының ақсақал қариялары сөз сөйледі.

«Аллаға шүкір, өсіп-өніп жатырмыз. Тіл-көзден сақтасын, ұрпағымыз көбейіп жатыр. Тіпті кейінгі ұрпақ бір-бірін танымайтын халге жетті. Сондықтан Сабитов Молдашбай жинастырып шығарған, 2004 жылы Бақанас ауылында жарық көрген Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының шежіресін толықтырып, кейінгі жас буын ұрпақты енгізіп, қайта басып шығару қажет. Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарынан шыққан әулиелерді, ата-бабамыз бұрын мекен еткен Қаратал өңірі туралы, Отан қорғаған батыр аталарымыз бен әкелерімізді, ұрпағымызды жалғастырып жатқан батыр аналар мен көпба-



Шежіресі

(Шегелек)

Бекпенбет





лалы аналарды, ғалымдар мен басшы қызметте болған бауырларды, көнекөз ағаларымызды шежіреге енгізу керек. Осылайша, Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының ауқымды шежіресі мен тарихы қосылған жаңа кітапты шығарып, барша ұрпақтың басын қосып, ас беріп, дүние салған әруақтарға Құран бағыштап, жастарды бір-бірімен таныстырып, туыстық ынтымақты қайта бекемдеу керек», — деп ел ағалары ұсыныс айтқан-ды.

Талқыланған шаруалар бірауыздан мақұлданып, төмендегідей ақсақалдар алқасы мен жұмысшы тобы құрылып, ауқымды жұмыстың алғашқы қадамы басталып кетті. Төрт атадан «Ақсақалдар алқасы» тағайындалды:

- Бесшал атадан Төлеген ақсақал;
- Сегізбай атадан Есенқұл қария;
- Сеңгетай атадан Көпжасар ақсақал;
- Қосақ атадан Ғани қария.

Жұмысшы топ мүшелері төмендегідей болып бекітілді:

- Бесшал атадан Сейтжан, Бағдат, Бағыжан (кейін қосылды);
- Сегізбай атадан Тұрыскелді қария, Айбек;
- Сеңгетай атадан Марат, Мыңжасар;
- Қосақ атадан Абай, Аманжол.

Жұмысшы топтың төрағасы болып Тұрыскелді қария сайланды.





9



Алғашқы отырысқа жиналған Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары.
Бірінші қатарда солдан оңға қарай: Серік, Рақым, Күлғайша,
Нұрсейит, Төлеген. Екінші қатарда солдан оңға қарай:
Тұрыскелді, Елгелді, Әмір, Ербай, Көпжасар, Марат
Үшінші қатарда солдан оңға қарай: Берік, Абай, Сейітжан,
Бақыт, Қуанышбек, Фарид, Айбек, Аманжол, Бағдат,
Көрікбай, Мыңжасар.





Шегелек

(Шегелек)

Бекпенбет







Тұңғыш бөлім (Шығарма) шешімі



СЫРМАНАҚ

Нұрқожа Тоққожа Жанғазы

Емберлі Нардаулет

Тоқтыбек Қосай (Күшік) Қосымбет (Арықтыным)

Байшегір баба Жаншегір Капалшегір Тоқшегір

Жиенбет Нұрымбет Тынымбет Бекпенбет (Шегелек)





БЕКПЕНБЕТ
(ШЕГЕЛЕК)

ТҮРСЫН
(БЕСПАЛ)

БАТПАН

Есім Көшім Алдаберлі Мәті*

Бөкенбай Шерубай Сегізбай Сеңгетай

Орда
Асан
Үсен

Айқошқар
Байқошқар

Қожан
Шаган
Боран
Сары
Қара

Құнан
Маман
Қабан
Донен

Мәті*
Қосақ
Қосакелді
Ырысбай
Жақсыбай
Өтес
Саңырақ



БАЙШЕГІР БАБА КІТАБЫНАН

Байшегір бабаның өмір сүрген кезеңі шамамен алғанда XV ғасырға сәйкес келеді. Қазақ халқының жеке этнос болып қалыптасу процесі жүрген бұл кезеңге катысты деректердің тапшылығы баба туралы зерттеу жұмысының толыққанды жүргізілуіне біршама кедергі келтіреді. Бабаның өмірін ел аузында сақталған ауызша деректер мен азда болса көп мағына беретін жазбаша мәліметтерге сүйеніп отырып тарқатып жазуға тырысамыз. Негізінен сүйенетін дерек көзі шежірелік мәліметтерден тұрады. Байшегір баба шығу тегі жағынан Жалайыр тайпасының Сырманынан тарайды. Зерттеушілердің пікірінше, Жалайырлар өз ішінде үлкен-үлкен үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге Шуманақ, екінші бөлімге Сырманақ, үшінші бөлімге Бірманақ тобына қарасты рулар жатады. Ә.Х.Марғұлан Жалайырлардың Жетісу өлкесін мекендегенін, олардың құрамында шуманақ, сырманақ руларының болуымен байланыстырған. Шуманақтарды Шудың, сырманақтарды Сырдарияның манақтарымен байланыстырады. Манақ сөзінің мағынасына келер болсақ, «бақылаушы» деген мағынаға саяды. Марғұлан X ғасырдағы «Худуд ал-ғалам» дерегінде көрсетілген манақ этнонимін Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысына байланысын аша келіп, кейінгі қазақ халқының құрамындағы Жалайырлардың Жетісуды моңғол дәуірінен бастап мекендегенін дәлелдеуге тырысты¹. Жалайырлар тарих ғылымында Моңғол дәуірі аталып кеткен Шыңғыс ханның жорығынан кейін барып

¹ Марғұлан А.Х. Комментарий к работам Ч.Ч.Валиханова. Собр. соч., - Т. 1. - Алма-Ата. - 1961 - 638 стр



Қазақстан жеріне келген деген тұжырым айтады. Тарихшы Т.Омарбеков: «Жалайырлар тарихта Сырманақ деген қосалқы атпен де белгілі. Жалайырларға «манақ» (бақылаушы) лауазымын Кебек ханның реформасын жүзеге асыру барысында моңғол билеушілері беріп, оларды өздерінің мемлекеттік жүйелерінде Шуды бақылаушы (Шуманақ) және Сырды бақылаушы (Сырманақ) ретінде пайдаланды. Жалайырлардың келесі төртінші тобы Хулагу ханға ілесіп, Персияға өтіп кетті»,² — деген пікір айтады.

Жоғарыда айтылғандай, Сырманақ тобы Сыр өзеніне байланысты шыққандығы анықталды. Сыр өңірін мекендеген Жалайырлар Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібекті қолдаған Дешті Қыпшақ ру-тайпаларының қатарында болған. Олар дәстүрлі тарихи деректерде Сыр манақтары деп аталып келген еді³

Шыңғыс ханның Моңғолия жерінен ығыстыруына орай келгендеріне қарамастан жергілікті түркі тілдес тайпалармен араласып, қазақ халқының қалыптасуында негізгі рөл атқарды. XIII-XV ғасырлардағы этникалық процестерде ірі тайпалардың бірі ретінде маңызды орын алды. Тілі, діні, мәдениеті, шаруашылығы, территориясы, саяси құрылымдары ортақ тайпалармен бірге «қыпшақ», «көшпелі өзбек» деп аталатын этникалық топтарға бірікті. Жалайырлардан басқа Қоңырат, Алшын, Арғын, Найман, Қыпшақ, Қаңлы, Керей, Үйсін тайпалары — қазақ халқын қалыптастыруда мұрындық болды.

XVI-XVII ғасырларда Ұлы жүздің Үйсін, Дулат, Қаңлы тайпаларымен бірге Қазақстанның оңтүстігі мен Жеті-

²Т.Омарбеков. Жалайыр ордалары. Ана тілі. 12 мамыр, 2011.

³Аристов Н.А. Усуни и каракиргизы. - Бишкек, 2002. - 371-372.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
НАҒАРЫ АРХИВІ

суда өмір сүрді⁴. Жалайыр тайпасы XV-XVI ғасырларда Дешті Қыпшақтың тарихында терең із қалдырған, бүкіл далаға аты шыққан қайталанбас тұлғалары бар тайпалардың бірінен саналады. Сондай тарихи тұлғалардың бірі – біз айтып отырған Байшегір баба Тоқтыбекұлы. Бұл кезде Жалайыр тайпалары жеке этникалық топ ретінде Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілқайыр хандығының құрамына енген. Жалайырлар XV-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақтағы белді тайпалармен бірге Қазақ хандығына қосылып, қазақ этносының негізін қалаған тайпалардың бірі болған. Олар Жетісуда XV-XVI ғасырларға дейін-ақ өмір сүрген, кейінірек Ұлы жүздің құрамына кірген⁵.

Осыған дейінгі айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, төмендегідей мәселелердің басы ашылады:

1) Жалайырлардың негізгі түпкі отаны қазіргі Моңғолиядан келген Түркі тайпасы. Жергілікті рулармен тығыз қарым-қатынаста болып бірнеше топқа бөлінген.

2) Қазақ хандығы құрылғаннан кейін Ұлы жүз немесе Үлкен ордаға жататын рулардың қатарына жатқызылған. Ұлы далаға шашырай қоныстанған Жалайырлар негізінен екі өңірге Сырдария мен Шу өзендері бойын мекендеп, Сырманақ және Шуманақ деген атпен белгілі болған.

3) Байшегір баба Сырдария өзені бойындағы Жалайырлардан шыққан мықты тарихи тұлғалардың бірі болған.

Сырманақ кіндігінен тарайтындығына қарағанда, қазақтың байырғы атамекенінде дүниеге келген, сол төңіректе өмір сүріп, үрім-бұтағы өркен жайған әулетті

⁴Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақынла. - Алматы, 2000 -357 б

⁵Жалайыр 2 кітап. Алматы 2008. -135 б.




ел деп тошшылауға шежірелерде айтылатын әңгімелер толық негіз бола алады. Байшегір ақылдылығымен, көрегенділігімен елге танылып, өз заманының біртуар тұлғалы азаматы атаныпты. Әрі діндарлығы басым болған. Құдай деп құран оқып, Алла деп тәңіріне табынған. Діні таза, пейілі ақ, кең қолтық аруақты адам ретінде танылғандықтан Байшегір бабаның дара қасиетіне ел табынып, сиынатын болған. Өзі де жетім-жесірді демеп-жебеп жүреді. Олардың мұң-мұқтажын тыңдап, қайырымдылық жасайтын жомарттығымен, мырзалығымен жұртшылық аузына іліккен кісі екен. Оның ұрпақтары ұзақ жолға шығар алдында: «О, Байшегір баба, жолымызды оңғара көр», — деп атқа отырады екен.

«Байшегір бабамыз аруақты, қасиетті адам болған екен. Заманында ел басқарған, әділ билігімен танылған. Туған елі мен жерін қорғаған кісі. Орақты батырдың үзеңгілес, майдандас серігі», — деп тұжырымдауында да үлкен мән бар.⁶ Әрі тарихи шындықтан терең тамыр тартатын дерек. Сырдария өзенінің бойында Жалайырлардың сырманағынан тараған Байшегір, Балғалы, Арықтыным, Қайшылы, Сыыршы, Күшік тәрізді тайпалары мен рулары өмір сүрді⁷ Байшегір Сырманақтан тарайтын ұрпақтың ішіндегі ең үлкені әрі өсіп-өнген ел болып саналады. Бұл арада жеке рудың аты ол кезде әулие адамдарға ғана берілетінін ескеруіміз қажет. Ендігі кезекте Байшегір бабаның өмір сүрген уақытын анықтап алудың маңызы зор. Ел арасындағы шежірелік мәліметтерге сүйенер болсақ,

⁶ Рахметолла Толқымбекұлы ЖАЛАЙЫР он екі ата ШЕЖІРЕ Алмағы. 2000 жыл. 666-667 бет.

⁷ Ибрагимов С.И. К истории Казахстана в XV в. — 176-177 бб.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

Байшегір бабаның өмір сүрген уақыты XV ғасырға сәйкес келеді. Бүгінгі күні Байшегір баба туралы зерттеп жүрген ұрпақтары XIV ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келіп, XV ғасырдың ортасында қайтыс болған деген болжам айтады. Ел ішіндегі аңыз-әңгімелерге қарағанда, Байшегір баба Әмір Темірдің замандасы болып келеді⁸. Оның Қожа Ахмет Ясауи кесенесін тұрғызбас бұрын оның ұстазына құрмет көрсету қажеттігі жөнінде Әмір Темірге кеңес айтып, жастайынан Байшегір баба атанғаны және Ұлы билеушіден қайтыс болғанда өзін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленуіне рұқсат беруін сұрағаны туралы аңыз бар.

Аңыздың бұлай болуы да заңды. Себебі қазақ халқы Ясауи бабамыздың артында қалдырған рухани мұрасы мен ілімінің негізінде қалыптасып отыр. Сондықтан шежірелердің басында бір қожа отырады және онан кейінгі тұлғалар кесене құрылысына болмаса әулие бабамызға

⁸ «Байшегір баба атағын қалай алған?» Балкан өңірі. 1998.02.14.



Келіншектау Қаратаудың сілемі

қатысты істерде көрініс алып отырады. Байшегір бабаны да ел арасындағы аңыздарда осылайша кесене құрылысына қатысты байланыстырудың түп-төркіні содан шығады. Кесене құрылысының салынған уақыты XIV ғасырдың 90 жылдары екені белгілі. Соңғы ширегінде дүниеге келген болса, шамасы, 15-17 жасынан үлкен істерге араласа бастаған болып шығады.

Тағы бір пікірге сүйенер болсақ, Байшегір Жалайырдан шыққан атақты Орақты батырдың үзеңгілес серігі делінеді⁹. Орақты батырдың өмір сүрген уақыты көшпелі өзбектердің билеушісі Әбілқайыр ханның, қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек пен Керей хандардың дәуіріне тұспа-тұс келеді. Байшегір бабаның өмір сүрген кезеңін осы пікірлерді қорытындылап, талдау барысында нақты-

⁹ Рахметолла Толқымбескулы. ЖАЛАЙЫР он екі ата ШЕЖІРЕ. Алматы. 2000 жыл. 666-667 бет.



лы анықтауға болады. Сыпатай батыр, Орақты батыр, Байшегір баба т.б тарихи тұлғалар Жалайыр шежіресінде бір деңгейде тұрады. Яғни үшеуінің бір кезеңде өмір сүргенін көрсетеді. Сонымен қатар ортағасырлық деректерде Орақты батырдың өмір сүрген уақыты Әбілқайыр хан, Керей мен Жәнібек хандардың тұсында екені нақты айтылады. Дегенмен бұл кезде Байшегір бабаның жасы ұлғайып, қартайған шағы болуы да мүмкін. Ойымызды қорыта келе, Байшегір баба XIV ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келіп, XV ғасырдың екінші жартысында қайтыс болған деген қорытынды шығарамыз. Пікіріміз алдағы беттерде Байшегір баба туралы әңгімелер арқылы негізделе түседі.

Байшегір бабаның есімі ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатуының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Оған ертеде егістік үшін қазылған су жүйесі — Байшегір каналы, Қаратал өңірінде ұйымдастырылған шаруашылық және бір елді мекен осы қасиетті баба Байшегір есімімен аталынуы сөзіміздің нақты дәлелі.

Қазақтың белгілі билерінің бірі әрі батыры Бәйдібек Қарашаұлының Байшегір бабамен де таныс-білістігі барлығы, үзеңгілес жүріп, дәмдес-түздас болғаны жайлы дерек те бар. Байшегір баба ел қорғаны атанған Бәйдібекпен таныс-біліс болып, аралас-құралас жүріп бірін-бірі құрмет тұтқан. Байшегір баба Шу өңірінің қалың қорықты қамысын пана, сексеуілді атырабының бұйратты құмын құт санайды екен. Демек, Бәйдібек пен Байшегірдің ел-жұрты араласып, төрт түлігі өріске қатар өрген деуге мығым негіз бар. Олар іргесі сөгілмеген, елдігін сақтаған, бірлік-береке тағылымын берік ұстанған ұлағаттылар екені даусыз¹⁰.

¹⁰ Еркінбек Тұрысов «Бәйдібек» кітабы, 77-бет Алматы. «Нұрлы әлем», 2010 жыл



Билігі әділ, тұжырымы кесімді, төрелігі шешімді, адамгершілігі мол, парасаты пайымды, ақылға кенендігімен қоса шарифат, дін уағыздарына беріктігімен, мұсылмангершілікті пір тұтуда ұстамдығымен де танылған. Жұма намазға мешітке барып, дұға оқып, зиядат қылудан танбаған Қасиетті Байшегір баба бақуатты, жылқылы бай болған. Текті түлік жылқыны өсірудің қыр-сырын жетік білгені Байшегір баба айтыпты десетін мына сөздерінен аңғарылады: «Жылқы жарықтық — мінсең тұлпар, жүйтіксең сұңқар. Еті, сүті бал болады. Қазы, қарта, жал болады Терісі киім, тұяғы бұйым». Жылқы түлігін осылайша ерекше қастерлеп отырады екен. Әлі күнге дейін Байшегір баба айтыпты деген ақыл-нақылдар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер де ел жадында сақталғаны бар. Дер кезінде тас таңбаға түспеген соң көбісінің халықтық мұраға айналып кеткені де анық. Сонда да болса, бірлі-жарым ақылманды, өсиетті сөздері ұмытылмай, ұрпақтарының ұғымында, зейінді зердесінде жатталынып, атадан балаға ауысып, жалғасып келе жатқандары да біршама. Мәселен, осы Байшегір бабаның:

Дінің — діңгегің,

Ділің — күн бегің.

Тілің — шын тегің, — дегені әлі күнге дейін мәнді қағидалы темірқазықтай құрыштай қорытылған сөз екеніне кім қарсы тұра алады.

Сондай-ақ:

Ақылды сөзін тереңнен сүзіп айтады,

Сыпайы сөзін сызып айтады.

Шешен қызып айтады,



Шорқақ ойын бұзып айтады.

Қарау жөн сөзді бұзып айтады.

Жырау толғап, тізіп айтады, — деп татымды ой да түйіндеген көрінеді.

Осындағы мазмұнды ойдың тұжырымдары қазіргі дәуірмен үндесіп, астасып жатуының өзі жақсы сөздің өлмейтұғын қазына екенінің дәлелі болса керек. Сонымен бірге ақылманды бабаның мынандай өсиеттері де өмірмен үндесетінімен құнды. Мәселен:

Елін, жерін ойлаған,

Адалдықтың белгісі.

Сөз мәніне бойлаған,

Даналықтың белгісі.

Жоқта шоқтай жайнаған,

Адалдықтың белгісі.

Жақсылармен жанаспау

Надандықтың белгісі.

Осы бір қанатты сөздерді кестелеген Байшегір бабаның ой-өрісінің алғырлығын танысақ, ұстамдылық үрдістерін жетік білгеніне тәнті боларымыз хақ. Байшегір есімі баба деген құрметті сөзбен қоса аталады. Байшегір жасында медреседе оқып, білім алған. Есейе келе ақылымен, парасатымен, көріпкелдігімен ел билеу ісіне араласқан Жалайырдың белгілі билерінің бірі ретінде күрделі мәселені шешуде әділеттілігімен ауызға ілігіп, халық тарапынан құрметке ие болған кісі.

XIX ғасырда жүргізілген зерттеулер бойынша, Жалайырдың Сырманағынан тарайтын Байшегір баба ұрпақтарының қоныстары Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс жаға-



лауы мен төбелерінде, Іле мен Қаратал өзендерінің қос қапталының аралығында, одан Күреңбел таулары мен Күрті алқаптарының біраз аймақтарына дейін созылып жатқан. Кәсіптері — мал өсіру, егін салу. Қол өнерімен шұғылданған. Орыс зерттеушісі Н Аристовтың мәліметіне қарағанда, Жалайырлар 17 мың түтін болып есептелінген¹¹. Жалайырлардың қазіргі Жетісу өңіріндегі мекеніне қазақ-қалмақ соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Ескелді би, Балпық, Қабылиса (Қабан) жырау әулиелердің бастауымен келіп, іргелі қоныс тепкендігі белгілі. Байшегір ұрпақтары да осы бір алмағайып заманда жоғарыда атап өткен жерлерге көшіп келіп қоныстанған. Жалайырдың іргелі бір елінен өсіп-өнген, өрбіген, тараған ұрпақтары бүгінде Байшегір елі деп атады.

Нағашыларында жүрген балалар есі кіре бастағанда шешесінен өздерінің кімнің баласы екенін сұрап, Жалайырда

¹¹ Аристон Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности /Живая старина -Вып. 3-4. СПб., 1896. -104-111 бб.



Байшегір деген үлкен атасы, оның Тарақ таңбалы ел екенін біліп алады.

Бір жазда Қаратауда үш жүздің игі жақсылары бас қосқан құрылтай жиналысы өтіп жатады. Сонда әлгі екі бала, жиналғандардың тұсап, шідерлеп қойған аттарын аралап кетіп бара жатқанда, ерттеулі, шідерлеулі, жамбасында тарақ таңбасы бар ақбоз атқа көздері түсіп, тамашалайды. Анасының айтқан тарақ таңбасы естеріне түседі. «Осы аттың иесі біздің туысқанымыз болмасын» деп балалар атшыдан жөн сұрайды. Сол аттың иесіне жолықтыруды өтінеді. Шынында, ақбоз ат екі баланың үлкен атасы Байшегірдікі болып шығады. Байшегір екі баламен жолығып, олардан жөн сұрайды:

- Кімнің баласы боласыңдар, қарақтарымыз?
- Ата, Нардаулет баласымыз.
- Ол қай Нардаулет?
- Жалайыр, тарақ таңбалы Емберліұлы.
- Әке-шешелерің қайда?
- Әкеміз жорықта қазаға ұшырапты. Шешеміз қайтыс болған — дейді балалар.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің батыс бетіндегі жазулары






— Ой, айналайын, жетімектерім-ай! — деп Байшегір ата оларды құшағына алып, маңдайларынан сүйіп, айналып, толғаныпты. Бұл балалардың өз туысқанынан тараған тұқым екенін білген ата оларды қасына ертіп алады.

Жалайырдың сол кездегі атақты басшы билерінің бірі Андас екен. Бір кезде сол Андас келсе, Байшегір бейтаныс екі баланы тамақтандырып отырады. Сөйтіп, Андас ата бұл балалардың жағдайына қанығады. Ақырында Андас екі баланың үлкені Қосайды сұрап алады. Жаңадан қамқоршы әке тапқан Қосай Андастың артынан еріп қайда барса да қалмайтын болады. Өзі моп-момақан, сүп-сүйкімді бала болады. Андас баланы жақсы көріп, «Артымнан еріп жүрген кішкентай күшігім ғой» деп еркелетіп жүреді. Сөйтіп Қосайды ел Күшік атандырып жібереді. Күшік жігіт болып, әйел алған соң да сол атымен атала берген. Кейін одан туған балалар Күшік атаның балалары болып аталып кеткен.

— Жалайырдан тарайтын Күшік деген ру сол атадан тарапты, — дейді көнекөз шежіреші қарттар.

Байшегір ата екі баланың кішісі Қосымбетті мәпелеп, өзінен туған төрт баласымен бірдей көріп, балам деп тәрбиелеп өсірген. Ол жас кезінде қағылез, арық, пысық болып, атасының дәрет суын жылытып, қай уақытта сұраса да дайындап тұрған. Тіпті дәрет құмғанды суып қалмасын деп қойнына түнемеге алып жатады екен. Оған дән риза болып баба «Арығым» деп еркелеткен, әрі баласы Тынымбетпен еншілес етіп үйлендірген. Содан барып Қосымбет аты аталмай, «Арықтыным» аталып кеткен көрінеді. Баба Арықтынымға ақ батасын беріп, мұраға аңшылық



мылтығын қалдырған. Кейін Арықтыным ұрпағы көбейіп, өз алдына Жалайырдың бір руына айналған. Шежірелерде Арықтыным мен Күшік екеуін екі руга есептеп, 13 ата Жалайыр деуі осыдан¹².

БАЙШЕГІР БАБАНЫҢ БАЛАЛАРЫНА КӘДЕСЫЙ БЕРУІ

Байшегір баба өз әулетінің ауызбірлігін, татулығын, ынтымағын сақтап, ағайын-туыс арасындағы тартыс туғызатын дау дамайға, кереғар қақтығыстарға барғызбай, бәріне өзі төрелік етіп, бекем билік байлауын айтып, әділдікті жақтаған.

Байшегір бабамыздың өз кіндігінен төрт ұл өрбіпті. Бесінші еншілес баласы жетім Арықтынымды (шын аты Қосымбет) тәрбиелепті. Бабамыз балалардың бәрін бірдей тең көрген. Ешқайсын алаламаған, үйлендіріп, отау тігіп, өз алдына түтін түтеткендеріне әкелік қамқорлық жасап отырған. Бірақ енші бөліп көрмеген. Ол кісі балаларына: «Төрт түлік мал түгелімен ортада болады, қажеттеріңе керектеріңше жұмсап, ішіп-жейсіңдер. Ешқайсыңа енші берілмейді. Себебі ұқсата білгенің байып, селқостауың шаруаның ығын таппай кедейленіп, араларыңда араздық тууы ықтимал. Әке қазынасы, балалар еншісі ортақ несібе. Барды тең бөліп, игілікке жаратамыз, жоқта сатып ішеміз, бірақ ешкімге алақан жаймаймыз. Бірлік түбі береке, тәңірім ынтымақтан айырып, кісіге күнімізді қаратпасын», — деп барды қанағат тұтқан көрінеді.

¹² Толқымбекұлы Р. Жалайыр: он екі ата шежіре. Алматы 2000. 664-666 бб.



Байшегір баба бір жолы балаларының құрметіне ел-жұртын жинап, атан түйе, ту бие сойып, ақбас қопқарын шалып, саба-саба қымызын құйғызып, ат шаптырып, бәйге жариялап, үлкен той жасапты.

Ойын-сауық кешінің соңында Байшегір баба жиналған жұрт ортасына шығып, елінің бірлігіне ризалық ықылас білдіреді де, көпшілік алдында балаларының әрқайсына жеке-жеке әкелік кәдесый жасайтынын жария етеді. Жайшылықта қарасөздің майын тамызып, дәмі мен мәнін келтіре сөйлейтін баба ойындағысын нақышты сөзбен мәнерлеп, термелеп, дестелеп төгілдіріп жіберетін әрі тапқырлығымен тамсандыратын әдетімен, сабырлы сөз бастайды.

— Балаларымның ешқайсы бөліп-жармайтын ортақ қазынасы, гәңірім берген несібесі бар. Ол — төрт түлік малы. Бар малды балаларға бөліп, енші берсем, бет-бетімен кетіп, ауызбірліктен айырылуы, арақатынасына кінәратты кілтипан кіруі кәдік. Осыны ескеріп, кіндік төлдерімнің ешқайсына малдан енші бермеуді ойлап отырмын. Ортақ несібесі мен ырыс-құтты бар бала бір жерден ішіп-жейді. Қызығын көреді, тұрмысын түзеп, дәулетін молайтып, дүние-мүлкін қорландырады. Осы жолы әр баламның өзіне тән мінез-құлқына, кісілігіне, кәсібіне, тіршілік бейіміне қарай әкелік кәдесыйлар әзірлеген едім. Енді сөзіме құлақ бұрыңдар, атадан қалған ырым бар, балалар, жақын келіңдер, бой түзеп қатар тұрыңдар, — дейді.

Балалары қаздай тізіліп тұра қалысады. Байшегір баба сөзін жалғастырып:

«Ешкімге бөлмей түлікті, сақтаймыз ауызбірлікті. Несібе ортақ қазына, жасаймыз бірге тірлікті. Бірлікте болсақ бәріміз, ортада тұрса барымыз, таусылмас құт та бұйыр-



ған, жүдей де қоймас әріміз. Таңірім берсе береке, сақталар таза арымыз», — деп балалар тұрған жаққа көз қиығын тастап: «Бас қоссақ мықты тірекпіз, соғатын бірге жүрекпіз. Ынтымақ құты қашпайды, тұра алсақ иық тіреп біз. Топшысы бүтін түлекпіз, өсеміз сонда түлеп біз», — дейді де әр баласының өзіне тән ерекшеліктерін ескері отырып, кәдесыйларын тапсыруға ыңғайланады¹³.

Байшегір баба өзі көпшіл, қонақжай, дастарқаны берекелі деп санайтын үлкен баласы Жиенбет жаққа бұрылып:

Жиенбет бері қарасын,

Айтайын сөздің жорасын.

Жақындатып жүрер бол,

Ағайынның арасын.

Естімей елдің наласын,

Үйірлі жылқы бағасың.

Қазаның түспей ошақтан,

Бұйырсын көпке бар асың.

Тапсын деп сенен жарасым,

Бабамның құты дарыған,

Сыйладым қара сабасын, — деп қара сабаны ұсыныпты.

Байшегір бабаның екінші ұлы Нұрымбет көрікті, келбетті кісі екен. Ел арасында өзінің парасаттылығымен ауызға ілігіп, көпке танылыпты. Әкесі баласының осы ерекшеліктерін ескерсе керек, оған былай депті:

Нұрымбет ұлым адамның,

Шуақты күні атанған.

Еліңнің жанын жылытар,

Салтынан өшпес от алғын.

¹³ Байшегір бабаның балаларына айтқан ақ тілектері Ә.Ысқабайдың «Жәлменде-Гышан» атты кітабынан 279-285 беттер. Алматы, «Дәуір баспасы», 2004 жыл



Ұсындым дәрі қалғаны,

Тілекті сұрап көктен көп, — деп дәрі салатын толып
жатқан қапшықсымақ қалталары бар ою-өрнегі зерлі дор-
баны иығына асыпты.

Жау шапқыншылығы кезінде әкесі өліп, шешеден тірі-
дей айырылып жетім қалған Қосымбегті кейін өзі Арық-
тыным деп атап, балаларының еншілесі етіп тәрбиелеп,
үйлендіріп, өз алдына шаңырағын көтеріп берген, өзі зе-
рек әрі еті тірі санайтын баласының саятқұмарлығын, аң-
шылық кәсіпке құштарлығын, алғыр мергендігін аңғарған
әке:

Ел іздеп, туыс тапқанда,
Зар жылап мұңын шаққанда,
Елгезек, зерек деп білгем,
Қасыма алып жатқанда.
Тектілік тегің мақтанға,
Айналсын үй боп жатқанда.
Батамды беріп қояйын,
Қос қолың артық бақтан да,
Жігерді жанып баптан да,
Атыңды тұсап шоқ талға,
Аралап қалың шатқалды,
Жанардан жарқыл қаққанда,
Қыранды құрдай іле біл.
Сейіл құрып жүргейсің,
Кейістік сұрқай шақтарда,
Қапыда қалмай бейқамсып.
Шалғайдан шалып шапқанды,
Қармағын көктен тапқанды,



Ырқынан тайдыр қаққанды.
Тірлігі түздің таусылмас,
Қарық қып жүргей жұртыңды.

Тағысын тәңір баққан-ды,
Жортқанда орал олжалы,

Сыйладым мылтық, қақпанды, — деп аңшылық кәсіп-
тік құрал-саймандарын тапсырыпты.

Байшегір баба балаларына кәделі сыйларын тапсырып
болған соң, оларды қаз тұрғызып қойып, бәріне арнап ақ
батасын беріпті. Ол батасы мынау:

Бәріңе айтар тілек сол —
Бір жеңнен шыққан білек болыңдар,
Қырандай алғыр түлек болыңдар,
Елдікке мықты тірек болыңдар,
Ерлікке батыл жүрек болыңдар,
Биік таудай ерек болыңдар,
Майыспас діні терек болыңдар,
Дәрменсізді демеп жүріңдер,
Жабыққанды жебеп жүріңдер,
Сыйлағанды елеп жүріңдер,
Қинағанды бөлеп жүріңдер,
Тізгініңді теңеп жүріңдер,
І Шапағатқа бөлеп жүріңдер.
Қабыл боп батам, шырақтарым,
Сөнбесін деймін шырақтарың.
Әумин!¹⁴

Байшегір бабамыздың осы батасы қабыл болып, бала-
ларының бәрі де Байшегір баба сипаттаған мінез- құлыққа

¹⁴ Байшегір бабаның балаларына айтқан ақ тілектері Ә. Ысқабайдың «Жалмен-
де-Пышан» атты кітабынан 279-285 беттер. Алматы, «Дәуір баспасы», 2004 жыл



сай келіп, ел-жұртына есімдері танылып, ел қамын ойлаған тұлғалар қатарына ілігіпті. Кейінгі ұрпақтарының ішінде де аға дәстүрін жалғастырып жүрген үрім-бұтақтары баршылық.

Ұлы баба Байшегір осы жиыннан кейін көп ұзамай дүниеден қайтыпты. Елінің рухани тұтастығы үшін аянбай тер төккен әулие бабаны өзінің аманаты бойынша Түркістанға Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлейді.



ТІЛЕУҒҰЛ БАБА ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕК



33

1852 жылы Батыс-Сібір округінің бастығы генерал-майор А.М.Горчаковтың әмірімен арнайы әскери экспедиция жасақталды. Бұл экспедицияны инфантерия генералы Г.Х.Гасфорт басқарып, оның адютанты болып Омбы әскери кадет корпусын бітіріп, Сібір полкына қызметке орналасқан Шоқан Уәлиханов тағайындалды. Жасақталған экспедицияның басты екі мақсаты болды.

Біріншісі — Ұлы жүз қазақтарының қалың елін басқарып, маңына ешкімді жолатпай, тас түйін боп отырған сұлтан, би, көсемдерімен жақын танысып, олардын тізімін алу.

Екіншісі, маңызды стратегиялық аймақ болып саңалатын Жетісу жерінің ең басты өзені, қазақ жерінен бастау алып, Құлжаға барып айналып қайта кері ағатын, артына ұлан-ғайыр құм мен даланы артқа тастап Балқашқа келіп құятын Іле өзенінің тереңдігін зерттеу болатын.

Инфантерия генералы Г.Х.Гасфорттың басқаруымен Шоқан Уәлиханов экспедиция мүшелерімен қатар Жетісу қазақтарының билері, Тілеуғұл Тілеубайұлын, Бөлек Тасыбайұлын және де басқа әйгілі тұлғаларды ертіп, Іле дариясының бастау алған жерінен бастап, Балқашқа дейінгі ағысы мен тереңдігін анықтауға шыққан.

Тілеуғұл Тілеубайұлы ел жадында да, архив құжаттарында да сақталған тұлға. Он сегіз жасынан ел басқаруға араласқан. Елді Сыр бойынан Жетісуға көшіріп алуда басшылық жасаған адамдардың бірі болған.



Шоқан

(Шоқан)

Шоқан





Тілеуғұл Тілеубайұлы – ХІХ ғасырда бүкіл Жетісуға мәлім болған көрнекті билердің бірі. Халық оның есімін қастерлеген. Ол халықтың қамын ойлаған ел басшысы, қоғам қайраткері ретінде танылған. Ойын жүйелеп, көргенін кесіп айтатын, от ауызды, орақ тілді шешен, көпке танымал көсем болған.

Тілеуғұл Тілеубайұлы Жалайыр руының Байшегір бабасының Бекпенбет (Шегелек) руының Сеңгетай атасынан – Дөнен – Құлман – Үмбет – Тілеубай – Тілеуғұл – Байділда – Сарбас – Нұрсейт болып тарайды. Мен, Нұрсейт бабамыздың үшінші ұрпағымын.

1868 жылға дейін Арықтыным Байшегір болысының басшылығына Тілеуғұл Тілеубайұлы сайланады. Оның қол астына Байшегір руының негізгі аталары Байшегір-Бәйбіше 116 түгін, Байшегір-Жиенбет 200 түгін, Арықтыным 47 түгін, Арықтыным-Едіге 30 түгін, Арықтыным- Базар 40 түгін, Әнет 32 түгін, Арықтыным Өміржан 30 түгін, Арықтыным Құдас – Күдік-Тоқал 197 түгін т.б. Барлығы 10360 түгін енген.

Тілеуғұл Қаратал мен Іленің арасындағы ауқымды кең жерді жайлаған қазақтың басын қосып, біріктіріп, абырой беделін асырып, ағайынның еншісін алып берген. Аңдыған сыртқы жаудан, орынсыз алаулаған отты даудан аман сақтап, көзі тірісінде аты ұранға айналған, ал көз жұмған соң өнегелі елі, ұлағатты ұрпағы ұлы абызды әулие санатына көтерді.

Байшегір балаларының күні бүгінге дейін жақсы іс бас-тардағы ұраны – «Байшегір баба, қолда; Тілеуғұл атам, қорға».

Бекпенбет (Шегелек) шешіреті



Іле-Балқаш өңірі ежелден-ақ етегіне ел қонып, жағасын жұрт жайлаған құтты қоныс. Бұл жайындағы мына бір тарихи дерек ешкімді бей-жай қалдыра қоймайды.

Сыр елінен келген ұлы көшті Балпық, Қаблиса, Жолбарыс сияқты ел басшылары Іленің бас жағында отырған Құдеке деген байдың ауылына аяңдатады. Көш аттанып бара жатқанда Байшегір баба руының басшысы Тілеуғұл атқа мінер алдында Іле өзенінің төменгі жағына (Үш қамауға) үш рет бұрылып қарайды. Мұны Қаблиса әулие ғана байқап қалады. Салт аттылар желе жорытып Балықтының басына жетіп тоқтайды. Балпық би жан жағы көкмайса жерге қарап тұрып:

— Қары қалыңдай түседі демесең, халықтың қал-жағдайына қолайлы жер екен. Таяғынды шаншы, Тілеуғұл, — депті. Тілеуғұл басын шайқайды.

Бұлар Қараталдан өтіп, Сарнақанның етегіне жетеді.

— Қауға тартып, қауқар жұмсап жатпайсың. сай-саласы бастау екен. Табындап сиыр, келелеп түйе, мыңғыртып қой, үйірлеп жылқы өсірсең де түңілмейсің. Балкім, осы өңірді еншілерсің, Тілеуғұл, — депті Балпық би. Тілеуғұл тағы басын шайқайды. Балпық би сәл зілдене:

— Оу, саған енді қандай қоныс керек? — депті.

Әңгімені тыңдап тұрған Жолбарыс батыр:

— Сабыр, биеке, сабыр, — дейді. Сонда Қаблиса әулие мырс етіп күліп:

— Бапеке, бұл Байшегірің Іленің төменгі Үш қамауын ұнатып тұр ғой. Бағана атқа қонарда артына бұрылып үш рет қарады емес пе... Тілеуғұл алыстан болжайды екен. Қайнауы құт, қысы жұмсақ, жайылымы мол осы Іле өзе-



нінің төменгі жағын Балқаш көліне дейін берсеңіз деп тұрғой. Біз емес, біздің ұрпақтарымыз Байшегір, Арықтыным ұрпақтары шалғайлау құм ішінде өсіп-өнеді, тыныш өмір сүреді деп тұр. Сұрағанын берейік, — депті.

— Ал, Тілеуғұл, қонысың құтты, малың сүтті, балаларың жұпты болсын! Құдай оңдап, Қыдыр қолдап, еліңе дәулет, басыңа бақ берсін! Қарының тоқ, қайғың жоқ болсын. Аталарыңның әруағы қолдап, еліңе тыныштық, береке әкелсін. Әумин! — деп батасын берген екен Балпық би.

Осылайша, Ұлы жүз Жалайыр тайпасының бір тарауының мекені Іле өзенінің оң жақ жағалауы болыпты. Бақанас өзенінің бойынан Байшегір, Арықтыным, Күшік, Андас, Қайшылы, Балғалы рулары тұрақты мекен табады.

Үш бабамыз туралы естелік жаза отырып, ағайынға өзімді де таныстыруды жөн көрдім.

Мен Нүрсейт, Шелек ауданының Масақ селосында 1946 жылы 15 желтоқсанда шаруа отбасында дүниеге келдім. 1959 жылы Бақбақты ауылы, Балқаш ауданына, яғни ата-баба жеріне келдім. Жоғары білімім бар. 5 баланың әкесімін.

Бақбақты күріш совхозының алғашқы қазығын қағып, гүлденіп-өркендеуіне үлесімді қостым. Бейнетімнің зейнетін көріп, «Балқаш ауданының құрметті азаматы» атағын алдым. Бақбақты селосының «Ардагерлер алқасының» төрағасымын.





39



*Нариман, Тұрыскелді, Мыңжасар.
Қаратал ауданы, 2020 жыл.*



Толқынбет (Шығалық) шығармалары





ШЕГЕЛЕК АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

40

Байшегір бабамыз әруақты, қасиетті адам болған екен. Заманында ел басқарған, әділ билігімен танылған. Туған елі мен жерін қорғау жолында күрескен кісі. Бабамыз XIV ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келіп, XV ғасырдың екінші жартысында қайтыс болған. Төрт баласы болған: Жиенбет, Нұрымбет, Тынымбет, Бекпенбет (Шегелек).

Бекпенбет атамыз әруақты, емшілік-тәуіпшілдік қасиет қонған, сырқаттанғандарды алақанымен сипап сауықтыратын шарапат дарыған адам болыпты. Дімкәс адамдарға әртүрлі шөптен дәрі-дәрмек жасап беріп, кеселінен құлантаза айығуына себепкер болуымен аты шығыпты.

Бекпенбет (Шегелек) атамыз кішкентайынан қолына балға алып, түрлі нәрселерді шегелеп жүреді екен. Жеңгелері атамызды еркелетіп, «Шегелегіш» деп атапты. Содан атамыздың жанама аты Шегелек көпке жайылып, ақыры солай атанып кетіпті деген ел аузында аңыз-әңгіме бар.

МАРАЛБАЙ ӘУЛИЕ

Маралбай әулие XVIII ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келіп, XIX ғасырдың бірінші жартысында қайтыс болған деген қорытынды шығарамыз, яғни XIX ғасырда өмір сүрген. Бұлай дейтін себебіміз, Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары Қаратал өңірінен Іле-Балқаш өңіріне 1865-67 жылдары қоныс аударған.



Маралбай әулие аты айтып тұрғандай, қасиет қонған кісі болыпты. Оның қолы тиген жер дертінен айығып, шөптен жасаған дәрі-дәрмегін ішкен адам аттай шауып кетеді екен.

Маралбай әулиенің күмбесі Бақанас-Қарой тас жолының бойындағы солтүстік-батыс бағыттағы шамамен 40 шақырымдай жерде орналасқан.



Бекленбет (Шегелек)
Бекленбет

Маралбай әулиеге қойылған құлпытас





42

Шеңкелесі

Бекпенбет (Шегелек)

Тәуелсіздік



Маралбай әулиенің күмбесі



*Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының келіндері:
Ләмзия, Динара, Айсұлу, Айымкүл*



Маралбай әулиеге құлпытас қою кезінде берілген
құдайы тамақтан көрініс





МАРАЛБАЙ ӘУЛИЕ ТУРАЛЫ ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ АҢЫЗ-ӘНГІМЕЛЕР

44

Шежіресі

Текленбей (Шегелек)

Менің атам Садырбекұлы Күзербай соғыс кезінде үлкен ұрысқа кірер алдында, окопта жатып мызғып кетіп, түс көріпті. Түсінде қатты бұршақ жауып тұр екен. Атам Маралбай әулиенің мазарына бұршақтан қашып кіріпті. Сол кезде атамыз Маралбай әулиенің күмбезінің құлағынан бір бұршақ өтіп, атам Күзербайдың басына тиіп, басы жарылыпты. Содан атам Күзербай оянып кетіп, өзінше түсін жорыпты. «Құдай қаласа, осы соғыстан аман оралады екенмін» депті. Ертесіне атам Күзербай қырғын соғыс кезінде бір көзі мен бір аяғынан қатты жараланыпты. Сол Маралбай әулиенің әруағы қолдаған шығар, Күзербай атам аман-есен елге оралыпты.

Соғыс жылдары Бақанас өңірінде бір кісі соғысқа жарамай қалған екен. Сол кісі пошташы болыпты. Пошташы бір күні Маралбай әулиенің күмбезінің қасынан өтіп бара жатып құран бағыштайын деп, атынан түсіп, шылбырын тізесінің астына қойып, аяғ оқи жөнеліпті. Сонда атының шылбыры тізесінің астынан шығып кетіпті. Құранын оқып бітіп, атын ұстайын десе, аты ұстатпапты. Ол кісі Маралбай әулиеге сыйынып, жылапты. «Бар жазығым — Сізге құран бағыштап едім, енді ит-құсқа жем болатын болдым ғой», — деп мұң шағыпты. Атын ұстауға қанша тырысса да, аты желіп жүріп кетеді екен. Жарымжан аяғына аты жеткізбепті. Қас қарайғанда да атының соңынан қалмапты. Маралбай әулиеден атының ұстатуын тілей беріпті. Кенет бір жерге келгенде аты тоқтай қалыпты. Сөйтсе,



атының шылбыры бір сексеуілге шырмалып қалған екен. Сөйтіп, әлгі пошташы аман қалыпты.

Маралбай әулие күншілік жерден өзіне келе жатқан адамның қандай адам екенін біледі екен. Бір күні Ойшы болыс әулиеге амандасуға келіпті. Сол күні Маралбай әулие Ойшының келе жатқанын біліп, бір төбенің басына шығып отырып алыпты. Балалары келіп: «Ойшы болыс сізден бата алмаққа келіпті», — депті. Маралбай әулие: «Ойшының бетін көрмеймін», — депті. Балалары бой бермей әулиені қолтықтап үйге алып келіпті. Есіктен кіре бере: «Ойшы, сен осы барған сапарыңнан өліп қайтасың, жарылып келесің», — депті. Ойшы болыс: «Әулие, неге бұлай айтты?» деп ренжіп кетіпті. Бірақ сол барған сапарынан Ойшы болыс жарылып, қайтыс болыпты.

Бұрынғы заманда екі жолаушы жол жүріп келе жатып, Маралбай әулиенің күмбезіне түнеген екен. Біреуі егделеу кісі екен, екіншісі жастау екен. Егделеуі күмбез ішіне кіріп түнеуге қорқыпты. Жас жігіт бой бермей әулиенің күмбезінің ішіне кіріп түнепті. Ертесі күні екеуі ас-суын ішіп, жолға жүрерде жолаушының жастауы: «Мен Маралбай әулиеге жиен едім, жиендік жасағым келіп тұр», — депті. Сонда қасындағы үлкен кісі қорқып кетіпті. «Өлген адамға не істемекшісің?» деп көзі алақ-жұлақ болған ғой. Сонда жиен күмбез ішіндегі киізді орап, атына өңгеріп алыпты. «Сені әруақ атады», — деп әлгі серігі қашыпты. Кейін сол қорқып қашқан кісінің артында ұрпағы қалмапты. Ал киізді алған кісінің ұрпағы өсіп-өніпті.



45

Шығарманың авторы

(Шығарманың авторы)

Әулиебай





МАРАЛБАЙ ӘУЛИЕНІҢ БІР КЕРЕМЕТІ

46



Төмендегі әңгіме анашымның айтуы бойынша жазылып отыр.

Шешем Тезекбайқызы Қымызтай 1903 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Көкжиде ауылында, Күшік атаның Естемес руында дүниеге келген. Өзі үш ағайынды: ағасы — Ыстықбай, сіңлісі — Ізтай. Баласы мен Көпжасар Көштекұлы.

Әкесі ат басындай алтыны бар бай адам болған екен. Шешемді 13 жасында Жалайырдың Байшегір бабасынан тараған Бекпенбет (жанама аты Шегелек) атаның Қосақ руынан шыққан Тастанбай деген жігітке, қазақы дәстүрмен қалыңмалын алу арқылы тұрмысқа берген.

Шешем келін болып түскен ауылда аты бүкіл Жетісу өңірінде аңызға айналған Маралбай әулие тұрған. «Күйбең тіршілікпен уақыт зымырап өтіп жатты», — деп бастады әңгімесін анашым. «Күн жылығанда ауыл сыртына шығып, қызғалдақ теруге кірістім. Қолымда тұңғыш бөпем, қасымда ауылдағы кішкентай қайныларым бар. Гүлдің қызығымен жүріп ауылдан қалай ұзап кеткенімізді білмей қалыппыз. Ақырында ауылдан адасып, қатты састық. Айқайладық, жыладық, бірақ ол әрекетімізден еш пайда болмады. Ертесі күні ауылды іздеп жүріп, қолдан қазылған шеңберлі құдыққа кездестік. Құдық іші сексеуілмен қапталыпты. Бағымызға орай ішінде суы бар екен.



Құдықтың қасынан сынық құман тауып алдық. Басымдағы орамалымды шешіп, құманға арқан қылып, құдықтан су алып іштік.

Бұл кезде ауылда жас келін мен кішкентай балаларды іздестіруге кірісіп кеткен екен. Нәтиже болмаған соң, атам Маралбай әулиеге барып көмек сұрапты. Әулиенің аты әулие емес пе?! Ол кісі бәрін біліп отыр екен. Атама: «Жас келін кеше адасты, қорыққандарынан тез жүріп, ауылдан алыстап кетіпті. Ертең әруағымды жіберіп, жас келін мен ауыл балаларын тегіс аман-есен ауылға алып келемін», — депті.

Қайда барарымызды білмей, құдық қасында жатқанбыз. Бір кезде қарасақ, төбенің басында үстінде әппақ киімі бар бір Ата бізге қарап тұр! Жалма-жан: «Ата, Ата!» — деп қуана дыбыстап, қасына қарай жүрсек, ары қарай жүреді. Жүгірсек жүгіреді, бірақ қасына жақындатпайды. Құдайдың құдіреті, не тіл қатпайды, тоқтасақ тоқтап қарап тұрады. Содан «Неде болса осы кісінің бізге көмегі болар, жол білер» деген оймен артынан ілесіп жүріп отырдық. Біраз жол жүрген соң қатты шөлдедік. Жүруге шамамыз келмей, жылап жерге домалай кеттік. Осы кезде қайдан келгені белгісіз, төбемізді қап-қара бұлт торлап, жаңбыр нөсерлете кұйды. Жаңбыр суын ішіп алып, атаның соңынан қайта ердік. Қараңғы батып, түн болды. Алыстан жарқыраған «қызыл көздер» пайда бола бастады. Қатты қорқып, жыладық. Алайда атамыз қасымызға келмейді, сөйлемейді, не бізді тастап кетпейді. Неге екені белгісіз, «қызыл көздер» бізге жақындамады. Не керек, таңды көзбен атырдық. Ертесі күні атаның артынан қал-





май, жылдам жүріп отырдық. Бір уақытта Атамыз бір төбенің басына шықты да, жоқ болып көрінбей кетті. Біз: «Ата, бізді тастап кетті ме?!» деп есіміз шығып, «Ата, Ата!» деп айғайлап жылап жібердік. Тура сол кезде төбенің арғы жағынан, алыстан ауыл иттерінің үрген дауысы еміс-еміс естілгендей болды. Қуанышымызда шек жоқ, төбеге қарай жүгірдік.

Дәл сол сәтте Маралбай әулие киіз үйінен шығып, атама: «Жас келін мен ауыл балаларын алып келдім, алдынан шығып күтіп алыңдар», — деген екен.

Содан төбеге шықсақ, арғы жағында көз жетер жерде өзіміздің ауыл тұр! Ауылға қарай бар күшімізді жинап жүгірдік. Бүкіл ауыл у-шу болып алдымыздан шығып, бір-бірімізбен жылап көрістік.

Е-е, қарғам, Маралбай әулиенің бір керметіне осылай куә болғанбыз». Осылай деген шешем: «Бірдеңе түсіндіңдер ме өзі?» дегендей бізге әрі сынай, әрі мейірлене қарады.

Бұл әңгіме шешемнің көзі тірісінде айтып кеткені бойынша, қаз-қалпында жазылды.

МАРАЛБАЙ ӘУЛИЕНІҢ ҚАСИЕТІ

Мен, Кәпжасар Көштекұлы 1962 жылдың күз айында, ол кезде Бақанас ауылында райпода ГАЗ-51 жүк көлігінің жүргізушісімін. Түс ауа бастық шақырып: «Көлігіңді дайында, ертең бас бухгалтермен Талдықорған қаласына барасың. Ол жақтан ауданға бір машина жуа (пияз) тиел



әкелесіңдер», — деді. Көлігімді дайындап, жанар-жағар майын толтырып күйіп, ертесі күні бозала таңнан бас бухгалтер екеуіміз Талдықорғанға қарай жолға шықтық. Ол кезде қазіргідей жалтырап жатқан даңғара асфальт жол жоқ, ағылып жүріп жатқан машина да көп емес. Не керек, Талдықорған қаласына да келіп жеттік.

Жуа тиейтін қоймаға келсек, қоймашы үйінде екен. Сұрастырып жүріп, қоймашының үйін таптық. Қоймашының үйінде дастарқан жайылып, көпшілікке ас беріліп жатыр екен. Аман-саулық сұрасып, келген шаруамызды білген соң бас бухгалтерге: «Алыс жолдан келдіңіздер. үйге кіріп астан ауыз тиіңіздер, күдайы тамақ беріп жатырмыз», — деп дастарқанға шақырды. Маған да: «Жүргізуші жігіт, сен де үйге кір» дегендей ишарат білдірді.

Үстімде май-май қара күпәйке, аяғымда керзі етік. Қоймашы бас бухгалтерді үйге кіргізіп, қонақ бөлмеде ұзынынан жайылған дастарқанда айнала отырған адамдардың арасынан орын беріп, жайғастырды. Мен етігімді шешіп, күпәйкемді қасыма қойып, дастарқан шетіне отырдым. Осы кезде дастарқан басында, төрде отырған үлкен қария кісі (қоймашының әкесі екенін соңынан білдім) қоймашыдан: «Мына кісілер кімдер?» — деп біз туралы сұрай бастады. Қоймашы: «Әке, мына кісі (бас бухгалтерді көрсетіп) Балқаш ауданы Бақанас ауылынан жуа алуға келіпті», — деді. Осы кезде қария: «Балам, қай рудан боласың, қай жерденсің?» — деп сұрап жатты. Артынша кезек маған келді. Қария маған қарап: «Шопыр бала, сен қайдансың, қай рудың баласысың?» — деді. Ойымда ештеңе жоқ: «Бақанас ауылында тұрамын.





Жалайырдың Байшегір бабасынанмын», — дедім. Қария: «Оның ішінде қайсысың?» — деп тағы сұрады. «Байшегірдің Бекпенбет (Шегелек) — деген руынанмын», — дедім. Осы кезде қария оң жағында отырған ақсақалға: «Кішкене орныңнан жылжыпты», — деді. Ол кісі бір адам сиятындай орын ашып, жылжыды. Қария маған: «Балам, орныңнан тұр, қасыма келіп, мына жерге отыр», — деді. Дастарқан басында отырған дүйім жұрт маған тесіліп қарады. Қарияның қасына отырғаным сол еді, қоймашы баласына: «Қорадан үлкен мүйізді қошқарды осы дастарқан басына алып келіңдер», — деді. Бәрі аң-таң. Лезде үш жігіт мүйізді дәу қошқарды дастарқан басына алып келді. Қария маған: «Балам, мына малға батаңды бер», — деді. Жаспын. Екі қызым ғана бар. Бата беруді білмейді екенмін. Алақанымды жайып, аузыма түскен сөзді айтып, бата берген болдым. Қария жігіттерге: «Қошқарды тез сойып, басын қоса қазанға жаңа ет салыңдар», — деп бұйрық берді. Сонда дастарқан басында отырған қариялар: «Сонша құрмет көрсетіп жатырсың. бұл баланың не қасиеті бар?» — деді. Қария: «Бұл балада қандай да бір қасиет бар ма, жоқ па, білмеймін», — деді де, әңгімені әріден бастап кетті.

«Жас кезім. Ауылдағы бір байдың қызы қатты ауырып, ешбір ем-дом қонбай, қатты сырқаттанды. Ауыл маңайынан емші, тәуіп дегендердің барлығын әкеліп қаратты, бірақ еш нәтиже болмады. Көнекөз ақсақал қариялардың бірі байға: «Іле өзенінің бойында Жалайырдың Байшегір бабасының Бекпенбет (Шегелек) руынан шыққан Маралбай деген әулие бар, қызыңды жазса сол әулие жазады», — деп айтқан екен.



Бай дереу ауыл жігіттерін жиыстырып: «Іле өзенінің жағасында Маралбай деген әулие бар екен, сол әулиені алып келу керек, кім барады?» — деді. Байдың атап жатқан алтын-күміс, түйе, жылқы, қойлары бар. Бұрын-соңды Іле өзеніне қарай ауылдан ешкімге жол түспеген. Жігіттердің ешқайсының баруға батылы жетпеді. Ақыры, не керек, мен қасыма бір жігіт ертіп, екеуіміз Қаратал өңірінен Іле өзеніне қарай атпен жолға шықтық. Жолға деп алған азығымыз бар. Содан неше күн жүріп отырып, бір төбеде асып түссек, алдымыздан атты кісі шықты. Ол кісі бізге: «Іздеп келе жатқан адамдарың менмін, атым — Маралбай», — деп өзін таныстырды. Біз сеніңкіремей, ол кісіден жол сұрап, ауылдың қайда екенін білген соң: «Жоқ, біз алыстан келе жатырмыз, Маралбай әулиенің ауылына барамыз», — дедік. Атты кісі: «Өздерің біліңдер онда», — деп жүріп кетті. Біз Маралбай әулиенің ауылына келіп, өзімізді таныстырып, шаруамызды айтып едік, үлкен кісілер: «Алдыларыңнан атты адам шықты ма?» деп, бізге кезіккен Маралбай әулиені сипаттап берді. «Қап!» деп екеуіміз аттың ізімен Маралбай әулиені қуып жетіп, кешірім сұрап, ауылға бірге келдік.

Маралбай әулие байдың қызын қалай емдегенін білмеймін, бір апта ауылда жатып науқас қызды ауруынан жазып, аяғынан тік тұрғызды», — деп әңгімесін аяқтады ақсақал. Сөйтті де: «Бұл шопыр жігіт сол Маралбай әулиенің ұрпағы екен», — деп мені көпшілікке таныстырды.

Маралбай әулие қайтыс болар алдында, артында қалған балаларына мынадай өсиет айтқан екен: «Мен өлгеннен кейін жаназамды шығарып, денемді бейіт басына апарар






жолда, қарсы алдыдан қара бура шығады. Денемді сол бураға өңгеріп жіберіңдер. Бура денемді қайда апарарын өзі біледі», — депті. «Бірақ сендер денемді бураға өңгермей жерлейсіңдер, үш күн күзетіңдер, денем жерде жатпайды ұшып кетемін», — депті.

Әулие қайтыс болған соң жаназа оқылып, денесін арулап орап, ағайын-туыс жерлеуге бейіт басына қарай шығыпты. Осы кезде ауыл сыртынан қайдан келгені белгісіз, үлкен қара бура шығып, бірдеңе сұрап тұрғандай ысқырып тұрып алыпты. Әулиенің балалары өздеріне әкелерінің айтқанын айтса, ауыл үлкендері: «Қой бұндай әулие адамды бураға өңгеріп, белгісіз жаққа жібергеніміз болмайды, жерлейміз», — деп болмапты. Бура болса ысқырып, ысқырып белгісіз жаққа кетіп қалыпты.

Әулиені жерлеп болған соң ауыл үлкендері: «Үш адам күзетсін» деп, әулиенің екі баласы мен құран оқитын молданы бейіт басына қалдырыпты.

Бірінші күн де, екінші күн де тыныш өтіпті. Үшінші күні таң ата алыстан бір қара бұлт көрініпті. Бұлт жерге жақындаған сайын үлкейіп, көз аштырмастай қатты жел тұрып, дауыл көтеріліпті. Осы кезде молда қасындағы екі жігіттің біріне: «Тез барып, ауылды жинап кел», — депті. Біреуі ауылға кетіп, екеуі орнында қалыпты. Көз аштырмастай дауыл тұрғандықтан, молда мен қасындағы жігіт басын бүркеп, бір-бірінен ұстап, жерге бүгіліп жатыпты. Шамалы уақыттан кейін ештеңе болмағандай тып-тыныш бола қалыпты. Бейіт басындағы екі адам Маралбай әулие жерленген жерге келсе, көрдің бұрышы дөңгелек шеңбер тәрізді тесік екен. Үңіліп қараса, әулиенің денесі жоқ, оралған шын киімі ғана жатыр екен. Осы кезде ауыл тұр-



ғындары да бейіт басына жетіп үлгерген екен. Бұндайды бұрын-соңды естіп көрмегендіктен, не істерін білмей дал болыпты. Қариялар Маралбай әулиенің денесі жерленген жерге өгіз бауыздап, құран оқытыпты.

Маралбай әулие көзі тірісінде: «Мен өлгеннен кейін мені көкке алып кетеді», — деп өзі айтып кеткен екен.

НЫСАНБАЙ ӘУЛИЕ

Нысанбай әулие 1850-1853 жылдары Қаратал өңірінде дүниеге келіп, XIX ғасырдың бірінші жартысында дүниеден өткен деген болжам бар. Демек XIX ғасырда өмір сүрген. Бұлай нақты айтарымыз, Нысанбай әулие шамамен 14 немесе 17 жас аралығында, анығы бір Аллаға аян, 1865-67 жылдары Қаратал өңірінен Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының барлығын Іле-Балқаш өңіріне, нақты айтқанда Үшжарма ауылы мен Ақкөл ауылының арасына көшіріп қоныстандырған. Бұлай нақты айту себебіміз, 1865 жылы Қаратал өңірінің бойында жүргізілген есеп кезінде Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының болғаны, ал 1868 жылы жүргізілген санақта Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының болмағаны негіз болып отыр.

Нысанбай әулие де әруақ қонған, емшілік-тәуіпшілдік қасиеті бар адам болған екен. Заманында ел басқарған, әділ билігімен танылған. Туған елі мен жерін қорғаған кісі.

Нысанбай әулие Бақанас-Қарой тас жолының бойындағы солтүстік бағытындағы шамамен 1,5 шақырым жерде орналасқан күмбезді қабырғаға тақалып қоршалған қорған ішіне жерленген



54



Нысанбай әулиеге қойылған құлпытас



Нысанбай әулиенің күмбезі

Нысанбай (Nysanbay)

НЫСАНБАЙ ӘУЛИЕ

Балпық би, Солтанай әулиелер әңгіме болғанда, Нысанбай әулие туралы сөз қозғалмай қалуы мүмкін емес. Әйтеуір айналып келіп, Нысанбай атамызға бір соғып өтеді. Нысанбай әулиенің немересі, Есжан молданың баласы, 1940 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген әкем Шапай кезінде көп жыл Бақанас автобазасында жүргізуші болып, артынша механик болып жұмыс істеп, осы мекемеден зейнеткерлікке шыққан Ғүсегей тұлғалы, қыран қабақ, ардың-гүрдің мінезі, шәлкем-шалыс ілінісіп қалатын қызбалығы бар.

Әкем Шапайдың естіген әңгімелерін өз аузынан, көзі тірісінде қағазға түсіріп, оқырманға ұсынып отырмын.

Талдықорған қаласының жанында Шаған деген таудың бар екенін көпшілік жақсы біледі. Ол таудың атауы Байшегірден тараған Бекпенбет (Шегелек) руының батыры Шағанның құрметіне аталған. Жоңғар қалмақ соғысында Шаған батырдың аяғының орган жілігін оқ жұлып кеткен екен. Батыр аяғын қылышпен бір-ақ шауып, қанжығасына байлап жауға қайта шапқан деседі. Жоңғарды жеңіп, қалған-құтқан жоңғардың қашып бара жатқанына биік жардан қарап тұрған Шаған батыр аяғынан көп қан аққандықтан басы айналып, құздан құлап, өзектегі суға денесі ағып кеткен екен. Соғыс біткен соң батырдың атының қанжығасына байланған аяғы ғана табылады. Сөйтіп, қанжығадағы аяқты ғана жерлейді. Осыдан кейін бұл жер «Аяққалған» деп аталып кеткен екен.





Солтанай әулиенің немере туысы Тұяқ батырдың қызы Тәпияны Шағанның ұлы Бараққа ұзатады. Жасаулап қызын шығарып салып тұрғанда Тұяқ:

— Әттеген-ай, әулиешілік қызбен бірге кетті-ау. Ғнді бізден әулиешілік шықпайды, — дегенде, қасында тұрған Солтанай:

— Мен де көріп тұрмын, бекершілік болды-ау, — деп қатты өкініпті.

Балпық би Шаған батырдың баласы Барақтың үйін көремін деп әдейі ат басын бұрғанда, Барақ жылқы аралап кеткен екен. Әйелі қонақтарды дұрыстап қабылдай қоймайды, өзі жүкті болса керек.

— Төл алып жатырмыз, үйге сыймайсыңдар, — деп тік жауап қатады. Балпық би үндеместен атқа қонады. Ауылдан шыққан соң Балпық би артына үш рет қарайды. Соны байқаған серіктестерінің бірі:

— Бапеке, бір қырдан астық, «ой, бауырымдаған» дауыс шықпады ғой, — депті.

— Оның рас, мен артыма үш рет қарадым. Жаңағы сөзді әйел айтып тұрған жоқ, ішіндегі бала айтып тұр. Менікі кәрі жолбарыс еді. Сол жолбарыс баланың жас жолбарысына батпады. Одан кейін қайтіп «ой, бауырымдасын», — деген екен.

Ауылға Балпық бидің келіп кеткенін естіген Барақ атқа қонып, артынан қуып жетіп, бөркін жолдың үстіне тастап, шапанын шешіп аттың үстіне жауып, қонақ болып кетуін өтінеді.

— Жарайды, кештім, — депті Балпық би. — Жүр, қайттық. — деп үйіне барып, қайтадын қонақ болыпты. Аттанарда:



— Дүниеге келетін бала нысаналы болып туады. Атын Нысанбай қойыңдар, — деп батасын беріпті. Айтқанындай бала шұбар болып туады.

Бұл әңгімені Ескелді би де естиді. Естиді де: «Мен барып көрейінші», — деп Барақтың үйіне келеді. Барақ болса: «Осы кісі не дер екен?» — деп, әдейі кәрі қойды сойып, бата сұрайды. Ескелді көзін жұмып, батасын берді. Қойдың еті көк шандыр болған соң ешкім жей алмайды. Төсек салғызып, бәрі ұйқыға жатады. Ескелді әулиенің әруағы ренжісе, қорадағы малдың іші жарылып қала беретін бопты. Ол болса түні бойы дөнбекшіп ұйықтай алмай шығады.

— Әулие, ұйқыңыз мазасыз болды-ау, — депті Барақ. Сонда ол мырс етіп күліп жіберіпті де:

— Менің ит жарғыш деген әруағым бар еді, соны баланың жас жолбарысы малға жібермеді. Ұйықтамаған себебім сол. Баланы таза, күтіп ұстаңдар, — деп батасын беріпті.

Бірде Барақ малдан келсе, баласы Нысанбай жылап отыр екен. Ол әйелі Тәпиядан:

— Мынау неге жылап отыр? — деп сұрайды.

— Ой, мынау: «Ана, мен туғанда қоржын үйдің іші қып қызыл еді. Неге олай еді?» деп сұрақ қойып, әбден берекемді алған соң ұрдым.

— Иә, Тәпия-ау, сен ұмытып қалған екенсің. Бұған толғатып отырғанда үлкен атаң өгізді сойып, етін үйге жайып қоймап па едік. Қоржын үйдің іші қып-қызыл болса, етті көргені де.

Нысанбай он төрт жасында нағашысы Солтанайдан Іле бойынан жер сұрайды. Сонда Солтанай:



— Жиен, оның дұрыс. Амал не, қазір мен билікке ар-ласпаймын. Оған әлім келмейді. Анау Бөлекке барсаңшы. Құлым Балғалы нағашың ғой әрі орыстардың басшысымен табақтас болып жүр, — деп жөнін айтыпты. Енді Нысанбай әулие Бөлекке келеді.

— Нағашыеке, мені сізге Солтанай атам жіберді. Жерге көмектессеңіз, — дейді. Бөлек екі сөзге келмей генерал Колпаковскийге ертіп барып, «Іле көпірінен Көкше теңізге дейін қалаған жеріңе көшіп-қонып жүруіңе рұқсат» деген рұқсат құжатын алып береді.

Осыдан кейін Нысанбай әулие жерге рұқсат қағазын алған соң, өзінің туыстарын, яғни Байшегір бабаның Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтарын Қаратал өңірінен Іле өңіріне көшіріп алып келеді.

Нысанбай әулиенің басқаруымен Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары қазіргі Үшжарма ауылының маңайынан, жалпы Іле өзенінен үш рет жарма жасап, тоған қазып, қырға су шығарып, тары егіп, егіншілікпен айналысқан екен. Тоған қазардың алдында есекке ауыр жүк артып, қырға қарай айдапты. Сөйгіп көлденеңдей тартып, жағалай жүріп отырған есектің ізімен тоған қазған екен.

Бірінші жылы астықты жақсы алады. Келесі жылы артта қалған ағайынға барып, бәрін жинайды. Бұл кезде ел Нысанбайдың әулиелігінен хабардар болып қалған кез. Еріне сенген екінші дүркін ел келеді. Оларды екінші жарманың бойына қоныстандырады. Су шығарып, егін салады.

Нысанбай әулиеге бала тоқтамапты. Енді тәй-тәй басып, жүгіре бергенде өле беріпті. Балпық би қартайған



пағында Іле бойын аралап келе жатады. Бұл кезде Нысанбайдың екі баласы шешектен өліп, ауыл азалы еді.

Бұны естіген Нысанбай:

— Жан-жаққа қарауыл қойыңдар. Олар ат қоюшы болса, тоқтасын. Әулиені түк болмағандай қарсы алыңдар. Қабақтарың ашық болсын. Дұрыстап тамақ ішсін, — дейді.

Балпы би қонақ болып аттанып кетеді. Ол кеткен соң әрең шыдап тұрған ел аттың басын қоя береді. Бір белден асқан би:

— Жаңа тыныш сияқты еді ғой, барып біліп келіңдер, — деп жанындағы жігіттерін жібереді.

Олар:

— Нысанбайдың екі баласы өліп, оң жақта шиде жатыр екен. Сізді дұрыстап тамақтансын деп елді тоқтатып тұрыпты, — деп, болған істі баяндайды. Балпық би аттың басын кері бұрып, көңіл айтыпты.

— Қарағым, мына ниетіңе осыдан кейін бала тоқтар. Туған баланың атын Есжан қой, — депті. Айтқанындай келесі жылы Есжан әмірге келіпті. Одан кейін Жәркеш, Бекіш, Әбдіраш, Рашид сынды ұлдары болады. Есжанды қазіргі Қызылорда облысында орналасқан Ақ мешіт медресесіне оқытқызады. Есжанның жаңбыр жаудыратын қасиеті, ауа райын болжайтын көріпкелдігі, емшілік өнері, дуаланғандарды дұға оқып қайтаратын қасиеті болған.

Есжан молдадан Іле өзені қай кезде қататынын, сең қай уақытта жүретінін сұрап, аудандық партия қызметкерлері оның болжамын үнемі жазып алып отырған. Ал «Ақкөл»



колхозының бастығы Бап Әміржақов Есжанның ауа райын болжағыштығына әркез таңырқап, басын иген деседі.

Нысанбай әулие 1915-1916 жылдары қайтыс болған. Оның күмбезі Бақанас-Ақкөл бағытына кетіп бара жатқанда Бура ауылынан үш шақырымдай жерде, асфальт жолдың оң жағында тұр. Күмбездің алдыңғы жағы уақыт желімен жартылай құлаған.

Нысанбайдың Жәркеші мен Бекіші ашаршылық жылдарында қайтыс болса, Есжан 1957 жылы дүниеден озды. Әкем Шапайдың өзінен он бала тарайды.

Әрине, аңыз түбі — шын. Жоғарыда айтылған әңгімелерді бүгінгілер аңыз санағанымен, олар шынында да өмірде болған жайлар деуге негіз бар. Оған Нысанбай әулиенің ел есінде қалған есімі, бүгінгі ұрпақтары куә. Оның үстіне әлі күнге дейін көп адамның әулиенің басына зиярат етуі де — сөзімізге дәлел.

ЕСЖАН МОЛДА

Нысанбай әулие ұлы Есжанды қазіргі Қызылорда облысында орналасқан Ақ мешітке арнайы діни білім алу мақсатымен оқуға түсірген. Есжан молда оқуын толық аяқтап, елге аман-есен оралған.

Есжан молда қазіргі Талдықорған өңіріне арнайы шақырумен барып, ол жақта ауырып жатқан адамдарға емшілік жасап, науқастарынан айықтырған екен. Есжан молдаға риза болған ауыл тұрғындары ол кісіге торы ат мінгізген. Есжан молда ауылға қайтар жолда Қаратал өзенінің бо-





йынан су шығарып тұрған шырышты көріп, өзінің сауаттылығының арқасында осы шырышты қағазға түсіріп, ауылға алып келген.

Ауылға келісімен өзінің туған інісі Әбдірашқа қолындағы қағазын көрсетіп, «Мына шырышты жасай аласың ба? Бар өнеріңді салып жасап көрші», — деп қолқа салады.

Әбдіраш атамыз шырышты жасап, суға салғанда су шықпай, кемшілігі неде екенін анықтай алмапты. Әбден шаршаған Әбдіраш Есжан молдаға: «Сенің суретке түсірген қағазыңда бір кемшілік бар, соны маған анықтап әкеліп бер», — депті. Осыдан кейін Есжан молда өзінің торы атына мініп, белін қыл арқанмен оранып, бір күнде өзі қағазға түсіріп алған жерге барып, шырышты қайта қағазға түсіріп келген екен. Осы кезде Әбдіраш қағазға мұқият қарап отырып, бір тілшігінің алдында қағазға түспей қалғанын байқап, соны жасаған кезде шырыш су шығарған екен.

«Ашаршылық зұлмат заманында Есжан молда пілтелі мылтығымен аң аулап, өзінің ағайын-туыстарын ашаршылықтан аман құтқарып алып қалған екен», — деп әкем Шапай ылғи айтып отырушы еді.

Есжан молданың жаңбыр жаудыратын тағы бір қасиеті бар екен. Осы қасиетін өз көзімен көрген Бақанас ауылының тұрғыны Сабанбаев Шапай қария былай еске алды. «Бір жылы күн қатты ыстық болып, үлкен қариялар Есжан молдаға «күн ысып кеті, жаңбыр жаудыршы» деп өтініпті. Есжан молда сол маңайда жүрген жас балаларға жылқының тезегін бір жерге жинатып, үйілген тезекке от қойып, тезек тұтанған кезде дұғаларын оқи бастады. Сол



кезде менің байқағаным, аспан бұлттана бастады да, қайдан келгенін білмеймін, қара бұлт келіп, нөсерлей жаңбыр жауды. Осыған өзім куә болдым», — дейді әкем.



Нысанбайұлы Әбдіраш атамызға ағаш ұсталығы бойына туа біткен қасиет екен. Ол кісі ағаштан киіз үй, есік-терезе, бесік, күбі, ыдыс-аяқтар жасаған екен.

1947 жылы қазіргі Д.А.Қонаев атындағы көпірдің қасынан Іле өзенінен су шығарып, тары еккен. 1949 жылы Шақпақты деген жерге Ақкөл ауылында тары егіп, егіншілікпен айналысқан.

Әбдіраш атамыз тоқсан жастан аса жасаған. Өзінің айтуынша, Бақанас ауылының тұрғыны Басшыбаев Қуанышбек ағамыз қатты сырқаттанып, емші-балгерлердің арасынан ем-дом іздеген екен. Ол кісіні ешкім жаза алмапты. Сұрастыра келе Әбдіраш атамызға келіп, сырқаты жайлы айтқан екен. Өмір көрген Әбдіраш атамыз: «Бауырым, саған Есжан молданың басына киген тақиясын беремін. Сол тақияны кесең, сырқатыңнан жазыласың», — деген екен. Айтқанындай Басшыбаев Қуанышбек ағамыз осы тақияны киіп, сырқатынан айығып кеткен екен.

ҚЫРЫҚ ҮЙ ШЕГЕЛЕК немесе ҮШЖАРМА АУЫЛЫНЫҢ АТАУЫ

1865-1867 жылдары Жалайырдың Байшегір бабасының бел баласы Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтары ата-бабасы мекен еткен Қаратал өңіріне малдары жайылымға



сыймағандықтан, өте бай, ауқатты тұрмыс кешіп жатқан мекенін тастап, Іле-Балқаш өңіріне қоныс аударады. Алғашқы көшпен келген ағайын қазіргі Үшжарма ауылының маңына орналасыпты. Келесі жылы Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының қалған бөлігі тұтасымен Іле Балқаш өңіріне қоныс аударған екен. Ата-бабаларымыз мұнда келісімен. Нысанбай әулиенің басқарып ұйымдастыруымен қолмен канал қазып, Іле өзенінен солтүстік бағытқа, яғни қыр алқабына қарай үш жерден жарма жасап, су шығарыпты. Сөйтіп, егістік алқабын жасап, тары еккен екен. Сол кезде Бекпенбет (Шегелек) руының 40 үйі бір жерге шоғырланып тұрып жатқандықтан, ел арасында әуелі «40 үй Шегелек» деген атпен танымал болады. Кейін үш жерден жарма жасап, қырға су шығарып, тары егіп, егіншілікпен айналысқандықтан, бертін келе бұл ауылдың аты «Үшжарма» деп аталып кеткен екен.

63

ШЕГЕЛЕК

Бекпенбет (Шегелек)



Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының қолмен қазған талқан орны



64

Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының тарихы



Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының, қрлмен қазған тоған орны

БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ІЛЕ ӨЗЕНІНІҢ АРҒЫ БЕТІНЕ ӨТУІ

Нақты уақыты белгісіз, ертеректе (шамамен 1867 жылдан бері болса керек) Байшегір бабадан тараған Бекпенбет ата (жанама аты Шегелек) ұрпақтары өздері мекен етіп тұрып жатқан Каратал өңірінің бойынан, Барак батырдың бел баласы Нысанбай әулиенің бастауымен Іле өзенінің бойына, нақтырақ айтқанда, қазіргі Үшжарма ауылы мен Ақкөл ауылының арасына келіп қоныстаныпты.

Сол кезде, нақты аты-жөні белгісіз, бір атамыз ауыл сыртында лайдан саман кірпіш құйып жатса, жанынан өтіп бара жатқан жолаушы кісі атамыздан сусын сұрапты. Қолы лай-батпақ болғандықтан, атамыз сусын құйылған месті көрсетіп, «өзің керегіңше құйып іш» деп рұқсатын



беріпті. Жолаушы адам атынан түсіп, шөлін қандырған соң, ары қарай өз жөнімен жүріп кетіпті. Атамыз шөлдеп, сусын ішпекші болып сусын тұрған жерге келсе, алдында сусын ішіп кеткен жолаушы ыдысқа құйылған сусынның жартысын ғана ішкен екен. Қазаққа тән обал-сауапты бойына сіңіріп өскен атамыз ыдыстағы сусынды төгуге қимай, үстіне сусын құйып, сіміріп салыпты. «Апат айтып келмейді» деген тегі рас! Кейіннен белгілі болғанындай, жолаушы адам оба (чума) ауруына шалдыққан жан екен. Атамыз жұмысын бітіріп, аман-есен үйіне келгенімен, ажалына тура келген ауру алып ұрыпты. Аз ғана сырқаттанған қария сол түні қайтыс болады.

«Бәле бір айналдырса, шыр айналдырады» деген сөз де бекер емес екен. Атамызды жерлеуге жиналған Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары бірінен соң бірі қайтыс бола бастапты. Бұл оқиғаны Ысанбай әулиеге жеткізгенде, желдің қайдан соғып жатқанын аңғарған сұңғыла бабамыз тез арада әлі ауру жұқтырып үлгермеген Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарын бір араға жинапты. Мән-жайды түсіндірген соң, қамыс орғызып, аттың екі бүйіріне қамысты байлатып, бүкіл елді Іле өзенінің арғы бетіне өткізіп жібереді. Сөйтіп аталарымыз өзеннің бергі бетінде індет (ауру) толығымен тоқтап, тазарып біткенше, арғы бетте біршама уақыт тұрақтапты. Осы аралықта Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының біразы өмірден өтіп, қайтыс болғаны сол жақта жерленіпті. Ал кейбірі сол жақтан өздеріне жайлы мекен тауып, қош көріп ұнатып, тұрақты тұруға қалып қалған екен.

Жаратқан жіберген сынақ мерзімі аяқталып, дерттің беті қайтып, мамыражай күндер қайта орнағаннан кейін



Бекпенбет (Шегелек)





Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары Іле өзенінен қайта өтіп, байырғы мекендеріне қайта оралады. Көкірегінде көзі бар, өнегелі сөзі бар көнекөз қариялар арқылы бізге жеткен аңыз-әңгімелер осылай дейді.

ШЕГЕЛЕКТЕРДІҢ ҚАРОЙ АУЫЛЫНА ҚОНЫСТАНУЫ ТУРАЛЫ

1930-33 жылдардағы ашаршылық нәубеті тұсында Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтары атақонысын тастап, күнкөріс қамы үшін жан сауғалап, ұрпақтарын аман сақтап қалу мақсатында көшуге шешім қабылдайды. Бекпенбет (Шегелек) руының Бесшал атасынан тараған 1895 жылы туған Кәрібайұлы Райыс, 1897 жылы туған Кәрібайұлы Уайыс, 1903 жылы туған Тоқпейісұлы Жұмабай, 1905 жылы туған Тоқпейісұлы Жұмәли, 1908 жылы туған Балғынбайұлы Әлімбаи, Сегізбай атасынан тараған 1894 жылы туған Байдалыұлы Сенсізбай, 1904 жылы туған Бөрібайұлы Байбол, Туғанбайұлы Сабит, Таңқыбайұлы Сәбек және басқа да аталарымыз өздері мекен етіп тұрып жатқан жерінен қолдан арнайы жасаған сал (плот) арқылы Іле өзенімен ағып отырып, Қарой ауылынан бір-ақ шығады. Осы ауылға үйренісе келе, ақыры тұрақтап қалыпты.


1932-36 жылдары аралығында аталарымыз Қарой ауылында тары егіп, төрт түлік мал өсіріп, тұрмысын түзеп, шаруашылығын дамытыпты. Аштықтан кейін жөндеп басын көтере алмай жатқан жан-жақтағы ел Қаройдан Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтарынан тары тасып жеп,

қарық болған деседі. Бүгінгі күні сол аталарымыздың ұрпақтары өсіп-өніп, республикамыздың барлық аумағында, әр салада еңбек етіп жатыр.

ШЕГЕЛЕКТЕРДІҢ ШЕЛЕК АУЫЛЫНА ҚОНЫСТАНУЫ ТУРАЛЫ

1930-33 жылдардағы ашаршылық нәубеті тұсында, сұрапыл қиын заманда халық аш-жалаңаш, аштан қырылып жатқанда, Бекпенбет (Шегелек) руының ру басшылары: «Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек қаласына көшеміз. Ол жақта тіршілік көзі бар екен, жетсек аштан өлмеспіз. Ұрпағымызды аман алып қалуымыз керек», — деп ауыл тұрғындары, яғни Бекпенбет (Шегелек) руының Бесшал, Сегізбай, Сеңгетай, Қосақ аталарының ұрпақтары Шелекке көшкен.

Атамыз Көштекұлы Көпжасар: «1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған кезде Шелек ауылына көшіп барған Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтарының алғашқылары елге қайта көшті, бірақ кейбір бауырларымыз бен қыздар сол жақта қалып қалды. Қайта көшкен кезде Сеңгетай руындағы жалғыз кішкентай бала мен едім. Біз қазіргі аудан орталығы Бақанас ауылына келіп қоныстандық. Көштің арты 1964 жылдары елге қайтты», — дейді.





ЫСАБАЙ ӘУЛИЕ

Жалайыр, Байшегір баба, Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай, Дөнен, Бердігүл, Күшек, Көпештен Ысабай.

Бекпенбет (Шегелек) руынан шыққан, дәрі-қалтаның соңғы ұстаушысы болған, емішлік өнерімен айналысқан Ысабай әулие жайлы дерек көздерін жинау үшін Ысабай әулиенің туған қызы Ақбаланың баласы Ойпығұлы Калкен ағаның мекенжайын сұрастырып, іздеп бардым. Мақсатым — айтылар әңгімені ағаның өз аузынан есту, естіген-білгенін сұрап, қағазға қаз-қалпында түсіру еді.

Үйге кіріп, Бекпенбет (Шегелек) руына жиен болып келетін Қалкен қариямен амандасып, орайы келгенде қалжыңдасып, қал-жағдай сұрасқан соң, өзімді Көпжасардың ұлы Мыңжасармын деп таныстырып, келген шаруамды айттым.

Қалкен қария 1935 жылы дүниеге келгенін, Ысабай әулиені көрмегенімен, ол кісінің жұбайы Нұрқатша әжейді көргенін жеткізді.

Әкесі Ойшы көзі тірісінде Қалкен ағаға: «Кейін Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарынан біреулер іздеп келіп жатса, көрсетерсің» деп, қайын атасы Ысабай әулиенің дәрі-қалтаны көмген жерін көрсетіпті. Қалкен аға: «Сендерге керек болса, көзім тірі кезінде көрсетейін», — деді.

Қалкен аға әкесі Ойшы мен шешесі Ақбаланың айтуы бойынша, мына мәліметтерді жеткізді:

Ысабай әулиенің нақты туған жылы белгісіз. Атамыз өте бай, сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу адам болған екен. Мыңғырған қой-ешкісі, келе-келе түйесі және үйір-үйір жылқысы болыпты. Малының көптігі мен шаруаға икемділігін мынадан біле берсеңіз болады. Түркістан қаласына базарға мал айдапқан екен.

Ысабай атамыз 1902 жылы туған үлкен қызы: Ақбаланы Бақбақты ауылының маңында тұратын, Барлы-



Ақбала

Балғалы руынан шыққан Молдиярұлы Ойшы деген жігітке тұрмысқа беріпті.

Ысабай атамыз бай болғандықтан, Кеңес үкіметінің құрылуына байланысты кәмпескеге, қудалауға ұшырайды. Барлық малын кедей үкімет тартып алып, өзін итжеккенге айдап, балаларын соттамақшы болған екен.

Әулиенің ұрпағын жалғастырған жалғыз ұлы — Сұлтан. «Қайтсем, осы ұлымды аман алып қаламын?»

«Ұрпағымды қалай сақтаймын?» деген ой мазалаған атамыз Сұлтанды туысының атына, яғни «Құттымбетов» қылып жаздырып үлгеріпті. Қызылжағалылар Сұлтанның түрін танымайды, оны іздеп Ысабайдың туысының үйіне де келген екен. Бірақ Сұлтанның құжатында «Құттымбетов» болып жазылып тұрғандықтан, басқа балалардан айыра алмайды. Сөйтіп, осы амалдың арқасында Сұлтан аман қалған екен. Бүгінде Ысабай әулиенің тілегі орындалып, Сұлтанның кіндігінен ұрпақ жалғасып отыр.

Нақты жылы белгісіз, Ысабай әулие қасына әйелі Нұрқатшаны ертіп, жаяу Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының қоныс тепкен жері Үшжарма ауылы жақтан Шелек ауылына бет алып жолға шығыпты. Жолшыбай күйеубаласы Ойшының үйіне тоқтапты. Ас-ауқатын ішіп, біраз тынығып алған соң, Ысабай әулие күйеубаласы Ойшыға: «Жүр, екеуіміз дәрі-қалтаны көміп келейік», — деп екеулеп күн батысқа қарай жүріп отырып, Ерғожа мешіті деген жерге келіпті. Сол арада түіе шөккен кезде, алдыңғы екі аяғының шұңқыр болып қалған ізіне дәрі-қалтаны ақ түсті шаршыға



(орамал) орап, оның сыртынан түйе жабуына орап көмген екен.

Ысабай әулиеге күйеубаласы Ойшы: «Мына дәрі-қалтаны қазып алсам бола ма?» — деп сұрапты. Сонда әулие: «Бұл жерге жақындама, өлесің. Бұл дәрі қалтаны тек Бекпенбет (Шегелек) руының адамы алса болады», — деген екен. Сосын сөзін жалғап: «Осы дәрі-қалтаны көмген жерге боз биені құрбанға сойып, басына таза Бекпенбеттің (Шегелек) ұрпағы қонса, түсінде дәрі қалтаның қайда екенін білдіріп аян береді», — деп айтыпты.

Қызы Ақбала бір күні есігі ашық тұрған киіз үйге кірсе, шепесі Нұрқатша ақ түсті матаға дәрі-қалтаны орап жатыр екен. Қызын көре сала қолындағы заттарын жерге қоя салып: «Сендерге бұған қарауға, көруге болмайды, тез шық», — деп киіз үйден шығарып жіберіпті. Сол кезде Ақбала дәрі-қалтаның ақ түсті тесігі бар шәйнек тәрізді дорба екенін, ішінде ақ түсті кішкентай қасығы барын байқап қалыпты.

Дәрі-қалтаны көміп, үйге келген соң, өздерінің Шелек ауылына қарай бара жатқанын айтқан. Ысабай әулиеге күйеубаласы Ойшы: «Біз де сіздермен бірге серіктесіп жолға шығайық», — деп жолға қамданған екен. Ақбала жол азығы деп, бір бұт тары, бір бұт бидайдың тартылған талқанын алып, төртеулеп жолға шығыпты.

Тоқтамастан жүріп отырып Шелек ауылына да келіпті. Осы жерде Ысабай әулие мен Нұрқатша қалып, Ойшы мен Ақбала екеуі алдын ала келіскен жоспар бойынша тау асып Қытай еліне өтіп кетпекші екен.

Ол кезде ашаршылық, жоқшылық өршіп тұрған кез. Ойшы мен Ақбала екеуі Шелектен шығып, Нарынқол бағытына қарай жол тартқан. Ол кезде жолдың бойын қарақшылар торуылдайды екен. Ойшы мен Ақбаланы қарақ-



шылар қоршауға алып, дорбаларындағы барлық азығын, Ақбаланың үстіндегі асыл тастан жасалған әшекей бұйымдарын, үстілеріндегі тәуір киімдерін тартып алып: «Біз сендерді өлтірмейміз, осыған шүкір етіңдер, ауылдарыңа қайтыңдар. Тамақтарың жоқ, бәрібір аптан өлесіңдер», — деп екеуін ауылға қайтарып жіберіпті. Сөйтіп Ойшы мен Ақбала Шелек ауылына қайта келіп, Ысабай әулиені тауып, бір шаңырақта бірге тұрыпты.

Ысабай әулие Шелек ауылында да адамдарды емдеп, емшілік кәсіппен айналысыпты. Кейде Ысабай әулие өзіне келе жатқан хабаршы адамның алдынан күйеубаласы Ойшыны ауыл сыртына жіберіп, келе жатқан адамды түстеп



Ысабай әулиенің дәрі-қалтаны салған ағаш сандығы

Төлеубет (Шелек)



Сол жақтан отырғандар: Төлеген ақсақал, Қалкен (жиен), түрегеп тұрған Нүрсейт қария.

айтып: «Жолдан тосып алып кері қайтар, ауырып жатқан адам хабаршы барғанша қайтыс болып кетеді», — деп айтып отырған екен.

Бір күні Ысабай әулие күйеубаласы Ойшыға: «Екі күннен кейін кетемін, дайын бол», — депті. Күйеубаласы Ысабай әулиенің қасиетіне қанша қанық әрі куә болса да: «Қойыңызшы, қалжыңдап отырсыз ба?» — деп, онша мән бере қоймапты. Алайда, өзі айтқанындай, екі күн өткеннен кейін Ысабай әулие дүниеден озыпты.

Бүгінде Ысабай әулиенің жатқан жері, мүрдесі белгісіз. Белгілісі — Шелек жаққа жерленгені.

ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕГІ БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) ҰРПАҚТАРЫ

Талдықорған облысы Қаратал ауданына қарасты Көпбірлік ауылында 1948 жылы дүниеге келген, Жалайырдың Байшегір бабасының Тынымбет ұрпағынан тарихан, Талдықорған қаласында тұрып жатқан Рахыметов Мәди-Қадір ағамыздың айтуы бойынша жазылып алынған әңгіме:



73

Шегелек

Бекпенбет (Шегелек)

2008-12 жылдар аралығында Мәди-Қадір ағамыз тіршілік қамымен Талдықорғаннан Қытай еліне қатынап жүреді. Сол уақытта бір дастарқан басында, әңгіме арасында арғы бетте де Жалайырдың Байшегір бабасынан тараған ұрпақтардың бар екені белгілі болады. Содан мекенжайын тауып, бауырларын арнайы іздеп барыпты. Жандыбекұлы Мұқтар деген атамыздың отбасына барып, тағдыр-талайымен танысып қайтыпты. Ол кісінің шежіресі былай таратылады екен: Жалайыр, Байшегір баба, Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай, Дөнен, Өтеғұл, Сәмбет, Жандыбектен Мұқтар.

Жандыбекұлы Мұқтар 1896 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1977 жылы Қытай Халық Республикасының Іле-Қазақ автономиясы, Құлжа облысынан 280 шақырым жерде орналасқан Күнес ауданы, Алмалы ауылының (Туаншы) орталығында 81 жасында қайтыс болған.

Ол кісінің әкесі Сәмбетұлы Жандыбек оқу-жазу білген сауатты, өте бай адам болған. Совет өкіметі орнаған кезде кәмпескеге ұшырап, қудалауға түскен, құдайсыз өкіметтің құқайын бір кісідей көрген кісі екен.

1931-33 жылдар аралығындағы ашаршылық нәубеті тұсында Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтары атақонысын тастап, күнкөріс қамы үшін жан сауғалайды. Ұрпағын аман сақтап қалу мақсатында Алматы облысы, Шелек ауданына көшеді. Ол жерде де тыныштық таппаған, қиындықтан көз ашпаған туыстар Қытай еліне көшіп жатқан қалың қазақтың көшіне, «тірі қалса, ұрпағымызды жалғастырады» деген оймен 16 жасар Мұқтарды бірге қосып жібереді.



Қытай жеріне өткен Мұқтар Іле-Қазақ автономиясы, Құлжа облысы, Күнес ауданы, Алмалы ауылының (Туаншы) орталығына барып тұрақтайды.

Найман, Аталық, Қызай, Дербіс, Дәуіш руларының болысы болып тұрған Алпысбай деген кісінің атқосшысы болып жұмыс істеген.

Мұқтар өте ақылды, зерек, жүректі, мықты кісі болғандықтан, оған разы болған Алпысбай болыс өзінің Күлімхан деген қызын некелеп беріп, шаңырақ көтертіп, бөлек шығарған екен.

Мұқтардан Төлебай, Нысанбай деген екі ұл және 7 қыз тарайды. Үлкені Төлеубай білімді, еті тірі еңбекқор азамат болып ержетеді. «Еңбегі сіңген механик» деген атаққа дейін көтеріліп, зейнеткерлікке шыққан.

Нысанбай да — жақсы білім алған, ортасына сыйлы, сауда-саттықпен айналысып, зейнеткерлікке шыққан азамат.

Төлеубай мен Нысанбайдың ұрпақтары қазір Қытай жерінде тұрып жатыр.



Суретте сол жақтан: Нұрсерік, Нысанбай, Төлеубай, Әділнұр. Құлжа облысы Күнес ауылы, 2021ж. (Қытай елі)



АҚКӨЛ КӨТЕРІЛІСІ

Халық наразылығына астасқан бұл көтеріліс жайында 2018 жылы жарық көрген «Ақкөл көтерілісінің ақиқаты» кітабында кең тоқталғандықтан, Кеңес үкіметінің асыра сілтеу саясатының салдарынан, ешқандай сұрақ-жауапсыз, сот үкімінсіз, бір түнде пошта үйінің кеңсесінде атылған «Ақкөл көтерілісі» құрбандарының тізімін ұсынуды жөн көрдім.

«Ақкөл көтерілісі» құрбандары:

1. Сейсенбай Көшербайұлы. Руы – Балғалы;

2. Бұқа Әрсекұлы. Руы – Күшік;

3. Сыдық Оспанұлы. Руы – Балғалы;

4. Қыбырай Жұмықұлы. Руы – Күшік;

5. Байназар Ысмайылұлы. Руы – Балғалы;

6. Қалжан Бөкешбайұлы. Руы – Күшік;

7. Жолтабай Андасбайұлы. Руы – Шегелек. Шежіресі былай таратылады екен: Жалайыр, Байшегір баба, Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Мәті, Қосақ, Жақсыбай, Қаржау. Андасбай, Гайшыбектен Жолтабай;

8. Жалдыбек Жандыбекұлы. Руы – Шегелек. Шежіресі былай таратылады: Жалайыр, Байшегір баба, Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай, Дөнен, Өтегүл, Сәмбет, Жандыбектен Жалдыбек;

9. Нарбай Теңізбайұлы. Руы – Шегелек;

10. Молдажан Төстенбекұлы. Руы – Балғалы;

11. Малгабар Жақыпұлы. Руы – Күшік.

Ақкөл көтерілісінің құрбандары туралы деректерді жазуыма «жазықсыз атылған 11 адамның ішінде Жалайырдың Байшегір бабасының Бекпенбет (Шегелек) руының үш адамы бар» деген ел аузындағы әңгімелер түрткі болды.



Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Бақанас ауылының тұрғыны Сабанбайұлы Шапай деген қарияның осы «Ақкөл көтерілісі» туралы деректерді білетіні белгілі болды.

Неде болса қарияның өз аузынан естіп, айтқанын қағазға түсіру мақсатында Шапай қарияның үйіне келдім.

Үйге кіріп, Шапай атаға:

— Ассалаумағалейкум, қария! — деп сәлем бердім.

— Уағалейкум ассалам! Қай баласың? Не шаруамен келдің? — деп өзіме төтесінен сұрақты бірден қойды.

— Қария, өзім Бақанас ауылының тұрғынымын. Атым-жөнім — Мыңжасар Көпжасарұлы. Көштеқұлы Көпжасардың ұлымын, — деп таныстырдым. — Қария, келген шаруам — «Ақкөл көтерілісі» туралы деректер жинап жүрмін. Жазықсыз атылған 11 адамның ішінде Бекпенбет (Шегелек) руының үш адамы бар екенін естідім. Сол туралы білгеніңізді айтсаңыз, қағаз бетіне түсіріп алайын, — дедім.

Шапай қария біраз үнсіз отырып:

— Әкемнің айтқан әңгімелері көп. «Ақкөл көтерілісі» туралы әкемнен естігенімді айтайын, жақсылап тыңдап ал, сосын қағазыңа түсіре жатарсың, — деді. — Әкем Қалмұратов Сабанбай 1900 жылы туған. Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында 10-ауылдық советтің секретары болып қызмет атқарған екен. Ол кезде аудан орталығы Бақанас ауылында. Ақкөл ауылында пошта үйінде НКВД қызметкерлері ғана болған. Пошта ғимараты «Г» әріпі тәрізді салынған екен.

1928 жылдың қыс айында жазықсыз атылған 11 адамды пошта үйіне әкеліп қамаған екен. Осы түні НКВД қызметкерлері поштаның бір бөлмесінің қабырғасынан алдын ала еңкейіп кіретіндей тесік ойған екен, осы ойылған



тесіктен, жазықсыз атылған адамдарды бір-бірлеп еңкейтіп кіргізіп отырған. Тесіктің арғы жағында тығылып тұрған НКВД қызметкері еңкейіп кірген адамның желкесінен наған тапаншасымен атып, алдын ала қазылып қойған шұңқурға құлатып отырған екен. Осылай кезекпен адамдарды жазықсыз атып жатқан кезде, Әрсеқұлы Бұқа деген кісі өте ірі денелі, қарулы болғандықтан, желкесінен атқанда құламапты. Осы кезде бөлмедегі тесіктен еңкейтіп кіргізіп тұрған НКВД қызметкерлері Бұқаның артқы екі бүйірінен екі штык тығып, күшпен шұңқурға құлатқан екен.

Барлық 11 адамды атып, шұңқурға құлатқаннан кейін үстінен топырақпен көміп тастапты. 11 адам көмілген жерде бір апта топырақ үсті былқылдап қозғалып жатыпты.

Осыдан кейін НКВД қызметкерлері Ақкөл ауылының тұрғындарына: «Кім атылған 11 адам туралы сөз қозғайтын болса, еш ескертусіз «халық жауы» деп танылып, ату жазасына кесіледі», — деп қорқытып қойған екен.

Ол кезде қызылжағалылардың қылышынан қан тамып тұрған кез еді ғой, — деп Шапай қария терең күрсінді.

Осы жазықсыз 11-адам атылған пошта үйі, кейін бастауыш сыныптар оқитын мектепке айналған.

1940 жылы туған Шапай қария осы пошта мектебінде оқып білім алғанын, сол кезде үзіліске шыққанда пеш жағатын ақсақалды қария оқушы балаларға: «Үлкен ашық бөлменің ортасымен жүрмеңдер, шетімен жүріңдер», — деп үнемі бізді, оқушыларды бөлме ортасымен жүргізбей, қуатын. Бұл бөлмеде бұрышта жарма пеш орналасқан, осы пешті жағатын қария, отындарды қабырғаға тақап жинап қоятын. Біз баламыз ғой: «Ата, неге ортамен жүруге болмайды?» десек, «болмайды!» деп қысқа қайыратын. артық тіл қатпайтын», — деп еске алды Шапай ата.





«Кейіннен осы бөлменің ортасында 1928 жылы қыс айында жазықсыз 11 адам атылып, көмілгенін естіп-білдік. Жазықсыз атылған 11 адамның қайсысы қандай рудан екенін білмеймін, өтірік айтып қайтейін», — деп сөзін аяқтады.

Осыдан кейін «қайтсем де жазықсыз атылған Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарын анықтаймын» деп, алдыма қойған мақсатыма жету үшін тағы қосымша жұмыстар жүргіздім. Алла сәтін салып, осы жазықсыз атылған 11 адамға орнатылған ескерткішті, Балқаш ауданына қарасты Бақбақты ауылының тұрғыны Өнербеков Жайлаудың кұрылыс фирмасы салғаны белгілі болды. Жайлау ағамен сөйлескенде, жазықсыз атылған 11 адамның тізімін берді. Қарасам, әр адамның аты-жөнінің жанында қай рудан екені жазылып тұр. «Аға, бұл рулары жазылған тізімді қайдан алдыңыз?» деген сұрағым: «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатында сақтаулы тұрған жерінен көшіріп алдым. Кезінде осы атылған адамдарға хаттама толтырғанда, әрқайсының қасына руын жазып қойған екен», — деп жауап берді.

«Ақкөл көтерілісі» құрбандарына орнатылған ескерткіштің басты идеясы — «Біз қырандар едік. Құладық. Бірақ шаңырақты сақтап қалдық». Сол қырандар сақтап қалған шаңырақта бүгін ән қалықтап тұр. Елдің де дәулеті тасып, әр шаңырақта шат күлкі естілетін бақытты өмір кешуде! Аллаға шүкір!

Елдіктің белгісіндей, ерліктің даңқындай бұл ескерткіш — осы күнде кешегі азаттықтың туын көтерген бабаларымыздың аққан қаны, төккен терінің өтеуіндей Тәуелсіздігіміздің шуағына бөленген жас ұрпақтың тәжім етер киелі орнына айналды.



«Ақкөл көтерілісі» қурбандарына орнатылған ескерткіш

Ш.М.И.Қ.С.

(Ш.М.И.Қ.С.)

Т.М.И.Қ.С.



Сарбас Байділдаұлы 1906 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Алғашқы «Бірінші Ақкөл көтерілісі» болардан 3 (үш) күн бұрын үйленген екен. Көтеріліс күндерінде нағашылары құтты болсын айтып келгенде, оларды шығарып салуға тайын жайдық мініп, ауылға кері қайтып келе жатқан жолда қызыл әскер солдаттары ұстап алады. Ақыры озбыр әкімет «сен де көтеріліске қатысқансың» деп, 8 (сегіз) жылға соттап жіберген. Мерзімін Хабаровск жақта өтеп келген. Ұлы отан соғысы кезінде Қарағандыда Еңбек армиясын салып, атты әскерге әрі шанаға, забойға ат дайындаған. Соғыстан соң Шелек ауданы, Масақ колхозында жылқышы болып зейнетке шыққан. 1980 жылы 74 жасында дүниеден озды.



Сарбас, кемпірі Загипа, келіні Бикен



Жазыбеков Бекжігіт Ұлы жүз құрамындағы Жалайыр тайпасының Сырманак руына кірестін бір атасы Байшегір балалары туралы кітап жазбақшы болып ниет еткенімде, ойыма өткен күндер оралып, әкем Бекжігіттің айтқандары есіме түсе бастады.

Әкем 1892 жылы туып, 1989 жылы 97 жасында қайтыс болып, Ақкөл ауылында жерленген. Өмірдің ащы-тұщысын әбден көрген, айтары мол ақсақал еді.

1943 жылы еңбек майданына шақырылып, Сібірде жұмыс істеген. Орманда қарағай кесіп жүргенде қолының үш саусағын ара кесіп, елге оралған.

Содан 1957 жылға дейін Құланбасы елді мекенінде жылқы бағып, балалары мектеп жасына келгенде Ақкөл елді мекеніне көшіп келіп, өмірінің соңына дейін сонда тұрған. Жұбайы Естібала Керімбекқызы Әділбек батырдың немересі еді. Екеуі жетпіс жылдай бірге тұрып, өмірге бірнеше ұл мен қызды әкелген. Жазмышқа амал бар ма? Солардан қазіргі кезде 72 жастағы мен Кұлғайша, 70 жастағы артымдағы сіңілім Гүлжамаш екеуіміз бармыз. Әкем тірі кезінде інісі Сәрсентайдың қызы Анарға, маған және сіңіліме үнемі жеті ата туралы айтып, жазғызып отыратын. Байшегірдің төрт баласының бірі Бекпенбеттен (Шегелек) тарайтынымызды, одан Батпан мен Тұрсын туып, Батпаннан Әлдеберлі, Мәтін тараса, Тұрсыннан Бөкенбай мен Шерубайдың туғанын айтқан.



Ал енді Әлдеберліден, өзіміз жақты таратсақ. Сегізбай мен Сеңгетай, Сеңгетайдан Дөнен, Дөненнен Өтеғұл, Өтеғұлдан Сәмбет.

Сәмбеттен: Жасыбек — әкем Бекжігіттің әкесі, Әлдібек, Бәсібек, Жандыбек тарайды.

Шежірені таратып отырғанда әкемнің әңгімесі ойыма түсіп, айта кеткенді жөн көрдім. Үлкен атамыз Сәмбет өте ауқатты болған екен. Жаз жайлау, қыс қыстауды жайлағанда небір керемет ағаш үйлерді жасатып, пайдаланған. Қонақ күтетін, өздері отыратын, малшылары отыратын үйлерді бөлек дайындатқан. «Сондай үйінің бірі — он екі қанат киіз үйінің керегелері қайыстың орнына алтынмен түйілген еді» деп әкем айтып отыратын. «Ашаршылық жылдарында жан-жаққа тозып кеткен ағайындармен бірге біз де алдымыз Қытайға, кейбіріміз Шелекке кеткенде, он екі қанат киіз үй есігі жабулы қалпында дүниесімен қалған еді» дейтін. Қазақта бір ұлағатта сөз бар ғой: «Тегінен нәр алған тосбайды» деген. Өстік, оқыдық, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүрдік. Әкемнің шаңырағында, ұлы болмаса да, ұлындай болып, артымнан ерген сіңлім Гүлжамаш отыр.

Шежіре жазу ата-атаға бөліну емес, жеті атаны білу, бұрынғы ата-бабалардың әруағына тағзым етіп, құрмет көрсету; жеті рулы ел-жұрттың мұң-мұқтажын, асыл арманын бойына жинап жүрген ел жақсыларының кісілік қасиеттерін, ерлік келбетін жастарға өнеге етіп, ұсынудың бір белгісі.

Бауырлардан: «Әпке, болашақ ұрпақ елінің тарихын, тегін, білсін деген ниетте, ата-бабамызға тағзым ретінде

шежіре шығарып жатырмыз, соған әкеңіз туралы естелік бересіз бе?» деген соң қаламды қолыма алдым.



Әкеміз Смағұллы Мұқаш өз елінің қамқоршысы, дархан мінезді, адамгершілігі мол, ақкөңіл адам еді.

Есімде қалғаны, соғыстан кейінгі жылдар қиын болды. Көп әке отбасына оралмады, жетім балалар көп болды. Әкемнің жақын бауырларының жарлары, өрімдей жас қалған аналарымыз: Ғалия апа (Рақым ағаның анасы), Әшен апам (Сағындық ағаның анасы), Қымызтай апам (Көпжасар ағаның анасы), өзімнің кіші әкемнің жесірі Айзада апам (Ғани ағаның анасы), Қазтай апам (Ләтипа тәтемнің анасы) белін бекем буып, бала-шағасын асырап, балалары үшін өмір сүрді. Сонда әкем марқұм келіндеріне, балаларына қарайласып, қамқор болып, жетпей жатқан жерін жалғап жатушы еді.

«Айналайындар, осы балаларды жеткізіп, бауырларымның шаңырағының отын өшірмесеңдер болды», — деуші еді. Сол кездегі ағайынның мейірімділігін айтсаңшы! Кейін өсіп, ержеткенде сол Билібай, Сағындық, Көпжасар, Рақым, Ғани, Молдашбай ағаларым әкемізді өз әкелеріндей көріп, алдынан көлденең өткен жоқ. «Жақыныңа қамқор бол, қиналғанға қол ұшын бер» деген әкемнің ұстанымы менің өмірімдегі қағидам болды.

Әкемнің орыс тіліне тура мағынада аударған мақал-мәтелдері, берген жедел хаттары әліге дейін ел





аузында айтылып жүр. Мүмкін, кейін тіл мамандары оны өздерінше түсіндіре жатар. Бірақ менің аңғарғаным, ол кісінің бөгде тілде сөйлей алмаса да, оны түсініп, қарапайым жеткізе білгені — тапқырлық. Мысалы, әкемнің аудармалары былай еді:

• «Көшпей-қонбай қараша қатын жоғалды» — «Не ночевал, не кочевал, черную бабу потерял».

• «Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді» — «Большой верблюд мост палку кушает».

Соғыс кезінде әкем бронмен қалып майданға азық-түлік дайындаушы болыпты. Елден қора-қора малды айдап, сол кездегі бізге жақын Бурылбайтал станциясына жеткізіп, майданға кезекпен тиеп, жіберіп жатады. Біраз уақыттан кейін военкоматтан шақырту қағазы келіпті. Кетейін десе мыңдаған малды тастап кете алмайды, жан-жағында су, жол жоқ, пошта қазақша жеделхат алмайды. Содан:

«Тысячу голов коров, тысячу голов баран

Кругом вода, Нет дорог.

Смагулов Мукаш,

Военкомат шагом марш», — деп жеделхат жіберіпті. Бара алмаймын дегені ғой.

Ал енді нағыз ел есінде қалған жеделхат әкемнің Қаройда дайындаушы болып істеген кезінде жібергені. Тағы да Алматыға «мясокомбинатқа» ет өткізуге кеткен. Ол кезде жол жоқ, транспорт жоқ, кәдімгі малшылар айлап айдап баратын. Малды өткізгенше, сол жерде бағып, кезектері келгенше күтетін. Бір кетсе 2-3 айға кететін. Амандығын білдіру үшін амал жоқ, жеделхат жіберіпті.

«Село Карой, Смагуловой Батимой,



Смагулов Мукаш живой. Сора вернется домой», — деп сәйкестіргенін көрмейсіз бе? Қаройлық бауырларымды «Батимошкалар» дейтіні сол. Марқұм шешеміз: «Шалымның арқасында ел аузында қалдым», — деп күлетін.

Асқар тау әкем осындай ақкөңіл, ақжарқын, дархан мінезімен есімде қалды.


*(Мұқашқызы Қайкен апаның естелігінен —
Құрастырушыдан).*

ҚЫДЫР АТАНЫҢ БАТАСЫН АЛҒАН ЖІГІТ

Тағдырдың жазуымен 1958 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында шаңырақ көтеріп, отау құрдым. Жұбайым — осы ауданға қарасты Қараой ауылының Едіге денбай руынан шыққан Әлмағанбет деген кісінің Торғай деген қызы.

1959 жылы 9 мамыр күні тұңғыш қызым дүние есігін ашты. Жеңіс күні туғасын қызымның атын Мейраш деп қойдым. Ол кезде ЗИЛ-131 деген жүк келігінің жүргізушісі едім. Күндердің бір күні қызым мен әйелімді алып, көлікпен қайынжұртыма жол тарттым. Ол заманда қазіргідей асфальт жоқ, қара жол. Түс ауа Қарой ауылына да келіп жеттік. Қауқылдасып, мәз болып, ас-ауқатымызды ішкен соң, біраз жатып тынығып алдым.

Сосын ауыл сыртында орналасқан жанар-жағар май қоймасына барып, көлігіме бензин құйып алуды көздеп,





жолға шықтым. Ауылдан көп ұзамай-ақ жол жиегінде тұрған бір қария кісінің қол көтеріп, жол тосып тұрғанын көрдім. Ойымда ештеңе жоқ, бірден тоқтай қалып, есікті ашып, қарияны көлігіме мінгізіп алдым. Қарасам, үстінде аппақ шалбар мен кеудеше, мойнына асқан дорбасы, кеудесіне дейін түскен қалың ақ сақалы бар. «Жолаушы» дейін десең, реңі жол жүріп шаршаған адамға ұқсамайды, үстіне киген киімі тап-таза.

Көлігімді орнынан қозғалтқаным сол екен, ақсақал өзі бірінші болып сөз бастады.

— Балам, қай ауылдан боласың? Бала-шағаң бар ма? Қай рудың баласысың? — деп әңгімеге тартты.

— Бақанас деген аудан орталығында тұрамын, аты-жөнім — Кепжасар Көштекұлы. Қымызтай деген шешем бар. Үйленгем. Осы Қарой ауылының тумасы Торғай деген қызды алғанмын, бір қызым бар. Өзім Жалайыр Байшегір бабадан тараған Бекпенбет (Шегелек) атаның Сеңгетай руынанмын. Әкем Ерзақұлы Көштек Ұлы Отан соғысында, майданда ерлікпен қаза тапқан, — деп жөнімді айттым.

Қарияның сұрақтарына жауап бере отырып, біраз жерге келіп қалыппыз. Қалың шабырдың арасына келген кезде қария: «Балам, осы жерге тоқта», — деді. Бірден тоқтай қалдым. Ақсақал: «Балам, көлігіңнен түс, қолыңды жай, батамды берейін», — деді. Тездетіп көліктен түсіп, қарияның алдына келіп қолымды жайып едім, қария күбірлеген даусымен көңіл сергітер сөздер айтып, «әумин» деп бетін сипады да, бұрылып жүріп кетті. Бірақ, оғажап, екі-үш қадам жасады да, көз алдымда жоқ болды!



Жас кезім. Ондайды бұрын-соңды көрмегенмін, тіпті естімегенмін. «Ата, ата!» деп айқайлап қарияны іздей бастадым. Өзіме өзім сенер емеспін, тұлабойым дір-дір етеді. Алақтап біраз тұрған соң, көлігіме отыра салып, ұшып-қонып ауылға қайтып келдім. Үйге кіргенімде барлығы түріме қарап: «Не болды, түрің бұзылып кетіпті ғой?» деп сұрақтың астына алды. Қатты қорыққаным соншалық, не айтып, не қойғанымды білмеймін. «Ауылдарыңның бір ақсақал қариясын жоғалтып алдым, көз алдымда жоқ болып кетті», — деп, көрген-білгенімді шатып-бұтып айтып шықтым.

Содан, бұл оқиға желдей тарап, ақыры үйге ауылдағы барлық үлкен қария кісілер жиналып, жеті нан пісіріліп, әруақтарға Құран бағышталды. Дастарқан үстінде көнекөз қариялар: «Балам, саған жолыққан Қыдыр атаның өзі» дей келе, қазақ түсінігіндегі Қыдыр ата жайлы біраз әңгіменің басын қайырды.

Ең қызығы, сол күні түнде ұйықтап жатып түс көрдім, түсімде тағы да Қыдыр атаны көрдім! Маған: «Балам, мына жеті түйіршекті ал, осының алтауын бір бөлек, жетіншісін бір бөлек ұста», — деп аян берді. Ерtesі ояна сала, әйелім Торғайға түнде көрген түсімді айтып едім, ол: «Жеті баламыз болады екен, ішінде біреуі ерекше болады екен», — деп өзінше жори қойды...

Содан не керек, өмір зулап, қу тіршілік қайнап, күйбең тіршілік өтіп жатты. Енді бүгін ойланып қарасам, 83 жасқа келіппін. Қыдыр атаның берген батасы мен көрген түсім тура келіп, Жаратқан иеміздің қалауымен 7 бала, оның ішінде 3 қыз және 4 ұлды дүниеге әкеліп, бағып өсірдік.



Баларымның барлығы тірі, Алла оларды тіл-көзден сақтасын!

Жалғыз кемпірдің баласы болғаныммен, кіндігімнен тараған 7 баладан немере-шөбере өсіп-өнді.

Жаман өмір сүрген жоқпын, аштықты да, тоқтықты да көрдім. Кеңес үкіметінің саясатын да көрдік. Егемендік алып, Тәуелсіз мемлекет болғанымызды да көрдім.

Құдай қосқан қосағым Торғай 2007 жылы өмірден озды. Көзім тірісінде балаларыммен бірлесіп, кемпірімнің басын тұрғыздым. Әдейі екі орынды етіп жасаттым. Солайша өзім жататын ақыреттік үйімді тірі күнімде өз көзіммен көріп, реттеп қойдым...

Балаларыма, ағайын-туыстарыма дән ризамын. Шүкір, ешкімде алашағым да, берешегім де жоқ. Жаратқанға осындай бақытты ғұмыр бергені үшін тәубе деймін.





СЫНАҚТАН СҮРІНБЕГЕН СЫРБАЗ ЖІГІТ

1958 жылдың жаз айы. Жаңадан үйленіп, отбасын құрған кезім. Қасыма жан жарым Әлмағанбетқызы Торғайды ертіп, Бақанас ауылынан Алматы қаласына жолға шықтық.

Ол кезде мен Бақанас ауылында Райпоның ГАЗ-51 жүк көлігін жүргіземін. Алматы қаласынан ауылға жүк алып келу үшін шыққан едік.

Қазіргі кездегідей даңғырап жағқан асфальт жол жоқ. Қара жол, кей жерлерде қызыл құм. Бақанас пен Алматының ара қашықтығы 210 шақырым. Осы жолды жүріп өту үшін: жолда бір қонып, ертесі күні бір-ақ жетесің.

Содан не керек, Алматыдан барлық алатын заттарымызды алып, көлікке тиеп, ауылға қайта тарттық.

Әлмағанбетқызы Торғай

Әлмағанбетқызы Торғай

Әлмағанбетқызы Торғай





Жолда бір түнеп, ертесі күні Бақанас ауылына жақындап қалған кезіміз еді. Зулап келе жатып, жолдың шетінде бір кішкентай қара-қоңыр қаптың жатқанын байқап қалдым. Ол кезде қазіргідей ағылып жатқан көлік жоқ. Дереву көлігімді тоқтатып, түсіп, қапты қарасам, өкіметтің арнайы ақша таситын мешогы екен. Анықтап қарасам: қаптың аузы ашылмаған, жіппен байланып, мөрленген. Қапты көлігіме салып, ауылға, үйге келдік.

Үйде біраз тынығып алып, аудандық ішкі істер бөліміне бардым. Мені есік алдында кезекші милиционер тоқтатып: «Қандай шаруамен келдіңіз?» — деді. «Милиция бастығына келдім, жеке өзіне айтар шаруам бар», — дедім. Кезекші алдындағы телефон трубкасын көтеріп: «Полковник жолдас, сізге Бақанас ауылының тұрғыны Көштекұлы Көпжасар деген кісі келіп тұр, жеке айтар шаруам бар дейді», — деп мән-жайды баяндады.

Аз-кем сөйлескен соң, кезекші трубканы қойды да маған милиция бастығының кабинетін көрсетіп, жол сілтеп жіберді.

Кезекші көрсеткен кабинеттің есігін ашып, ішке кірсем: милиция формасында полковник шенді үлкен кісі отыр екен. Менімен амандасып:

— Отырыңыз, маған айтар қандай шаруаңыз бар? — деп, бірден іске көшті.

— Жолдан бір қап ақша тауып алдым, соны өзіңізге айтайын деп келдім, — деп болған істі болғанындай айтып бердім.

— Ақшаны санадың ба? — деп, тағы сұрақ қойды.

— Қаптың аузы жабық, мөрленген екен, ашқан жоқпын.

Шығарманың
авторыТолқынбай (Шығарманың
авторы)

— Ақша салынған қап қайда?

— Үйде, тығып қойдым.

Маған барлай көз тастаған полковник телефон трубкасын қайта көтерді.

— Маған поштаның бастығын шақыр, Бәленшиев пен Түгеншиев кірсін, — деді. Сосын маған бұрылып:

— Сіз өте адал адам екенсіз! Сіз тауып алған ақша — Бақанас ауылының тұрғындарының айлық еңбекақысы. Біз бұл ақша салынған қапты кешеден бері аяғымыздан таусылып іздеп, таппай жатырмыз. Бұл ақшаны поштаның ақша таситын қызметкерлері өздері бөліп алып, қылмыс жасады деген күдігіміз болып еді, — деді.

Көп уақыт өткен жоқ, есік қағылды, «кіріңіз» деген дауыстан соң, кабинет ішіне екі жігіт кіріп келді. Артынша поштаның бастығы да келді.

Полковник поштаның бастығына:

— Мына кісі ақша салынған қапты тауып алыпты. Тергеуші, ізкесуші үшеуіңіз бұл кісімен үйіне барасыздар. Бұл кісі ақша салынған қапты береді, қаптың аузын, мөрін мұқият қарап, қапты ашып ақшаны санайсыздар. Бәрі дұрыс болса бұл кісіге 200 сом ақша бересіз, — деді.

Бәріміз полковниктің кабинетінен сыртқа шығып, милицияның Уаз көлігіне отырдық. Жол көрсетуім бойынша, үйдің алдына келіп тоқтадық. Үйге кіріп, ақша салынған қапты сыртқа алып шықтым. Қаптың аузы ашылмаған, мөрімен тұр. Тергеуші екі көршіні шақыртып, менен ақша салынған қапты алғандары туралы хаттама толтырып, екі айғақ куәға, маған қол қойдырды. Сосын ақша салынған қапты көліктеріне тиеп алды да, кетіп




қалды. Полковник айтқан ақшаны берген жоқ. «Е-е, мейлі, бұл да бір Алланың сынағы шығар, қарымын Алла бала-шағама жақсылықпен қайырсын» деп тілеу тілеп, қала бердім.

Аллаға шүкір, жаман болған жоқпыз!..

БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) ҰРПАҚТАРЫНЫҢ МЕКЕН ЕТКЕН ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Жалайырдың Байшегір бабасынан тарайтын Бекпенбет (Шегелек) руының шежіресін толық жинастырып, кітап бастырып шығару үшін ұрпақтары арасынан жұмысшы топ құрылып, біраз ауқымды шаруалар жүзеге асырылып, соның нәтижесінде біраз жетістікке қол жеткіздік. Айта қаларлықтай ісіміздің бірі мынау еді: Алматы (бұрынғы Талдықорған) облысы, Қаратал ауданына қарасты Байшегір ауылында гуыстарымыздың тұратыны анықталып, Тұрыскелді Ерентайұлы, Нариман Тұрыскелдіұлы және Мыңжасар Көпжасарұлынан құралған жұмысшы топ жолға шықтық. Балқаш ауданы, Бақанас ауылынан шыққан арнайы топ «сұрай-сұрай Меккеге де барасың» деген мәтелді медет тұтып, ат басын Талдықорған қаласына қарай бұрдық.

Талдықорғанда бізді Бекпенбет (Шегелек) руының Сегізбай атасынан тараған Әліпбаев Мәди Серікбайұлы деген азамат күтіп алып, Қаратал ауданына қарасты Байшегір ауылы туралы өзінің азды-көпті жинастырған деректерімен таныстырды. Ас-ауқат ішіп, әл жинаған соң, бізді Үштәбе қаласына қарай бағыттап, жол көрсетіп



шығарып салды. 50 шақырым жол жүріп, Үштөбе қаласына да жеттік. Қаланың сыртымен айналып, солтүстік батыс бағытына қарай, шамамен 150 шақырым жол жүріп, Байшегір ауылына да жеттік. Сұрастыра келе ауылдың 1977 жылы құрылғаны, ауылдың көпшілігі Байшегір ұрпақтары болғандықтан, ауылға Байшегір бабамыздың есімі берілгені белгілі болды.

Байшегір ауылының қарияларын әңгімеге тартып, Байшегір бабаның Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары жайлы сұрастырдық.

Көнекөздердің айтуынша, Байшегір ауылының солтүстік-батыс жағында, шамамен 2 шақырым жерде Дөн Ши деген ауыл, одан ары 30 шақырым жерде Балқаш көлінің жағасында Көп Бірлік деген ауыл бар. Осы екі ауылдың арасындағы, асфальт жолдың солтүстік-шығыс бағытында Қаратал өзеніне қарай созылып жатқан, шамамен ұзындығы 20 шақырымдай, ал ені 30 шақырымдай болатын жерді «Шегелектер жері» деп айтады екен. «Ол жердің топырағы — құнарлы қара топырақ, сондықтан ата-бабаларың ол жерге егін алқабын жасап, қолмен канал қазып су шығарып, ерте заманнан бері тары еккен. Кейін Кеңес үкіметі сендердің ата-бабаларың тары еккен жерге совхоздың тарысын еккен», — деді.

Сонымен қатар, осы «Шегелектер» жерінің оңтүстік шығыс жағында «Әтеғұл» деген үлкен төбе барын айтып, көрсетті. Ол кісінің шежіресі былай таралады екен: Жалайыр, Байшегір баба, Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай, Дөнен, Әтеғұл.

Қариялар ата-бабаларымыз тары еккен егін алқабының аяқ жағында төрт құлақты көп қорғандардың бар екенін және барлық қорғандар бір-біріне ұқсас екенін айтып,



ата-бабамыздың ерте заманда Қаратал өзенінің жағасында тұрған мекендерін тауып берді.

Осылайша Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының ерте заманда мекен еткен жерлеріне барып, арнайы Құран бағыштап, елге қуанышпен оралдық. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» демей ме? Байығанымызды сезіндік. Жан-дүниеміздің жадырап, кеудеміздің жылы шуаққа бөленуі байлық емей немене?! Артыңда сені еске алатын, жатқан топырағыңды іздейтін, өнегеңді өміріне темірқазық, өсиетіңді ақылына тиянақ еткен ұрпағың қалса, одан артық не керек?! Ата-басын іздеген, сағынған, құрмет тұтқан ұрпақтың бар болуы — ата-ананың да үлкен байлығы, жетістігі емес пе?! «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегенді халқымыз қалай дәл айтқан!

Жатқан жерлеріңіз жайлы, жайларыңыз жәннат болсын, ардақты бабаларым, асыл әжелерім!



Суретте: Тұрыскелді, Мыңжасар. Қаратал ауданы, Байшегір ауылы, 2020 жыл.



Безмал ома
царлакчмафь





БЕСШАЛ АТАНЫҢ ТАРИХЫ

96

Бесшал ата ұрпақтары

Заманында ата-бабаларымыз немере-шөбере сүйіп, ұзақ өмір сүргенін білеміз. Сол аталарымыздың балашағаны ойлап, елдің болашағы үшін талай шайқасқа түскенін көп естідік. Бірақ Алланың бергені деп ұлқыз өсіріп, ұрпақ басы, яғни осы атаның Бекпенбеттің (Шегелектің) ішінде Бесшал атанамыз деген ой бұрын болмаған. Атын шығаруға ешкім ұмтылмаған. Қазір де Бекпенбеттің (Шегелектің) баласына қарасаңыздар, ештеңе өзгермеген. «Бастық боласың ба?» деп сұраса, «Жоқ» деген жауап қайтарады. Бұл — біздің бойымызға біткен, атадан ұрпаққа дарыған тәлім-тәрбие. «Бізге мақтанған жақпайды», — деп Бекпенбет (Шегелек) атамыздан қалыптасқан өсиет.

Аталарымыздың көбі «немере-шөбере сүйіп, дүниеден өтсек болды» дегені айдан анық. Тірі кезінде ата деп жүрген немерелері өскен кезде «біз сол атаның баласымыз» дейді. Халық таниды, ақсақалдар «айналайын» деп батасын береді. Сөйтіп аталарымыз көп жағдайда өзінің ұрпақ басына шыққанын білмейді Бекпенбет (Шегелек) бабамыз да білмеген. Осылай ұрпақ тарайтынын, жеңгелері еркелетіп айтқан Шегелек аты ұрпақтан ұрпаққа жалғасатынын кім білген... Тура осындай тарихи сәт Бесшал ұрпағында да қайтланады.

«Бесшал ата қайдан шықты?» деген сұрақты өзімізге қойып, жан-жақты жұмыс жүргіздік. Нәтижесінде біраз дерек жинадық. Арамыздағы үлкендер Арқарұлы Төлеген ақсақал, Жүмәлиұлы Шәкіжан қариялардың мәліметтері бойынша, Бесшал деген бір атаның аты емес, ерте заманда өмір сүрген бес атаның аты екен.



Сонымен сөздің тәркііне келсек, Бесшал ұрпағы деп Тұрсын атадан тараған ұрпақты айтамыз. Тұрсынның немерелері Бөкенбай мен Шерубайдың балалары Орда, Асан, Үсен, Аңқошқар және Байқошқар аталарымызды сырғынан біріктіріп, Бесшал деп атаған екен. Осы бес ағамыздан (Бесшалдан) тараған ұрпақ туралы айтатын болсақ, онда шежіреге немесе келесі мәліметтерге көз жүгіртейік.

ОРДА АТАМЫЗДЫҢ ҰРПАҒЫ

Орда, Әлі аталарымыздан үш ұрпақ тарайды – Мамыр, Бейсахмет, Асылбек. Асылбектен үш ұрпақ тарайды – Садақбай, Нұпбай, Саудабай. Өкінішке қарай, Мамыр, Бейсахмет, Нұпбай және Саудабай аталарымыздан ұрпақ қалмаған.



Садақбай Асылбекұлы 1898 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1971 жылы 73 жасында қайтыс болып, Ақкөл ауылында жерленген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыс ардагері. Москва қаласынан бастап қорғаныста болып, кейін шабуылға шығып, Ресей, Украина, Белоруссия, Польша, Румыния мемлекеттерін фашистерден босатып, қазіргі





112 келген
Сыртай
ажемізі

Сербия мемлекетінің астанасы Белград қаласын азат еткені үшін медальмен марапатталған. Жауынгерлік тапсырманы снайперлер взводында атқарған. 1943 жылы оң қолынан жарақат алып, әскери қызметке жарамсыз болып елге оралған. Соғыстан кейін Ақкөл ауылында мал бағып, егін шаруашылығымен айналысқан. Тасмұрын, Ақдала су арналарын қазуға қатысқан. Тылда адал қызмет еткені үшін еңбек ардагері атанып, бірнеше медальмен марапатталған. Ұлы Отан соғысының «Жеңіс» медалін бірнеше рет алған. Ашаршылық кезінде қолдағы малдан, қоймадағы тары бидайдан айырылып, біраз қиындықты бастан өткізген. 1930 жылдардағы ашаршылықта Қаройға көшіп, балық аулап, аңшылықты қолға алып, ағайын арасында бір нанды бөліп жегенінің арқасында аман қалып, кейін Ақкөл көтерілісіне қатысқан.

Жұбайы – Нұрымбетқызы Сыртай (руы – Өгіз Балғалы). 1903 жылы дүниеге келіп, 2015 жылы 112 жасында дүниеден өткен. Ақкөлде жерленген. Өмір бойы мал бағып, тары егумен айналысқан. Ұлы – Сейтжан; қызы – Тұрысбала.

Саудабай Асылбекұлы 1903 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыс ардагері. 1942 жылы Қарулы күштер қатарына (соғысқа) шақырылып, 1943 жылы 10 шілдеде болған атақты «Орловская наступательная операция» деген шайқасқа



қатысқан. 1943 жылы 22 шілдеде 217-атқыштар дивизиясында жауынгерлік тапсырма орындау кезінде жарақат алып, қайтыс болған. Ресей мемлекетінің Орловская облысында Знаменка ауданының Каменька елді мекенінің батыс жағына бір жарым шақырым жердегі «Бауырластар» зиратында жерленген.

Тұрысбала Садақбайқызы 1944 жылы дүниеге келген. Көкжиде ауылында малшы болған, күшік руының ішіндегі Шоңғара әулетінің келіні, жеті баланы дүниеге әкелген «күміс алқа» медалінің иегері, зейнеткер.



Сейтжан Садақбайұлы 1959 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Сол жерде мектепті бітіріп, ауыл шаруашылық саласында техника маманы болуды көздеп, 1976 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылық институтының механикаландыру факультетінің инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын 1981 жылы Бақанас елді мекеніндегі кәсіптік-техникалық училищеде арнайы пәндер оқытушысы қызметінен бастаған. Кеңес дәуірінде жастарды техникаға үйретіп,

Шеңелек
Бекелібет





көптеген түлекке ұстаз болған. Шәкірттерінің арасында республикалық деңгейде қызмет еткен авиация инженері, мұнай-газ инженері, Қарулы күштерде техниканы меңгерген мамандар бар. Осы оқу орнында директордың орынбасары лауазымына дейін көтерілген. Ауылдарды дамыту бойынша көптеген совхоздарда бас инженер, директордың орынбасары болып қызмет атқарған. Кеңес үкіметі тарап, еліміз тәуелсіздік алған кезде Балқаш ауданы әкімшілігінде ауыл шаруашылық басқармасында жұмыс істеген. Күрті ауданы тарап Балқаш ауданына қосылғандағы, ауылдарды жеке қожалыққа көшіру кезіндегі атқарған еңбегі орасан зор. 2011 жылдан бастап аудан әкімшілігінде кадр бөлімінде, аудандық тұрғын үй мекемесінде, автокөлік жол құрылыс саласында, халыққа қызмет ету орталығында және техникалық бақылау инспекциясында басшы болып қызмет атқарған. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медальдарымен марапатталған.

Жұбайы — Айдарбекова Райкүл (руы — Шағыр Балғалы) 45 жыл мектепте мұғалім болып істеген ардагер ұстаз. «Екінші дәрежелі көп балалы ана» медалінің иегері, зейнеткер. Ұлы — Бекжан; қыздары — Ләйлә, Лаура, Лунара, Тоғжан.

Орда, Пұсырман аталарымыздан екі ұрпақ тарайды: Майлыбек, Қилыбек. Майлыбектен екі ұрпақ тарайды: Смағұл, Смағанбет.

Қилыбектен үш ұрпақ тарайды: Ахметқұл, Жапарқұл, Жапарбек. Смағұлдан — Қоңқақ, Кемпірбай, Смағанбеттен — Суатбай, Жапарбектен — Сейдахмет тарайды.



101

Жылыбай (Шығалек) Шығалек



Суатбай Смағанбетұлы 1889 жылы Балқаш ауданына қарасты Қоқышбай ауылында дүниеге келіп, 1974 жылы 85 жасында қайтыс болған. Ақкөл ауылында жерленген. Соғыс кезінде еңбек армиясында қызмет еткен. Кейін ауылға оралып, сиыр баққан. Қоқышбай ауылынан Ақкөл ауылына 1962 жылы көшкен.

Жұбайы – Үмітбала Берсүгірқызы (руы – Күшік). Ұлы – Жарылқасын; қыздары – Жексібала, Мейізгүл, Кенжекүл.



Жарылқасын Суатбайұлы 1941 жылы Балқаш ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2014 жылы 73 жасында қайтыс болған. Ақкөл ауылында анамыздың жанына жерленген. 1959 жылдан бастап 25 жыл бойы Ақкөл ауылында совхоздың койын баққан.

Жұбайы Саратай Суатбай келіні (руы – Күшік) екеуі Кеңес үкіметі дәуірінде, соғыстан кейінгі аяқтан тұру кезінде, қарлы-боранды далада әйгілі малшы атанып, Алланың берген 10 пәрзентін тәрбиелеп-өсіріп, ардақты анамыз «Алтын жұлдыз» медалінің иегері атанған. Кейін



Бақбақты ауылына қоныс аударып, совхозда қызмет етеді. Тағдырдың жазғаны қысқа болып, ардақты ана атанған Суатбай келіні Саратай 1987 жылы 47 жасында дүниеден озады. Сол кезде кенже баласының жасы үш жасқа толмаған болатын. Жарылқасын Суатбайұлы — балаларын өсіріп, тәлім-тәрбие беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған асқар тау әке. Ауыл тұрғындары: «Алтын жұлдызды әке деген марапат болса, онда ол осы кісінікі болар еді», — деп айтады. Ұлдары — Нағышбай, Серікбай, Тынышбай, Сансызбай, Өмірәлі, Ринат, Самат; қыздары — Гүлнар, Гүлжан, Гүлсім. Балалары мектепті Ақкөл ауылында бігірген. Ауылда шаруа қожалықта, қалада жеке кәсіпкерлікте қызмет атқарған.

Нағышбай Жарылқасынұлы 1960 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2016 жылы 56 жасында қайтыс болған. Бояулы ауылында жерленген. Жұбайы — Ахметқызы Жамбыгүл (руы — Бәйшегір, Тынымбет). Ұлы — Досмұхамбет; қыздары — Мейрамкүл, Жұлдыз.

Серікбай Жарылқасынұлы 1961 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2008 жылы 47 жасында қайтыс болды. Бақанас ауылында жерленген. Жұбайы Лима (руы — Байшегір, Тынымбет) ауданнан шыққан ақын (жазушы) Зекен Әбділдаевтың қызы. Ұлдары — Самғат, Дінмұханбет; қызы — Гүлжанат.

Тынышбай Жарылқасынұлы 1964 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Жұбайы — Күлиза (руы — Албан). Ұлы — Құлмұхамбет; қыздары — Венера, Лаура.



Жапарбекұлы Сейдахмет

Сансызбай Жарылқасынұлы 1973 жылы Ақкөлде дүниеге келіп, 1995 жылы 22 жасында қайтыс болған. Ақкөлде жерленген.

Өмірәлі Жарылқасынұлы 1975 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Жұбайы – Әлия (руы – Арғын). Ұлы – Мекен; қыздары – Гауһар, Кәусар.

Ринат Жарылқасынұлы 1981 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1996 жылы 15 жасында қайтыс болған. Ақкөл ауылында жерленген.

Самат Жарылқасынұлы 1983 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Алматы қаласында мектеп бітіріп, Бақбақты ауылында жұмысқа орналасып, қарашаңырақты ұстап отырған жағдайы бар. Жұбайы – Әлия (руы – Дулат). Ұлдары – Саят, Ілияс.



Жапарбекұлы Сейдахмет 1928 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 2000 жылы 72 жасында қайтыс болған. Бояулы ауылында жерленген. Соғыс кезінде жастайынан қара жұмысқа кіріскенін ауылдағы кісілерден естиміз. Соғыстан кейінгі уақытта мал бағып, егін





шаруашылығымен айналысқан. 1970 жылдары техниканы үйреніп моторист болып, Бояулы ауылында электрик қызметін атқарған. Жұбайы Нұршакүл (руы — Балғалы) екеуі жеті бала тәрбиелеп-өсірген. Нұршакүл апамыз «I дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері.

Ұлдары — Ермұрат, Мұратбек, Қуатбек, Болатбек, Нұрланбек, Ерланбек; қызы — Гүлмира.

Ермұрат Сейдахметұлы 1956 жылы аудан орталығы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 2006 жылы 50 жасында қайтыс болған. Бояулы ауылында жерленген. Бақанас орта мектебін бітіріп, Алматы қаласындағы Совет сауда техникумын есепші мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын аудандық тұтынушылар одағында бастап, Бірлік ауылындағы жұмысшыларды қамтамасыз ету бөлімінің бастығына дейін көтерілген.

Жұбайы Зейнеш Оразбекқызы (руы — Сарыүйсін) екеуі 2 ұл тәрбиелеп өсірген. Балалары — Ғалымжан, Бақытжан.



Мұратбек Сейдахметұлы 1960 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1996 жылы 36 жасында қайтыс болған. Ақдалада жерленген.

1967-1977 жылдары Бақанас орта мектебін бітіріп, Алматыдағы Совет сауда техникумын бухгалтер мамандығы бойынша оқыған. 1979-1982 жылдары әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын әскери теңіз флотында өтеген. Еңбек жолын Балқаш





ауданы Бақанас ауылында үй-тұрмыс комбинатында бастап, кейін Бояулы ауылында малшаруашылық кешенінде қойма меңгерушісі, есепші болып қызмет еткен.

Жұбайы — Қалиақпарқызы Гүлзат (руы — Байшегір, Жиенбет). Ұлдары — Данияр, Камилжан; қызы: — Гүлім.



Камилжан Мұратбекұлы 1988 жылы Бақанас ауылына қарасты Бояулы ауылында дүниеге келген. 1994-2004 жылдары мектепте оқып, кейін Алматы энергетикалық колледжіне оқуға түсіп, энергетик мамандығын бітірген. 2007-2008 жылдары аралығында Көкшетау қаласында Отан алдында борышын өтеген. 2012-2014 жылдары Алматы қаласындағы Еуразиялық техникалық университетінде электро-энергетик мамандығы бойынша жоғары білім алған. Еңбек жолын Ақдаладағы «Өтес» агрофирмасында электрик болып бастаған. Бақанасқа қызмет ауыстырып, ветлабораторияда жұмысын жалғастырған.

Жұбайы — Күндыз Мұратбекқызы (руы — Найман), қыздары — Назерке, Көркем, Сезім.

Қуатбек Сейдахметұлы 1962 жылы Бақанаста дүниеге келген. Бақанас орта мектебінде оқыған. 1980 жылы әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеген. Еңбек жолын Бояулы ауылында механизатор болып жұмыс істеуден бастаған. Бақанастағы СПТУ-да шебер қызметін жалғастырып, кейін Алматыға қоныс аударып, жеке кәсіппен айналысқан. Жұбайы — Күнсұлу (руы — Күшік) екеуі алғы бала тәрбиелеп-өсірген «Күміс алқа»



медалінің иегері. Ұлдары — Шәкәрім, Кәрім, Нұркәрім; қыздары — Әйгерім, Арай, Ақжан.

106

Болатбек Сейдахметұлы 1965 жылы Бақанаста дүниеге келген. Бақанас орта мектебінде оқыған. 1978 жылы әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеген. Еңбек жолын Бояулы ауылында механизатор, көлік жүргізушісі болып бастап, кейін сол ауылдың мешітінде қызметін жалғастырған. Жұбайы — Нұрсағат (руы — Найман) екеуі төрт бала тәрбиелеп-өсірген. Ұлы — Батырбек, қыздары — Әсел, Әсем, Бота.

Нұрланбек Сейдахметұлы 1967 жылы Бақанаста дүниеге келген. Бақанас орта мектебінде оқыған. Аудан орталығындағы СПТУ-ды жүргізуші-механик мамандығы бойынша бітірген. 1985 жылы әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеген. Еңбек жолын Бақанас ауылында Ерт сөндіру мекемесінде бастап, кейін шаруа қожалығымен айналысқан. Жұбайы Әртіскүл (руы — Ысты) екеуі Нұржан, Арман, Самғат деген ұлдарды тәрбиелеп-өсірген.

Ерланбек Сейдахметұлы 1971 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебінде оқыған. Аудан орталығындағы СПТУ-ды жүргізуші-механик мамандығы бойынша бітірген. 1989 жылы әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеген. Еңбек жолын мал бағудан бастаған. Кейін шаруа қожалығын ашып және сауда кәсібімен айналысқан. Жұбайы Рәзия (ұлты — ұйғыр) екеуі Қайыржан атты ұл мен Фариза деген қыз тәрбиелеп-өсірген.

Баспаның ата-қалыңдары



АСАН АТАМЫЗДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Асан, Отар, Естайдан бес ұрпақ тарайды: Сәрсенбай, Бейсенбай, Тоқпейіс, Тәксейіт, Бексейіт.

Сәрсенбай атаның ұрпағы: оның Бекқұл және Тоққұл деген ұлдары болады.

Бекқұл атамыз 1880 жылы Қарой ауылы даласында дүниеге келген, көрген кісілердің айтысы бойынша, ірі денелі, еңбекқор, абыройы мықты кісі болған. Мал бағып, балық аулаумен айналысқан. 45 жасында Іле өзеніне суға кетіп, қайтыс болған. Жұбайы Ырысбике (руы – Ысты) коммунист болған, 1971 жылы қайтыс болып, Бақанаста жерленген.



*Бибісара
(Сара)*



Бекқұлдың балалары: қыздары – Қыдырбала, Бибісара (Сара); ұлы – Өмірсерік. Қыдырбала апамыздан ұлы Дағдыр, қызы Қапаш туған. Сарадан Сәуле деген қыз дүниеге келген. Сәрсенбайдың бауыры Тоқпейістің немересі Мансұрдың тегі осы кісінің атымен жазылған. Мансұрдың балалары, немерелері Бекқұл (Беккулов) болып туысқандық байланысты жалғастырады.






Қыдырбала Бекқұлқызы 1913 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 1959 жылы 46 жасында дүниеден өтеді. Бақанас ауылында жерленген. Ауылда мектеп бітіріп, ашаршылық кезінде мал бағып, тары егіп, тартынбай еңбек еткен апамыз 1941 жылы білім алып, белгілі бір маман иесі болуды көздеп, 28 жасында Қарағанды қаласындағы Гаукен техникумына (Қарағанды политехникалық колледжі) түскен. Алғашқы білім алу күндері фашистік Германияның Кеңес үкіметіне шабуыл жасауымен сәйкес келеді. Өндірістің бәрі майданға қызмет ете бастағанда, оқу тәртібі өзгеріп, күнімен жұмыста (тау-кен орнында), түнімен оқуда болып, киын-қыстау кезеңде еңбек етіп, білім алады.

1943 жылы оқуын өте жақсы бағамен тәмамдап, өзі бітірген техникумда оқытушы болып сабақ береді. Ұлы Отан соғысы аяқталысымен Мәскеу қаласындағы жоғарғы партия мектебіне түсіп, 1949 жылы ойдағыдай аяқтап, Челябинск облысы, Сатка қаласына аудандық атқарушы комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, екі жылдай қызмет етеді. Солтүстік елді мекендерде тау-кен қызметтерін атқарып, соғыс кезінде аянбай тылда қызмет еткен апамыздың денсаулығы сыр беріп, 1952 жылы елге оралған.

Елге оралған соң да жұмыс істеп үйреніп қалған апамыз бар білгенін ортаға салып, аудандық атқарушы комитетінің екінші хатшысы болып біраз жыл қызметте болады.



Атқарған еңбегі орасан зор. Мәліметтер баспа (газет-журнал) беттерінен алынған. Жоғарыда көрсетілген еңбек нәтижелері бойынша «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Апамыздың өмір бойы көргені бейнет болған: саяси қуғын, ашаршылық, соғыс және соғыстан кейінгі қайғы-қасірет... Бұл кісілердің арманы болған бейбіт те тыныш, бақытты өмірді кейінгі ұрпағы көрсе дейміз. Одан тараған балалары: ұлы — Дағдыр, қызы — Қапаш.



Қапаш Бекқұлқызы 1951 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебінде оқып, Алматыдағы Совет сауда техникумын сатушы, есепші мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын дүкенде сатушы болып бастаған. 1971 жылы Алматы облыстық балалар үйінде тәрбиеші болып жұмыс істейді. Одан кейін үй құрылыс компаниясында материалдық-техникалық қамтамасыз ету маманы болып істеген. Атап айтқанда, Бақанастағы аудандық аурухананы, Береке ауылындағы мектепті және Ақдаладағы Мәдениет үйін салған, ПМК-126 ұжымында жұмыс істеген. Ал Қапаштың жолдасы (жездеміз) Рақымұлы Жайық сол ПМК-126 мекемесінің бастығы болған. Жайықтың атқарған еңбегі туралы мәліметтер Алматы қаласындағы құрылысшылардың «Алтын кітабында» жазылған.

Өмірсерік Бекқұлұлы — 1948 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебінде оқыған. Еңбек жолын Балқаш аудандық электростанциясында аға мастер болып бастап, сонда көп жыл жұмыс істеп, зейнетке шыққан.





Саулеш Бекқұлқызы 1957 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебінде оқып, кейін Алматы қаласындағы Алматы сәулет-құрылыс институтын (ААСИ) инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Алматы қаласындағы өндірістік мекемеде мастер болып бастаған. Кейін «Облремстройтрест», «Алтын-Алма», «Айсель-Қазақстан» құрылыс компаниясында әртүрлі лауазымда қызмет етіп, үлкен құрылыс компаниясының жетекшісіне дейін көтерілген. Ұзақ жылдар бойы өзінің ашқан «NEFT» құрылыс компаниясында жетекші болған. Алматы, Астана қалаларында көптеген мектеп, балабақша, әкімшілік ғимараттары мен көпқабатты тұрғын үйлер, әскери мекемелер салуға атсалысқан. «Бизнес леди» атанған әпкеміздің жетістіктерін бірнеше рет баспаға жазып, теледидардан көрсеткен. «Астана қаласына 10 жыл», «Ұлттық гвардияға 15 жыл» медальдарымен және де «Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы» төсбелгісімен марапатталған. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген кәсіпкер. Атқарған еңбектері туралы мәліметтер Алматы қаласындағы құрылысшылардың «Алтын кітабында» жазылған.

Тоққұл атамыз туралы ақпарат жоқ.



Бейсенбай атамыздың балалары: ұлы — Нұрмұхан; қыздары — Уәзи, Үкібала.

Атамыз Нұрмұхан Бейсенбайұлы ашаршылық кезінде 1920-1940 жылдар аралығында Молотов (қазіргі Бояулы ауылы) колхозында егіншілікпен айналысқан. Белгі атты қыстаудың тұсындағы құмының Ілеге түсетін жағалауынан бастау алған тоғаннан, Тілекбай тамының астымен, Бибол шошаласының далаларына дейін су шығарып, арық қазып, атыз тартып, 100-150 гектар жерге тары, бидай, қауын, қарбыз егіп, ел қамы үшін еңбек еткен.

Жұбайы — Түймебала Бейсенбай келіні (руы — Ысты). Ұлдары — Шәріпбай, Әліпбай және Қалтай.

Шәріпбай Нұрмұханұлы 1921 жылы Үшжарма ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Кеңес Одағымен Финляндия арасындағы соғысқа қатысқан. 1941 жылы ауылға демалысқа келгенде, Ұлы Отан соғысы басталып, дереу майданға аттанған. Сол кеткеннен қайтып оралмаған. 1943 жылдың тамыз айында хабарсыз кеткені туралы хабар келген.

Әліпбай Нұрмұханұлы 1940-1941 жылдар аралығында ойын баласы болып асыр салып жүрген шағында оқыс жағдайда қайтыс болған.

Қалтай Нұрмұханұлы 1940 жылы Үшжарма елді мекенінде дүниеге келіп, 2014 жылы қайтыс болған. Үшжарма ауылына жерленген. Бақанас орта мектебінде оқыған. 1958 жылы әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеген. Алғашқы еңбек жолын Бақанас асыл тұқымды қой совхозында көлік жүргізушісі болып бастаған.



Шәріпбай (Шәріпбай) Нұрмұханұлы





Кейін Балқаш аудандық тұтынушылар одағы ұжымында автодүкенші болып еңбек еткен.

Әке жолын қуып Шамалған (АГМТ) су шаруашылығы техникумының инженер-мелиоратор мамандығы бойынша оқыған. Су шаруашылығы (Минводхоз) және аудандық коммуналдық шаруашылығында инженер-механик қызметін атқарып, бірнеше марапатқа ие болған.

1976 жылы Үшжарма елді мекеніне қоныс аударып, Бақанас аң шаруашылық мекемесінде инженер-гидроме-лиоратор, кадр бөлімінің меңгерушісі қызметтерін ойдағыдай атқарып, кейін аудандық тұтынушылар одағында, дүкендерді қамтамасыз ету орталығында жұмыс істеп, құрметті зейнетке шыққан.

Жұбайы Сағира (руы — Шағыр Балғалы) екеуі сегіз баланы тәрбиелеп-өсірген. Сағира апамыз «I дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері.

Ұлдары — Серікбай, Жанайдар, Сабыр, Алиярдар, Мінайдар, Рзабек; егіз қызы — Камариям, Гүлмариям. Өкінішке қарай, екі қызы мектеп жасында кенеттен қайтыс болады. Ұлдары ауылда, аудан орталығында, Алматы қаласында жеке кәсіппен айналысып, мұғалім болып қызмет істеген. Әкеміз бен анамыз немере-шөбере сүйген ата-әже.



*Қалтай атамыздың ұрпақтары.
Алматы қаласы, 2015 жыл*

Серікбай Қалтайұлы 1962 жылы дүниеге келіп, 2013 жылы 51 жасында қайтыс болған. Үшжарма ауылында жерленген. Жұбайы Құмар Пернебекқызы (руы — Өгіз Балғалы) екеуі екі ұл тәрбиелеп-өсірген. Балалары — Бейбіт, Ринат. Немерелері — Аңсар, Іңкәрайым

Жанайдар Қалтайұлы 1963 жылы дүниеге келген. Жұбайы — Қантай Әділбекқызы (руы — Балғалы).

Сабыр Қалтайұлы 1965 жылы дүниеге келген. Жұбайы Ғазиза Тұрғанбайқызы (руы — Шағыр Балғалы) екеуі Гүлсезім, Тоғжан деген екі қыз тәрбиелеп-өсірген.

Алиайдар Қалтайұлы 1967 жылы дүниеге келген. Жұбайы — Шынар Нағызбайқызы (руы — Күшік), ұлы — Серік.

Шынар
(Шынар)
Бейнебай



Мінайдар Қалтайұлы 1969 жылы дүниеге келіп, 2005 жылы 36 жасында қайтыс болған. Үшжарма ауылында жерленген. Жұбайы – Зағира (руы – Өгіз Балғалы). Соңында Ақерке деген қызы қалған.

Рзабек Қалтайұлы 1973 жылы дүниеге келіп, 2014 жылы кенеттен қайтыс болған. Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылында жерленген. Жәпек батыр ауылында денешынықтыру пәнінен сабақ берген. Жұбайы – Қарлығаш Шәршетайқызы (руы – Өгіз Балғалы). Соңында Бекарыс, Дарын деген екі ұлы қалды.

Тоқпейіс атаның ұрпағы: ұлдары – Жұмабай, Жүмәли, қызы – Мөртай.



Жұмабай Тоқпейісұлы 1903 жылы Үшжарма ауылында дүниеге келген. 1972 жылы 69 жасында Балқаш ауданы, Қарой ауылында қайтыс болып, сонда жерленген.

1943 жылы наурыз айында Кеңес армиясының қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысының жауынгері ретінде әскери қызметті өткереді. Ресей аумағында құрылған 33-армияның 183-қосалқы атқыштар полкінде әскери қызметін жалғастырған. Ржев және Вязьма қалаларын



фашистерден босату үшін шайқасып, 1943 жылы 24 маусымда жарақат алып, әскери қызметке жарамсыз болып, тылда қызмет еткен. 1965 жылы «Ұлы Отан соғысының жеңісіне 20 жыл» медалімен марапатталған.

Соғысқа дейін де, одан кейін де малшы болған. Зейнетке шығатын кезде сиыр фермасының меңгерушісі болған. Жұбайы — Нұрсұлу Сарсенбайқызы (руы — Күшік). Ұлы — Санақ, қыздары — Саракұл, Бопаш.



Санақ Жұмабайұлы — 1937 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 1992 жылы 55 жасында қайтыс болған. Бірлік ауылында жерленген.

Еңбек жолын Қарой, Бірлік ауылдарында зоотехник болып бастап, ферманың меңгерушісі, күріш егу бригадасында гидротехник болып қызмет істеген.

Жұбайы Жайлаукүл Маденқызы (руы — Байшегір, Тынымбет) екеуі бес бала тәрбиелеп-өсірген. Жайлаукүл апамыз «II дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Анамыз 1989 жылы 49 жасында қайтыс болып, Бірлік ауылына жерленген. Ұлдары — Сағынбек, Серік; қыздары — Сығынкүл, Ахан, Ләззат.



Шығармалары

Тынымбет (Шығармалары)



Сағынбек Санақұлы 1960 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 2020 жылы 60 жасында қайтыс болған. Кемертоған елді мекеніне жерленген.

Жұбайы — Айгүл (Айкен) Тәжіқұлқызы (руы — Күшік).
Ұлдары — Айдос, Айдын, Айбек.

Мектептен кейін Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылық институтына түсіп, 1984 экономист мамандығы бойынша аяқтап, еңбек жолын Бірлік (Октябрьдің 50 жылдығы) совхозында есепші болып бастап, кейін бригадир, бухгалтер, бас бухгалтер лауазымына дейін көтерілген.


Серік Санақұлы 1969 жылы Қарой ауылында дүниеге келген. Бірлік ауылындағы орта мектепті оқыған. Талғардағы ауыл шаруашылық техникумын зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Бірлік ауылында жеке кәсібін ашудан бастаған. Мал шаруашылығымен айналысқан.

Жұбайы — Айгүл Қуатбекқызы (руы — Күшік). Ұлдары — Берік, Қайсар; қызы — Мейірім.

Бопаш Бекқұлқызы 1953 жылы Қарой ауылында дүниеге келген. Көктал совхозының Қоскүмбез бөлімшесінде кинемеханик болып жұмыс істеген. 1993-1994 жылдары Кеңес үкіметі тараған кезде Қоскүмбез елді мекенінде мал шаруашылығын қолға алып, шаруа қожалықпен айналысқан.

Жүмәли Тоқпейісұлы — 1905 жылы Үшжарма даласында дүниеге келіп, 1979 жылы 74 жасында Балқаш ауданы, Миялы (Қарағаш) ауылында қайтыс болған. Сонда жерленген. Өмір бойы қара жұмыс істеген: мал баққан, бақша еккен, күзетші болған, қазақ үй жасаудың шебері болған. Балқаш ауданының жартысынан аса шаңырағына қазақ үй жасағанын елден естиміз.

1941 жылы Кеңес армиясының қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысының жауынгері ретінде әскери қызметті өткереді.



Алматы қаласында құрылған 86 қосалқы атқыштар полкінде әскери қызметті бастап, 35-қосалқы атқыштар бригадасында қызметін ары қарай жалғастырған. 1943 жылы 7 қаңтарда оң қолынан жарақат алып, әскери қызметке жарамсыз болып, тылда қызмет еткен. Ауылдастардың айтуынша, 1944 жылы елге оралған. 1965 жылы «Ұлы стан соғысының жеңісіне 20 жыл» медалімен марапатталған.

Соғыстан кейін Жұмәли атамыз еңбек жолын жалғастырған. Оң қолы жарақат болғандықтан, тек сол қолмен бірнеше гектар жерге колхоздың жылдық жоспары бойынша бақша еккенін немерелері көрген.

Жұбайы Нұрлыгүл Садуақасқызы (руы — Арықтыным) апамыз екеуі алты баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. «І дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Ұлдары — Бөгетбай, Мансұр, Шәкіжан; қыздары — Шәйменгүл, Шайзақүл, Жанар. 1983 жылы қайтыс болып, Миялы ауылында жолдасының қасында жерленген.



Суретте: сол жақтан оңға қарай Шәйзақүл, Берікқали, Бөгетбай, Мансұр, Жайлиукүл, Санақ; отырғандар Шәйменкүл, Шәкіжан, Сара. Семей, 1988 жыл



Бөгетбай Жүмәлиұлы 1937 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 2010 жылы 73 жасында қайтыс болған. Бақанас ауылында жерленген. Бақанас орта мектебінде оқып, әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын ойдағыдай атқарып, елге оралады. Алғашқы еңбек жолын Бақанаста механизатор болып бастайды. Әскери қызметке қайтадан шақырылып, ДОСААФ (Добровольное общество содействия армии, авиации и флоту) мекемесінде жетекші болып қызмет өткереді (әскери шені — капитан). Кейін ДЭУ-34 мекемесінде бас механик болып жұмыс істеп, 1997 жылы зейнетке шыққан.

Жұбайы — Тұрғанбала Тәттібайқызы (руы — Күшік). Бөгетбай әкеміз екеуі жеті баланы тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары — Бақтияр, Мирұлан, Мирғалым, Мадияр; қыздары — Ғалия, Фатима, Дариға. «Еңбек ардагері» және «I дәрежелі көпбалалы ана» медальдарының иегері.

Бекпенбет (Шегелек) руының арасында «Вальс королі» атанған. Балаларының бәрі Бақанас орта мектебінде оқыған.

Бақтияр Бөгетбайұлы 1968 жылы Бақанаста дүниеге келген. 1984-1996 жыл аралығында екі жоғары оқу орнын бітіреді: КазГУ-да механика және қолданбалы математика мамандығы және Қазақ ұлттық басқару академиясын банк істері ұйымдастыру мамандығы. Оқу арасында 1986-1988 жылдары Қызыл тулы Орта Азия әскери округында әс-



кери борышын ойдағыдай өтеп келеді. Еңбек жолын 1985 жылы Қазақ ғылым академиясының зоология институтында ғылыми жетекші көмекшісі қызметінен бастайды. 1995-2000 жыл аралығында «Халық банкте» инженер, автоматтандыру бөлімінің бастығы қызметін атқарады. 2000-2010 жылдар аралығында «Өтес» агрофирмасының Алматы филиалында IT мамандығы бойынша қызмет атқарды. 2010 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікті қолға алып, бизнеспен шұғылданған. Өнер саласына өзіндік үлес қосып жүрген әуесқой композиторлардың бірегейі. «Аброй» авторлық қоғамының белсенді мүшесі. Атап айтсақ, «Ойланыңыздар», «Бақанас әні» өзінің туған жерінде тыңдармандарға кеңінен таралып, көңілдерінен шығуда. «Бала кезгі достарға», «Сыныптастарға арнау», «Бажалар», «Ақ арман», «Жеңгейлер» тағы да басқа туындылардың авторы. Эстрада жұлдыздарының ішінде Ғани Сапарбаев, Марат Балмырза сияқты әншілердің орындауында туындылары орындалып жүр. Жұбайы Алима Ұбайқызы (руы — Кіші жүз, Рамадан) екеуі үш баланы тәрбиелеп-өсірген. Ұлы — Жантәре; қыздары — Жанбота, Жанерке.



Мансұр Жұмәлиұлы 1945 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 2007 жылы 62 жасында қайтыс болған. Миялы ауылында жерленген. Еңбек жолын Миялы (Қарағаш) елді мекенінде токарь болып бастап, кейін жүргізуші, көлік



шеберханасында (МТМ) меңгеруші, кассир, қойма менгерушісі, бухгалтер, бас бухгалтер ретінде жалғастырған. Совхоз тарағаннан кейін ауылдың салық есепшісі болып қызмет еткен.

Жұбайы Сара Шалабайқызы (руы – Сарыұйсін) екеуі бес бала тәрбиелеп-өсірген. Анамыз мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. «Еңбек ардагері» және «II дәрежелі көпбалалы ана» медальдарының иегері. Ұлдары – Бағыжан, Бауыржан, Бақытжан; қыздары – Эльмира, Гүлмира. Балаларының бәрі Қарағаш орта мектебін бітірген.

Мансұр әкеміз 1996 жылы тұңғыш баласы келін күсіргенде ат шаптырып той жасайды. Бас жүлдені (кілем жамылған жылқыны) ағайыны Хабаргелді, қалған жүлделерді достары Сауыққан, Аманжол, құдасы Әбдіхан, ағайындары Көшкін, Мырзахан, бауырлары Сағынбек, Бақтияр тігеді. Сол тойда келінінің бетін ашқан Кошақан ауылды емес, ауданды бір сағат айтып, жырау атанған (бейне түсірілімі бар).

Эльмира Мансұрқызы 1971 жылы Қарағаш ауылында дүниеге келген. 1988 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің география мамандығы бойынша бітіріп, кейін Қазақ Ұлттық басқару академиясын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша жалғастырады. Алматы облысы және Алматы қаласы әкімшілігінде бюджетті жоспарлау саласында әртүрлі лауазымда болып, Алматы қаласында басқарма бастығы лауазымына дейін көтерілген. Қызмет барысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медальдарымен және Алматы қаласының әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.



Бағыжан Мансұрұлы 1973 жылы Қарағаш ауылында дүниеге келген. 1989 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің инженер-электрик мамандығы бойынша оқып, осы оқу орнындағы әскери кафедраны ӘШҚҚ инженер мамандығы бойынша бітірген. 1994 жылы әскер қатарына шақырылып, әуе шабуылына қарсы қорғаныс басқармасына қарасты 51809 әскери бөлімде жедел кезекшінің көмекшісі лауазымымен қызмет бастаған. Кейін Әуе Қорғаныс Күштерінің бас командалы пунктінде қызметте болған. 2005 жылы Астана қаласына Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Әуе қорғаныс күштерінің барлау бөліміне аға офицер болып ауысып, бөлімнің бастығы лауазымына дейін көтерілген. Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Ұлттық қорғаныс университетінің арнайы факультетінің түлегі. Әскери әкімшілік Басқарма магистрі. Әскери қызметте «I дәрежелі мінсіз қызметі үшін», «ҚР Қарулы күштеріне 20 жыл» медальдарымен, «Әуе қорғанысы күштеріне 10 жыл» төсбелгісімен марапатталған. 2015 жылдан бастап әскери зейнетке шыққан (әскери шені – подполковник). Кейін Қазақ гуманитарлық заң университетінде әскери кафедраның аға оқытушысы болып жұмыс істеген. Жұбайы Анар Шетек-



байқызы (руы — Найман) екеуі үш бала тәрбиелеп-өсірген. Ұлы — Байғали; қыздары — Әйгерім, Әсемгүл.

Бауыржан Мансұрұлы 1976 жылы Бақбақты ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Қазақ Ұлттық техникалық университетін мұнай-газ өндіру инженері мамандығы бойынша бітірген. Еңбекжолын Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласындағы «Өзенмұнайгаз» мұнай компаниясында инженер болып бастаған. Кейін «Қаражанбасмұнайгаз», «Солтүстік Бозашы» компанияларында шебер, инженер, технолог, объекті басшысы лауазымына дейін көтерілген. 2008 жылы елге оралып, Алматы халықаралық әуежайында авиациялық қауіпсіздік инспекторы болып істеген. 1999 жылы «Қазақ мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен марапатталған. Жұбайы Меруерт Мұратбекқызы (руы — Төре) екеуі үш бала тәрбиелеп-өсіріп отыр. Ұлдары — Нұрғали, Нәсіпқали; қызы — Гүлдана.

Бақытжан Мансұрұлы 1978 жылы Бақбақты ауылында дүниеге келген. 2002 жылдары Қазақ көлік және коммуникация Академиясын инженер-механик мамандығы бойынша және Орта Азия университетін экономист мамандығы бойынша бітіріп, Алматы қаласында көлік мекемелерінде инженер-механик, салық (мемлекеттік кіріс) мекемелерінде инспектор болып көп жылдар бойы жұмыс істеген.

Жұбайы Қасенова Гүлзира (руы — Албан) екеуі үш баланы тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлы — Досқали; қыздары — Айзере, Айару.

Мектеп жасында мал бағуды үйреніп, әкесіне мен үлкен болғанда малшы болам деп көп айтатын, сол сөзін әкесі Мансұр

қызық көріп «Ақ әділ жанпоз малсағым» деп еркелетіп айтқан екен. Оны естіген ауыл тұрғындары, Бақытжанның есімін өзгертіп, бүкіл ауыл «Жанпоз малсақ» деп айтып кетіпті.



Суретте Минсұрдың ұрпақтары. 2018 жыл



123

Шәкірәт
(Шәкірәт)
Тәңірбек





Гүлмира Мансұрқызы 1979 жылы Бақбақты ауылында дүниеге келген. 2002 жылы Қазақ Ұлттық университетін механика және қолданбалы математика мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын өзі бітірген жоғары оқу орнында оқытушы болып бастап, кейін Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-де, Қазақстан-Америка колледжінде инженер, программист, IT-мамандығы бойынша оқитын студенттерге арнайы мамандық пәндерінің аға оқытушысы болып істеген. Техника ғылымының магистрі. Мектеп жасында Мырзағұлов Науатбек ағамыздың жетекшілігімен әртүрлі ұлттардың билерін билеу бойынша түрлі сайысқа қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алған. Кеңес дәуірінде Алматы облысының көркем өнерпаздар сайысының лауреаты болғанын ел біледі. Әкесі Мансұр осы қуанышқа орай Құланбасы ауылында көкпар ұйымдастырып, ауыл тұрғындарына той жасап бергенін дүйім халық көрді.



Шайменгүл Жүмәлиқызы 1948 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 2005 жылы 57 жасында қайтыс болды. Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті елді мекенінде жерленген. 1966-1969 жылдары Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын бітіріп, еңбек



жолын Семей облысы, Абай ауданы, Карауыл ауылының мәдениет бөлімінде бастайды. 1982 жылы Көкпекті ауданына халық театрына режиссер лауазымына тағайындалып, көптеген жұмыс атқарады. Атап айтсақ, бірнеше республикалық, бүкілодақтық фестивальдардың жеңімпазы, «Абай жолы» эпопеясының сценаристі, «Қаламқас» ВИА тобының көркемдік жетекшісі, 1982 жылы Ресей федерациясының Геленджик қаласында болған эстрада әртістерінің сайысында бірінші орын алып, лауреат атанған. ЮНЕСКО деңгейінде өткен Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойының сценарист-режиссері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, Кеңес Одағы және Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері медальдарының иегері.



Шәкіжан Жұмалиұлы 1952 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Мектепті Қарағаш ауылында бітіріп, әскери қызметті Германияда Вальдебург қаласында өткеріп, елге оралған. Қарағанды металлургия училищесін бітіріп, Теміртау қаласында «Карметкомбинат» өндіріс мекемесінде металлург болып еңбек еткен. Кейін елге оралып, Қарағаш ауылында токарь, механизатор, бригада есепшісі.



техника сақтау қоймасының менгерушісі, механикаландырылған техника бригадирі және электрик болып қызмет атқарып, зейнетке шығып, Алматы қаласына қоныс аударған.

Жұбайы — Бибігүл Бидайшіқызы (руы — Балғалы) екеуі бес бала тәрбелеп-әсірді. Ұлы — Талғат; қыздары — Гүлмара, Мая, Гүлбаршын, Айдана. «II дәрежелі көпбалалы ана».

Гүлмара Шәкіжанқызы 1979 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Қарағаш орта мектебінде оқыған. ҚПИ-да (ЖенПИ) кітапханашы мамандығын, Агротехникалық университетте экономика мамандығын бітірген. Экономика ғылымының магистрі. Ұлттық тестілеу орталығының сарапшысы және Аккредитациялау ұйымының мүшесі, Алматыдағы телекоммуникация және машина жасау колледжінің мұғалімі болып қызмет атқарған. Еңбек жолында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен және «Білім шыңы» төсбелгісімен марапатталған.

Гүлбаршын Шәкіжанқызы 1982 жылы Бақбақтыда дүниеге келген. Қарағаш орта мектебінде білім алған. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін бітірген. Сол оқу орнында Автоматика, телемеханика пәндерінің аға оқытушысы, техника-ғылымының магистрі.





*Шәкіжан қарияның ұрпағы.
Алматы қаласы 2021 жыл*



Шайзақұл Жұмәлиқызы 1955 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Миялы ауылындағы соғыс ардагері, атақты ақын Рахимов Әбдіхан ақсақалдың келіні. Бақбақты ауылында паспорт жазу орталығында, әскери қызметке есепке алу орталығында, халықты әлеуметтік қамтамасыз ету саласында қызмет етіп, зейнетке шыққан.



Жанар Жұмәлиқызы 1966 жылы Бақанаста дүниеге келді. 1984 жылы Совет сауда техникумын бітіріп, Балқаш ауданы Бірлік ауылындағы жұмысшыларды қамтамасыз ету бөлімінде (ОРС) аудандық тұтынушылар одағында қызметте болып,



совхоз тарағаннан кейін жұмысы қысқарып, Алматы қаласына қоныс аударады. «Нархоз» университетін сырттай бітіріп, медициналық, әлеуметтік мекемелерде, мектепте бухгалтер болып жұмыс істеген. Кейін жеке кәсіпкерлікпен айналысқан Түрлі той-қуанышта ән салып, органың көңілін көтерген қыз. Сол өнеріне баға берген кісілер Жанарды «Тоқпейіс әулиетіндегі әнші қыз» деп атап кеткен.

Өкінішке қарай, Тоқпейісқызы Мәртай апамызда ұрпақ болмаған.

Тоқсейіт атамыздың жалғыз қызы болған. Есімі — Қорлыхан.

Бексейіт атамыздан да Қаратай деген бір қыз болғанын естиміз.

Асан, Отар, Досымбектен Кәрібай атамыз тарайды. Кәрібай атамыздың ұлдары — Райыс, Уайыс, Орманбек; қызы — Дүзел.



Кәрібайұлы Райыс атамыз 1895 жылы Шелек ауылында дүниеге келіп, 1982 жылы 87 жасында қайтыс болған. Көкталда жерленген.

Қазақтардың Кеңес Одағына қосылуы, ашаршылық жылдарын көрген. Ұлы Отан соғысы дәуірінде қиын кезді бастан өткерген. Соғыс кезінде әскер қатарына жұмылдыру жоспары бойынша шақырылып, Қарағанды, Жезқазған қалаларында еңбек майданында қызметін еткен. Қызмет барысында жерасты пайдалы кен қазба рудаларын қолымен қазып,



өндіріс орындарына, әрімен қарай майданға керек-жарақты қамтамасыз ету бойынша шамамен он жылдай еңбек еткен.

Екі әйелі болған. Бірінші әйелі Сембаладан Күртібай, Сейдахан деген екі ұл, екінші әйелі Ашудан (руы — Жиенқұл) Шолпанқұл деген қыз сүйген.

Күртібай Райысұлы 1917 жылы Шелектен елге келе жатқанда Күрті өзенінің бойында дүниеге келіпті. Сондықтан есімін кіндік қаны тамған жерге сәйкес Күртібай атаған. 1940 жылы 23 жасында әскерге шақырылып, 126-атқыштар полкінің құрамында соғысқа қатысқан. 1943 жылы жарақат алып, елге оралады. Ауылда бригадир, дүкенші, малшы болып жұмыс істейді. 1975 жылы 58 жасында қайтыс болған. Қаройда жерленген.

Жұбайы Жәмила (руы — Дәулет) 1997 жылы қайтыс болып, Бақбақтыда жерленген. Ұлдары — Мырзахан, Мырзакет, Кәдірхан; қызы — Кәдіркүл.



Мырзахан Күртібайұлы — 1941 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 2003 жылы 62 жасында қайтыс болған. Бақбақтыда жерленген.

Тыныштық (Шығармалары)



Алматы қаласындағы зоотехник және ветеринарлық институтын бітірген. Еңбек жолын Қарой және Көктал ауылдарында зоотехник болып бастаған. Коммунист. 1989 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Жұбайы Жеңіскүл (руы — Ысты) екеуі бес бала тәрбиелеп-өсірген. «II дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Балаларының бәрі Қарой ауылындағы Үлгілі орта мектебінде білім алған. Ұлдары — Марат, Мұрат; қыздары — Мейрамгүл, Лаура, Әлия.



Мырзакет Күртібайұлы — 1948 жылы Қарой ауылында дүниеге келген. 2015 жылы 67 жасында қайтыс болды. Алматы қаласының шетіндегі Панфилов ауылында жерленген.

Алматы қаласындағы Совет сауда техникумын есепші мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Ақкөл, Қоскүмбез, Көктал ауылдарында бухгалтер, Бірлік ауылында қырманның бастығы болып қызмет істеп, 2008 жылы зейнетке шыққан. Сол жылдары Алматы қаласының шетіндегі Панфилов ауылына қоныс аударған.

Жұбайы Айгүл Нағашыбайқызы (руы — Жиенбет) екеуі жеті баланы тәрбиелеп-өсірген. «I дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Ұлдары — Дархан, Дастан,

Досжан; қыздары — Ләззат, Гүлзат, Меруерт, Раушан. Балаларының бәрі Көктал орта мектебінде білім алған.



Сейдахан Райысұлы 1930 жылы Қарой ауылында дүниеге келіп, 1976 жылы 46 жасында дүниеден өткен. Ескі Көкталда жерленген.

Кіші бауыры Заманбек екеуі ұзақ жылдар бойы Балқаш көлі, Іле өзені етегінде орналасқан Гидрометеостанцияларында әртүрлі лауазымда қызметте болып, кейін 1971 жылы Тәшкент қаласындағы Гидрометеорология техникумын метеоролог мамандығы бойынша бітіріп, әрі қарай қызметін жалғастырған. Гидрометеостанция бастығы лауазымына дейін көтерілген. Бірнеше социалистік сайыстардың жүлдегері атанып, көптеген медальмен марапатталған. Білікті маман атанып, Мырзахан, Мырзакет, Заманбек бауырларын білім алуға, маман иесі болуға шақырып, жол көрсетеді. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» демекші, ашаршылық кезінде дүниеге келген ағамыз бауырларының қызметі өскенін көрген сайын қуанғанын ел аузынан естиміз. Жұбайы Шайымкүл Үлкенбайқызы (руы — Құрмантай) екеуі тоғыз бала тәрбиелеп-өсірген. Шайымкүл



Шайымкүл (Шайымкүл) Шайымкүл





апамыз «I дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері 1977 жылы қайтыс болып, Сейдахан ағамыздың жанына жерленген. Ұлдары – Данияр, Әділхан, Қахарман, Мадияр; қыздары – Ғалымкүл, Гүлмира, Алмагүл, Ардақ. Балаларының бәрі Алматы қаласындағы №2 мектеп-интернатта білім алған.

Бауырларына әке орнына әке болып қалған Данияр ауылда әкесі жүргізген жұмысты жалғастырып, метеоролог болып қызмет атқарды. Өкінішке қарай, 1992 жылы Қарой мен Көкталдың арасында жол апатынан қайтыс болды. Соңында Бағдат, Галғат деген ұлдары мен Ардагүл, Самал, Айзат атты қыздары қалды.

Анасының орнына қалған Гүлмира Елордамызда Министрлер кеңсесінде экономика басқармасының бастығы болып істеп жүріп, кенеттен 2000 жылы 43 жасында жол апатынан қайтыс болды. Ескі Көкталда жерленді.

Мадияр Сейдаханұлы 1971 жылы Көктал ауылында дүниеге келген. 1989 жылы Алматыдағы №2 мектеп-интернатты аяқтап, Сәулет-құрылыс институтын архитектор мамандығы бойынша бітірген. Қазақстан Республикасының «Ұлан» гвардиясына әскерге шақырылып, әскери қызметті Алматы қаласында бастаған. Қарапайым жауынгерден «Көкжал» арнайы жасақ бөлімше командирі лауазымына дейін көтеріліп, кейін «Ұлан» гвардиясының спорт және денешынықтыру қызметінің бастығы болып қызмет атқарған Әскери шені – майор. Дзюдо, самбо, қазақша күрестен спорт шебері. 2014 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікті қолға алып, «Дарабуз» оқу-жаттығу спорт мектебінің жетекшісі болып қызмет атқарады. Қазақстан Республикасының Спорт және



туризм министрлігінің қолдауымен Алматы қаласында халықаралық деңгейде өткен күрес жарысының ұйымдастырушысы.

Жұбайы Зайдагүл (руы – Арғын) екеуі жеті бала тәрбиелеп-өсіріп жатыр. Ұлдары – Бекхан, Дарын, Әлихан; қыздары – Ботагөз, Тоғжан, Айжан, Қаракөз.



Мидияр жанұясымен түскен сурет. Алматы 2021 жыл



Уайыс Кәрібайұлы атамыз 1897 жылы Шелек ауылында дүниеге келіп, 1981 жылы 84 жасында қайтыс болған. Қаройда жерленген.

Уайыс атамыз да көптеген қиыншылықты бастан өткізген: саяси қуғын, ашаршылық және соғыс... Нәубетті жылдардан аман қалып, соғыс кезінде әскер қатарына жұмылдыру жоспары бойынша шақырылып,



Қарағанды, Жезқазған қалаларында еңбек майданында қызмет етеді. Екі жұбайы болады. Бәйбішесі — Қаймақ (руы — Арғын), кіші жары — Несіпбала (руы — Арғын). Уайыс атамыз 50 жасқа келгенде бала сүйеді. 1947 жылы дүниеге келген ұлының есімін Заманбек деп атады.



Заманбек Уайысұлы 1947 жылы Қарой ауылында дүниеге келген. 2007 жылы 60 жасында қайтыс болды. Талдықорғанда жерленген.

Мектепте оқып, әскери борышын өтеп келгесін Сейдахан ағасының жанында, Балқаш көлі етегінде орналасқан гидрометеостанциясында әртүрлі жұмыс істеді. 1987 жылы Тәшкент қаласындағы Гидрометеорология техникумын метеоролог мамандығы бойынша бітіріп, қызметін жалғастырды. Гидрометеостанция бастығы лауазымына дейін көтерілген. «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Жұбайы Айтжамал Бисенғалиқызы (руы — Қыпшақ) екеуі бес бала тәрбиелеп-өсірген. «II дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Ұлдары — Мейірбек, Бегімбет, Қуаныш, Руслан; қызы — Құралай.

Руслан Заманбекұлы 1977 жылы Көктал ауылында дүниеге келген. Алматы қаласында №2 мектеп-интернатта білім алған. 1998 жылы Ақтөбе қаласындағы Қазақстан



Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің әскери институтын жауынгерлік басқару офицері мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын авиациялық базада штурман болудан бастап, кейін сол әскери бөлімде майдан авиациясын ұшырып-қондыру тобының жетекшісі, Астана қаласындағы Қорғаныс министрлігінде жоспарлау бөлімінің бастығы лауазымына дейін көтеріліп, 2017 жылы зейнетке шыққан. Әскери шені — авиация подполковнигі. Қызметте I дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «ҚР Қарулы күштеріне 20 жыл» медальдарымен марапатталған. Жұбайы Алтынай Ерғожақызы (руы — Сыпатай) екеуі төрт бала тәрбиелеп-өсіріп отыр. Ұлы — Мансұр; қыздары — Гүлім, Дильназ, Еркеназ.



Кәрібай атынның ұрпақтары. Талдықорған қаласы, 2021 жыл



Асан, Оспан атамыздан Досжан, Досжаннан Арқар мен Шалқар атты аталарымыз тарайды. Арқар атамыздың үйінде бала тұрмаған, туған бала қайтыс бола берген, әйтпесе Арқар атамыздың кемпірі тоғыз құрсақ көтерген. 1937 жылы оныншы бала дүниеге келген кезде, атамыз тоғыз құрсақ баланың несібесін төлегендей болайын деп, есімін Төлеген деп қойған екен.



Төлеген Арқарұлы 1937 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын Бақанас совхозында (Миялыда) есепші ретінде бастап, автодүкенші болып зейнетке шыққан. Кеңес үкіметі кезінде «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Жұбайы Райхан Орынбекқызы (руы — Ысты) екеуі алты бала тәрбиелеп-өсірген. «І дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Ұлдары — Жексенбай, Бекен, Галғат; қыздары — Бибігүл, Білімгүл, Айнагүл.

Төлеген ағамыз жылқы танитын кісі екенін бірнеше рет дәлелдегенін ел біледі. Лучивосток елді мекенінде болған облыс көлеміндегі үлкен тәйда бәйге аттары бірінші және екінші жүлдені алғанын көп кісі біледі.



Балалары: ұлдары — Жексенбай, Бекен, Талғат; қыздары — Бибігүл, Білімгүл, Айнагүл. Жексенбай — Кеңес үкіметі дәуірінде аудандық тұтынушылар одағында. Бақанас совхозында қызмет атқарды. Еліміз тәуелсіздік алғалы ауылда жеке кәсіппен айналысқан. Бекен — совхозда жүргізуші, кейін Өтеген батыр елді мекеніндегі жылыту орталығында механик болып қызмет атқарды. Талғат — Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде және Ішкі Істер Министрлігі саласында қызмет атқарып 2017 жылы зейнетке шықты. Қыздары Бибігүл — сатушы, сауда саласында жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Білімгүл — мектепте мұғалім болып жұмыс істеп, кейін жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. Айнагүл — жеке кәсілкер.

ҮСЕН АТАМЫЗДЫҢ ҰРПАҒЫ



Үсен ағамыздың ұрпақтары туралы айтатын болсақ, екі ұлы болыпты Қашқын мен Меңпібай. Қашқын ағамыздан Байназ, Ерназ туған. Меңпібай ағамыздан Сәрсенбі, Дүйсенбі, Нұрпейіс, Бөйіс, Жолболсын дү-

ниеге келген. Байназдан Балғынбай, Шалғынбай атты балалар туады, ал Ерназдан Байел, Дүзелбай, Сағым деген балалар туған. Жоғарыда айтылған аталардың арасында бүгінгі таңда Балғынбай атадан ұрпақ тарайды.



Әлімбай Балғынбайұлы 1908 жылы Қарой ауылында дүниеге келген. Ашаршылықты көріп, соғыс кезінде тылда қызмет етіп, кейін Қаройда ауыл кеңесі (селсовет) төрағасына дейін көтерілген. Сосын қызмет бабымен Миялы (Қарағаш) ауылына қоныс аударып, совхозда қызметін жалғастырып, зейнетке шыққан. 1991 жылы қайтыс болды. Бақбақты елді мекенінде жерленген. Жұбайы — Әсия Нөкерқызы (руы — Ақтеке). Ұлы — Қалмағанбет.

Қалмағанбет Әлімбайұлы 1960 жылы Үшжарма ауылында дүниеге келген. Мектепті Қарағашта оқып, кейін Алматы қаласындағы Алматы зоотехникалық ветеринарлық институтын зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Қарағаш, Бақбақты ауылдарында зоотехник қызметінде болып, Кеңес үкіметі тарағаннан кейін жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. Жұбайы — Ләззат Мүбәракқызы (руы — Ысты). Ұлы Қуаныш заңгер мамандығын оқып, Ішкі істер министрлігінің арнайы жасақ бөлімшесінде қызмет атқарады. Шені — капитан.

АЙҚОШҚАР АТАМЫЗДЫҢ ҰРПАҒЫ

Айқошқар атамыздан Аймырза, Баймырза, Әтеміс, Тыныштық тарайды. Аймырзадан Құрамыс, Қасен тарайды. Баймырзадан Өңке, Әбітай ұрпақты жалғастырады. Өңкеден Ертай, Әбітайдан Орынбай деген ұлдар туады.

Ергай Өңкеұлы 1938 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ағамыз қырық жастан асқанда тұңғыш немересін сүйеді. Басқа қуанышты көру ағамыздың тағдырына жа-



зылмапты. Жүрек ауруына шалдығып, 1980 жылы қайтыс болады. Желтораңғы ауылында жерленген. Бақанас ауылында Кеңес үкіметі заманында аэропорт болды. Сол мекемеде Ан-2 ұшағында борт механик болған. Кейін Ақкөлде механизатор болып жұмыс істеген. Желтораңғы ауылында мал шаруашылығымен айналысқан.

Жұбайы Бөпетай Қарсыбекқызы (руы — Есқара) екеуі тоғыз бала тәрбиелеп-өсірген. «Батыр ана» медалінің иегері. Апамыз немере-шөбере сүйіп, ағамыз көрмеген бала-шағаның қуаныш-қызығын көрді. 2019 жылы немере-шөбересінің ортасында дүние салды. Бақанаста жерленген.

Ұлдары — Нұрлан, Нұрман, Нұркен, Жанат, Мақсат; қыздары — Гүлжан, Гүлмира, Азаткүл, Шолпан. Ұлдары жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. Ауылда атадан қалған шаруаны қолға алып, мал шаруашылықты да жүргізіп отырған жайы бар. Өкінішке қарай, үлкен ұлы Нұрлан 1978 жылы 18 жасында оқыс жағдайда қайтыс болған. Желтораңғыда жерленген.

БАЙҚОШҚАР АТАМЫЗДЫҢ ҰРПАҒЫ

Байқошқар атамыздан Мырза тарайды. Мырзадан — Ақберген, Бақберген, Бақтыбай. Ақбергеннен Қалдыбек. Қалдыбектен Қыдырбай, Тәлеубай, Селеубай. Қыдырбек. Бақбергеннен Оқас, Оқастан Әшімбек, Көшімбек. Бақтыбайдан Нұрбек тарайды.

Қыдырбай Қалдыбекұлы 1903 жылы дүниеге келген. 1942 жылы маусым айында Ұлы Отан соғысына шақы-



рылған. 1942 жылы қыркүйек айында хабарсыз кеткені анықталады.

Төлеубай Қалдыбекұлы 1906 жылы дүниеге келген. 1942 жылы мамыр айында Ұлы Отан соғысына шақырылған. 1942 жылы тамызда хабарсыз кеткені анықталады.

Селеубай Қалдыбекұлы — 1920 жылы дүниеге келген. 1942 жылы маусымда Ұлы Отан соғысына шақырылған. 1942 жылы қыркүйекте хабарсыз кеткені анықталады.



Қыдырбек Қалдыбекұлы 1924 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2002 жылы 78 жасында дүние салған. Бақанаста жерленген.

1932 жылы Бақанасқа қоныс аударып, мектепті аяқтамай. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылады. Төрт ай Өзбекстандағы Каттақорған қаласында полк училищесінде оқып, қараша айында майданға аттанады. Ресейдегі Орёл қаласындағы 1301 жылжымалы артиллерия полкінде қызметін өткерген. 1943 жылы 12-14 шілде аралығында үш күн тоқтамай артиллерия қондырғысынан қарсыласқа тікелей дәлдікпен соққы жасап, фашистердің басым күшіне тойтарыс бергені үшін «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. 1944



жылы Еуропа қалаларын азат ету шайқасында кәзінен жарақат алып, елге оралады. Ауылда есепші болып жұмыс істеп, кейін Бақанаста ауыл кеңесінің хатшысы болып, аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінде қызмет еткен.

Жұбайы Мәмиля екеуі сегіз бала тәрбиелеп-өсірді. «I дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Ұлдары — Серік, Ернар, Ерлан, Бағлан; қыздары — Серікгүл, Гуля, Гүлнар, Жанар. Балалары ауылда, ауданда және Алматыда жеке кәсіпкершілікпен айналысқан.

Серік Қыдырбекұлы — 1949 жылы Бақанаста дүниеге келіп, Аудандық атқарушы комитетінде көп жылдар бойы қызмет етіп, Кеңес үкіметі тараған кезде жеке кәсіпкерлікті қолға алып сауда-саттықпен айналысты.

Жұбайы Елемес екеуі үш ұл тәрбиелеп өсірді, ұлдары — Айдос, Алмас, Асқар. Айдос пен Асқар жеке кәсіпкерлікпен айналысқан, Алмас әскери бөлімде келісімшарт бойынша қызмет атқарды, әскери шені — сержант.

Ернар Қыдырбекұлы — 1955 жылы Бақанаста дүниеге келіп, 2002 жылы қайтыс болып, Бақанаста жерленген. 1978 жылы Алматыда КазАШИ жоғарғы оқу орынында білім алып, Аудандық атқарушы комитетінде қызметте болып, Кеңес үкіметі тараған кезде аудандық әкімшілікте жұмыс істеп зейнетке шыққан.

Жұбайы Қапиза екеуі екі бала тәрбиелеп өсірді, ұлы — Абзал, қызы — Алтынай. Абзал Балқаш аудандық сотының аға сот приставы болып қызмет етті, Алтынай — Бақанас орта мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Ерлан Қыдырбекұлы — 1959 жылы Бақанас елді мекенінде дүниеге келіп, 1999 жылы 40 жасында қант диабеті дертіне шалдығып қайтыс болды. Бақанаста жерленген. 1984 жылы Алматыда КазАШИ-да экономист мамандығы бойынша жоғары білім алып, аудандық атқарушы комитетінде, аудандық әкімшілікте қызметте болып зейнетке шыққан.

Шежіре
(Шығарма)





Жұбайы Ғалия екеуі бір ұл тәрбиелеп өсірді. Ұлы Ерқанат Алматы қаласында сауда-саттықпен айналысатын жеке меншік кәсіпорында менеджер болып жұмыс істеген.

Бағлан Қыдырбекұлы 1961 жылы Бақанас елді мекенінде дүниеге келген. Бақанас орта мектебін бітіріп, Отан алдындағы борышын Ресей жеріндегі Калинин қаласында өткеріп, елге оралып Талғар қаласындағы АШТ оқу орынын бітірген. Кейін Балқаш аудандық автобазада көп жылдар бойы көлік жүргізуші болып жұмыс істеген. 1992 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікке көшіп жүргізуші болып жұмысын жалғастырған.

Жұбайы Салтанат екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Балалары: ұлдары — Абылай, Жанай, қызы — Жұлдыз. Балалары Алматыда жоғары білім алып, ауылда қызметтерін жалғастырған. Абылай ішкі істер саласында қызмет еткен, Жанай аудандық мал дәрігерлер орталығында заңгер болып, қызы Жұлдыз осы орталықта бас бухгалтер болып жұмыс істеген.



Солдан оңға қарай Ерлан, Ернар, Темірбек, Бағлан, Қыдырбек, Серік, Мәмиля. Бала Айдос.



Оқас Бақбергелулы 1896 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылып, Курск облысында жинақталған 36-гвардияшылар атқыштар дивизиясының, 106-гвардияшылар атқыштар полкінде атқыш болып, атақты «Курская дуга» шайқасына қатысып, қарсыластың шабуылына тойтарыс беру тапсырмасы бойынша қызмет атқарған. Ұрыс алаңында жарақаттанып, 1943 жылы 22 маусымда қайтыс болады. Ресей мемлекеті, Белгород облысы, Шебекинский ауданы, Новотаволжанское елді мекенінің жанындағы Новая Таволжанка ауылының балабақшасының жанындағы «Бауырластар 43» зиратында жерленген. Ұлдары — Әшімбек, Көшімбек; қыздары — Айна, Желдібала.

Әшімбек Оқасұлы 1936 жылы дүниеге келген. 12 жасында оқыс жағдайда қайтыс болған. Ақкөлде жерленген, ұрпақ жоқ.



Көшімбек Оқасұлы 1939 жылы Ақкөл елді мекенінде дүниеге келді. Орта мектепті ауылда бітіріп, мал бағып, егін егу шаруашылығына кірісті. Кейіннен трактор техникасын меңгеріп механизатор болып ұзақ жыл қызмет атқарды. Сонымен қатар, аудандық және облыстық деңгейде депутат болып сайланып, ауылдарды дамытуға қосқан үлесі орасан зор. Еңбек нәтижелері бойынша «Еңбек Қызыл Ту»,



«Еңбек ері» ордендерімен марапатталған. 1974 жылы Қазақ СРО жоғарғы кеңес төрағасы атынан «ауыл шаруашылыққа еңбегі сіңген жұмысшысы» атты құрметті атағы тағайындалған. Жұбайы — Шалиман екеуі тоғыз бала тәрбиелеп өсірген. Алтын алқа иегері. Ұлдары — Нұрланбек, Ерланбек, Шеген. Қыздары — Гүлмира, Эльмира, Майра, Зайра, Лаура, Гүлфара. Ұлдары әке жолын жалғастырып әртүрлі ауыл шаруашылық техникасын меңгеріп, механизатор, көлік жүргізушісі болып жұмыс істеген. Сонымен қатар Ақкөл, Көкжиде ауылдарында егін егіп шаруа қожалығын жүргізген. Қыздары бухгалтер, мұғалім, бала-бақшада тәрбиеші, құрылысшы болып жұмыс істеп кейін жеке кәсіпкерлікпен айналысқан.



Нұрбек Бақтыбайұлы 1910 жылы дүниеге келген. 1942 жылы 26 маусымда Ұлы Отан соғысына шақырылып, 12-қосалқы атқыштар полкінде қызмет өткеріп, 1942 жылы 14 желтоқсанда хабарсыз кеткені анықталған.







БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) РУЫНЫҢ БЕСШАЛ АТА ҰРПАҚТАРЫ


145



Бекпенбет (Шегелек) Шерубай*














СЕЙДАХМЕТ










* – Сейдахан 146 бетте

* – Заманбек 146 бетте






ҮСЕН




АЙҚОШҚАР





БАЙҚОШҚАР





Тезізбай ата царлықтары





Жиренбай Тұйғынбайұлы 1893 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1969 жылы 76 жасында қайтыс болған. Ақжар ауылында жерленген.

Балқаш ауданы бойынша ел экономикасын өркендетуде еңбегімен ер атанған, халқына қалаулы, еліне елеулі болған, құрметке бөленген ардақты аға шопан. В.И Ленин атындағы орденмен марапатталған. Аудандағы мал шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі орасан зор. 1954-1956 жылдар аралығында әр 100 саулықтан 160-180-нен қозы алып, 1957-1958 жылдары Балқаш ауданының атынан арнайы жолдамамен Мәскеу қаласына компартия жиналысына делегат болып барған.

Жұбайы – Халия Байбосынқызы (1904-1984 жж., руы – шағыр-балғалы). Рысбай, Қаратай деген ұлдары, Шырай деген қызы болған.



Қаратай Жиренбайұлы 1947 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2020 жылы 73 жасында қайтыс болып Ақжар ауылында жерленген. 1966 жылы Кәсіподаққа белсенді мүше болып кіріп, еңбек жолын 1966-1993



жылдар аралығында Ж.Бәрібаев ағындағы совхозда директордың орынбасары лауазымында жұмыс атқарған. 1988 жылы Москвада Рязань қаласында білімін арттырып келген. 1993 жылы «Бірлік» жеке шаруа қожалығын құрған. 2010 жылы құрмет демалысына зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы – Изжанова Мағрипа (руы: кіші жүз – Шеркеш), жеті баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлдары – Серік, Азамат, Жасұлан, Бегзат, Ануар, Данияр, қызы – Лаура.



Суретте сол жақтан оңға қарай Серік. Азамат. Жасұлан. Бегзат, Ануар, Данияр, Шыңғыс, Лаура.

Рысқұл Жұрқабайұлы 1911 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1964 жылы 53 жасында қайтыс болған. Ақкөл ауылында жерленген.

1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1943 жылы майдан даласында дене жарақатын алып, әскерге жарамсыз болып, елге оралған. Кейін Ақкөл ауылына қарасты 1-ші фермада (бөлімшеде) есепші-бухгалтер болып жұмыс істеп жүріп ауырып, қайтыс болды.

Шыңғыс

Лаура

Данияр



Жұбайы — Лағзипа (Ахай), (руы — Өгіз Балғалы).
Көрікбай, Серікбай, Ерікбай деген үш ұлы мен Рима,
Райхан, Нұрхан, Ұлтуған деген қыздары болған.



Сенсізбай Байдалыұлы 1894 жылы Балқаш ауданына қарасты Бура күмында дүниеге келген. 1981 жылы 87 жасында Ақкөл ауылында қайтыс болған. Сол ауылдың зиратында жерленген. Сенсізбай ескіше-жаңаша хат таныған, көзі ашық, көкірегі ояу, өте сезімтал адам болған.

Бес уақыт намазын қаза қылмайтын, дәретсіз жер баспайтын асқан пірәдар болыпты. Ақындық өнерімен де аты шыққан. Жыр-туындыларында надандық пен ойсыздықты, жалқаулықты қаралап, тіршілік етуді, еңбектенуді насихаттаған. Сондай-ақ, өлеңдерінде адамның адам болуы адал еңбектен екенін суреттеген.

Жұбайы — Әсентай Терсебайқызы (руы — Ысты). Баласы — Рыскелді. Бізге жеткен өлеңдері төмендегідей өрнектеледі:

Бекпенбеттен тарадық
Байшегір ата-бабамыз.
Бір-екі ауыз сөйлейік,
Келгенінше шамамыз.

Бабамыздан өрбіген,
Бір бұтақтан қалғанбыз.
Ақырын беріп әр істің,
Бір Алла болғай панамыз.

Болсаң адам — болма надан,
Адамдықты ойлағын

Бүгін тоқсыз, ертең жоқсыз,
Тірлік қайда болжаған.

Ата қайда, ана қайда?
Қалай оң мен сол жағың?
Жастан ойла, ойсыз болма,
Жастық — ойлар дәл шағың.

Жұмыссыз аштық, ойсыз настық,
Кеп тұрады шаршағың.

Жастық деген, қызық белең
Не талап етсең бар шағың



Рыскелді Сенсізбайұлы
1937 жылы 1 қаңтарда Балқаш ауданының Қарой ауылында дүниеге келген. 1992 жылы 55 жасында Алматы қаласында қайтыс болған. Ақкөлде жерленген. 1955 жылы Жамбылдағы ауыл шаруашылық мектебін,

1956 жылы дәрігерлік-фельдшерлік курсты тәмамдап, Қарой совхозында веттехник болып қызмет атқарды. 1968 жылы Республикалық бухгалтерлік курсты аяқтап, жеті-сегіз жылдай Қарой совхозында бас бухгалтер болып жұмыс істей жүріп, 1976 жылы Қазақ ауылшаруашылығы институтын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша бітірген. 1977 жылы Қарой совхозындағы №2 ферманың меңгерушісі, ал 1980 жылы Ақкөл совхозының директоры қызметін атқарып, кейін Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінде Ревизия жүргізу бас басқармасында қызмет атқарды.

Жұбайы Тұрсынтай (Мышібай) Бұқпанбайқызы арықтыным руынан. Ұлдары – Нұргелді (Алтын), Айбек; қызы – Айнұр.

Нұргелді (Алтын) Рыскелдіұлы 1959 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Қарой ауылында дүниеге келген. 1966-1976 жылдары Үлгілі орта мектебінде оқыған. 1978-1980 жылдары әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын Ресейдегі Калинин (Тверь), Владимир қалаларында өтеген. Талғар қаласындағы ТТМ техникумін механик мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1982 жылы Ақкөл ауылында механик болып жұмыс істеуден бастады. Кейін аудандық сельхозтехника



бірлестігінің қамтамағыз ету саласында, Алматы облысында және Алматы қаласында жер қатынастары басқармасында қызмет атқарды. «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Жұбайы Ғайни Әшімбекқызы (руы – Күшік) екеуі екі бала дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. Ұлы – Айдын; қызы – Әсел. Немерелері өсіп келеді.



Айбек Рыскелдіұлы 1962 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Қарой ауылында дүниеге келген. Үлгілі орта мектебінде білім алып, 1983 жылы Қазақ ауыл шаруашылық институтын инженер-электрик мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1983 жылы Іле ауданаралық сельхозтехника бірлестігінде инженер болып бастаған. 1989-1992 жылдар аралығында Алматы облыстық сельхозтехника мекемесінде қызмет атқарған. 1992-1996 жылдары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігінде бас маман қызметін атқарған. 1997 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. 2004 жылдан бері «Заңғар» сауда үйінде іс басқарушы болып еңбек етеді. Жұбайы – Зауре Маханқызы (Кіші жүз, табын). Ұлы – Айбын.



161

Сенсізбай (Шығалиев) Сайлау



Рыскелді Сенсізбайұлы әкеміз отбасымен. 1984 жыл



Жалайыр, Байшегір, Шегелек, Сегізбай, Тұрған, Бабай, Ахмет аталарынан тараған:

Сайлау Ахметұлы 1941 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақбақты ауылында дүниеге келген. Жұбайы Тамара (руы — Шапырашты) екеуі Айдар, Санжар деген екі ұл тәрбиелеп-өсірді.

Сайлау Ахметұлы — ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, Қазақ жеміс және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының картоп селекциясы, тұқым шаруашылығы және биотехнологиясы зертханасының бас ғылыми қызметкері, Қазақ жеміс





және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты басқарма төрағасының кеңесшісі. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік Ауылшаруашылығы институтының жеміс-көкөніс шаруашылығы факультетіне оқуға түсті.

1967 жылы ҚазАШИ-ды бітіргеннен кейін Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-да кіші ғылыми қызметкер болып еңбек жолын бастады. Содан кейін Бірінші май тәжірибе шаруашылығында (Үшқоңыр патқалы) аға агроном болып жұмыс істеді.

1974 жылы аспирантураны бітіргеннен кейін «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тау жағдайларында картоптың тұқымдық сапасына алғы дақылдың әсері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1980 жылдан 1988 жылға дейін тұқым шаруашылығы және картоп өсіру технологиясы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Оның таулы аймақтағы картоп дақылы бойынша зерттеулері тұқым өндірісін дамытуға және жүзеге асыруға негіз болды.

1988-2003 жылдары Сайлау Ахметұлы Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарды.

Көпжылдық зерттеулердің нәтижесін қорытындылай келе, 1994 жылы «Қазақстанда қарқынды даму факторларын қолданып, картоп тұқымын өндірудің ғылыми негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

С.А.Бабаев ғылыми жетекшілігімен және тікелей қатысуымен картоптың 40-тан астам отандық сорты шығарылды. Сайлау Ахметұлы вируссыз негізде картоп тұқымын өндірудің қысқартылған сұлбасын жасады. Ғалымның жетекшілігімен республика бойынша картоптың сауықтырылған бастапқы материалын өндіруге бағытталған 11 биотехнологиялық зертхана құрылды.



2003-2010 жылдары тұқым шаруашылығымен қатар Сайлау Ахметұлы картоптың жаңа сорттарының технологиялық сапасын өңдеу жарамдылығын бағалауға негізделген Қазақстан картобын сақтау және қайта өңдеу бойынша зерттеулерді басқарды.

Академик Сайлау Ахметұлы картоп өсіру саласындағы шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерімен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі орасан зор. Ол халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда бірнеше дүркін Қазақстандағы картоп тұқым шаруашылығы саласын жоғары деңгейде таныстырды (Польша, 1885, 1999; Германия, 1989; Голландия, 1993; Иран Ислам Республикасы, 1995; Израиль, 1997; Өзбекстан, 2004; Ресей-Мәскеу, 2008; Беларусь, 2004, 2014).

Сайлау Ахметұлы басшылығымен Перудегі халықаралық картоп өсіру орталығының (CIP) картоп үлгілеріне экологиялық сорт сынақтар жүргізіліп, орталықпен бірлесіп картоптың жаңа 9 сорты шығарылды: Альянс, Бабаев, Болашақ, Егемен-25, Диар, Ильин, Мирас, Үшқоңыр және Памяти Конаева Олардың ішінде бесеуі Алматы, Түркістан облыстарында аудандастырылған.

Сайлау Ахметұлы ғылыми жұмыстарымен қатар, қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүруді үрдіске айналдырған ғалым.

1997-1999 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялау комиссиясы Президиумының мүшесі және бірнеше рет Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болды.

Республиканың ғылыми-зерттеу мекемелеріне биотехнологияның қазіргі заманғы әдістері негізінде картоптың тұқым шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын



Технологиялық (Technology) шешімдері





жүргізуде жүйелі түрде ғылыми-әдістемелік көмек көрсетіп отырады.

Сайлау Ахметұлы 350-ден астам ғылыми жұмыстың авторы, оның ішінде 2 кітап, 16 ұсыныс, 42 жаңа сорттар мен өсу стимуляторларына авторлық куәлігі мен 21 патентке ие.

1997 жылы Сайлау Ахметұлы картоп-көкөніс шаруашылығы, биотехнология саласында мамандар дайындайтын ғылыми мектебінен диссертациялық кеңес құрып, өзінің жетекшілігімен 18 ғылым кандидаты мен 2 ғылым докторын дайындады.

Қазіргі кезде Сайлау Ахметұлы теориялық және әдістемелік ұсыныстары елімізде және шетелде кеңінен қолданылады.

Сайлау Ахметұлы өзінің ғылыми жұмысын қоғамдық жұмыстармен ұштастыра отырып, бірнеше рет Қаскелең аудандық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Алматы облысының және Қарасай ауданының құрметті азаматы.

Қазіргі уақытта Сайлау Ахметұлы Қазақстан картобының өнімділігін арттыру мақсатында биотехнология негізінде картоптың тұқым шаруашылығын ұйымдастыру мәселелерін шешуде ғылыми-зерттеу жұмысын жалғастырып жатыр

Әліпбай Басшыбайұлы 1902 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1975 жылы 73 жасында қайтыс болды. Ақкөл ауылында жерленген. 1942 жылдың қаңтар айында Ұлы Отан соғысына аттанып, 137-атқыштар полкінде қызметін өткерген. Ленинград қаласын қоршаудан босату майданына бір жылдан астам уақыт қатысқан. 1943 жылы Украина жерін және Киев қаласын азат ету шайқасында жарақат алып, сол жылдың қазан айында әскерге жарамсыз болып, тылда қызмет етеді. 1945 жылы елге оралған. Бұл ақпарат Ресей мемлекетінің ресми сайтынан



алынған. Аты-жәні орысша Башибаев Алтабай деп жазылған. Соғыстан кейін Ж.Бәрібаев атындағы совхозда 38 жыл қой баққан.

Жұбайы – Сандыбике Нұрымбетқызы (руы – Өгіз Балғалы). Ұлдары – Алматай, Алтынбай; қыздары – Алтынбике, Кенжекүл.



Алматай Әліпбайұлы 1936 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 2011 жылы 75 жасында қайтыс болып, сол ауылда жерленген.

Өмір бойы қара жұмыс істеген, яғни мал баққан. 1994 жылы зейнетке шыққан.

Жұбайы – Санабала Зиятқызы (руы – Жиенқұл). Ұлдары – Берікбай, Серікбай, Бақыт, Алмас, Болат, Кенжеболат. Қыздары – Серіккүл.



Алтынбай Әліпбайұлы 1941 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1961 жылы 20 жасында қайтыс болып, Қоқышбай ауылында жерленген. Атқарған қызметі бойынша партия мүшесіне қабылданған.





Әскербай Қайыпбекұлы 1939 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2017 жылы 78 жасында қайтыс болып Бақбақты ауылында жерленген. Осы ауылда тракторист, учетчик, бригадир болып жұмыстар істеген. 1969 жылы Алматы облысы Талғар қаласындағы ТТМ-да оқып бітірген. Мемлекет тарапынан ерен еңбегі бағаланып, 1980 жылы Еңбек ері орденімен марапатталған.

Жұбайы: Баймолдақызы Нұржамал (руы – Күшік), ұлы – Төлеген, қызы – Мейраш.

Жұбайы: Бектұрсынқызы Тұрсын (руы Балғалы), ұлдары – Әсет, Азат, қызы – Әсем.



Ерентай Әбдірашұлы 1910 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ауылдағы



молдадан білім алып, жастайынан ауылдың әсіп-өнуіне араласып өскен. Соғыс кезінде Ерентай ағамыз Ақкөл ауылына төраға болып тағайындалып, майданға бару мәселесі кейінге ауысып, ауыл шаруашылық жұмыстарына жұмылдырылған. Бірақ майдандағы ахуал күрделі болғандықтан, 1942 жылы өз еркімен майданға аттанып, 1943 жылы ерлікпен қаза тапқаны туралы ауылға қара қағаз келген. Жерленген жері — Смоленск облысы, Кулева елді мекені.

Жұбайы — Бисен Сәрсенбіқызы (руы — Балғалы). Ұлдары — Хабаргелді, Рыскелді, Тұрыскелді, Тұрысбек, Ырысбек; қыздары — Күләш, Күлшәш, Күлпәш. Бисен апамыз «I дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері.



Молдашбай (Алпарбай) Жаркешұлы 1928 жылы Балқаш ауданында дүниеге келген. Әкесі бай қуатты адам болған. Әкесін итшеккенге айдағанда Молдашбай (Алпарбай) 3-4 жас шамасында болған. Шешесі Жібек көп уақыт төсек тартып ауырып қайтыс болар шағында, өздерінің сенімді адамы (малшы) Кәрібайға ұлы мен қызын аманат етіп тапсырған. 1932-1934 жылдары аштық заманында Кәрібай атамыз Алматы облысындағы «Қорам» балалар үйіне Алпарбай әкемізді қарындасымен бірге тапсырған.

Шығармалары
(Шығармалары)
Шығармалары



Қарындасы жайлы еш дерек жоқ. Әкем балалар үйінде өте қызба, шапшаң, төбелесқор болғандықтан, Алпарбай деген атты иемденген. Балалар үйінен Кәрібаев Алпарбай деген атпен шығады. Сол кезде Алпарбай әкеміз 14-15 жас шамасында болған екен. Әкеміздің айтуы бойынша, соғыс жылдары соғысқа аттарды дайындайтын адамдарға көмекші болған. Бала болса да еңбекке өте тиянақты, ептілігі мен ыңғайы оң болған. Оған дәлел ретінде бірнеше медаль мен марапатын айтса болады. Соғыстан кейін Алматы облысында ата кәсіпті (жылқы) мал бағумен айналысқан. 1954 жылы үйленіп отбасын құрған.

Жұбайы Асылхан (руы — Албан) екеуі 6 ұл, 4 қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлдары — Бақыт, Жаңабек, Жұмабек, Жақсыбек, Даулет, Қайрат; қыздары — Несіпхан, Несіпкүл, Бағдагүл, Баянгүл.

1960-1961 жылдары Бақанастан Нысанбайұлы Әбдреш ата-ізден келіп, осы кісіні оң жақ қабырғасындағы бармақтай қолды көріп, Жаркештің баласы деп танып ауылына, тұрақ жеріне шақырған. 1961-62 жылдың жазында Бақанасқа Әбдреш атаға балаларымен барады. Бақанаста біраз уақыт болып, Шелек ауданы Қорам (Горный Овцевод) совхозына қайта оралып, мал шаруашылығымен айналысады. Жұбайы Асылхан 1975 жылы қайтыс болып, ағалған елді-мекенде жерленген. Балаларын балалар үйіне бермей қызы Несіпхан екеуі, көп жылдар бойы еңбек етіп, асырап өсірді. 1978 жылдары Бейсен апа, Хабаргелді, Ырыскелді, Ахметжан ағалар, Күлзипа апалармен танысып туысқандық қарым-қатынас пайда болды. 1979 жылы Алпарбай Жәркешұлы әкеміз қайтыс болып, Масақ ауылында жерленген. Қайтыс болған кезде Бақанастан Бейсен апамен бірге екі ер адам келіп, балаларына Ал-

Жұбайы ата ұлдары





парбайдың азан шақырылып қойған аты Молдашбай деп айтқан. Зираттың басына Молдашбай (Алпарбай) Жәркешұлы деп жазылған. Осы ақпараттарды қызы Несіпхан бөлісті.

Алпарбайдың ұрпақтары, яғни балалары, немере-шеберелері Шелек өңірінде өніп-өсіп жатқан жағдайы бар.



Сол жақтан оңға карай тұрғандар: Несіпкүл, Жаңабек, Несіпхан. Отырғандар: Баянгүл, Қайрат, Бағдагүл.



Төлепбай Рашидұлы 1936 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2007 жылы 71 жасында қайтыс болып, Ақжар ауылында жерленген. Еңбек жолын осы ауылда пошташы болып бастап, кейін Қоқышбай ауылында қой қырқатын қырықшы болып жұмыс



істеген. 25 адамнан құралған қырықшылар бір атар, яғни 500 бас қойды, күніне 250 бастан екі күнде қырқатын болған. Төлепбай әкеміз алдыңғы қатардағы қырықшылардан болғандығы сонша бір қойды 3 минутта қырыққан кезде екі адам әкемізге қой тасып үлгермеген екен. 1959 жылдың көктем кезінде, Қоқышбай ауылында Ақкөл ауылының 3-інші фермасының 25 мың бас қойын қырқу кезінде кенеттен оқыс жағдайда өрт шығып, қырықтық базасы өртенген. Қырықшылар жан-жаққа бас сауғалап қаша жөнелген. Төлепбай әкеміз өмірлік тәжірибиесінің молдығынан, батыл қимылдап совхоздың қойлары мен мүліктерін өрттен аман алып қалған. Өкінішке орай, өзі өртке оранған 1986 жылы 2-топтағы мүгедектігімен зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы: Абдрахманқызы Шайбала 1938 жылы Ақкөл ауылында (руы — Күшік) дүниеге келіп, 1993 жылы 55 жасында қайтыс болып, Ақжар ауылында жерленген. 11 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген батыр ана. Балалары: ұлдары — Нағашбай, Аманжол, Жанабай, Амангелді, Айдос, Жандос. Қыздары — Аманкүл, Ділдагүл, Динакүл, Жазира, Гүлзира.

1977 жылы Шайбала анамыз Халық Депутаттарының селолық советіне депутат болып сайланған.

Ардақты анамыз 1980 жылы Батыр ана медалімен марапатталған.



Қүстүтін (Шапай) Есжанұлы 1940 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Ақкөл ауылында өгіз-балғалы руында дүниеге келген Танасқызы Жолдыбала екеуі шаңырақ көтерген. Әкеміздің азан шақырып



қойған аты Құстүгін, бірақ жас кезінен Шапай атанып кеткен екен. Әкеміз көп жыл Ақкөл ауылында жұмыс істеп, кейін Бақанас ауылына көшіп келіп, Бурундай АТП-ның бөлімшесінде жүргізуші болған. Содан соң осы мекемеде механик болып қызмет атқарған. 2003 жылы еңбек демалысына шыққан. 2004 жылы Бақанас ауылында жарық көрген Бекпенбет (Шегелек) руының шежіресінің іріктеліп жазылып шығуына үлес қосқан.

2011 жылы 72-ге қараған жасында дүние салып, Ақкөл ауылының солтүстік жағындағы зиратта әкесі Есжан молданың қасына жерленген.

Жұбайы Жолдыбала Танасқызы 1942 жылы Ақкөл ауылында (руы өгіз-балғалы) дүниеге келген. 11 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары – Қуанышбек, Атакелді, Мейрамбек, Қуаныш, Аманкелді, Бақыт. Анет; қыздары – Қуанышгүл, Дәнішгүл, Мейрамкүл, Динара.

Ардақты анамыз «II дәрежелі көпбалалы ана», «I дәрежелі көпбалалы ана» төсбелгілерімен, «Батыр ана» және «Алтын алқа» медальдарымен марапатталған.

2019 жылы Бақанас ауылында дүниеден озып, жолдасының қасына жерленген.




*Суретте Батыр анадан тараған ұрпақтары
Бақанас, 2020 жыл*

Хабаркелді Ерентайұлы 1945 жылы 20 тамызда Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. 2019 жылы 25 қаңтарда қайтыс болған. Ақжар ауылында жерленген. Жұбайы — Айымкүл





173



Шәріпқызы (руы — Жиенбет). Ұлдары — Серік, Берік; қызы — Гүлмира.

Ағамыз «Тұлпар» шаруақожалығын құрып, төрағасы ретінде басқарып, ата кәсіпті белсенді жүргізгенін ауыл азаматтары біледі.

«Уақыт — төреші» деген рас. Санаулы жылдар ішінде Хабаркелді ағамыз еңбегінің жемісін көре бастады. Ауыл және аудан көлемінде өткен түрлі мәдени іс-шараларға сан мәрте демеушілік жасап, ауылдастарының алғысына беленіп, өзін ер тұлғалы азамат ретінде көрсете білді.

Бұл кісі өзінің еңбектегі көрсеткіштерімен бірнеше рет газетке шығып, істеген жақсылықтарымен жастарға үлгі бола білді.

Көптеген медаль, мақтау қағазбен марапатталған.



Рыскелді Ерентайұлы 1947 жылы Балқаш ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2007 жылы 59 жасында қайтыс болып Бура ауылында жерленген. 1967 жылы Бақанас орта мектебін бітірген. 1969-1971 жылдары әскер қатарына шақырылып Отан

алдындағы борышын Самарқанд қаласында өтеген.

Еңбек жолын Бақанас ауылында автобазада жүргізуші болып бастаған. Ақ көңіл, бауырмал өте жақсы кісі болған.

Жұбайы Ұйытқыбаева Шура (руы Құрмантай), үш баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Ұлы — Ерік, қыздары — Әселім, Арайлым.





Тұрыскелді Ерентайұлы 1952 жылы 18 сәуірде Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген.

Ақкөл орта мектебін бітіріп, 18 жасында әскер қатарына шақырылған. Отан алдындағы борышын Ресейдің Свердловскі қаласында өтеген.

Армиядан келген соң Күрті ауданына қарасты Ж Бәрібаев совхозында бригадир, жүргізуші, тракторист болып әртүрлі жұмыс істеген.

1990-2016 жылдар аралығында Алматы облысы, Күрті аудандық орман шаруашылығында орманшы болып, зейнеткерлікке шыққан.

1994 жылы «Бисен» шаруақожалығын құрған. Қазір сол қсжалықта төрағалық етеді. Онда жылқы, сиыр, қой малдарын асылдандырумен айналысады.

Жұбайы – Күләш Сейсетайқызы (руы – Өгіз Балғалы). Ұлдары – Ербол, Нариман; қыздары – Құралай, Алтынай, Айнүр.



Байбол Бөрібайұлы 1904 жылы туған. 1968 жылдың наурызында қайтыс болды. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы аттанып, 1943 жылы Сталинград қаласының түбінде оң аяғынан айырылып, елге оралған.

Соғыстан келген соң дүкенші, қамбашы болып еңбек етті. Жас кезінен Байбол ақын атанған. Жырмен қисанның

неше түрін жатқа айтқан. Сара мен Біржан, Сүйінбай мен Қатаған, Тезек төре мен Сүйінбайдың айтыстарын жатқа білген.

Атандым жас кезімнен Байбол ақын,
Адамға өлеңменен болдым жақын.
Болсам да қандай ақын өзім артық,
Артымда қалмай барад жазған хатым.

Ақын ем бала жастан Байбол деген.
Өнер қып домбыра алып сөзді терген.
Алдында сан жақсының өлең айтып,
Жүйрікпін сан адамға олжа берген.

Арғы атам таралады Байшегірден,
Бабам деп Әмір-Темір атқа берген.
Өскен ел төрт баладан енші алып,
Мен туған бір баласы Шегелектен.

Жұбайы — Шалтай Бейсенбайқызы (руы — Балғалы). 1912 жылы 10-шы ауылда (Ақкөлде) дүниеге келіп, 1985 жылы 73 жасында Бура ауылында қайтыс болған. Ақкөлде жерленген.

Еңбек жолын Қарой ауылында егін шаруашылық саласынан бастаған. Соғыс кезінде тылда қызмет еткен. Кейін колхоз, совхозда әртүрлі салада жұмыс істеген.

Ұлдары — Рысбек, Қызыргелді, Амангелді; қызы — Күләпия.



175

Шегелектен (Шалтай Бейсенбайқызы)





Рысбек Байболұлы 1944 жылы Балқаш ауданына қарасты Қарой аулында дүниеге келген. Орта мектепті Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Үнгіртас ауылындағы интернатта оқып, бітірген. 1963 жылы әскер қатарына алынып,

Отан алдындағы борышын үш жыл мерзімінде өтеп келген. 1967 жылдан бастап Қарой, Бірлік, Жеңіс совхоздарында есепші, қойма менгерушісі болып жұмыс істеген.

Жұбайы — Әнергүл Әмірханқызы (руы — Төре). Балалары — Баубек, Талант, Ерназ, Нүркен.



Қызыргелді Байболұлы 1947 жылы Балқаш ауданы, Қарой ауылында дүниеге келіп, 2018 жылы 71 жасында қайтыс болған. Алматы қаласында жерленген Еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастаған. Ауыл шаруашылық институтына түсіп, 1975 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітірген.

Ауылшаруашылығы министрлігіне қарасты Республикалық асыл тұқымды мал зауыттары мекемесінде аға инженер-механик болып жұмыс істеп, өзіне қарасты шаруашылықтарды техникамен қамтамасыз ету саласында атқарған еңбегі орасан зор. 1981 жылы Бақанас асыл тұқымды қой совхозында бас инженер, 1984 жылы Балқаш аудандық «Қазсельхозтехника» бірлестігінде басшы, 1986 жылы Балқаш аудандық ауыл шаруашылық басқармасында төраға, сондай-ақ аудан әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарды. 2005 жылы Алматы облысы Табиғи ресурстар



және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы бастығының орынбасары қызметінде болып, зейнетке шықты.

Жұбайы — Майра Айтмағанбетқызы (руы — Арғын).
Ұлдары — Марат, Әнуар; қызы — Гүлназ.



Шенгелбай Қарымсақұлы 1912 жылы қазіргі Миялы (Қарағаш) ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылып, алғашқы лекпен соғысқа аттанады. Сталинград қаласын қорғау шайқасына қатысып, 1942 жылдың шілде айында хабарсыз кеткені туралы қағаз келеді. Ақпарат Ресей Федерациясының

ресми сайтынан алынған. Аты жөні орысша Каримсаков Шейгендай деп жазылған. Артында 1937 жылы туған Рақым атты ұлы қалады.



Рақым Шенгелбайұлы 1937 жылы 10 қазанда Киров атындағы колхозда, қазіргі Миялы (Қарағаш) ауылында дүниеге келген. 2011 жылы 21 қазанда қайтыс болды. Бақанас ауылында жерленген.

1955 жылы Бақанас ауылындағы мектепті бітіргеннен кейін, Талғар ауыл шаруашылық техникумында трактор-



рист мамандығын игереді. 1967 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының қаржы және несие мамандығына оқуға қабылданып, 1971 жылы бітіріп шығады. Еңбек жолын 1957 жылы Бақанас қой шаруашылығында тракторист болудан бастаған. 1961 жылы Балқаш аймақтық қаржы бөлімінде аға экономист болды. 1969 жылы «Казсельхозтехниканың» Балқаш аудандық бөліміне бас есепші болып ауыстырылды. 1971 жылы №3 «Главриссовхозстрой» автобазасының бас есепшісі болған. «Құрмет» грамотасымен марапатталған. 1981 жылы ПМК-126-да бас есепші, 1983 жылы Бақанас автобазасында бас есепші қызметін атқарды. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 1991 жылы Бақанас ет комбинатында бас есепші болды. 1993 жылы күріш есіретін Жеңіс кеңшарының бас есепшісі қызметінде жүрді. 1994 жылы зейнетке шыққанға дейін Балқаш аграрлық-өндірістік бірлестігінде бас есепші болып жұмыс істеген.

Жұбайы — Ұлтуар Уәлибекқызы 1939 жылы Алматы облысы, Іле ауданына қарасты Ново-Алексеевка ауылында дүниеге келген. 1947-1957 жылдар аралығында Бақанас орта мектебінде білім алған. 1957 жылы Алматы малдәрігерлік институтына түсіп, 1962 жылы мал дәрігері мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Балқаш ауданы, Ақкөл совхозына қарасты Қоқышбай фермасында мал дәрігері болып бастаған.

1963 жылы Балқаш малдәрігерлік лабораториясына меңгеруші қызметіне тағайындалған. 1967 жылы халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің хатшысы, 1990 жылы аудандық атқару комитетінің аппарат басқарушысы және жауапты хатшысы, 1992 жылдан Балқаш ауданы әкімдігі ұйымдастыру бөлімінің бас референті бо-



лып тағайындалып, осы қызметтен зейнеткерлікке шыққан.

Аудандық атқару комитетінің жанындағы әйелдер кеңесінің төрайымы, бастауыш партия комитетінің хатшысы, партия комитетінің пленум мүшесі, 1967 жылдан 1992 жылға дейін халық депутаттары аудандық советі атқару комитетінің депутаты болып сайланған.

«Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен және халық депутаттары облыстық Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ұлдары – Бақытжан, Бақтияр.



*Суретте Рақым, Ұлтуар, Бақтияр
және Бақытжин 1974 жыл*



Бахытжан Рахымұлы 1968 жылы Алматы облысы, Бақанас ауылында дүниеге келген. Білімі: жоғары. 1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

1992-1993 жылдары Стамбулда (Түркия) түрік тілінің қарқынды курстарында оқыды.



1993 жылдан 1995 жылға дейін Мюнхен университетінің (Германия) заң факультетінің магистратурасында оқыды. Британ лингвистикалық институтында да білім алған. 1998 жылы Мюнхен университетінің Заң факультетінің докторантурасын бітірді. Мамандығы — Халықаралық құқық. Докторантурада оқып жүрген кезінде Вашингтонда (АҚШ) Дүниежүзілік Банктің Заң департаментінде тағылымдамадан өтті. Германияда диссертациясын қорғаған Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы заң ғылымдарының докторы (1998 жыл, Мюнхен, Людвиг Максимилиан университеті). Oxford University Press, Beck Verlag, OstInvest Батыс баспаларында экономикалық және Заң тақырыбы бойынша бірқатар жарияланымдардың авторы. Қазақ, орыс, неміс, ағылшын, түрік, швед және француз тілдерін меңгерген. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің орынбасары қызметін атқарған.

1999 жылдан 2003 жылға дейін неміс банктерінде жауапты лауазымдарда жұмыс істеді: 1999 жылы НуроVereinsbank неміс банкінің несие талдаушысы; 2000 жылы Шығыс және Орталық Еуропадағы НуроVereinsbank еншілес банктерінің қаржылық бақылауына жауапты; 2000 жылдан бастап 2003 жылға дейін НуроVereinsbank банкінің жаһандық жобалық қаржыландыру департаментінде үйлестіруші; 2003 жылы Германияның ірі тұрғын үй құрылыс жинақ банкі Басқарма Төрағасының кеңесшісі — BSK Schwaebisch Hall (Швебиш Халь). 2004 жылдан 2005 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарушы директоры; 2005 жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ президентінің кеңесшісі; 2005 жылдан 2011 жылға дейін «ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы АҚ Бас директорының кеңесшісі (стратегиялық мәселелерге



және инвестиция тартуға жетекшілік етті); 2010 жылғы қазаннан бастап стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Герман Іскерлік кеңесінің хатшысы (Іскерлік кеңестің атқарушы органында Қазақстан тарапының мүддесін білдірді). 2011 жылы ҚР Туризм және спорт вице-министрі; 2013 жылдан 2015 жылға дейін «Астана Экспо-2017» ҰК тәуелсіз кеңесшісі; 2015 жылдан бастап 2017 жылға дейін адвокат, Астана қаласының адвокаттар алқасының мүшесі; 2017 жылдың маусымынан 2019 жылдың мамырына дейін ҚР СІМ жанындағы «Астана дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету басқармасы» АҚ директоры (бірінші басшысы); 2019 жылғы тамыз бен қараша аралығында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің кеңесшісі; 2019 жылғы қарашадан бастап Швеция Корольдігіндегі және Дания Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің Инвестициялар жөніндегі кеңесшісі (қоса атқару бойынша).



Сәбек Таңқыбайұлы 1888 жылы дүниеге келген. Колхозда еңбек еткен: егін еккен, қой баққан. 1941 жылы ауыл азаматтары соғысқа кеткенде, ауыл әйелдері мен балаларын өзінің балаларымен қосып баққан. 1970 жылы қайтыс болған.

Сәбит Туғанбайұлы 1890 жылы туған. 1932 жылдары колхозда ұста болған кісі. Шығыр жасап, су шығарып, егін еккен, қақпан жасап, аң аулап, бір ауылды асыраған. Ол кісі 1940 жылы қайтыс болған.



Баймолда Сабитұлы 1925 жылы 1 қаңтарда Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1944 жылы майданға шақырылады. Алматы қаласында үш ай 87-атқыштар полкінде дайындықта болып, одан кейін Батыс Германияға аттанады. Осы жылдың сәуір айында Германияның орталығы Берлинге барады. Берлиннен 125 шақырым жерде Елбі өзенінің жанында жаяу әскер қатарында болады. Соғыстың қызған ортасында жүрді. Майдандағы ерліктері бағаланып, Сталиннің мақтау грамотасымен, «Ұлы Отан соғысы» орденімен және бірнеше медальмен марапатталады.

Соғыстан аман-есен оралған соң 1945-1950 жылдар аралығында Польша қаласында әскери борышын өтейді. 1950 жылы 12 маусымда туған жерге оралып, колхозда құрылыста жұмыс істейді.

1960 жылы Ақкөл совхозында қойма меңгерушісі болып қызмет атқарады. Сондай-ақ Бәрібаев совхозында 16 жыл, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы совхозда 7 жыл қойма меңгерушісі болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шығады. Немерелері мен шөберелерінің ақылшы әрі қамқоршысы болған абыз ақсақал 2013 жылы 89 жасында өмірден озды. Ақкөлде жерленген.



1954 жылы отбасын құрған. Жұбайы – Бәкира Шайқымбайқызы (руы – Күшік) 1937 жылы 1 қаңтарда Балқаш ауданына қарасты Көкжиде ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы (Қызыл ту) мектебінде 7 жылдық білім алған. 1954 жылы Баймолда Сәбитұлымен отбасын құрып, ортақ некеден 3 ұл, 10 қызды дүниеге әкелген Батыр ана. Ұлдары – Жолдасбай, Нұрлан, Бақыт; қыздары – Зәмзәгүл, Оразгүл, Зибәгүл, Мейіргүл, Жанар, Анар, Нұргүл, Алмагүл. 1976 жылы «Алтын алқа» иегері атанған. 1980 жылға дейін Балқаш ауданына қарасты Бәрібаев ауылында тұрып, 50-жылдық (қазіргі Бірлік) ауылына көшіп келген.

2000 жылы «Жылама», «Күнбағыс» атты кинофильмдерінде опера әншісі Майра Мұхаметжанқызымен бірге киноға түсіп, басты рөлді сомдаған.

2013 жылы Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылына көшіп келген. 2015 жылы қайтыс болып, Ақкөл ауылына жерленген.



Молдашбай Сәбитұлы 1940 жылы 23 наурызда Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген.

Бақанас орта мектебін 1958 жылы күміс медальмен бітіріп, Ақкөл ауылында ашылған жүргізушілер дайындайтын курсты аяқтап, еңбек жолын жүргізуші болып бастаған.

1960 жылы Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының инженер-механик факультетіне оқуға түсіп, ойдағыдай бітіріп шыққан. Еңбек жолын Балқаш ауданы Ж.Бәрібаев атындағы совхозда бас инженер болып бас-



таған. Көп ұзамай аудандық ауылшаруашылығы басқармасында бас инженер, асыл тұқымды Бақанас қой совхозында партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған. Сол жылдары партиялық білім деңгейін көтеру қажеттілігіне сәйкес Алматы жоғары партия мектебіне оқуға түсіп, оны қызыл дипломмен аяқтаған.

Жоғары партия мектебін аяқтаған соң Балқаш ауданы Ақкөл совхозының директоры, Балқаш аудандық ауылшаруашылығы басқармасында инженер-техникалық бақылаушы, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

1994 жылдан 2004 жылдары аралығында 1-ші және 2-ші шақырылым бойынша Балқаш аудандық Мәслихатының хатшысы қызметін абыроймен атқарып, зейнеткерлікке шыққан.

Зейнет жасына жеткенімен, өңірдегі қоғамдық жұмыстан тыс қалмай, 2004-2008 жылдары аралығында Балқаш ауданының Ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшесі болған.

Елеулі еңбегі ескеріліп, «Еңбек ардагері» және Қазақстан Республикасының 3 медалін иеленіп, Балқаш ауданының және Алматы облысының Құрметті азаматы атанды. 2015 жылы бақилық болды. Ақкөлде жерленген.



Жұбайы – Айткүл Естайқызы (руы – Балғалы). Ұлдары – Болат, Алмас, Ұлан, қызы – Жұлдыз. Балаларының барлығы жоғары білімді, отбасылы.



Алмаз Молдашбайұлы 1968 жылы Балқаш ауданы Бақанас ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң 1985-1992 жылдары Қазақ ауылшаруашылық институтын экономист мамандығы бойынша оқып бітірген. Еңбек жолын Бақбақты ауылында күріш совхозында экономист, Балқаш аудандық салық бөлімінде шаруа мекеме бөлімшесінің инспекторы лауазымында қызмет істеген. Кейін Алматы қаласында жоғарғы оқу орнын заңгер мамандығы бойынша оқып бітірген. 1996-2015 жылдары аралығында Алматы қалалық ішкі істер Басқармасында бөлім бастығы болып қызмет атқарған.

Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін 10 жыл, 15 жыл медальдарымен марапатталған. «ІМ үздік қызметі үшін», «І дәрежелі маман» төсбелгісімен, көптеген алғыс хат, мақтау қағазбен марапатталған. Шені – полция подполковник ТОО «Беркут-А» мекемесінде қызметін жалғастыруда.

Жұбайы Қашқынбайқызы Жеңіскүл (руы – Әлім), балалары: ұлы – Олжас, қызы – Гаухар.



Жолдасбай Баймолдаұлы 1955 жылы 25 қарашада Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1963-1973 жылдар аралығында орта мектепте оқыған. 1974-1975 жылдары Алматы қаласындағы Профтех училищесін оқып-бітірген. 1981-2004 жылдар аралығында Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданына қарасты Ақсүйек



185

Жолдасбай (Jaldasbay)



деген жерде дәнекерші болып жұмыс істеген. 2004 жылы Қапшағай қаласына көшіп келіп, «ТрансСтройМост» мекемесінде жұмыс істеген. 2007 жылы Атырау, Астана қалаларында жұмыс істеген. 2018 жылы зейнетке шыққан. Қазіргі кезде Қапшағай қаласында тұрып жатыр. Ұрпағы өсіп-өніп, 7 немере сүйіп отырған ата.

Жұбайы — Бақытгүл Дүйсебайқызы (руы — Арғын). Ұлдары — Алпыс, Қуаныш; қыздары — Сағыныш, Жаннат, Майгүл.



Мырзахмет Байжалғасұлы 1923 жылы 1 қаңтарда Ақкөл ауылында дүниеге келген. 2003 жылы 80 жасында қайтыс болып, Бірлік ауылында жерленген. Жұбайы — Шымша Әбжанқызы (руы — Өгіз Балғалы). Ұлдары — Талғат, Ернар; қыздары — Роза, Серікгүл, Қалдыбала, Бибігүл.

Жеті сыныптық білімімен жайбарақат өмір кешіп жатыр еді. Бозбала шағы 19 жасында күрт өзгеріп, лағынет атқыр сұрапыл соғыс басталып, өзімен қатар өрімдей жастармен бірге 1942 жылы наурыз айында майдан даласына аттанған. Өмірінің нағыз жалындаған тұсында жаудан Отанын, елін, жерін қорғау үшін сұрапыл соғыстың қайнаған ішіне кіреді.



Сталинград гүбінде бір айлық әскери дайындықтан өткен соң, кіші калибрлі артиллеристер сапында минометчик болады.

Кейіннен арнайы үш айлық курсты тәмамдап, Сталинградты қорғаған. 1021-ші зенитті артиллерия дивизиясының, 622-ші полкінің 589-шы батальонында бөлімше командирі болып шайқасқа түседі. Осы жерден Берлинге дейін жеткен.

Соғыс аяқталып, жеңіс туы желбірегеннен кейін де Мырзахмет Германияда 1947 жылдың наурыз айына дейін әскер қатарында болған.

Соғыстан оралғанда кеудесі орден-медальдарға толы болды: «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Сталинградты қорғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Советтер Одағының маршалы Г.К Жуков атындағы медаль», «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі ордені» және т.б...

Сабыры мен қарапайымдылығы оның асыл қасиеттерінің бірі еді. Ешқашан жеке басының жағдайын ойлаған емес. Қан майданнан туған жерге оралғаннан кейін де бірден білек сыбана қызу еңбекке араласып кетеді. Ауылшаруашылығы саласында әртүрлі жұмысты абыроймен атқарады. Ол кезде ауданда маслопром болушы еді. Сол жерде май қабылдаушы болып еңбек етті. Арнайы құрылған шегірткеге қарсы экспедицияның белді мүшесі болып, сонау Мәскеуден алғыс хат алған. Аралтөбе елді мекенінде қойма меңгерушісі болған.

Кеңес Одағы кезеңінде партия қайда жұмысқа жіберсе, сол жерге барып еңбек ету бұлжымас заң еді. Мырзахмет аға да төменгі 7-ші, 9-шы ауылдарда партияның нұсқауымен жұмыс атқарған. Қандай шаруа болсын дөңгелетіп әкететін. Оны басшылар да, ауыл тұрғындары да білетін және қадірлейтін.



МЫРЗАХМЕТ
Төлеубер





1980 жылдан бастап сол кездегі Октябрьдің 50 жылдығы кеңшарының №1 күрші бригадасында бригадирдің көмекшісі болып, он бір жыл еңбек етті. Еңбек ете жүріп, осы жерден құрметті демалысқа шығып, бейнетінің зейнетін көріп, бала-шағасы мен немере-шөберелерінің ортасында өмірінің соңына дейін, яғни 2003 жылдың 28 шілдесіне дейін бақытты ғұмыр кешті.



Есенқұл Дүйсенбайұлы 1943 жылы 21 қаңтарда Ақкөл ауылында дүниеге келген. Жұбайы — Қайыпжамал Ыдырысқызы (руы — Күшік). Ұлы — Бақыт; қыздары — Ләззат, Алма. Есенқұл аудан орталығындағы Бақанас орта мектебін 1959 жылы бітірген. Алғашқы еңбек жолын сол жылы Ақкөл кеңшарының №1 фермасының трактор бригадасында механизатор болып бастап, сол жылдың бірінші желтоқсан айынан осы бригадада учетчик болып қызмет атқарған.

1960 жылы Алматы кооператив техникумына оқуға түсіп, 1962 жылы тұтыну кооперациясының есепшесі мамандығын игеріп, техникум жолдамасымен Балқаш ондатр шаруашылығында (Балхашский ГОХ) есепші болып еңбек етті.



1964-1967 жылдары әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын өтеген. 1968 жылдан Балқаш аудандық тұтынушылар одағына қарасты аудандық дайындау кеңесінде, Ақкөл жұмысшылар кооперативінде бас есепші қызметін атқарды.

1973 жылдан сол кездегі Ақдала массивін игеру үшін құрылған «Главриссовхозстрой» бас Басқармасына қарасты құрылыс мекемелерінде бас есепші, 1979 жылдан бастап Октябрьдің елу жылдығы күріш кеңшарында бас есепші болып қызмет атқарды.

1983 жылдан өз мамандығы бойынша сауда саласында әртүрлі қызметтер атқарды.

1995 жылдың қаңтар айынан Балқаш аудандық тұтыну кооперативінде бас есепші, 2000 жылдың сәуір айынан басқарма төрағасы болып, 2012 жылдың қазан айына дейін қызмет істеді.

Дүйсенбаев Есенқұл тұтыну кооперативінде басқарма төрағасы болып істеп жүрген кезде бірнеше жыл бойы «Алматы аймақтық тұтыну одағы» бойынша тұтыну одағының мақтау грамоталары мен әртүрлі бағалы сыйлықпен марапатталып отырды.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы «Жеңіске 20 жыл» мерекелік медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен, Алматы аймақтық тұтыну одағының бірнеше рет құрмет грамотасымен және көп жылғы жемісті еңбегі үшін Қазақстан тұтыну одағының 60 жылдық мерекелік грамотасымен, басқа да көптеген құрмет грамотасымен, алғыс хатымен марапатталған.

Кейін құрметті демалыста болса да жастарға, ауыл-ауылдан келген өзінің бұрынғы еңбектес жолдастарына білгенін үйретуге, кеңес беруге жалыққан емес.



190

Сезілбай аты қалыңдары

Әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып «Нұр Отан» партиясы және тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатын насихаттап, жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін бірнеше мәрте алғыс хатқа ие болған.



Есмұрат Дүйсенбайұлы 1948 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ақкөл орта мектебінде білім алған. 1969 жылы Талдықорған қаласындағы Ауыл шаруашылық техникумын механик мамандығы бойынша бітірген. 1969-1971 жылдары аралығында әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеген. 1971-1985 жылдар аралығында аудандағы селхозтехника бірлестігінде жұмыс істеген. 1978-1983 жылдары Ауыл шаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. 1985-2014 жылдары Береке ауылында бас инженер қызметін атқарып, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылына қоныс аударған.

Жұбайы – Гүлпара (руы – Арықтыным). Ұлдары – Марат, Мақсат; қызы – Эльмира.





Бусабайұлы Жексенбек

1908 жылы Балқаш ауданына қарасты Үшжарма ауылында дүниеге келіп, 1994 жылы 86-жасында қайтыс болған. Еңбек жолын колхозда бастаған. 1934 жылы

Тілеубайқызы Қайшатаймен жанұя құрған. 1941 — 1944 соғыс жылдары еңбек армиясы қатарында Кузбас көмір шахтасында болған. Сол шахтада үлкен апат болып, ауыр дене жарақатын алғандықтан елге қайтарылған. Елге оралған соң, зейнеткерлікке шыққанша ұзақ жылдар совхоздың малын баққан.

Жұбайы Тілеубайқызы Қайшатай 1915 жылы Балқаш ауданына қарасты Желтораңғы ауылында (руы Қайшылы) дүниеге келіп, 2004 жылы 89-жасында қайтыс болған. Еңбек жолын «Молотов» колхозында бастаған. Ұлы Отан соғысы жылдары тылда ауыр жұмыстар істеген. Соғыстан кейінгі жылдары отбасымен ұзақ жылдар совхоз малын бағысқан. 10 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Әр түрлі дәрежедегі күміс, алтын, «Батыр ана» медальдарымен марапатталған. Ұл-қыздарынан немере, шөбере, шөпшек сүйген.





Елгелді Жексенбекұлы 1946 жылы Балқаш ауданы, Бақанас ауылына қарасты Бояулы елді мекенінде дүниеге келген. 1960 жылы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын бастаған. 1966-1967 жылдары аралығында әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын Маңғышлақта өтеген.

Әскерден келісімен Бақанас ауылындағы №1 мектепте электрик-сантехник болып жұмысқа орналасқан. Кейін осы мектепте тракторды игеру пәнінен сабақ берген. Одан әрі Бақанас ауылындағы автокөлік базасында жүргізуші, ет өңдеу комбинатында шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеп, 2009 жылы зейнетке шыққан.

Жұбайы — Тазагүл Шашубайқызы (руы — Тоқал). Ұлдары — Дидар, Болатбек; қыздары — Жанна, Гүлшат. 1969 жылы Алматы қаласындағы есеп-кредит техникумын бухгалтер мамандығы бойынша бітіріп, кейін Бақанас ауылының әкімшілігінде әртүрлі лауазымда қызмет етіп, 2006 жылы зейнетке шыққан. «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген алғыс хатпен марапатталған.

Еркелді Жексенбекұлы 1949 жылы Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. 1966 жылы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын Балқаш аудандық тұтынушы-



лар қоғамында (Райпода) бастаған. 1968-1970 жылдары аралығында әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын Ресей Федерациясында өтеген.

Әскерден келісімен Бақанас ауылындағы бұрынғы жұмысына орналасып, ұзақ жылдар бойы сол мекемеде жұмыс істеп, 2012 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы — Гүлнар Бейсенбекқызы (руы — Албан). Ұлы — Бауыржан; қыздары — Баян, Рауан. 1968 жылы Алматы қаласындағы Совет сауда техникумын саудагер мамандығы бойынша бітіріп, кейін Балқаш аудандық тұ-

тынушылар қоғамында (Райпода) әртүрлі лауазымда қызмет етіп, 2008 жылы зейнеткерлікке шыққан. «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген алғыс хатпен марапатталған.



Суретте Гүлнир,
Еркелді, Баян, Рауан,
Бауыржан





Жексенбекұлы Едіге 1950 жылы Бақанас ауылына қарасты Бояулы ауылында дүниеге келіп, 2005 жылы 55-жасында қайтыс болған. Орта мектепті бітірген соң екі жыл кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген. Әскерден кел-

ген соң «Су шаруашылы» мекемесінде маман болып қызмет істеген. Кейінде «Бақанас автобазасында», Аудандық дайындау мекемесінде жүргізуші болып жұмыс істеген. 1971 жылы Есенқожаева Тәттіқызбен отбасын құрған.

Жұбайы Есенқожақызы Тәттіқыз (руы Қожа), төрт баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлы — Азамат, қыздары — Гулмира, Эльмира, Әсел.



Жексенбекұлы Кенжегүл 1955 жылы Бақанас ауылына қарасты Бояулы ауылында дүниеге келген. 1973-75 жылдары әскер қатарына шақырылып Отан алдындағы борышын өтеген. Әскерден келісімен Алматы қаласындағы авиамектепті бітіріп,

Бақанас аэропортында диспетчер болып еңбек жолын бастаған. Кейінде малдәрігерлік станцияда, өрт сөндіру бөлімінде жүргізуші болып істеген. 2002 жылдан шаруа қожалығын ашып, соны басқарған. 1977 жылы Нұрмұханбетова Гулнармен жануя құрған 2018 жылдан зейнеткер.


Жұбайы Нұрдаулетқызы Гулнар (руы Күшік), бес баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлы — Назар, қыздары — Жазира, Назира, Қарлығаш, Мәншүк.



БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) РУЫНЫҢ СЕГІЗБАЙ АТА ҰРПАҚТАРЫ






195





Бекпенбет (Шегелек) шығармасы



















Төлепбай (Шәзілек)










Шағалым (Шеңгелек)









Телүзетәйи ата
црлактары





Ақмолда Жексенбайұлы атамыз 1893 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1990 жылы 97 жасында қайтыс болған. Бақбақты ауылында жерленген.

Жұбайы – Мырзақыз Жексенбай келіні 1909 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1989 жылы 80 жасында қайтыс болған. Бақбақты ауылында жерленген. Атамыз екеуі төрт баланы тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары – Тұрдалы, Қадірәлі; қыздары – Жамхан, Жамал.

Атамыз соғыс кезінде тылда еңбек еткен. Кейін совхоздың малын бағып зейнетке шыққан.



Тұрдалы Ақмолдаұлы 1942 жылы 1 шілдеде Алматы облысы, Шелек ауылында дүниеге келіп, 1989 жылы 47 жасында қайтыс болған. Бақбақты ауылында жерленген.

Жұбайы – Ажар Зауланбайқызы (руы – Барлы Балғалы). Ұлдары – Сейдалы, Мұхит, Сұңқар, қыздары – Анар, Толқын, Ақмарал.

Алматы облысы, Іле ауданына қарасты Байсерке ауылында оқыған. Алматы қаласындағы Коператив техникумын бухгалтер мамандығы бойынша оқып бітірген.

1962 жылы студент кезінде Алматы қаласы және облысы бойынша өткен жүгіру жарысында түрлі жүлде алған. Алматы қаласында 100 метрге 8 секунд, 62 доли секундта жүгіріп өтіп, рекорд орнатқан.



1965 жылы отау құрған. 1981-1984 жылдар аралығында Күрті ауданы Желтораңғы, Қаскелеңтопар, Балатопар, Жиделі ауылдарында бухгалтер, бас бухгалтер болып жұмыс істеген. 1985 жылы Бақанас ауылында заготконтор мекемесінде бухгалтер болған. ПМК-108-де бас бухгалтер, өмірінің соңына дейін Бақбақты ауылында бас бухгалтердің орынбасары болып жұмыс істеген.



Қадірәлі Ақмолдаұлы 1949 жылы 25 қыркүйекте Шелек ауылында дүниеге келіп, 1977 жылы 28 жасында қайтыс болған. Бақбақты ауылында жерленген.

Жұбайы — Сара (руы — Құрмантай). Ұлы — Бағдат; қыздары — Базар, Лаура, Ләйлә.

1969-1971 жылдары әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын «Северный флотта» өтеп келген. Әскерден келген соң Бақбақты ауылында совхозда «бензовоз» автокөлігін жүргізген. Жол апатына ұшырап, қайтыс болған



Тынымбек Садырбекұлы 1947 жылы 5 сәуірде Балқаш ауданы, Көкжиде ауылында дүниеге келген. 2015 жылы 15 қаңтарда Алматы қаласында қайтыс болған.

Жұбайы Күләш екеуі үш баланы тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары — Ерлан, Нұрлан; қызы — Гүлнұр.

1965 жылы Бақанас орта мектебінің 10-сыныбын тәмамдап, сол жылы қазан айында Ақкөл совхозына электр-монтер болып жұмысқа қабылданды. 1966 жылы сәуір айында әскер қатарына шақырылып, одан 1969 жылы оралған. 1969



жылдан бастап құрылысшы, 1975 жылы жүргізуші, 1980 жылы Ақкөл совхозы №1 фермасының меңгерушісі болып 10 жылдан астам еңбек етті. 1990-1994 жылдар аралығында Ақкөл ет совхозының директоры қызметін атқарды. Мектеп табалдырығын аттап шыққан сәттен-ақ Ақкөл совхозының экономикалық-мәдени дамуына үлес қосты. Қандай салада жүрсе де «үлкен қиындықтарсыз үлкен істер болмайды» деп түсінген ол бірнеше жыл жалықпай ферманың таусылмайтын шаруасын сүйреледі. Совхоздың экономикалық өзегіне нәр беріп, ауыл азаматтарының артқан ауыр жүгін арқалады.

1998 жылдан Қазақстан Республикасы Жоғары Советі демалыс үйінде агроном болып қызмет атқарған.

1999-2005 жыл аралығында ҚазҰТУ қоғамдық тамақтану орталығы басшысының орынбасары қызметін атқарды. Еңбегіне адал азамат ел сеніміне ие болды.

Жаны таза, ақкөңіл, адамгершілігі ерекше, жомарт жүректі Тынымбек Садырбекұлы азамат ретінде, басшы ретінде іңкәр көңілмен, зор үмітпен алдына келген жанмен шынайы тілдесе білетін шебер еді. Адалдық пен қарапайымдылық, шыншылдық пен турашылдық Тынымбекке тән қасиеттер болатын.



Нұрлан Тынымбекұлы 1976 жылы 3 желтоқсанда Ақкөл ауылындағы Тынымбек пен Күләштің отбасында дүниеге келді. 1993 жылы Ақкөл орта мектебінің 11-сыныбын тәмамдап, сол жылы Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетіне оқуға түсті. 1996-1998 жылдары Қазақстанның қарулы күштерінде әскерде болды. 1998-1999 жылдары Қазақстан Республикасы





Жоғары Советі демалыс үйінде күзетші болып қызмет атқарды. 1999-2000 жылдары Алматы қаласында наубайханада, 2000-2003 жылдары «Жігер» сүт зауытында, 2003-2011 жылдары «Қамқор» автосервисінде жұмыс істеді. Арасында 2006-2009 жылдары «Тұран» университетінде заңгерлікті оқыды. 2011-2012 жылдары Түркісіб аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығында қызмет етті. 2012-2013 жылдары Алматы облысы Іле аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығында істеді. 2013 жылдың тамызынан бері Алматы облысы Балқаш аудандық Халыққа қызмет көрсету бөлімін басқарып келеді.



Райымбек Омарұлы 1912 жылы Балқаш ауданының Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1978 жылы 66 жасында қайтыс болып, Ақжар ауылында жерленген.

Жұбайы — Ақсұлу Нарбайқызы (руы — Өгіз Балғалы).

Ұлы — Өрісбек; қыздары — Рабиға, Рая, Данипа, Дәнекүл, Дәметкен.

1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, соғыс біткен соң 1945 жылдың аяғында елге оралды. Ауылға келген соң ұзақ жылдар Ақкөл совхозының Қоқышбай фермасында қойма меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1969 жылы жаңадан құрылған Барібаев атындағы совхозға көшіп келіп, жанар-жағармай бекетінің меңгерушісі болды. Сол жерден зейнет демалысына шыққан.



Өрісбек Райымбекұлы 1957 жылы 27 қарашада Балқаш ауданының Бәрібаев ауылында дүниеге келіп, 2004 жылы 47 жасында өмірден өткен. Бақбақты ауылында жерленген.

Жұбайы — Бақытбала Қодарбекқызы (руы — Күшік). Ұлдары — Айдын, Айдос, Абай; қыздары — Ақгүл, Назгүл.

1964-1974 жылдары Бәрібаев атындағы орта мектепте оқыған. Мектеп бітіргеннен кейін екі жыл ауылда құрылыс бөлімінде жұмыс істеген. 1976-1978 жылдары Кеңес армиясының қатарында әскери қызметін өтеген.

1978-1979 жылдары Бәрібаев ауылында есепші болды. 1980 жылдан бастап, 1983 жылға дейін Октябрьдің 50 жылдығы атындағы совхозда жүргізуші болып жұмыс істеген. 1983 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық институтын агроном мамандығы бойынша тәмамдап, 1983-1986 жылдары совхоздағы №1 бөлімшеге механик болып жұмысқа ауыстырылды. 1986-1987 жылдар аралығында №1 бөлімше меңгерушісі, 1987-1995 жылдары совхозда бас агроном болды.

1997 жылдан 1999 жылға дейін жаңадан құрылған «Бірлік» АҚ президенті болып жемісті еңбек етті. 1999-2001 жылдары «Кұнар» АҚ-ның атқарушы директоры қызметін атқарды. 2001 жылдан өмірінің соңына дейін «Райымбек» шаруақожалығының төрағасы болып еңбек етті.

Байдаулет Өтемісұлы шамамен 1885 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1928 жылы Ақкөлден салмен Іле өзенінің ағысымен Көккөл (Құйған ауылының маңы) деген жерге аялдаған. Сосын Бірінші Балқаш балық колхозына көшкен. Кейін 1972 жылы Жиделі ауылына отбасымен (ұлы — Сланбай; қыздары — Орынтай, Рысбаламен) келіп қоныстанған.



Сланбай Байдаулетұлы 1907 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1980 жылы Жиделі ауылында 73 жасында қайтыс болған. Сол ауылда жерленген. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы аттанып, Сталинград шайқасына қатысып, 1946 жылы елге оралған. II дәрежелі Ұлы Отан соғысы медалінің иегері.

Ауылда агроном болып қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы — Ғалия Қайсарқызы (руы — Едіге Еденбай). 10 баланы дүниеге әкеліп, жеті баланы тәрбиелеп-өсірген. Үш баласы кішкентайында шетінеп кеткен. Ардақты анамыз «Алтын жұлдыз» медалінің иегері. Ұлдары — Қасымхан, Ахмади, Бақтияр; қыздары — Күлжамал, Айжамал, Күнсұлу, Айкен.



Қасымхан Сланбайұлы — 1947 жылы Көккөл ауылында дүниеге келген. 1956-1966 жылдары Балқаштағы Н.Бозжанов атындағы мектепте оқып, 9-11-сыныпты Жиделі орта мектебінде бітірген. 1966 жылы Қазақ ауыл шаруашылық институтына түсіп, 1971 жылы агроном мамандығын алып шығады. 1971 жылы отбасын құрған. Жұбайы Күмісхан Жиделі орта мектебінде неміс тілі пәнінің мұғалімі болған. Отан





алдындағы әскери міндетін өтеп келген соң Жиделі орта мектебінде әскери дайындық сабағынан дәріс берген. Партия қатарына өтіп, ауылдағы комсомол секретарлығына тағайындалады. Ауылда құрылған «Армандастар» комсомол жастар бригадасына басшылық жасайды. 1977 жылы аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі қызметіне ұсынылады. Сол жұмысқа бекітілуге кетіп бара жатқанда, мұз ойылып, машиналары су түбіне кетіп, қайтыс болады. Соңында қалған екі баланы жары Күлімхан өсіріп-жетілдіреді. Қазір екі баладан жеті немере, төрт шөбере бар.

Жұбайы — Күлімхан Бекбайқызы. Ұлы — Данияр; қызы — Эльмира.



Данияр Қасымханұлы 1974 жылы Балқаш ауданына қарасты Жиделі ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы №12 орта мектепті күміс алқамен тәмамдаған. 1996 жылы Технологиялық университетті инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. Осы жылы АҚШ-тағы Миннесота университетіне бизнес мамандығы бойынша оқуға түскен. 2000 жылы шет елдегі оқуын аяқтап, елге оралған. Еңбек жолын Ақтау қаласындағы «Техасо» мұнай компаниясында инженер болып бастаған. 2004 жылы Мәскеу қаласындағы Губкин атындағы университетті мұнай саласының инженері мамандығы бойынша оқып бітірген. 2004-2006 жылдары Алматыдағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін мұнай саласындағы өңдеуші инженер мамандығы бойынша бітірген. Осы жылы Алматы қаласындағы «Макс Петролеум» фирмасына Мұнай саласындағы департамент бастығы болып қызметке тағайындалған.

Жұбайы — Анар Блокқызы (Орта жүз, керей). Ұлдары — Мирас, Олжас; қызы — Назерке.



Суретте Данияр, Олжас, Анар, Назерке, Мирас



Ахмади (Бақыткәрім) Сланбайұлы 1949 жылы 26 қыркүйекте Балқаш ауданы, Сарыкөмей ауылына қарасты Құйған елді мекенінде дүниеге келген. 1966 жылы 10 жылдық Жиделі орта мектебін бітірген. Еңбек жолын 1967 жылы Бірінші Балқаш

балық колхозында автослесарь болып бастаған. 1968-1970 жылдар аралығында әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын Североморск қаласында үш жыл мерзімде өтеген. 1972-1996 жылдары Жиделі ет совхозында



жүргізуші болып жұмыс істеген. Алматы қаласындағы политехникумды бітірген. 1987-1994 жылдары инженер-механик қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы — Мәдина Нақұлқызы (Кіші жүз, серкеш). Ұлы — Дінмұхаммедали; қыздары — Гүлмира, Жазира, Дана. Қазір Алматы қаласында тұрады.



Бақтияр (Бақтығали) Сланбайұлы 1955 жылы Құйған елді мекенінде дүниеге келген. 1972 жылы Жиделі орта мектебін бітіріп, жұмысқа кірген. 1973-1975 жылдары әскерге алынып, Отан алдындағы борышын Чита қаласында ракета әскери бөлімінде өтеген. 1975 жылдан бастап Жиделі совхозында қайта жұмыс істеген. 1979 жылы авто-мектепте оқып, совхозда механизатор болып жұмыс атқарған. 1980 жылы отбасын құрған. Бес баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. Совхоз тарағанға дейін сонда еңбек еткен. Қазір Ақдала ауылында тұрады.

Жұбайы — Баян Сланбай келіні (руы — Албан). Ұлы — Дидар; қыздары — Жазира, Гүлдана, Гүлзада, Айзада.

Мұрат Ашықбайұлы — милиция майоры. 1936 жылы 28 қыркүйекте Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келіп, 2018 жылы 26 маусымда 82 жасында қайтыс болған. Ақкөл ауылында жерленген. 1955 жылы Бақанас орта мектебін бітірген соң әскер қатарына шақыртылды. 1958 жылы Балқаш аудандық ішкі істер бөліміне қызметке келді. Сөйтіп 30 жыл табан аудармай еңбек етті. Кейінгі жылдары аға учаскелік инспектор болды. 1964 жылы



Алматыдағы арнаулы милиция мектебін бітірді. Ұзақ жылғы ел тыныштығын қорғаудағы еселі еңбегі көптеген құрмет грамотасымен қатар, «Совет милициясының үздігі», «Юнның еңбегі сіңген қызметкері», 1,2,3-дәрежелі «Ю-ғы мінсіз қызметі үшін», «Еңбек ардагері», «Совет милициясының 50 жылдығы», Н.А.Щелков, III.Қабылбаев атындағы және «ҚР ІО Құрметті ардагері» медальдарымен марапатталған.

Жұбайы — Нұрлан Талдыбайқызы (азан шақырып қойған аты — Нұрила, руы — Өміржан) 1942 жылы 4 қаңтарда Балқаш ауданы, Қарой ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң 1960 жылы Ашықбаев Мұратқа тұрмысқа шыққан. Сөйтіп Шегелек әулетіне келін болып, жеті перзентті өмірге әкелді. Ұлдары — Бейбіт, Азат, Елжас; қыздары — Алма, Сәуле, Гүлбану, Рану. Апамыз Бақанас ауылында және Алматы қаласында балабақшаларда көп жыл еңбек етіп, зейнетке шыққан. «I дәрежелі көпбалалы ана» және «Алтын алқа» медалінің иегері.





Нарықбай Кенжебайұлы 1910 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1969 жылы 59 жасында Еңбекшіқазақ ауданы, Қорам ауылында қайтыс болған. Сонда жерленген.

Жұбайы Бүбіхан Өстемісқызы (руы — Қаңлы) 1924 жылы Еңбекшіқазақ ауданы, Жанатұрмыс ауылында дүниеге келіп, 2014 жылы 90 жасында қайтыс болды. Қорам ауылында жерленген. Ұлы — Мақсұт; қыздары — Мұңсыз, Зорахан, Тұрсынхан, Бақыт.



Мақсұт Нарықбайұлы 1961 жылы Шелек ауданы, Қорам ауылында дүниеге келген. Жұбайы Әлия Касенқызы (руы — Албан) ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. Ұлдары — Мұрат, Ермек.



Балабекова Алтынбала Құлжабекқызы 1935 жылы дүниеге келген. 1952 жылы тұрмысқа шығып он баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген батыр ана.

Еңбек жолын бұрыңғы Талдықорған облысы Гвардейский ауданында асыл тұқымды мал өсіретін Ленин совхозында сауыншы болып бастаған. Жоспар бойынша бір бас сиырдан 3300 кг

БАЛАБЕКОВА АЛТЫНБАЛА

сүттің орнына, бір бас сиырдан 4119 кг сүт сауыш жоспарды артығымен орындаған. Еңбегі мемлекет тарапынан ескеріліп, 1987 жылы Халық шаруашылығының өсіп өркендеуіне орасан үлес қосқаны үшін «Қола», «Еңбек Ардагері» медальдарымен марапатталған. Зейнеткерлікке шыққан, Алматы облысы Кербұлақ ауданы Қоспан ауылында тұрады



Құлжабекұлы Күншуақ
1939 жылы Алматы облысы Шелек ауылында дүниеге келіп, 2007 жылы 68-жасында қайтыс болған. Алматы облысы Кербұлақ ауданы Қоспан ауылында жерленген.

1955 жылы бұрынғы Талдықорған облысы Гвардейский ауданы Ленин совхозының №4 фермасына көшіп келген. 1956 жылы орта мектептің 7-классын бітірген соң, Талдықорған қаласына 1-жылдық қойшылар даярлау курсына оқуға жіберілген. Оқуын бітіріп, еңбек жолын №4 фермада жұмыскер ретінде бастаған. Кейін №3 фермада қойшының көмекшісі болып ауысқан. 1959 жылдың күз айында Садуақасқызы Аниямен некелесіп шаңырақ құрған. 1960 жылы асыл тұқымды қошқар, кейін асыл тұқымды бұқалар баққан. 1965 жылы №4 фермадан №1 фермаға завхоз болып жұмысқа тағайындалған. 3-жылдан кейін яғни 1968 жылы №1 фермаға басқарушы болып жаңа қызметке тағайындалған. 1980 жылы №1 фермаға басқарушы, кейін №4 фермаға басқарушы, 5 айдан кейін №3 фермаға басқарушы болып зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеген. 1976-1983 жылдары Алматы облыстық Зооветеринарлық институтын оқып бітірген. 2005 жылы Алматы облысы Кербұлақ аудандық «Құрметті азамат» орденімен марапатталған.



219

Шелек
(Шелек)
Құлжабек



Жұбайы: Садуақасқызы Ания (руы Спатай), 8-баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлдары — Айшуақ, Еркін, Ермек, Руслан, қыздары — Алтынай, Гульнар, Гульнаш, Алия.

Есімбек Дүйсебекұлы 1898 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Қайтыс болған уақыты белгісіз Бақанаста жерленген.

Атамыз аяқтан тұрып жатқан Бақанас ауылының тұрғындарына атпен нан тасып қызмет көрсеткен екен Ол жақсылығы ел есінде.



Жұбайы Әлиман Абрахманқызы (руы — Едіге Еденбай) 1905 жылы қазіргі Қарой ауылының аумағында дүниеге келіп, 1986 жылы 81 жасында қайтыс болған. Бақанаста жерленген. Ұлы — Іңкәрбек.

Жеңгеміз еңбек жолын алғашқы колхоздастыру кезінде белсенді колхозшы болып бастаған. Сонымен қатар, Малайсары етегінен бастап, Іле өзенінен бастау алған Тасмұрын су арнасын қолмен қазу жұмыстарына қатысқан.

1938-1946 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған.



Іңкәрбек Есімбекұлы 1951 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 2017 жылы 66 жасында қайтыс болған. Бақанаста жерленген.

Еңбек жолын Бақанас ауылында механизатор болып бастап, кейін экскаватор техникасын меңгеріп, су арнасын күр-



делі газарту бойынша Бақанас АТП мекемесінде жүргізуші болып ұзақ жыл жұмыс істеген. Балқаш аудандық орталық ауруханасында шаруашылық бөлімінде жұмыс істеп, зейнетке шыққан.

Жұбайы — Динакүл Құлахметқызы (руы — Күшік). Ұлдары — Қазбек, Жұлдызбек; қыздары — Айгүл, Айнұр.

Жеңгеміз Бекпенбет (Шегелек) руына келін болып түскелі барша ағайын-туыстың қуанышы мен қайғысында. 300-500 адам болатын жиындарда дәмі тіл үйірер күріш басатын шебер аспаз болған.



Бекжігіт Жасыбекұлы 1892 жылы дүниеге келіп, 1989 жылы 97 жасында қайтыс болған.

1943 жылы Еңбек армиясына алынып, Сібірде жұмыс істеген. Орманда қарағай кесіп жүргенде қолының үш саусағын ара кесіп кетіп, елге 1944 жылы оралған. Содан кейін Құланбасыда 1957 жылға дейін жылқы баққан. Атамыздың қызы Күлғайша ауданда көп жыл еңбек етіп, зейнетке шықты.

Күлғайша Бекжігітқызы 1948 жылы 10 желтоқсанда Ақкөл совхозында дүниеге келді. 1955 жылы Көкжиде елді мекеніндегі Қызыл ту мектебінде 1-сыныпқа барып, 1959 жылы Ақкөл совхозындағы 8 жылдық мектепте оқуды жалғастырып, оны 1963 жылы бітірді. 11-сыныпты Бақанас орта мектебінде аяқтады. Сол жылы Ақкөл орта мектебі 10 жылдық болып ашылып, мектепке география пәні мұғалімі болып орналасып, 2 жыл жұмыс істеп, үшінші жылы Тараз қаласындағы педагогикалық институттың математика факультетіне түседі. Оны аяқтаған соң Ақкөл орта мектебінде жұмысын жалғастырды.



1972 жылдан 1984 жылға дейін Ақкөлдегі «Қарлығаш» балабақшасында меңгеруші болды. 1984-1988 жылдар аралығында Ақкөл орта мектебінің директоры болып қызмет етті. Кейін сол мектепте психолог болып қызмет атқарды. 2001 жылдан бастап, он жылдай Үшжарма орта мектебінде директор болды. Еңбек еткен жылдарында Білім министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, «Оқу ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.



Гүлжамаш Бекжігітқызы 1950 жылы 13 желтоқсанда Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының математика факультетін бітірген. Еңбек жолын Көктал аулындағы Ахметов атындағы орта мектепте бастаған.

1978-1979 оқу жылынан 2015-2016 оқу жылына дейін Ақкөл орта мектебінде жұмыс істеп, зейнетке шыққан. «Еңбек ардагері» және «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен, «Оқу ісінің үздігі» төсбелгісімен және «Құрмет» грамотасымен марапатталған.



Бейсентай Жандыбекұлы 1911 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы басталған кезде майданға аттанып, 1943 жылы Москва түбіндегі шайқаста хабарсыз кеткен.

1890 жылы туған ағасы Жандыбекті 1928 жылы қыста Кеңес үкіметінің асыра сілтеу саясатының салдарынан ешқандай сұрақ-жауапсыз, сот үкімінсіз, бір түнде Ақкөл ауылының пошта үйінің кеңсесінде атқан. Барлық туысы қудалауға ұшыраған. Бейсентай туыстарымен бірге Шелек ауылына көшіп барып, майданға сол жақтан аттанған.





Сәрсентай Жандыбекұлы 1916 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Шелек ауылында шағыр-балғалы руынан шыққан Мықтыбекқызы Орынбасармен отау құрған. 1942 жылы қаңтар айында Ұлы Отан соғысына аттанып, 9 желтоқсанда Сталинград түбіндегі шайқаста қайтыс болып, сол жерге жерленген. Сәрсентай майданға аттанған кезде әйелі Орынбасардың аяғы ауыр екен. 1942 жылдың 3 қыркүйекте Жандыбекова Анар Сәрсентайқызы өмірге келген. Анардың 3 баласы бар.

Жандыбек Сәмбетұлы шамамен 1850 жылдары Қаратал өңірінде дүниеге келген. 5 ұл және 5 қыз тәрбиелеп-өсірген. Қыздары туралы ақпарат жоқ. Ұлдары туралы ақпарат төмендегідей:

Жалдыбек Жандыбекұлы 1890 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1928 жылы Кеңес үкіметінің асыра сілтеу саясатының салдарынан ешқандай сұрақ-жауапсыз, сот үкімінсіз, бір түнде Ақкөл ауылындағы пошта үйінің кеңсесінде атылған. Артында Ажар деген қызы мен Орынбек деген ұлы бар.

Сейітбек Жандыбекұлы 1893 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1931 жылы атылған. Ұрпағы қалған жоқ.



Мұқтар Жандыбекұлы 1896 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1931 жылдардағы ашаршылық нәубеті тұсында Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтары ата қонысын тастап, күнкөріс қамымен жан сауғалап, ұрпақтарын аман сақтап қалу мақсатында Алматы облысы, Шелек ауданына көшкен. Қытай еліне көшіп жатқан қалың қазақпен бірге 16 жасар Мұқтар кеткен. 1977 жылы 81 жасында Қытай жерінде қайтыс болған. 2 ұл, 6 қызы болған.

Бейсентай Жандыбекұлы 1911 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысында қайтыс болған. Ұрпағы қалған жоқ.

Сәрсентай Жандыбекұлы 1916 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысында қайтыс болған. Соңында Анар деген қызы бар.



Ажар Жалдыбекқызы 1924 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1931 жылы әкесі атылған соң туыстарымен Алматы облысы, Шелек ауданына көшкен. 1949 жылы Бақанасқа көшіп келген.

Бақанас ауылындағы ветстанцияда 40 жыл бухгалтер болып, сол жерден зейнетке шыққан.

2007 жылы Бақанас ауылында қайтыс болған. Ализа және Гүлнар деген қыздары бар.





Анар Сәрсентайқызы 1942 жылы 9 қыркүйекте Алматы облысы, Шелск ауылында дүниеге келген.

1949-1959 жылдары Бақанас орта мектебінде оқыған. 1959 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы КазПИ-дің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1964 жылы бітірген. 1964-1971 жылдар аралығында Бақанас орта мектебінде қызмет атқарған. 1971-1996 жылдары Қапшағай қаласындағы №3 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып істеген. 1997 жылы зейнетке шыққан. Үш баласы, 4 немересі бар.



Алдабеков Махажан 1950 жылдың 10 сәуірінде Алматы облысы, Шелек ауданы, Масақ ауылында дүниеге келген. Үш баласы бар.

1967 жылы Шелек ауылындағы Абай атындағы орта мектепті бітірген. 1968 жылдан 1971 жылға дейін Алматы облысы, Шелек ауданы, «Горный садовод» совхозында жұмысшы болған. 1971 жылы Алматы зооветеринарлық институтына түсіп, 1976 жылы кең профильді зооинженер деген мамандық алып шығады. 1976 жылдан бастап 1981 жылға дейін Шелек ауданы Қызылжиде қой совхозында бордақылау кешені бастығы болды.

1981 жылдың наурыз айынан 1994 жылдың қыркүйек айына дейін Шелек ауданы, Қызылжиде қой совхозында бас зоотехник болып қызмет етті.



227

Шелек

Шелек (Шелек)



1994 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1999 жылдың наурыз айына дейін Шелек сүт зауыты директоры болды.

1999 жылдың сәуір айынан 2002 жылдың 16 маусымына дейін Шелек ауданы Куликовский племсовхозының директоры болды.

2002 жылдың 16 маусымынан 2013 жылдың сәуіріне дейін Шелек ауданы әкімі аппаратында бас маман болып істеді.

2010 жылы «Еңбекші қазақ» ауданының Құрметті азаматы атағын алған.

2013 жылдың сәуір айынан бастап зейнетке шықты. Қазақ, орыс, ұйғыр тілдерін жетік меңгерген.



Алдабекова Жамиля 1977 жылы Алматы облысы, Шелек ауданында дүниеге келген. Әкесі Алдабеков Махажан көп жыл малшаруашылық саласында қызмет еткен. Анасы Оспанова Батима Абай атындағы мектеп-гимназияда география пәнінің мұғалімі болған.

1994 жылы Шелек ауылындағы С.М.Киров атындағы мектепті бітіріп, Алматы Мемлекеттік медицина институтының Емдеу факультетіне оқуға түсті. 2001 жылы оқуын бітіріп, терапевт-дәрігер маманы болып шықты. Еңбек жолын 2001 жылы Алматыдағы Қазақ ғылыми-зерттеу институтында кардиолог-дәрігер ретінде бастады. 2006 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Медицина ғылымдарының кандидатты. Жоғарғы санаттағы кардиолог. Алматы қаласының Бас кардиологы.



2009 жылдан бері Қалалық кардиология орталығында бөлім меңгерушісі болып жұмыс істейді.

Қазақ-Ресей медициналық университетінде кафедра ассистенті болып, көптеген жас мамандарға кардиология, терапия пәндерінен сабақ береді.

Ж.М.Алдабекованың медицина саласының кәсіподақ ұйымдарынан, қала әкімшілігінен, жұмыс орнының әкімшілігінен алған көптеген марапаты бар. Тұрмыс құрған, үш ұлдың анасы.

ЖАУЫРЫНҒА ҚАРАП АЙТАТЫН ЖІПТІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ



Байшегір бабаның Сеңгетай руынан шыққан Ысабай Көпешұлы әулие дәрі-қалта ұстаған. Өз заманында емшілік, көріпкелділікпен шұғылданған. Сонымен қатар, сауатты, көзі ашық, көкірегі ояуте бай, ауқатты адам болған екен.

Ысабай әулие әйелі Нұрқатша құрсақ көтергенде, дүниеге келер бала ұл екенін білген. 1928 жылы Алматы облысы, Шелек ауданы, Масақ ауылында ұлы дүние есігін ашқанда, азан шақырып Сұлтан деп атын қойып, қойдың жауырынымен ауыздандырған екен.

Бала Сұлтан он жасқа толғанда әкесі Ысабай әулиенің ауыздандырған жауырынына қарап, барлығын көзімен көргендей болжайтын болған.

Әкем Көштекұлы Көпжасар: «Бақанас ауылында көнекөз қариялар Сұлтаннның үйіне келіп: «Сұлтан, жауырыныңды көр-



ші, қырға қақпан құрып кетіп едім, қақпанға түскен олжа бар ма?» — деп арнайы үйге іздеп келетін. Сонда Сұлтан жауырынына қарап тұрып: «Сіздің қақпаныңызға қоян алдыңғы аяғынан түсіпті, сіздікіне артқы аяғынан түсіпті» деп ауыл қарияларына дөп басып айтып беретін», — дейді.

Сұлтан Ысабайұлы 1958 жылы Бекетайқызы Ырысжанмен отау құрып, 5 баланың әкесі атанған. 1960 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылына қоныс аударып, қызмет жолын 1962 жылы колхозда қойма меңгерушісі болып бастаған. 1969 жылы Бақанас орман шаруашылығында қызмет атқарған. 1980-1991 жылдары ДЭУ-де жұмыс істеп, сол жерден зейнеткерлікке шыққан.

2005 жылы Бақанас ауылында дүниеден озған. Артында қалған ұрпақтары бар.



Сұлтан қараған жауырын

Шығармаларының жинағы
Бекетбай (Шығармалар)





Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай, Дөнен, Көштекей, Нәдірден Нұрлыбек, Бозжігіт, Бейжігіт, Ақжігіт, Құсайын.

Бозжігіттен Тұрсынқұл, Бейжігіттен Қарлығаш тарайды. Ақжігіт пен Құсайын көзі ашық, сауатты, хат танытын болғандықтан, 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, Кеңес үкіметінің асыра сілтеу саясатының салдарынан жазықсыз сотталған. Ақжігіт Сібірге айдалып, хабарсыз кеткен. Құсайын Сарыөзекте түрмеде отырып, хабарсыз кеткен.



Қалияқ Нұрлыбекұлы 1912 жылы 1 қаңтарда Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1980 жылы 68 жасында Бақанас ауылында қайтыс болған. Сол ауылда жерленген.

Жұбайы — Үмітбала Дүкенбайқызы (руы — Ақтеке). Ұлдары — Әмір, Өмірзақ, Өмір; қыздары — Қаламқас, Нұржамал.

1941 жылы Балқаш аудандық әскери комитетінен майданға аттанып, 1946 жылы елге оралған. Калининград қаласына дейін барған. Бірнеше орден, медальмен марапатталған.

Елге келісімен Іле өзенінде ГОХ, «Вьюга»-Шкипер катерінде магрос болып жұмыс істеп, 1972 жылы зейнетке шыққан.



Сол жақтан:
Клара, Өмір,
Айнаш,
Өмірзақ, Әмір,
Жақсыгүл



Аятбек Сәдібекұлы 1899 жылы Бақанаста дүниеге келген. Мал бағу, аң аулау және тары егу шаруашылығымен айналысқан. Жұбайы – Сәдібекова Мінтай Адасбайқызы 1910 жылы дүниеге келген (руы – Күшік) Әжеміз 15 баланы дүниеге әкелген «Алтын жұлдыз» медалінің иегері. Ашаршылық, соғыс кезінде жеті баласы белгісіз ауруға шалдығып, 5-6 жасқа толмай қайтыс болады. Сол балалардың ортасында Ордабай, Абжапар әкелеріміз де болған. Соғыстан кейін Жолсейіт, Құлсейіт, Нүрсейіт, Байсейіт, Сейтқұл атты ұлдары және Мағрипа деген қызы дүниеге келіп, ұрпақты жалғастырады. Аятбек ағамыз 1972 жылы, Мінтай әжеміз 1983 жылы қайтыс болған. Қарағашта жерленген.



Ордабай Аятбекұлы 1935 жылы дүниеге келген. Ірі денелі, бойы 2 метрге жақын, мінезі салмақты, аузынан артық сөз шықпайтын, қатал тәртіпті сақтайтын, намысты жоғары қоя білетін, арқасы жерге тимеген палуан кісі болғанын ел аузынан естиміз.

Еңбек жолы 1955 жылы әскерден келген соң басталды. Ата кәсіпті қолға алып, мал бағуға кіріседі. Басқарбай, Қалтай, Шәймерден, Тұрсын, Жәкежан деген достарымен бірге Сарымойын даласында көп жыл бойы шопан болған. Өзара



социалистік жарысқа түсіп, Ордабай Әміржанов бірнеше рет ауылдың атақты шопаны атанған.

1985 жылы жылқы бағу жұмысына ауысып, Сарымсайынның Малайсары асуының етегіндегі Қоянбай деген жерге көшеді. Сыдықбай ақсақал істеген кәсіпті әрмен қарап жалғастырады. Бұл кәсіпке ауысуға себеп болған — жылқы тани білуі еді. 15-20 жыл бойы баптаған сәйгүліктері бәйгеде топ жарғанын ел көрді.

Еңбек жолында «Еңбек ардагері» медалімен, «Социалистік жарыстың жүлдегері» төсбелгісімен және бірнеше рет «Атақты шопан» алғыс хатымен марапатталған.

1999 жылы қайтыс болды. Миялыда жерленген.

Достарының арасында беделді кісі болған екен, оған дәлел ретінде бойдақ кезінде болған бір оқиғаны айта кетейік. 1956-57 жылдары көрші ауылда Өренай деген бір әдемі қыз болыпты. Сол қызға Шапай деген жігіт ташық екен. Оны естіген әкеміз Шапай досына келіп: «Дайындалығыңдар, бүгін келін түседі бұл үйге», — деп ескертіп кетіпті. Кешке ауылды шарлап жүріп Өренайды бір туған күнде отырған жерінен көтеріп алып кетіпті. Жанында келе жатқан Шапай досына: «Аласың ба осы қызды?» десе, Шапай: «Иә», — депті. Өренай: «Менің Алматыда жігітім бар», — деген екен. Әкеміз оған ауылда да жігіттер бар екенін айтыпты. Содан Өренай келін болып түседі. Ертесі күні Алматыдан жігіттер келіп: «Шық бұл үйден, кеттік Алматыға», — депті. Өренай: «Осында қаламын» деп жауап қайтарған екен әлгі жігіттерге. Ары қарайғы мәселені Орыкең шешіпті. Содан кейін алматылық жігіттер ауылға ат ізін салмапты. Арада көп жыл өткен соң Шапай мен Өренай жарастырған досына келіп рахмет айтқан екен.

Достарының көбін тура осылай өзі үйлендірген екен. Ол табыстырған отбасы ажыраспапты.






Жұбайы Тастанкүл екеуі тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Анамыз «Алтын жұлдыз» медалінің иегері. Ұлдары — Қали, Фани, Әли, Мәди, Әди; қыздары — Ләззат, Перизат, Салтанат, Гүлзат. Қали Миялы ауылында сумен жабдықтау мекемесінде жұмыс істейді. Фани совхоз кезінде көлік техникасын игеріп, шопыр (жүргізуші) болып жұмыс істеді. Кейін ауыр көлік жүргізіп, кәсібін жалғастырды. Әли мен Әди екеуі әкеден қалған кәсіпті қолға алып, Малайсары асуының етегінде орналасқан көмейдегі Қоянбай жерінде «Ордабай» шаруа қожалығын дөңгелетіп отыр. Мәди мектеп жасында математика пәнінен аудандық, облыстық олимпиадаға қатысып, бірнеше рет жүлде алған. Әскерде Украинада болған. Үйленіп, жас кезінде қайтыс болды. Соңында ұлы Дастан қалды.

Әміржанов Ордабайдың қыздары Алматы, Бақанас жаққа гүрмыс құрып, қызметте болып, жиендерін өсіріп отыр.

ЖЫЛҚЫ ТАНИТЫН ӘКЕЛЕР

Атам қазақтың жылқы танып, баптап, жаратып, бәйгеге, көкпарға қосып, сайыстарда бойындағы намысты додаға салып өткенін бәріміз білеміз. «Намысты қолдан бермеу» деген сөз ата-бабамыздың өмірлік ұраны болған десем, қателеспеген болармын. Қарағаш ауылындағы Ордабай, Төлеген, Қалкен (жиен), Көшкін т.б. әкелеріміз бас қосып отыра қалса, баптаған жылқыларын айтатын. Айтқанда бабымен айтады: қандай жылқы, қандай үйірден, мінезі қалай т.б. қылығын бүге-шүгесіне дейін баяндайды.

Ордабай мен Төлеген әкелеріміз жылқы танытын кісі болғанын халық біледі. Көптеген бәйгеде топ жарған жылқыларды осы кісілер баптаған. Сол жылқылардың арасында Орда-





бай әкеміздің баптаған үлкен Торы, Күреңтөбел, кіші Торы Балқаш ауданында ұзақ жылдар аламан бәйгені бермеген.

1980 жылдың басында Іленің жағасында Қаракөл жерінде аудандық (облыстық) көлемде өткен малшыларды құрметтеу жиынында (слетта) үлкен Торы бәйгеден бірінші келіп, алғашқы жүлдені әкелді. Шабандоз болып жүйріктің тізгінін ұстаған бауырымыз Одабайұлы Мәди болатын, сол кезде небәрі 8 жаста. Бапкер әкеміздің негізгі мақсаты — аламан бәйгеге қатысу, жүлделі бір орынға іліну, сәйгүліктің жүрісін байқап көру. Бірақ, адамның ойлағынындай болмайтынына көз жетті. Топ болып шауып келе жатып, соңғы екі айналым қалғанда шабандоздар аттың басын жіберіп қоя берді. Сол кезде Торы топ жарып, жеке-дара шығып, бірінші келетіні әкеміздің ойына кіріп шықпаған екен. Егі қызып, қаны қайпаған Торы аттың үстіндегі шабандоз Мәди мәреден тоқтамай өтіп: «Бас бермейді» деп айқайлап өтеді де, шауып кете береді. Дес бермей тағы бір айналымға кеткен Торының артынан төрешілер қуалап, біраз шуылдатқан кезі болған. Көрермендер арасында отырған әкемізден: «Оу, Ордеке, не болды мынау?» деп сұраса: «Қайда барады дейсің, Көктал, Қаройдан қайтады ғой», — деп айтқан екен. Алдыңғы бәйгеде Қалкен ағамыздың баласы Данияр баптаған Үйсінбай қасқа деген сәйгүлік келіп жүрген екен.

Келесі жылы Торы тағы сайысқа түседі. Жеке-дара келе жатып, бір заттан үркіп, бас бермей сайыс алаңынан шығып кетіп, төрешілер қайырып қайта қосқан кезде, екінші келеді. Сол жылы бірінші болып Қаройдың аты келеді. Шабандозы — Медет. Одан кейін Торының орнына Күреңтөбел келді.

Күреңтөбелді әкеміз құлын кезінде төрт қойға Қуат деген кісіден айырбастап алған екен.

Ол кезде әкеміз Сарымойында қой бағатын. Екі жылдай баптап, алғаш рет 1983 жылы аламан бәйгеге қосады. Сол



жылы Күреңді және Торыны бәйгеге қосатын болғандықтан, дайындық ерекше болды. Үй көшіріп апарамыз деп әкеміз шешім қабылдайды. Себебі істейтін жұмыс, келетін қонақ көп. Ордабай әкеміз осы жиында Күреңтөбел топ жаратынына жүз пайыз сенім артты.

Дөнежін жасындағы Күреңтөбелге Мәди, Торы атқа Әли отырып, әке батасын алып, бәйгеге аттанды. 6-7 айналымда Торы аяқтан кетіп, сайыстан шықты. Күрең жетінші айналымға екінші болып өтті. Одан кейін жеке-дара кеткеннен мәреге жалғыз келді. Шамамен кейінгі бес жыл бойы осы жануар ауданда бірінші орынды бермеді. 1987 жылы Малайсары асуының етегінде Күзексай жерінде болған малшылардың жиынында Күреңтөбелдің дәурені өтті. Сол тойда Күреңтөбелмен бірге баптаған кіші Торыны бәйгеге қосты. Мәди Күреңде, Мансүрұлы Бағыжан кіші Торыда шабады. Күрең төртінші, кіші Торы алтыншы болып келді. Сол кезде әкеміз екі аттың бетіне қарап тұрып: «Мынау келесі жылы келеді» деп айтты да, қолын бір сілтеп, жасыл «москвичке» отырып кетіп қалды. 1988-89 жылдары кіші Торы бәйгеден топ жарғанын халық көрді.

Атты баптау дегенді сол кезде көрдік. Әкеміздің атқа деген жеке күн тәртібі бар екенін, онда беретін жем-шөбі, суғаратын уақыты, шомылдыратын уақыты, суытатын (жарата-тын) уақыты, демалатын уақыты, түнгі шөп-жемі, т.б. көптеген жұмыстар қамтылған. Режим бұзылғанын әкеміз жылқының көзіне қарап біліп қоятын. Жылқы танитын адамдар деп осындай кісілерді айтса керек.

Бір күні қызық болды. «Сағат 15.00 аттарды шомылдырыңдар», — деді әкеміз. Содан Мәди мен Бағыжан жұмысты ертерек істеп тастайық деп, 14.30-да екі атқа отырып, шомылдырып келді. Әкеміз қатты ашуланды. «Тұрыңдар, мына



жерге! Қазір тоқымды үстілеріңе жауып, байлап қоямын. Ыстыққа қалай шыдайтындарыңды көрейін сосын», — деді.

Әкеміздің жақын досы Базылбеков Қалтай ағамыз бір жиында: «Оу, Ордеке, бәйге аттарының күйі қалай?» — деп сұраған ғой. Әкеміз: «Күйі жаман емес, өз аттарыңның күйі қалай?» — депті. Сөйтсе Қалтай ағамыз: «Ордеке, бәріміз сізге қарап отырмыз, біздікі далбаса ғой», — деп Сарымойын даласындағы малшылардың көңілін бір көтерген екен.

Катал мінезді әкеміз жылқы танитынын, адамдардың ақыл айтқанын жақтырмайтын. Өзі ешкімге ақыл айтпайтын. Ақыл сұрағандарға: «Ақылың жетпесе, оны неғылайын деп едің?» — деп жауап беретін.



Суретте Ордабай әкеміздің балалары мен немерелері



Сол жақтан
оңға қарай:
Ордабай
әкеміз,
Әли, Мәди,
Тастанкүл
анамыз,
Гүлзат



Абжапар Аятбекұлы 1938 жылы 14 шілдеде Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. 1944-1952 жылдары Бақанас орта мектебінде оқыған.

1952 жылы еңбек жолын Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас совхозында тракторшының көмекшісі болып бастаған. Екі жылдан кейін есепші (санаушы) болып қызметін жалғастырады. 1959 жылы екі жылға әскер қатарына шақырылып, Мәскеу қаласында әскери борышын өтейді. Әскери қызметті абыроймен атқарып, елге оралады. 1961 жылдан бастап Бақанас совхозында жүргізуші, экономист, бухгалтер, кадрлар даярлау бөлімінің бастығы лауазымына дейін көтеріліп, 1996 жылы зейнетке шығып, сол жылы Қапшағай қаласына қоныс аударады. Әкеміз «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Жұбайы Күләш Сүлейменқызы Қарағаш орта мектебінде ұзақ жыл мұғалім болып істеп, балаларға білім мен тәрбие беруде орасан еңбек сіңірген. «Еңбек ардагері» және «II дәрежелі көпбалалы ана» медальдарымен марапатталған. «Еңбек сіңірген мұғалім» атағының иегері. Әкеміз екеуі бес баланы тәрбиелеп-өсіріп, немере-шөбере сүйген кісілер. Балалары Алматы облысы, Балқаш ауданындағы Қарағаш орта мектебінде орта білім алған. Абжапар әкеміз 2001 жылы Күләш анамыз 2020 жылы қайтыс болып, Қапшағайда жерленген.



Орынғали Абжапарұлы 1963 жылы дүниеге келіп, 1985 жылы ААСИ жоғары оқу орнын бітірген. Архитектура және құрылыс салаларында жұмыс істеген. Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Ақтау, Қапшағай қалаларында әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлер салу бойынша көп жыл қызмет етіп, кейін жеке кәсібін ашып, Алматы қаласында жұмысын жалғастырған.

Гүлсима Абжапарқызы 1965 жылы дүниеге келген. 1984 жылы Совет сауда техникумын бітіріп, кейін Алматы қаласының Халық шаруашылық (Нархоз) институтын және КазАТК оқу орнын бітірген. Экономист, бухгалтер және қаржыгер болып Алматы қаласындағы «Казтрансгаз» АҚ-да көп жыл жұмыс істеп, 2016 жылдан бастап жеке кәсіпкершілікпен айналысқан.

Нұрлан Абжапарұлы 1967 жылы дүниеге келген. 1990 жылы Қазақ ауыл шаруашылық институтын бітірген. Алматы, Қапшағай қалаларында инженер болып істеген. Кейін «ІПаңырақСтройСервис» құрылыс компаниясын ашып, көп жылдан бері жетекшілік етіп келеді. Сонымен қатар, «ДинараГрупп» корпорациясы жетекшісінің құрылыс жұмыстары бойынша орынбасары және «ОазисПроект» құрылыс компаниясының бас директоры болып жан-жақты жұмыс жүргізген.

Гүлжазира Абжапарқызы 1969 жылы дүниеге келген. 1989 жылы Алматы қаласының УКТ техникумын бухгалтер мамандығы бойынша бітірген. Сондай-ақ, «Нархоз» институтын қаржыгер мамандығы бойынша тәмамдаған. Банк салаларында әртүрлі лауазымда қызметте болған. Кейін Алматы қаласында жеке кәсіппен айналысқан.



Шынар Абжапарқызы 1971 жылы дүниеге келген. 1993 ҚазБСҚА-ны инженер-құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдап, 1994 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің Қапшағай қаласы бойынша аудандық пайдалану бөлімінде қызмет еткен. 2006 жылы «Қапшағай сәулет», «Маревен» және «КазМегаГаз» мекемелерінде инженер, сәулетші болып істеген.



Суретте Абжапар әкеміздің балалары мен немерелері



Жолсейіт Айтбекұлы 1942 жылы дүниеге келіп, 1968 жылы 26 жасында қайтыс болып, Қарағашта жерленген.

Жұбайы Сағымбекова Баян (руы - Күшік).

Қырғызстан Республикасы Бишкек қаласында автодорожный техникумды оқып бітірген. Еңбек жолын Қарағаш ауылында (Бақанас совхозында) көлік жүргізушісі болып бастаған. 1967 жылы үйленіп, келер жылы жол апатынан қайтыс болғаннан кейін ұлы Нұрмолда 1968 жылы дүниеге келген.



Байсейіт Айтбекұлы 1951 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақтоғай (Қарағаш, Миялы) ауылында дүниеге келіп, 1994 жылы 43 жасында қайтыс болған. Бақанас ауылында жерленген. Әкесі – Айтбек, анасы – Мінтай. Жұбайы – Тілеухан Есенбайқызы (руы – Албан). Балалары: ұлдары – Ерлан, Тұрлан, Руслан; қыздары – Ләйлә, Гүлназ.

Миялы (Қарағаш) ауылындағы орта мектепте оқыған. 1969-1971 жылдары Отан алдындағы борышын өтеген. 1971-1975 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылық институтын бітірген.

Еңбек жолын 1968 жылы Бақбақты ауылындағы күріш совхозында бастап, Бақанас совхозында бухгалтер, Балқаш аудандық Ішкі істер бөлімінде милиция қызметкері, ПМК Қапшағай «Тяжстройда» прораб және қамтамасыз етуші, ДЭУ-34 жол мекемесінде прораб, қамтамасыз етуші болған.



Суретте сол жақтан оңға қарай: Тілеухан, Тұрлан, Ерлан, Руслан, Байсейіт



Аятбекова Ләйла Байсейтқызы 1977 жылы 6 наурызда Бақанас ауылында дүниеге келген. 1994 жылы мектепті аяқтап, Алматы бизнес колледжін «Тамақтандыруды ұйымдастырушы технолог» мамандығы бойынша 1996 жылы бітірген.

2002-2006 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын физика-информатика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шыққан

2019 жылы қосымша Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің дефектолог мамандығын алған.

Үшжарма орта мектебіне 2004 жылы физика-информатика мамандығымен жұмысқа орналасып, әртүрлі ұлт өкілдеріне екі тілде білім береді.

Қазіргі таңда Үшжарма негізгі орта мектеп жанындағы интернатты 11 жыл абыройлы басқарып келеді.

Аудан, облыс бойынша арнайы алғыс хаттар, грамоталармен марапатталған.

Отбасылы. Жолдасы — Жумашев Болат Мейірманұлы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі



Сейтқұл Айтбекұлы 1953 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1992 жылы 39 жасында қайтыс болған Бақанаста жерленген. 1969 жылы Бақанас ауылында мектепті бітіріп, кейін жүргізуші курсы оқып, еңбек жолын шопыр болып бастаған. Кейінгі жылдарда автобус жүргізушісі категориясын алып, Бақанас-Алматы жолаушылар та-



сымалдау мекемесінде автобус айдаған. Өз ісіне өте жауапты болды.

Жұбайы – Заурехан Адамбайқызы Аятбек келіні (руы Андас) Ұлы – Азамат; қыздары – Гүлжанат, Гүлшат Балалары жоғары оқу орнын бітірген, әртүрлі қызметте істейді.

242



Аятбеков Азамат Сейтқұлұлы 1980 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Бақанас орта мектебін аяқтаған. Алматы байланыс колледжіне түсіп, 2001 жылы аталмыш оқу орнын радиотехник мамандығы бойынша тә-

мамдаған. 2008-2012 жылдары Алматы Энергетика және байланыс университетінің радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы бойынша оқып бітірген. Еңбек жолын 2001 жылдың мамыр айында Балқаш аудандық телекоммуникация торабында станциялық цехтың электромонтеры болып бастаған. 2008-2012 жыл аралығында төлқұжат және техникалық есепке алу инженері болып жұмыс атқарды. 2012-2016 жылдар аралығында аталмыш мекемеде өндіріс бастығы лауазымында болды. 2016-2018 жылдары Балқаш желілік-техникалық цехының бастығы лауазымына тағайындалды. Қазақтелеком АҚ құрмет грамоталарымен марапатталған.

2018 жылдан бастап Іле ауданының желілік-техникалық цехының 1-санатты жетекші инженері болып қызметін атқарып келеді.

Жұбайы – Шолпан Орынбасарқызы (Балғалы). Ұлдары – Санжар, Айсұлтан, Мақсат, Арнұр; Қыздары – Айзере, Сымбат.



Аятбекова Гүлжанат Сейтқұлқызы 1982 жылы 2 қазан айында Балхаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. Жоғарғы білімді заңгер. Бүгінгі күнде халыққа қызмет көрсету бөлімінде жұмыс атқарады. Отбасылы 1-қыз, 2-ұлы бар.



Аятбекова Гүлшат Сейтқұлқызы 1988-жылы 25-ші қазанда Балхаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. 2006-2010 жылы Қыздар педагогикалық университетін бітірген. Мамандығы педагогика психолог мұғалім. Алматы қаласында «143» түзету балабақшасында психолог. Жоғарғы білімді.

Отбасылы 1-қыз, 2-ұлы бар.

Бекпенбет, Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай, Дөнен, Құлман, Үмбет, Тілеубай, Тілеуқұл, Терлікбай, Байбектен Тойбике.



Тойбике Байбекқызы 1920 жылы Балқаш ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2002 жылы 82 жасында қайтыс болған. Ақдала маңындағы (Нефтебаза) қорымда жерленген.

Бақанас ауылында әртүрлі мекемелерде жұмыс істеп, зейнетке шыққан.



Шеңкелі

Байбектен (Шеңкелі)





Болат Терлікбайұлы шамамен 1890 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1942 жылы қайтыс болғаны туралы ақпарат бар.

Жұбайы — Әптай Сағынбекқызы. Ұлдары — Билібай, Қайрат. Басқа мәлімет жоқ.



Билібай Болатұлы 1929 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1996 жылы 67 жасында қайтыс болған. Бақанас ауылында жерленген.

Жұбайы — Зейнезәріп (руы — Қойлыбай). Ұлдары — Мұрат, Марат, Нұрат, Дәулет; қызы — Ботагөз.

Жас кезінен есепші жұмыстарын үйреніп, еңбек жолын 1948 жылы Алматы облысы Балқаш аудандық тұтынушылар одағының бас есепшісі қызметінен бастаған. 1954 жылы Республикалық Кооперация техникумын бухгалтер мамандығы бойынша бітірген. Кейін Алматы облысы Шелек аудандық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары болып қызмет еткен. 1961 жылы Алматы облысы, Кербұлақ ауданындағы Гвардия дайындау кеңсесінің директоры болған. 1970-1980 жылдары Балқаш ауданындағы ПМК-5, ПМК-6 құрылыс мекемелерінің бас есепшісі, 1990-1995 жылдары Бақанас ет комбинатында аға есепші болып қызмет еткен. 1994-1995 жылдары Бақанас ауылындағы №147 училищеде сабақ берген. Біраз шәкірт дайындаған. Молдахметов Мейрамбек, Шеңгелбаев Рахым, Досбаев Болатхан, Айдарбеков Есенгелді секілді шәкірттері бар. Ауданның сауда және кооперация саласына көп еңбек етті.



Марат Билібайұлы
1960 жылы Алматы облысы,
Шелек ауданы, Шелек ауы-
лында дүниеге келген. Бақа-
нас орта мектебін бітірген.
Жұбайы — Гүлбақыт Қа-
лиасқарқызы. Ұлы — Абай;

245

қыздары — Арайлым, Тоқжан.

Еңбек жолын 1977 жылы АЖМК-80-де жұмысшы болып бастаған. 1978 жылы жүргізуші курсы бітіріп, 1979-1986 жылдары «Боролдай» автоколонасында шопыр болып істеген. 1981 жылы Өскемен жол құрылыс институтына сырттай оқуға түсіп, 1987 жылы инженер-механик мамандығын алып шыққан.

1986-1993 жылдары Балқаш аудандық ауыл шаруашылық өнеркәсіп бірлестігінің аға жетекшісі, бас инженері, 1993-1998 жылдар аралығында Бақанас жолаушылар тасымалдау мекемесінің бастығы, «Бақанас-Тұлпар» ААҚ президенті, Балқаш аудандық ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру ассоциациясының президенті, 1999-2007 жылдары «Дархан» шаруа қожалығының меңгерушісі, 2007-2012 жылдары аудандық тұрғын үй шаруашылық және жолаушылар көлігі бөлімінің бас маманы, 2012-2017 жылдары аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы, 2017-2019 жылдары аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы, 2019 жылдың қаңтар айынан қыркүйек айына дейін аудандық құрылыс бөлімінің басшысы, 2019 жылы қыркүйек айынан аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің басшысы қызметін атқаруда.

Аудан халқының тыныс-тіршілігіне белсене араласып, ауданның экономика және тұрғын үй шаруашылық, автомо-

Шығармалары

(Шерекет)

Билібайұлы



биль жолдары және жолаушылар көлігі саласының дамуына көп үлес қосқан.

1995-98 жылдар аралығында Балқаш аудандық мәслихатының депутаты болып сайланған.

246

Дәулет Билібайұлы 1966 жылы Балқаш ауданының Қарой ауылында дүниеге келген. Жұбайы — Сейілханқызы Гүлайхан. Ұлы — Билібай Елдос. 1973-1983 жылдары №1 Бақанас орта мектебін тәмамдаған. Сол 1983 жылы Қараганды бүкілодақтық кооперативтік институтына түсіп 1990 жылы экономист мамандығы бойынша толығымен бітіріп шығады. 1985-1987 жыл аралығында Кеңес армиясының қатарында әскери борышын өтеген. Еңбек бастамасын 1990 жылы Балқаш аудандық тұтынушылар одағында экономист мамандығымен бастайды. Кейін өз мамандығы бойынша 1990-1994 жылдары Ақдала шаруашылық сауда бірлестігіне Бірлік ауылына бас экономист маманы ретінде ауысады. 1994-1995 жылдары Балқаш ауданы Әкімінің экономика бөлімінің бас маманы, 1995-1996 жылдары Алматы облысы монополияға қарсы және баға саясаты бойынша бас маманы, 1996-1997 жылдары Қазақстан Әуе жолдары авиакомпаниясының бас ревизоры қызметінде болды. Негізгі еңбек жолын Қаржы саласында атқарған. 1997-2015 жылдары аралығында Алматы қаласы бойынша салық комитетіне қарасты Түркісіб ауданында, Жетісу ауданында, Алмалы ауданында, Әуезов ауданында, Алматы облысы бойынша салық комитетіне қарасты Талдықорған қаласында, Іле аудандарында салықты мәжбүрлеп өндіріп алу бөлімінің бас маманы, бөлім басшысы қызметін атқарған. Қазіргі таңда Алматы қаласында «Тәртіп акционерлік қоғамы» бойынша қаржы басқармасының бас ревизоры.



Қайрат Болатұлы 1936 жылы Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 2006 жылы 70 жасында қайтыс болған. Ақдалада жерленген. Бақанас орта мектебін

бітірген. 1957-1960 жылдар аралығында әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын Беларусь мемлекетінде өтеген. 1960 жылы Алматы қалалық гидромелиоратив техникумына түсіп, құрылысшы мамандығы бойынша бітірген.

Ецбек жолын 1963-1998 жылдар аралығында мамандығы бойынша туған өлкесінде бастаған. Балқаш ауданының дамуына зор үлес қосқан. Бақанас ауылындағы орталық аурухананы, Бақбақты ауылдық ауруханасын, Ақдала ауылының мәдени ошақтарын, мектеп, тұрғын үйлердің салынуына атсалысқан. 1969 жылы Ақкөл ауылында болған су тасқыны кезінде шайылып кеткен бір ауылды қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін құрылыс жұмыстарына басшылық жасаған. 1998 жылы зейнетке шыққан.

Жұбайы — Маржанкүл Мұханбайқызы (руы — Шапырашты). Ұлдары — Ардақ, Айбын. Алмас.





Жақатай Айдабекұлы 1920 жылы Балқаш ауданының Бесінші ауылында дүниеге келіп, 1988 жылы 68 жасында қайтыс болған. Шелек ауылында жерленген. Әкесі — Айдабек Терлікбайұлы (туған жылы белгісіз), шешесі — Мәрсұлу Елеусізқызы (1893-1975жж.). 8 құрсақтан аман қалғаны — бір ұл, бір қыз. Әкеміздің қарындасы Бибігүл қазір Алматы қаласында тұрады. 1932 жылы әкеміз жақын туыстарымен Шелек өңіріне қоныс аударған. Әкесінен ерте айырылған соң шешесі және қарындасымен бірге ашаршылық уақытында колхозда жұмыс істеп, күн көрген. 1939 жылы әскер қатарына шақырылады. Беларусь елінде Брест қамалында шекара күзетінде НКВД әскерінде борышын өтеген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен алғашқы күндері ұрыс майданында фашистердің бомбалауында қалған. Снаряд тиіп, аяғынан, белінен, мойнынан қатты жарақат алады да, тұтқынға түседі. Сол уақытта 21 жаста еді. Концлагерь тұтқыны болып, азап шекті. 1944 жылы Совет әскерлерімен азат етіліп, жаяу әскер құрамына қабылданады. Германияға дейін барып, жеңіспен оралады. 1945 жылы елге оралып, еңбекке араласады. 1946 жылы немістер тұтқынында болдың деген айыппен 10 жылға Сібірге қуғындалады. 1953 жылы ақталып, Шелекте Воршилов колхозына механизатор болып жұмысқа орналасады. 1958 жылы шаңырақ көтереді.



Жұбайы Ләтипа Хабарқызы (руы – Күшік) екеуі 9 бала тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары – Бақатай, Бақтыбай; қыздары – Бақтықыз, Гүлнәр, Гүлбақыт, Әлия, Сания, Қарлығаш, Маржан. Қазір сол балаларынан немере-шөбере көріп отырған жайы бар. Кейін Совет үкіметі әкемізді «Ерен еңбегі үшін» орденімен марапаттады. 1980 жылы зейнетке шыққан.



Бибігүл Айдабекқызы 1926 жылы Алматы облысы Балқаш ауданы Бақанас ауылында дүниеге келген, 2021 жылы 95 жасында қайтыс болды. Алматы қаласында жерленген. Ұлы Отан соғысы кезінде еңбек майданында әскери қызметте болып, «Еңбек ардагері» атанған.

1965 жылы ауыл жастары атындағы Тескенсу орталық мектебінің толық курсы бітірген. Еңбек жолын 1943 жылы Алматы облысының Шелек ауылдық қожалығында даярлық статисті қызметінен бастап, Шелек аудандық «Верный путь» артелінде есепші-кассир, Шелек аудандық райком партиясының парткабинетінде кітапхана меңгерушісі, Қаражота ауылдық советінің секретары, Қазақстан ауылдық советінің секретары, Қазақстан совхозында балабақша меңгерушісі, Анатольевка ауылындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып жалғастырған. 1983 жылы зейнетке шыққан.

«Еңбек ардагері», «Жеңістің 50 жылдығы», «Жеңістің 55 жылдығы», «Жеңістің 60 жылдығы», «Жеңістің 70 жылды-



ғы», «Жеңістің 75 жылдығы», «II дәрежелі көпбалалы ана» медальдарымен марапатталған. Бес баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген ардақты ана



Үсенбай Байділдаұлы 1925 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келген.

1942 жылы 17 жасында Шелек аудандық әскери комиссариатынан өзіне бір жас қосып, яғни «18 жастамын» деп, майданға аттанған. Хабарсыз кеткен.



Нүрсейіт Сарбасұлы

1946 жылы Шелек ауданы, Масақ ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебін бітірген. Еңбек жолын 1965-67 жылдары Бақбақты күріш совхозында жұмысшы болып бастаған. Сосын Алматы қаласындағы «Нархэз» институтын экономист мамандығы бойынша бітірген. Кейін Бақбақты совхозында есепші-экономист, 1993-1996 жылдары Жеңіс совхозында директор қызметін атқарған. 1996-2007 жылдары «Малайсары» АФ бас экономисті, Бақбақты селолық округінде бас маман болып жұмыс істеген. 2009 жылы зейнетке шыққан. 2010 жылдан бастап Бақбақты селолық округінің ардагерлер алқасының төрағасы. 2014 жылы «Балқаш ауданының Құрметті азаматы» атанды. «Тың және тыңайған жерлерді игеру және Сеңгербаевтың 100 жылдығы» медалімен марапатталған.



Екі әйелі болған. Бәйбішесі Жексенқызы Бикеинен (руы – Арғын) Нариман деген ұлы мен Анар, Жанар, Махаббат атты қыздары туған.

Екінші әйелі Әшімбекқызы Нағимадан (руы – Күшік) Дастан деген ұлы дүниеге келген.



Солдан оңға қарай: Анар, жеңгеміз Нағима, Жанар, Махаббат,
Отырғандар: Нариман, әкеміз Нүрсейіт



Суретте Нүрсейіт ағамыз Д.Қонаев атамызды
қарсы алып тұр. 1980 жыл

251

Шығармалары

(Шығармалары)

Бәйбішесі



Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай,
Дөнен, Арық, Жанұзақ, Қасымнан Қаншайым.



Қаншайым Қасымқызы 1941 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Бақанас ауылындағы Орман шаруашылығының кадр бөлімінде жұмысқа кіріп, кейіннен осы мекеменің есепшісі (бухгалтер) болып қызмет атқарып, 1996 жылы 27 жылдық еңбек өтілімен зейнетке шыққан. 1985 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Асхат, Асқар деген екі ұлды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. Қазір немере-шөбере сүйіп отырған асыл әже.



Қасымұлы Тоқтарбай 1939 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2003 жылы 64 жасында қайтыс болған. Желтораңғы ауылында жерленген.

Ақкөл ауылында орта мектепті бітірген соң, еңбекке ерте араласып, осы совхоздың қойын баққан. Еңбегінің ауырлығына байланысты денсаулығы сыр беріп, Балқаш ауданына қарасты Желтораңғы ауылына көшіп келген. 1979 жылы 2-топтағы мүгедектігімен зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы – Күлилә Есжанқызы (руы Жылгелді). Балалары: ұлдары – Қобыланды, Жаңбырбай, Жанат, Болат; қызы – Света.



Жаңбырбай Тоқтарбайұлы 1963 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. Осы ауданға қарасты Желтораңғы ауылындағы орта мектепті оқып бітірген. 1981-1983 жылдары әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын Бурятия мем-

лектінде өтеп келген. Әскерден келісімен еңбек жолын совхозда құрлысшы болып бастаған. 1984 жылы Намазбайқызы Салтанатпен жаңырақ көтеріп тұрмыс құрған.

2000 жылы Алматы облысы Іле ауданы Құйған ауылына көшіп келіп тұрақтаған.

Жұбайы – Салтанат Намазбайқызы (руы Албан), төрт баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Балалары; ұлдары – Серіққали, Жанболат; қыздары – Светлана, Әсем.



Суретте
Аяулым. Аянат,
Әсем, Асылым,
Салтанат,
Жаңбырбай,
Жанболат, Ақжол,
Айдана, Серіққали.



253



Шығармалары

(Шығармалары)

Жаңбырбай





Көштек Ерұзақұлы 1899 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген.

1930-33 жылдардағы ашаршылық нәубеті тұсында Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарымен бірге Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылына көшкен. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған кезде, туыстарымен бірге алғашқы кәшпен елге оралып, Бақанас ауылына тұрақтаған. 1942 жылы Балқаш аудандық әскери комиссариатынан майданға аттанып, 1943 жылы хабарсыз кеткені туралы хат келген. Майданға аттанған кезде артында жұбайы Тезекбайқызы Қымызтай (руы — Күшк), ұлы Көпжасар қалды.



Көпжасар Көштекұлы 1936 жылы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылында дүниеге келіп, 2020 жылы 84 жасында қайтыс болған. Ақдала ауылының оңтүстік шығыс жағындағы зиратта кемпірінің қасына жерленген.

Жұбайы — Торғай Әлмағанбетқызы (руы — Арықтыным, Едіге-Еденбай). Ұлдары — Талғат, Марат, Азамат, Мыңжасар; қыздары — Мейраш, Зинаш, Эльмира.

1941 жылы Балқаш ауданына қарасты Бақанас ауылына көшіп келген. Осы ауылда орта мектепті оқып, бітірген.

Әкесіз өскендіктен еңбекке ерте араласқан. 1955 жылы Тасмұрын МТС-іне комбайнер-механизатор, одан кейін Бақанас ауылындағы аудандық тұтынушылар одағы (Райпо) мекемесінде Газ-67, Газ-69, Газ-51, Зис-131 (Полуторка) жүк көліктеріне



жүргізуші болып жұмыс істеген. Ауданның жолдамасы бойынша, 1960 жылы Алматы облысы, Талдықорған қаласындағы Сауда кооперативінің техникумын дүкен меңгерушісі мамандығы бойынша оқыған. 1970 жылы Қазақ ССР-нің Ауыл шаруашылық министрлігінің Талғар ауыл шаруашылық техникумына түсіп, 1974 жылы агроном мамандығы бойынша бітірген.

1971 жылы Бақанас ауылындағы «ППЧ-12» өрт сөндіру мекемесіне өрт сөндіру автокөлігінің жүргізушісі болып қызмет еткен. Үзіліссіз 25 жыл жүргізуші болып жұмыс істеп, 1996 жылы зейнеткерлікке шыққан. Адал еңбегі мемлекет тарапынан ескерусіз қалмай, «Еңбек ардагері», «Өрттен қорғау қызметіне 100 жыл» медальдарымен марапатталған.

Қазақ ССР-нің ІІМ-нің қаулысы бойынша, 1989 жылы №180 санды куәлігіне сәйкес Көшптеков Көпжасар бірінші дәрежелі «За работу без аварий» төсбелгісімен марапатталған.

Балалары әр салада қызмет еткен. Немере-шөбере сүйіп өткен ата.



Суретте Көпжасир ақсақалдың ұрпақтары



ЕҢБЕК ОРДЕНІН АЛҒАН АСЫЛ АҒА



Асубай Естекұлы 1938 жылы Алматы облысы, Шелек ауданы, Шелек ауылында дүниеге келіп, 2000 жылы қайтыс болған. Еңбекшіқазақ ауданы, Қайыпов (Жаңатұрмыс) ауылындағы мұсылман зиратына жерленген.

Жұбайы — Күлбүбі Үмбетқызы (Орта жүз, Қара Қаңлы). Ұлдары — Дүйсен, Серік; қыздары — Бану, Фалия. Немере-шөбере сүйген.

1963 жылы әскер қатарына алынып, Орал қаласында әскери қызметте болған.

Еңбек жолын 1962 жылы Алматы облысы, Шелек ауданына қарасты Қаражота ауылында Қызылжиде қой совхозында қойшы болып бастап, 1969 жылға дейін шопан болған.

Одан кейін Қаражота ауылында 25 жыл механизатор болып жұмыс істеген. Тек жақсы жағынан көріне білген. 1963 жылы Алматы қаласында өткен бірінші Республикалық жас малшылар жиынында (слетында) делегат болып сайланған. Еңбегі бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» және «III дәрежелі Еңбек ері» ордендерімен, «Еңбек ардагері», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл», «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 20 жыл» медальдарымен және «Социалистік сайыстың жеңімпазы» төсбелгісімен марапатталған. 1991 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Бұл мәліметтерді Асубай Естекұлы көзі тірісінде өз қолымен жазып кеткен.

Суретте Кылбѣт, Асубай, Фауах.



Фрагмент (Уштарак) Шамшад

257





ҚҰРАНДА АЙТЫЛҒАН КӘСІПТІ МЕҢГЕРГЕН ЖІГІТ

258

Әңгімемді бастамас бұрын, өзім жайлы дерек көзін ашайын. Қымызтай шешемнің айтуы бойынша, сұрапыл қиын заманда, халық аш-жалаңаш, аштан қырылып жатқанда, Жалайырдың Байшегір бабасының Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының ру басшылары: «Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылына көшеміз. Ол жақта тіршілік көзі бар екен. Сол жаққа жетсек аштан өлмесіміз, ұрпағымызды аман алып қалуымыз керек», — деген соң, ауыл тұрғындары түгелдей Шелекке көшіп барған екен.

Шелекке келгенде шешемнің күйеуі Тастанбай (Бекпенбет (Шегелек) руының Қосақ атасынан шыққан) мен төрт баласы аштықтан қайтыс болғандықтан, ру басшылары «қазақ жесірі мен жетімін жылатпаған» деп, шешемді Бекпенбет (Шегелек) руының Сеңгетай атасынан шыққан Ерзақұлы Көштекке тұрмысқа берген екен. Сөйтіп, 1936 жылы мен, Көштекұлы Көпжасар Шелек ауылында дүниеге келіппін.

Әлі есімде 5 жасымда Шелек ауылына көшіп барған Бекпенбет ұрпақтары елге қайта көшті, бірақ кейбір бауырларымыз бен қыздар сол жақта қалып қалды. Қайта көшкен кезде Сеңгетай руындағы жалғыз кішкентай бала мен едім. Қазіргі аудан орталығы Бақанас ауылына келіп қоныстандық.

1942 жылы жаз айында әкем Ерзақұлы Көштекті Ұлы Отан соғысына алып кетті. Келер жылы, яғни 1943 жылы әкемнің хабарсыз кеткені туралы хабар келді. Содан бері үйдегі барлық шаруа менің мойныма жүктелді. Әкесіз өскендіктен ерте есейіп, бала кезімнен шаруамен айналыстым.

1960 жылы Бақанаста тұрған І Пахомов деген орыстан бал арасын асырауды үйрендім. Сөйтіп ата-бабамда болмаған

Сеңгетай руы ұрпақтары



кәсіппен айналысып, омарташы болып шыға келдім. 2020 жылға дейін 60 жыл бал арасын асырадым. Бал арасын бағып қана қоймай, ауылдың бірнеше тұрғынын осы кәсіпке баулып, омарташы қылып шығардым. Бұрынғы қариялар мен апалардан көргенім бойынша, ара шақтыру арқылы емдеумен де айналыстым. Суық тигенге, буын, бүйрек, асқазан ауруларына ем-дом жасайтынмын.

1960 жылы Мәскеу қаласында орыс тілінде шығатын «Пчеловодство» журналына жазылдым. Осы журнал 1986 жылға дейін Мәскеу қаласынан Бақанасқа, яғни менің үйіме келіп тұрды.

Кейін білдік қой, балдың шипа болатыны жайлы қасиетті Құранның өзінде айтылған екен. «Нахл», яғни «Бал арасы» деген сүреде былай депті: «Әрі Раббың бал арасына білдіріп: «Таулардан, ағаштардан және адамдардың тұрғызғандарынан ұя жасап ал. Содан кейін әрбір жемістерден жеп, Раббыңның бағындырған жолдарымен жүр», — деді. Олардың (аралардың) іштерінен алуан түсті ішетін зат шығады. Онда (балда) адамдар үшін шипа бар. Міне, мұнда ойланып қарайтын адамдар үшін белгі-ғибрат бар» («Нахл» сүресі, 68-69-аяттар).

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, бал арасы жинаған балдың ары кетсе 5 пайызы олардың бүкіл қажеттілігіне (тамағына, ұрпағына) жетеді екен, қалғаны — артық (дәл солай екенін өзім де көріп жүрмін ғой). «Сонда не үшін артық жинайды?» десеңіз, біз үшін, адам баласының игілігі үшін жинайды екен. Міне, Алланың құдіреті! Міне, Алланың мейірімі!..

Ендігі арманым — осы бір пайдалы да сауапты істі балаларымның бірі жалғаса екен деген тілек. Солай боларына сенемін де! Алла жеткізсін!





260



Көпжасар ақсақал немерелерімен. Оң жағында Ботакөз, сол жағында Бексұлтан, алдыңғы қатарда Айбар-Али, Айша, Үміт

КӨП БАЛАЛЫ АРДАҚТЫ АНА



Арықтыным (Қосымбет), Сүтемген, Өтес, Назар, Тәңірберген, Едіге (батыр), Тінәлі, Байбақ, Ырысқұл, Тұрысбек, Жобалай, Әлмағамбеттен Торғай.

Торғай Көшпек келіні 1938 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Қарой ауылында, Едіге-Еденбай

Сызуғалы аты ұялы телефоны



руында дүниеге келіп, 2007 жылы 69 жасында қайтыс болған. Ақдала ауылының оңтүстік-шығыс жағындағы зиратқа жерленген.

Әкесі Жобалайұлы Әлмағамбет көзі ашық, ескіше сауат ашып, хат таныған кісі болыпты. Ұлы Отан соғысы басталғанда өз еркімен майданға аттанған. Соңында жұбайы Шолпанкүл мен 3 жасар қызы Торғай қалған. Әкесі соғыс майданынан ауылға хат жазғанда, өлеңдетіп жазатынын шешеміз айтып отыратын.

Анамыз 1958 жылы Бақанас ауылының тұрғыны, Жалайырдың Байшегір бабасының Бекпенбет (Шегелек) руынан шыққан Көштекұлы Көпжасарға тұрмысқа шығып, шаңырақ көтерген. Ұлдары — Талғат, Марат, Азамат, Мыңжасар; қыздары — Мейраш, Зинаш, Эльмира.

1969 жылы Талғар қаласындағы медициналық училищені медбике мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Бақанас ауылындағы Балқаш аудандық орталық ауруханасында медбике болып бастап, зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеген. Анамыздың қадір-қасиетін, адамгершілігін, қонақжайлығын ауызша айтып жеткізу мүмкін емес. Бір жақсы қасиеті — үйге келген адамның, жасына, жынысына, ұлтына қарамастан асты-үстіне түсіп қонақ қылып күтіп алатын.

Ел аузында қалған оқиғаны қағаз бетіне түсіре кетейік: бір күні үйдегі телефон безілдеп қоя береді. Анамыз трубканы көтерсе, арғы жағынан: «Балапансың ба?» — депті. «Жоқ, Торғаймын» деп жауап беріпті. Трубканың арғы жағындағы кісі: «Балапан не, Торғай не, бәрі бір емес пе?» деп қалжыңдаған екен.



262



Суретте: қыздары Мейраш, жолдасы Көпжасар, Зинаш, Эльмира Түрегеп тұрған ұлдары Мыңжасар, Талғат, Азамат, Мират



Зинаш Көпжасарқызы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. Жамбыл ауданының Бас Мемлекеттік санитария дәрігері.

1978-1985 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина институтын гигиенист-дәрігер мамандығы бйынша бітірген.

Сәулетші аты ұлалықтары



Санитария-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру саласындағы жоғары санаттағы дәрігер. Еңбек жолын 1985 жылы Балқаш аудандық СЭС-тің гигиенист-дәрігері, бөлім меңгерушісі болып бастаған. 1988 жылы Кеген аудандық СЭС-тің бас дәрігері болып тағайындалған. 1991-94 жылдары Кеген аудандық советінің депутаты болып сайланған. Ана мен баланы қорғау комиссиясының төрайымы. Кеген ауданында СЭС-тің бас дәрігері болып қызмет атқарған кезінде Санитария-эпидемиологиялық станциясына жаңа ғимарат алуына үлкен ықпал. 1997 жылы мамыр айынан бастап Райымбек ауданының бас санитария дәрігері лауазымына тағайындалған. 1997 жылдан бастап Жамбыл ауданының бас мемлекеттік санитария дәрігері қызметін атқарған.

Халықтың санитария-эпидемиологиялық салауаттылығын арттыру саласында аянбай еңбек еткен. Жамбыл ауданы Тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасында еңбек еткен жылдары өзін тек қана жақсы жағынан көрсете білген. Медицина ғылымдарының кандидаты, PhD доктор.

Жамбыл және Райымбек аудандарының құрметті азаматы атағын алған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Шапағат», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы» медальдарымен марапатталған.



Талғат Көпжасарұлы 1963 жылы Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебін бітірген. 1981-83 жылдар аралығында әскер қатарына шақырылып, Ресейдің Чита облысындағы Борзя қаласында өтеп келген. Қазақ Ұлттық аграрлық университетін қаржыгер мамандығы бойынша бітірген.





1983-1996 жылдар аралығында Балқаш аудандық автокөлік тасымалдау мекемесінде қызмет атқарған. Осы жылы Бақанас ауылында «Айтуар» дүкенін, 2007 жылы «Айтуар» мейрамханасы мен наубайханасын жұбайы Пашырханқызы Ұлжанмен бірге ашып, іске қосқан. Жеке кәсіпкерлікпен айналысып, халыққа қызмет көрсетіп келеді.

Жұбайы – Рахманова Ұлжан Пашырханқызы (руы – Ұлы жүз, Жалайыр). Қыздары – Әйгерім, Ардақ, Қарлығаш.



Азамат Көпжасарұлы 1970 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. 1987 жылы В.И.Ленин атындағы Бақанас орта мектебін бітірген. 1993 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын гигиенист-эпидемиолог дәрігер мамандығы бойынша, 2004 жылы әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетін қаржыгер мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Қапшағай қаласы санитария-эпидемиологиялық станциясының санитария бөлімінің маманы қызметінен бастаған. 1996-2004 жылдары Балқаш ауданы бойынша санитария-эпидемиологиялық қадағалау Басқармасының бастығы қызметін атқарған. 2004-2013 жылдар аралығында «БанкТұранӘлем» АҚ-да түрлі лауазымда қызмет еткен. 2013 жылдан бері «Банк-ЦентрКредит» АҚ-ның Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы бойынша проблемалы несиелермен жұмыс атқару кеңсесінің басқарушысы.

Жұбайы – Жанат Жұбатқанқызы (Кіші жүз, Әлім). Ұлы – Бексұлтан; қыздары – Айжан, Ботакөз.



265

Жамбыл (Шығыс)



Мыңжасар Көпжасарұлы 1972 жылы 22 қыркүйекте Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебін бітірген.

1990-92 жылдар аралығында әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын Германияда өтеп келген.

Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Алматы облысы, Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімінде бастап, 2005 жылы Балқаш аудандық ішкі істер бөліміне ауысып, тергеуші, аға тергеуші, жедел уәкіл, көші-қон полиция бөлімінің бастығы, Балқаш аудандық ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілген. Шені — полиция подполковнигі.

Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін 10 жыл, 15 жыл медальдарымен марапатталған.

2003 жылы Алматы облысы бойынша «Үздік тергеуші» деп танылып, Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімінің атынан Астана қаласына тергеудің 40-жылдығына орай өткен конференцияға жолдама алып, Ішкі істер министрі Қ.Сүлейменов «ІІМ үздік қызметі үшін» төсбелгісін табыстады.

Ішкі істер органдарындағы «I дәрежелі маман» төсбелгісімен, көптеген алғыс хат, мақтау қағазбен марапатталған.



Жұбайы – Ақбота Шәкірқайыпқызы (руы – Тоқал Байшегір). Бірінші әйелінен ұлы – Дінмухамед; қызы – Әсемжан. Екінші әйелінен ұлдары – Айбар-Али, Омар, Байшегір; қыздары – Айша, Үміт.

Қазіргі уақытта «Шегелек» шаруа қожалығының төрағасы.

266



Әйгерім Талғатқызы 1987 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. Б.Бейсекбаев атындағы орта мектепті бітірген. 2005 жылы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің емдеу ісі мамандығына түсіп, 2011 жылы аяқтап шыққан. 2011-12 жылдары Қазақстан-Ресей медициналық университетінен интернатура деңгейін бітірген. 2020 жылы Қазақ медицина университетінен медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алған.

Еңбек жолын 2012 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданының орталық ауруханасының босану бөлімінде дәрігер акушер-гинеколог қызметінен бастаған. 2015-17 жылдары жүкті әйелдер патологиясы, 2017 жылы әйелдерге кеңес беру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 2017 жылы №10 қалалық емханасында акушер-гинеколог болған. 2017-



18 жылдар аралығында №5 қалалық перзентханада акушер-гинеколог және С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің акушерия және гинекология кафедрасының ассистенті қызметін атқарған. 2018 жылдан Перинатология және балалар кардиохирургия орталығының акушер-гинеколог және ультрадыбыстық диагностика дәрігері. 2019 жылдан Қазақ-Ресей медицина университетінің акушерия және гинекология кафедрасының ассистенті қызметін атқарған.

2018 жылы Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі Республикалық кеңес төрағасы М.Тоқашбаевтың бұйрығымен «Медицина саласының үздігі», 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен денсаулығын сақтауға сіңірген абыройлы еңбегі үшін Ұлттық медициналық ассоциациясының президенті А.Садықованың бұйрығымен «Алтын дәрігер» медальдарымен марапатталған.








БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) РУЫНЫҢ СЕҢГЕТАЙ АТА ҰРПАҚТАРЫ


268

Сеңгетай ата ұрпақтары










Бекленбет (Шығалек) шежіресі






Төлүктөй апа үрөлдүгү






2112






БЕРДИҒҰЛ





КӨШТЕКЕЙ




Махамбет (Шығармалары)









Қосақ ата
царландылары





Кенжебек Талдыбайұлы 1896 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Қаратал ауданында дүниеге келіп, 1978 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында 82 жасында қайтыс болған. Сол ауылда жерленген.

Екі әйелі болған: бәйбішесі — Бидайшиева Нүргүл (руы — Күшік) екінші әйелі — Қасымбекова Дәнекүл (руы — Күшік). Ұлы — Қанат; қыздары — Мейрам, Нұрсұлу, Аңса.

Кейіннен Балқаш ауданына қарасты Көрпекөк деген жерге көшіп келген. 1941 жылы Еңбек армиясына алынып, елге 1945 жылы бір-ақ оралған. 1958 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылына көшіп барып, зейнеткерлікке шыққанша совхозда құрылысшы болып жұмыс істеген.



Қайранбай Сандыбайұлы 1893 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Қаратал ауданында дүниеге келген. 1975 жылы 82 жасында Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында қайтыс болып, сонда жерленген.

Жұбайы — Тәттібике Донбайқызы (руы — Күшік). Ұлдары — Елубай, Ербай; қыздары — Рәзия, Төлеу, Рабиға.

Кейінірек Балқаш ауданының Көрпекөк деген жеріне көшіп келген. Ашаршылық кезінде Іле өзенімен ағысқа қарай жүріп отырып, Майлабасқа көшіп барған. Ақкөл ауылы колхоз болып ұйымдасқан кезде Бекпенбет (Шегелек) руынан шыққан Тәукебаев Дәнтай колхоз бастығы болып, Ақкөл ауылына көшіріп алған. Колхоздың сиырын баққан. Ұлы Отан соғысы басталған кезде колхоз бронимен майданнан алып қалған. Зейнеткерлікке шыққанша сол колхозда жұмыс істеген.



Қайранбайұлы Елубай 1942

жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1993 жылы 51-жасында қайтыс болған. Ақкөлде жерленген. Бақанас орта мектебін бітірген. 1960 жылы әскер қатарына

шақырылып Отан алдындағы борышын Брест қаласында өтеп келген. Еңбек жолын Ақкөл ауылында бастаған. Жақсы жұмыс атқарғаны үшін, еңбегі бағаланып мақтау грамоталары мен медальдармен марапатталған.

Жұбайы Ермуканбетова Айгул (руы Күшік). 1949 жылы дүниеге келіп, 2005 жылы 56-жасында қайтыс болып Ақкөлде жерленген. 7 баланы дүниеге әкеліп тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлдары – Ербол, Қыдырбай, Сайлаубек, Дауысбек; қыздары – Дариға, Гулмира, Фанима.



Қайранбайұлы Ербай

1946 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіріп, 1962 жылы Талғар қаласында ауыл шаруашылық техникумын

тәмәмдаған. Еңбек жолын Ақкөл ауылында бастап 2009 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Жұбай Абдікерімқызы Айтбала, (руы Күшік). Балалары: ұлы – Ерлан; қыздары – Фарида, Әсел. Кіші қызы Әсел 2011 жылы мезгілсіз қайтыс болып, Ақкөл ауылында жерленген.



280

Қайырбай Сандыбайұлы

Қайырбай Сандыбайұлы 1895 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Қаратал ауданында дүниеге келіп, 1975 жылы 82 жасында Ақкөл ауылында қайтыс болған. Сол ауылда жерленген.



Елтай Қайырбайұлы 1937 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2010 жылы 73 жасында қайтыс болған. Бақбақты ауылында жерленген.

1945 жылы Ақкөл ауылындағы бастауыш мектептің бірінші сыныбына қабылданып, 1956 жылы Бақанас ауылындағы В.Молотов атындағы орта мектепті жақсы бітірген.

Еңбек жолын 1956 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл ауылындағы Ауылдық тұтынушылар бірлестігінде кассир, есепші болып бастаған.

1957-1960 жылдары Беларусь ССР-нің Брест қаласында Кеңес армиясы қатарында азаматтық борышын өтеген. Әскер қатарында борышын өтей жүріп, Саяси жетекшілер курсы бітірген.

1960-1963 жылдары Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл кеңшарында Комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарған.

1963 жылы Алматы зооветеринарлық институтын бітіріп, ғалым-зоотехник біліктілігін иеленген.



Жоғары оқу орнында оқып жүрген жылдары ҚазССР-нің, КСРО-ның грек-рим және еркін күрес түрлері бойынша еңбек сіңірген жаттықтырушысы Пётр Филиппович Матушактың жетекшілігімен еркін және самбо күрестерінде біраз жетістіктерге жеткен.

Елтай Қайырбайұлы саналы ғұмырында ауданның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосты. 1963 жылдан бастап 1993 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Балқаш ауданының және қазіргі Кербұлақ ауданының шаруашылықтарында: Ақкөл кеңшарында, Ж.Бәрібаев атындағы кеңшарда, Шеңгелді мал бордақылау шаруашылығында, Ақкөл кеңшарының №2 Көкжиде фермасында, Октябрдің 50-жылдығы атындағы күріш кеңшарында, Бақбақты күріш кеңшарында, Балқаш аудандық Тұтынушылар қоғамына қарасты Шаруашылық есептегі сауда бірлестігінде зоотехник, селекционер-зоотехник, жұмысшылар комитетінің төрағасы, сүт-тауарлық кешен басшысы, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаушы, бас зоотехник қызметтерін атқарды.

Жұбайы Бақытай Дәрібайқызы 1937 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Көкжиде ауылында дүниеге келіп, 2004 жылы 67 жасында қайтыс болған. Бақбақты ауылында жерленген.

1945 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы, Сарыбұлақ ауылындағы Сарыбұлақ сегізжылдық мектебінің бірінші сыныбына қабылданып, 1956 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылындағы В.Молотов атындағы орта мектепті үздік бітірген.

1957-1962 жылдар аралығында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Филология факультетінде білім алған.



Еңбек жолын 1956-1960 жылдар аралығында Қазақстан КП (б) Балқаш аудандық комитетінде хатшы-референт маман болып бастаған.

1960-1962 жылдары Ақкөл орта мектебінде Пионерлер ұйымының жетекшісі қызметін атқарған.

1962 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейінгі саналы ғұмырын Балқаш ауданының Көкжиде, Ақкөл, Октябрьдің 50-жылдығы атындағы, Бақбақты ауылдарындағы мектептерде жас ұрпақты қазақ тілі мен әдебиетінің қайнар бұлағынан сусындатуға арнады.

Бақытай Дәрібайқызы жары Елтай Қайырбайұлымен бірге 8 бала тәрбиелеп-өсірген асыл ана, «Алтын алқа» иегері, көп жылдар бойы шәкірт пен бала тәрбиесін қатар алып жүрген ұлағатты ұстаз еді.



Аманжол Елтайұлы 1963 жылы 19 мамырда Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген.

1969 жылы Ақкөл орта мектебінің бірінші сыныбына қабылданып, осы мектепті 1979 жылы үздік бітірген.

Еңбек жолын Алматы облысы, Балқаш ауданы, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы күріш кеңшарында жұмысшы, тракторшы болып бастаған.

1986 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтын, 1998 жылы Академиялық заң институтын, 2007 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық университетін үздік бітірген. Мамандықтары: инженер-құрылысшы, заңгер, қаржыгер.

2019 жылы Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистратурасын құқықтану мамандығы бойынша үздік бітіріп, заң ғылымдарының магистрі дәрежесін иелен-



ген. Қазіргі уақытта осы жоғары оқу орнының докторанты.

Қазақстан Республикасында жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді конституциялық-құқықтық реттеу және заңгер тұлғасының кәсіптік психологиялық өзгеріске ұшырау мәселелері жөніндегі құқықтық-психологиялық ғылыми зерттеулері 30-дан астам ғылыми мақалалар мен баяндамалар түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, халықаралық және республикалық басылымдарда жарияланған. «Ғылым және білім саласындағы сөздердің орысша-қазақша сөздігі» авторларының бірі.

1986-87 жылдар аралығында Кеңес армиясы қатарында азаматтық борышын өтеген.

1987 жылдың желтоқсаны мен 1997 жылдың мамыр айлары аралығында Алматы облысы мен Алматы қаласының шаруашылықтарында: Бақбақты күріш кеңшарында, «Казтеплоизоляция» трестінде, «Алматымелиорация» Жобалау Құрылыс Пайдалану бірлестігінің 108-жылжымалы механикаландырылған колоннасында, «Үшқын» мемлекеттік шағын кәсіпорынында, «Алтынқұм» акционерлік қоғамында, «Алматы жолдары» акционерлік қоғамының Балқаш өндірістік-жол басқармасында комсомол комитетінің хатшысы, қазандықтар бастығы, құрылыс учаскелерінің және өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, басқарма бастығы, директор, президент қызметтерін атқарған.

1997 жылдың маусымы мен 2001 жылдың қазан айлары аралығында Алматы және Астана қалаларында Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінде, Денсаулық сақтау, білім, мәдениет және спорт министрлігінде, Білім және ғылым министрлігінде Шаруашылық басқармасының басшысы, Заң бөлімінің жетекші маманы, Шаруашылық



басқармасы Құқықтық бөлімінің басшысы, Заң бөлімінің бас маманы, Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2001 жылдың қазаны мен 2007 жылдың сәуір айлары аралығында Астана қаласында «Қазақ гуманитарлық-заң университеті» акционерлік қоғамы Президентінің (ректорының) кеңесшісі, Әлеуметтік-экономикалық даму департаментінің директоры, Күрделі құрылыс басқармасының басшысы, Кадр-құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, «Қазақ гуманитарлық-заң университеті» АҚ-ы «Топ-ЮрАудит» заң және консалтинг фирмасы» ЖШС-інің бас директоры қызметтерін атқарған.

2007 жылдың сәуір айынан бастап 2008 жылдың ақпан айына дейін Қырғызстан Республикасының Бішкек қаласында «АТФ Банк-Қырғызстан» Акционерлік қоғамы басқарма төрағасының кеңесшісі қызметін атқарған.

2008 жылдың ақпан айынан 2018 жылдың наурыз айына дейін «Дарын және Қ» ЖШС-інің директоры, «ҚазАудит-Консалт» заңгерлік компаниясының директоры, «Жетісу» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Құрылыс және жер қойнауын пайдалану департаментінің бас маманы, Жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры, Басқарушы директор, Астана қаласындағы өкілдігінің басшысы қызметтерін атқарған.

2018 жылдың наурыз айынан қазіргі уақытқа дейін Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының Құқықтық қамтамасыз ету және күрделі құрылыс мәселелері жөніндегі проректоры және «ДАТ» Заң кеңсесінің Басқарушы серіктесі қызметтерін атқарып келеді.

Жұбайы Фарида Исабекқызы 1963 жылы 25 қаңтарда Бақанас ауылында туған. Алматы медицина институтының



Өнеркәсіптік жылу энергетикасы мамандығына оқуға түседі. 1993 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық институтына ауысып, 1996 жылы Қазақтың Мемлекеттік аграрлық университетінің Агроөнеркәсіптік кешен салаларындағы экономика және басқару мамандығы бойынша үздік бітірген.

Мемлекеттік аттестациялық комиссияның шешімімен аспирантураға ұсынылып, аспирантураның күндізгі бөлімінде оқып, 2004 жылдың 2 шілдесінде Экономика және халық шаруашылығын басқару мамандығы бойынша «Қазақстан Республикасындағы күріш бағытындағы шаруашылықтардың рентабельділігін арттыру жолдары» тақырыбымен Диссертациялық Кеңес мәжілісінде кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің 2004 жылғы 3 қарашадағы шешімімен (№13 хаттамамен) экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2009 жылдың 23 желтоқсандағы шешімімен (№10 хаттама) Экономика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алған.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінде 1996 жылдың тамызы мен 2018 жылдың қыркүйегі аралығында Ауыл шаруашылығы экономикасы кафедрасында дәрістенуші-зерттеуші лауазымынан бастап, оқытушы, аға оқытушы, доцент, Экономика кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, Экономика және менеджмент кафедрасының меңгерушісі, декан орынбасары, Білім сапасын басқару, Сапа менеджмент жүйесін жетілдіру, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімдерінің басшысы, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыста-



түлегі: балалар дәрігері, тері және венерология, гирудотерапия маманы. Алматы қалалық №4 Емдеу мекемесі Шаруашылық-есеп бөлімшесінің меңгерушісі.

Ұлдары — Дастан, Дарын; қызы — Арайлым.



Айнұр Елтайқызы ҚР «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2008 жылғы ҚР-ның Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы, «Айрықша еңбегі үшін», «Аграрлық білімге, ғылымға және өндіріске қосқан үлесі үшін» төсбелгілерінің иегері, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор.

1974 жылы 26 тамызда Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Әкесі — Қайырбаев Елтай, анасы — Дәрібаева Бақытай.

Марқұм әкесінің қызмет бабына орай, бірнеше мектепте білім алған. 1-сыныпқа Октябрьдің 50-жылдығы атындағы орта мектепке қабылданып, 2-5-сыныптарды Көкжиде ауылының Қызыл Ту орталау мектебінде оқып, 5-сыныптың VI тоқсанында Ж.Жабаев атындағы орта мектепке ауысып, 11-сыныпты 1991 жылы бітірген.

Соңғы мектептің жоғары сыныптарында оқып жүргенде көппен тіл табыса алатын белсенді оқушы, аудандағы ең ірі, көпұлтты аралас мектептің комсомол комитетінің төрайымы болып сайланған.

Еңбек жолын 1991 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақбақты ауылындағы Ж.Жабаев атындағы орта мектептің аға пионерлер жетекшісі лауазымынан бастаған. 1991 жылдың қараша айында білім іздеп Қарағанды облысы, Теміртау қаласындағы Завод-ВТУЗ-дың (қазіргі Қарағанды индустриялық университеті) даярлық курсына қабылданып,



ры жөніндегі проректор м.а. лауазымдары мен қызметтерін абыроймен атқарған.

1996-2001 жылдар аралығында Алматы құрылыс және менеджмент колледжінде арнайы пәндер оқытушысы, Қаржы-экономикалық бөлімінің меңгерушісі болып қызметтер атқарған. 1999 жылы жас оқытушы кезінде-ақ Алматы құрылыс және менеджмент колледжінің үздік оқытушысы атағын иеленген.

2006 жылы Алматы гуманитарлық-техникалық университетінің Бизнес және менеджмент институтының директоры, 2007 жылы аталған университеттің тіркеу-офисінің директоры лауазымдарын атқарған.

2018-2019 оқу жылында Д.А.Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының Жалпы білім беру және экономикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, 2019 жылы Алматы университетінің Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры лауазымын атқарған.

Қазіргі уақытта Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Халықаралық туризм менеджменті кафедрасының профессоры болып қызмет атқарады.

Ғалым-педагог «Өндірісті ұйымдастыру және кәсіпорын менеджменті» техникалық мамандықтарға арналған 2008 жылғы оқу құралының бірлескен авторы, «Кәсіпорын экономикасы» экономикалық мамандықтарға арналған 2010 жылғы оқу құралының, «Агробизнес в Казахстане» оқулығының 2014 жылғы бірлескен авторы, «Экономическая безопасность фирмы» атты 2018 жылғы оқу құралының авторы.

Халықаралық журналдарда Scopus базасына 4 мақаласы жарияланған, Хирша индекс деңгейі – 1, дәйексөздердің жалпы саны – 6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым



министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті бекіткен ба-
сылымдар мен ғылыми конференция жинақтарында 165-тен
аса ғылыми мақалалары жарық көрген.

Кәсіби деңгейін жетілдіру бағытында жақын және алыс
шетелдерде: 2009 жылы Қырғызстан Республикасы мен Ре-
сей Федерациясында, 2011 жылы Чехия және 2014 жылы
Польша мемлекеттерінде тағылымдамадан өткен. Республика
деңгейінде біліктілігін арттыру бағытында өткендігін куәлан-
дыратын жалпы 100-ден аса сертификаттардың иегері. Мем-
лекетімізге сапалы мамандар даярлау бағытында 170-тен аса
маман мен бакалаврге, 60-тан аса магистрге, екі PhD докто-
рантқа ғылыми жетекшілік ету арқылы үлес қосқан.

Тұрмыста. Жолдасы Бәрібаев Еркін Қабылдаұлы — жеке
кәсіпкер. Екеуі үш баланы тәрбиелеп отыр.



Дастан Аманжолұлы 1989 жылы 8 мамыр-
да Алматы қаласында туған.

Әкесі — Аманжол Елтайұлы, анасы — Фа-
рида Исабекқызы.

1995 жылы Алматы облысы, Балқаш ауда-
ны, Бақбақты ауылындағы Ж.Жабаев атында-
ғы орта мектептің бірінші сыныбына қабылда-
нып, Алматы қаласындағы №145 мектепте білімін жалғас-
тырып, 2006 жылы Дарынды ұл балаларға арналған Астана
қазақ-түрік лицей-интернатын үздік бітірген.

Америка Құрама Штаттарының «Mu Alfa Zeta» матема-
тиктер ассоциациясы құрмет грамотасының, математика пәні
бойынша оқушылар арасындағы Республикалық ғылыми жо-
балар конкурсы бас жүлдесінің иегері.

2008 жылы Қытай Халық Республикасының астанасы Пе-



кин қаласындағы Қытай Сыртқы істер университетінің шетелдік студенттерге арналған тілдік курсын бітірген.

2012 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық университетін Заң саласындағы бакалавр мамандығы бойынша үздік бітірген.

2016 жылы Ұлыбритания елінің Лондон қаласындағы University Colledg London жоғары оқу орнын Жобалар мен Кәсіпорындарды басқару саласындағы магистр бағдарламасы бойынша үздік бітірген.

Қазіргі уақытта Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің докторанты.

2008 және 2017 жылдар аралығында әр кезеңде «Қазақстандағы Қытай банкі» АҚ-да, «Делойт ТСОФ» ЖШС-де, «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамында бас маман, кенесші-сараптамашы, Араб шығанағы елдері бойынша арнайы өкіл және өзге де қызметтер атқарған.

2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының Стратегиялық департаментінде қызмет атқарып келеді.

Қазақ тілі — ана тілі. Орыс, түрік, ағылшын және қытай тілдерін жетік меңгерген.



289

Шығармалары

(Шығармалары)

Шығармалары



290

Қазіргі ата-қалыңдары



Арайлым Аманжолқызы 1991 жылы 21 сәуірде Алматы қаласында туған.

Әкесі – Аманжол Елтайұлы, анасы – Фарида Исабекқызы.


1998 жылы Алматы қаласындағы №40 мектептің бірінші сыныбына қабылданып, 2009 жылы Дарынды қыз балаларға арналған Астана – Алматы қазақ-түрік лицей-интернаттарын үздік бітірген.

Математика пәні бойынша оқушылар арасындағы Республикалық ғылыми жобалар конкурсының бас жүлдесін иеленген.

2009-2013 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық аграрлық университеті және Erasmus Mundus CASIA бағдарламасы бойынша Slovak University of Agriculture in Nitra (Словакия), академиялық мобильдік бойынша University of Scant Istvan (Венгрия) жоғары оқу орындарында маркетинг саласындағы бакалавр мамандығы бойынша білім алған.

2015 жылы Ұлыбритания елінің Уорвик қаласындағы The University of Warwick жоғары оқу орнын Жобаларды басқару саласындағы магистр бағдарламасы бойынша үздік бітірген.

2015 жылдан бастап Қазақ Ұлттық аграрлық университеті жоғары оқу орнының Халықаралық қатынастар және академиялық мобильдік департаментінің Халықаралық білім беру бағдарламалары бөлімінде бас маман, Астана Халы-





қаралық қаржы орталығының Халықаралық департаментінде бас маман, Nazarbayev University жоғары оқу орнында жоба басқарушысы болып қызмет атқарған.

Қазір Біріккен Ұлттар Ұйымының еншілес кәсіпорыны Unicef Kazakhstan халықаралық ұйымында қызмет атқарады.

2001 жылдың қыркүйегі мен 2008 жылдың мамыр айлары аралығында Астана, Алматы қалаларында балалар музыкалық мектебінде қобыз сыныбы бойынша дәріс алған.

Республикалық және қалалық конкурстардың дипломанты.

Қазақ тілі — ана тілі. Орыс, түрік және ағылшын тілдерін жетік меңгерген.



Дарын Аманжолұлы 1998 жылы 1 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген.

Әкесі — Аманжол Елтайұлы, анасы — Фарида Исабекқызы.

2005 жылы Астана қаласындағы №1 физика-математикалық лицейдің бірінші сыныбына қабылданып, 2016 жылы Алматы қаласындағы №56 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясын үздік бітірген.

2015 жылы Ұлыбританияның Лемингтон Спа қаласындағы Royal Leamington Spa College оқу орнының тілдік курсын бітірген.

Slovak University of Agriculture in Nitra университетінде Халықаралық бизнес мамандығы бойынша білім алған.

Erasmus Mundus CASIA бағдарламасы бойынша Финляндия елінде білімін жалғастырған.

Астана қаласындағы «M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» Жоғары экономикалық мектебін қаржыгер мамандығы бойынша үздік бітірген.



291

Шежіре

(Шығармалар)

Тыңдау





292

Қазақстанның қалалықтары



Халықаралық Конрад Аденауэр атындағы қордың (Германия Федеративтік Республикасы) Орталық Азиядағы стипендиаты.

Қазақстан Қор биржасында бас маман болып қызмет атқарған.

Қазіргі уақытта Германия Федеративтік Республикасының Kleve қаласындағы Rhein-Wall university of applied sciences жоғары оқу орынының магистранты.

2007 жылдың қыркүйегі мен 2014 жылдың мамыр айлары аралығында Алматы қаласындағы «Арман» балалар музыкалық мектебінде фортепиано сыныбы бойынша дәріс алған. Қалалық және облыстық байқаулардың дипломанты.

2003 қаңтары мен 2015 жылдың тамыз айлары аралығында Астана қаласындағы «Каратэ» орталығында каратэ-киокушинкай және Алматы қаласының «Достық» спорт кешенінде дзюдо күресінен дәріс алған. Республикалық және қалалық жарыстардың жеңімпазы.

Қазақ тілі — ана тілі. Орыс, ағылшын, неміс тілдерін жетік меңгерген.



**Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Мәті, Қосақ, Ырысбай,
Боқыш, Ертөле, Батырбек.**



Молдахан Батырбекұлы 1908 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1977 жылы 69 жасында Шелек ауданы Бабатоған ауылында қайтыс болып, сол ауылда жерленген.

Екі әйелі болған: бәйбішесі Шайжан Киізбайқызы (руы — Балғалы) 1912 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1991 жылы қайтыс болған. Шелек ауылында жерленген. Одан туған ұлдары — Қадыржан, Әділхан, Қадырхан, Әлім, Камшат; қыздары — Сағым, Сәуле, Аршахан.

Екінші әйелі Биғайша Сексенқызы (руы — Албан) 1922 жылы Кеген ауданы, Алғабас ауылында дүниеге келген. 2000 жылы қайтыс болған. Шелек ауданы Қаражота ауылында жерленген.

Ұлдары — Әбіл, Әнсат, Мұнай, Жақып, Брес; қыздары — Тұмарша, Тоқбике, Кенжетай, Шошақыз.

1931-32 жылдары ашаршылық кезінде Шелек ауданы, Бабатоған ауылына көшіп келіп, сол жерге қоныстанған.





Күзербай Садырбекұлы 1904 жылы Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1973 жылы 69 жасында қайтыс болып, Шелек ауданы Қаражота ауылында жерленген.

1927 жылы жазықсыз жауапқа тартылып, Сібірге жер аударылған. 1934 жылы ақталып, елге оралған. Осы жылдан бастап Шелек ауданы, Бабатоған колхозында еңбек еткен. 1942 жылы Ұлы Отан соғына шақырылып, 1947 жылы Прибалтикада әскери қызметін аяқтап, елге оралған. Кейін колхозда мал бағып, 1967 жылы зейнетке шыққан.

Жұбайы Жайсанбайқызы Нұрипа (руы — Шағыр Балғалы) 1917 жылы Балқаш ауданы, Бояулы ауылында дүниеге келіп, 1988 жылы 71 жасында қайтыс болып, Қаражота ауылында жерленген. 1931-32 жылыдары Шелек ауданы Бабатоған ауылына қоныс аударған. 1941-45 жылдары тылда қызмет еткен. Ұлы — Ержан; қыздары — Келеке, Сағыныш, Зауреш, Ұлбике.



Ержан Күзербайұлы 1969 жылы Шелек ауданы, Шелек ауылында дүниеге келген. Орта мектепті Іле ауданы, Байсерке ауылында бітіріп, 1988-90 жылдар аралығында әскерге



шақырылып, Армения елінің Ленинан қаласында қызметін өткерген. Елге оралып, шаруа қожалығын ашып, соған төрағалық еткен.

Жұбайы – Жазира Әділханқызы (руы – Албан). Қызы – Гауһар.



Ертіс Ахметұлы 1938 жылы Алматы облысы Балқаш ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2021 жылы 83 жасында қайтыс болды. Алматы қаласында жерленді. 1956 жылы Бақанас орта мектебін бітіріп, 2 жыл Балқаш ауданының Пионерлер үйінің директоры болып қызмет істеген. 1958 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына география-биология мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1963 жылы оны қызыл дипломмен бітірген.

1963-1969 жылдар аралығында Бақанас орта мектебінің биология-география пәні мұғалімі, директордың өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1965-1969 жылдары Бақанас мектеп-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1969 жылы Алматы облыстық оқу бөлімінің шешімімен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының география кабинетінің меңгерушісі, 1971-1973 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында география мамандығы бойынша кіші ғылыми қызметкері,



ал 1975 жылға дейін КСРО педагогикалық ғылымдар академиясының оқыту мазмұны және әдістері ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген.

Е.Ахметов 1990 жылы факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 1993-2001 жылдар аралығында экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының меңгерушісі, 2004 жылы география-экология факультетінің «Қазақстан географиясы және экология» кафедрасының меңгерушісі, 2008-2009 жылдары құрылымдық өзгерістерден кейін «Қазақстан географиясы және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, профессоры қызметтерін атқарды.

2006 жылы жарияланған ғылыми еңбектерінің жиынтығы үшін география ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Үздік ұстаз», «Құрметті қызметкер» төсбелгілерімен және «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» медалімен марапатталған.



Бигелді Шөгенбайұлы 1908 жылы 10-ауылда (Ақкөлде) дүниеге келіп, 1994 жылы 86 жасында қайтыс болған. Туған ауылында жерленген.

Соғысқа дейін әртүрлі жұмыстар атқарған. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, үш ай дайындық курстан өтіп, майданға жіберілген. Ұлы Отан соғысында алдымен Украина



майданына қатысады. Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алады. Содан кейін Жапонияға соғысқа жіберіледі. Сол жақтан 1946 жылы наурыз айының аяғында елге оралады.

Маньчжурияны жапон милитаристерінен босату кезінде ерекше жауынгерлік батылдығы мен әрекеттері үшін Жоғарғы Бас қолбасшы, Генералиссимус И.В.Сталиннің 1945 жылдың 23 тамызындағы бұйрығымен арнайы Алғысымен және «Красная звезда», «За отвагу», «Ветеран войны» орден-медальдарымен марапатталған.

Екі соғысты басынан өткерген адам болса да, ерлігін бұлдамаған, өзі көп әңгіме айта бермейтін тақуа адам.

Ел аузына аңыз боп тараған мына әңгімеден-ақ дініне берік, ісіне адал, қайсар адам екенін байқауға болады.

Өткен ғасырдың 70-жылдары Ақкөл совхозының парторгы ауылда молда боп, елдің жаназасын шығарып жүрген Бигелдіні өзіне шақырып алып: «Сіз ораза ұстап, намаз оқиды екенсіз. Бұл тірлігіңіз — коммунистік партия мүшесіне жат қылық, оныңызды қоймасаңыз мәселеңізді арнайы бюрода қараймыз», — деген екен. Сол кезде қария ашуын әрең сабырға жеңдіріп: «Бұл партбилетті менен алатындай, оны маған сен беріп пе едің?! Оны маған 1943 жылы қан майданда берген. Бірақ сенің айтқаныңмен ораза, намазымды тастамаймын! Оданда мына билетті ала ғой», — деп куәлігін тастап кеткен. Кеңес үкіметінің қысымы күшті кезде де, өз дініне беріктігін көрсеткен ақсақалдың табандылығына ауыл халқы тәнті еді. Екі соғыста ажалдан қорықпаған айбарлы қария тек қана Алладан қорыққан жан. Аяулы ақсақалдың азаматтығын паш ететін, үлгі етіп, еске алар оқиғалары көп. Бірақ осы бір оқиға ауыл халқының жүрегінде ерекше қалған екен.

Жұбайы Әсия Сансызбайқызы (руы — Күшік) 1917 жылы Көкжиде ауылында дүниеге келген. Екеуі жеті баланы өмірге



әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары — Амангелді, Дүйсенгелді, Жұмагелді, Әділ, Шалқар; қыздары — Серікгүл, Панар. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен. Тыл ардагері. Еселі еңбегінің өтеуі Ұлы Отан соғысы ардагерлері қатарына теңестіріліп, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 1993 жылы қайтыс болып, Ақкөлде жерленген.



Жылгелді Шәлімбетұлы — 1912 жылы Балқаш ауданы 10-ауылда (қазіргі Ақкөл ауылы) дүниеге келіп, 1990 жылы 78 жасында қайтыс болған. Туған ауылында жерленген.

1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, майдан даласында жаумен аяқасқа түскен. Майдангер «Красная звезда», «За отвагу», «Ветеран войны», «Ветеран труда» орден-медальдарымен марапатталған.

Соғыс біткен соң 1945 жылы елге аман-есен оралып, ұзақ жылдар ауылда түрлі жұмыстар атқарып, совхоздың құрылуына және ауданымыздың экономикасын көтеруге атсалысқан.

Жұбайы Батиха Атымтайқызы 1912 жылы Жиделі ауылында дүниеге келген (руы — Әнет). Екеуі үш баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірді. Ұлы — Бағдат; қыздары — Серікбала, Шынар.

Жастайынан еңбекке ерте араласып, колхоздың белді мүшесі болған. Колхоз-совхоз құрылған уақыттарда шаруашы-



лықтың әр саласында жұмыс істеп, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен. Еселі еңбегінің өтеуі Ұлы Отан соғысы ардагерлері қатарына теңестіріліп, бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. 1995 жылы Бақанас ауылында дүниеден өтті. Ақкөлде жерленген.



299

Серіккүл Бигелдіқызы 1949 жылы 17 қаңтарда Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1966-1968 жылдары Ақкөл орта мектебінде аға пионер вожатый болып жұмыс істеген. 1968-1971 жылдар аралығында Талғар республикалық медучилищесінде емдеуші фельдшер-акушер мамандығы бойынша білім алған. 1971-1984 жылдар аралығында Ақкөл ауылдық ауруханасында фельдшер-акушер болып қызмет атқарған. 1986 жылы 22 қарашада «Ветеран труда» медалімен марапатталған. «Күміс алқа» иегері.

Серікбала Жылгелдіқызы 1953 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Бақанас орта мектебін бітірген. 1972-1975 жылдары Алматы Совет сауда техникумының студенті болған. 1982 жылы Қарағанды кооперативтік институтын бітірген.

Еңбек жолын Балқаш аудандық тұтынушылар қоғамының товароведі, аға товаровед, аудандық тұтынушылар одағының

Білім және ғылым (Шығармалар) жинағы



300



кадр бөлімінің меңгерушісі болып бастаған. 1983-1986 жылдары Ақкөл сауда бірлестігінің директоры, 1987-1990 жылдары Ақдала хозрасгенттің сауда бірлестігінің директоры, 1992-1996 жылдары Балқаш аудандық тұтынушылар одағының сауда бөлімінің меңгерушісі болған.

1997-2012 жылдары Балқаш аудандық мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының бастығы қызметін атқарды. Қазіргі кезде зейнеткер. Балқаш аудандық тұтынушылар қоғамының медалімен, Алматы облыстық тұтынушылар одағының «Үздік кооператор», «Ветеран труда», 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Д.А.Қонаевтың туғанына 100 жыл» мерейтойлық және мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығынан «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының» 10 жылдығына байланысты «Үздік маман» төсбелгісімен, бірнеше мәрте министрліктің грамоталарымен, алғыс хаттарымен, «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығына 15 жыл» мерекелік төсбелгісімен және грамоталармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 қарашадағы жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен қатар, «Еңбек ардагері» медалін алған.

Қазақ аты ұрпақтары



301

Шығармалары

(Шығармалары)

Шығармалары



Амангелді Бигелдіұлы 1939 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақкөл елді мекенінде дүниеге келіп, 2009 жылы 70 жасында қайтыс болған. Ақкөл ауылында жерленген.

Жұбайы Райшахан (руы — Шапрашты) екеуі бес баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары — Мақсат, Талғат, Ернат, Бейбарыс; қызы — Меруерт. 1956 жылы Бақанас орта мектебін бітіріп, Талғар қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсіп, 1959 жылы техникумды бітіріп, Ақкөл совхозында механизатор болып жұмыс істеген.



Дүйсенгелді Бигелдіұлы 1956 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2020 жылы 64 жасында қайтыс болған. Бақанаста жерленген.

1974-1976 жылдары Чита қаласында әскери борышын өтеген. 1979-1982 жылдары Алматы гидромелиоративтік техникумын гидротехник мамандығы бойынша бітіріп, гидротехник, жүргізуші болып жұмыс істеген.

Жұбайы Балжан Анипақызы (руы — Жиенқұл) екеуі екі бала тәрбиелеп-өсірген. Ұлы — Қуаныш; қызы — Әсел.



Қатшыбек Есжанұлы 1927 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1983 жылы 56 жасында қайтыс болып, Желторанғыда жерленген.

Жұбайы Ізтай Құланбайқызы (руы Балғалы). Екеуі 6 бала тәр-



биелеп өсірген. Балалары: ұлдары — Жанат, Серік; қыздары — Аманкүл, Сәуле, Зәуре, Зира.

Алты жасында әкесінен жетім қалып, әпкесі Қалтай екеуі әкесінің бауыры Тәукебайұлы Дәнтайдың асырауында болған. 1944 жылы Бақанас ауылындағы Молотов атындағы орта мектепті үздік бітіріп, ҚСССР дың кез келген оқу орнына емтихансыз қабылдау құқығына ие болатын аттестатты алып, Мәскеу қаласындағы МГУ жоғарғы оқу орынына емтихансыз қабылданған. Келер жылы денсаулығына байланысты Алматы қаласындағы КазГУ-дің филология факультетінің орыс группасына ауысқан. 1946 жылы денсаулығына байланысты Бақанас ауылына келіп, Балқаш ауданының әкімшілігінде жауапты қызметкер болып еңбек жолын бастаған.

1948 жылы Балқаш ауданының ауыл-шаруашылығы бөлімінің ұйымдастырушы атқарушысы лауазымына тағайындалған.

1955 жылы КПСС мүшелігіне қабылданып, 3 жылдық жоғарғы партия мектебін үздік бағамен оқып бітірген. Балқаш ауданының өркендеуіне, дамуына, өсіп өнуіне көп еңбек сіңірген. 1957 жылы Балқаш ауданында атқарушы ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалған.

Балқаш ауданының елді мекендері бір-бірінен қашық, Іле өзенінің тасқынынан зардап шеккенде бір-біріне көмек көрсету қиындық туғызатыны туралы айтыла келіп, Балқаш ауданын тарату туралы ұсыныс түседі. Ол кезде Балқаш ауданының 1-ші секретары Ахметов, 2-ші секретары Қозыбағаров аудан ақсақалдарын жинап, Іле өзенінің арғы бөлігін басқа ауданға беріп, Ақжар елді мекеніндегі Іле өзенінің саласына көпір салуды жобалап, Сыр өзенінің бойындағыдай күріш егу жоспарының жобасын жасайды.



303

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІН ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!



Қ С С Р

АТТЕСТАТ

19__ ЖЫЛЫ ТУҒАН _____
Орта мектепте оқитын _____

ОҚЫЛҒАН ҒАҒЫМДАРДЫҢ БІЛІМІ МЫНАНДАН

ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН _____	ГЕОГРАФИЯДАН _____
ӘДІБЕТПЕН _____	ФИЗИКАДАН _____
ОРЫС ТІЛІМЕН _____	ХИМИЯДАН _____
ОРЫС ӘДІБЕТІМЕН _____	Қ С С Р КОНСТИТУЦИЯСЫНАН _____
АРИФМЕТИКАДАН _____	ШЕТ ТҮЛДЕН _____
АЛГЕБРАДАН _____	СҮРЕТТЕН _____
ГЕОМЕТРИЯДАН _____	ЭН КҮЙДЕН _____
ТРИГОНОМЕТРИЯДАН _____	СІЗҮ САБАҒЫНАН _____
ЖАРАТЫЛЫС ТАНУДАН _____	ФИЗИКУЛЬТУРАДАН _____
ГЕОЛОГИЯ МЕН МИНЕРАЛОГИЯДАН _____	ШАҚЫРЫЛАР АДДЕБИНАТЫ СОҒЫС ДАЙЫМДЫҒЫНАН _____
АСТРОНОМИЯДАН _____	
ТАРИХТАН _____	

Қ С С Р ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН БІРАУЛ Орта мектепте оқитын _____
және өзін өзі тексерген кәсіпкермен бойынша _____
СІЗ ТҮС ПРАВОСЫМЕН _____
ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕПКЕ ЕКЗАМЕН

19__ жыл
МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ

МУҒАЛІМДЕР



Шәкірет Шәкіретов (Шәкіретов)





Қызылордаға Қатшыбекті жіберіп, барлық жағдайды танысып, жобаны сауатты түрде мәтіндеуді тапсырады. Жоба орыс тілінде сауатты жазылып, дайын болған жобаны аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Балтағұлов Ізбасар облыстың бірінші хатшысы Асанбай Асқаровқа жеткізеді.

Жобаны Д.Қонаев бірден мақұлдап бекіткен. 1967 жылы Балқаш ауданының атқару-ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүріп, жобаның толыққанды іске асуына үлес қосқан.

1970 жылы Іле өзінің бойындағы елді мекендер Балқаш, Күрті аудандары болып екіге бөлінген. Қатшыбек Күрті ауданына қарасты Желтораңғы ауылына ауылдық советтің председателі лауазымына тағайындалған.

Серік Қатшыбекұлы 1962 жылы дүниеге келген, Астана құрлыс компаниясында бригадир.

Жұбайы — Төлендіқызы Жиһан (руы - Ысты), физика пәнінің мұғалімі. Балалары: ұлы — Медет; қызы — Индира.



Суретте сол жақтан оңға қарай: Тлеулес, Индира, Серік, Жиһан, Медет.



305



Дантай Таукебайұлы 1912 жылы Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1971 жылы 59 жасында дүниеден озған. Бақанас ауылында жерленген.

Жұбайы – Күрішбала (руы – Күшік). Ұлы – Қайрат.

1942-1944 жылға дейін соғысқа қатысып, 102-атқыштар полкі қатарында Волхов майданында бір көзінен жарақат алып, елге оралған.

1-2 дәрежелі Ұлы Отан соғысы және «Қызыл жұлдыз» ордендерімен марапатталған. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Соғыстан кейінгі жылдары аудандық прокуратурада тергеуші, Ақкөл, Жданов колхоздарында төраға болып қызмет атқарған.



Қайрат Дантайұлы 1936 жылы Балқаш ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 2008 жылы 72 жасында қайтыс болған. Бақанаста жерленген.

Шежіре

Шежіре

Шежіре



306

Қазақ аты ұрпақтары

Жұбайы — Дариға (руы — Балғалы). Балалары — Шакира, Қанат, Сәния.

1955-1960 жылдар аралығында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген.

1960-62 жылдары аралығында экономист мамандығын алып, еңбек жолын Балқаштағы РайПОда товаровед қызметінен бастаған. 1962-64 жылдары аралығында Құйған ет совхозының экономисі, 1964-68 жылдары аралығында аудандық тұтынушылар қоғамының сауда меңгерушісі, 1968-1973 жылдары аралығында Балқаш ауданы тұтынушылар қоғамының бастығы, 1973-79 жылдары аралығында аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бас экономисі, 1979-1986 жылдары аралығында аудандық мемлекеттік сақтандыру мекемесінің бастығы, 1986-1991 жылдары аралығында коммуналдық шаруашылықтың бас экономисі қызметін атқарған.

Ұзақ жылғы елеулі еңбегі ескеріліп «Еңбек ардагері» медалімен, аудан басшыларының «Құрмет грамотасымен» бірнеше мәрте марапатталған.



Жылқыбай Біткенбайұлы 1942 жылы Алматы облысы, Талдықорған қаласына қарасты Ш.Уәлиханов колхозында дүниеге келген. 1963 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы,



Бақанас ауылына көшіп келген. 1959 жылы мектеп бітірген. 1960 жылы көлік жүргізушісі мамандығы бойынша оқуды ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын бастайды. Сол жылдан бастап, он жыл «Автодүкен» көлігінің жүргізушісі болып жұмыс істеген. Кейін көп жерде әртүрлі салада қызмет істеген. КПСС партия мүшесі болған. 1995 жылы Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылына көшкен. 1998 жылы зейнетке шыққан. «Еңбек ардагері» медалінің иегері. 2015 жылы қайтыс болып, Іле ауданы, Байсерке ауылында жерленген.

Балалары — Бақыт, Жылқыайдар, Шынар, Дарын, Дана, Майя.

Жұбайы Әсия Лебайқызы 1947 жылы 8 қыркүйекте Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. 1954 жылы мектепке барып, 1964 жылы бітірген. 1964 жылы Алматы облысы, Талдықорған қаласына техникумға дүкен сатушысы мамандығы бойынша оқуға түскен. 1966 жылы техникумды аяқтаған. 1967 жылы отбасын құрды. 1966-1998 жылдар аралығында мамандығы бойынша дүкен сатушысы болып жұмыс істеген. 1998 жылы зейнеткерлікке шықты. 6 баланы дүниеге әкелген ардақты ана.



Жылқыбек Біткембайұлы 1949 жылы дүниеге келген. 1967 жылы орта мектепті бітірген. 1968-1970 жылдар аралығында әскер қатарына шақырылып, Украина жерінде Севастополь қаласында отан алдындағы борышын өтеп қайтқан. Әскерден кел-



ген соң Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Бақбақты совхозында жұмыс істеген. 2012 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы Раушан Құлахметқызы 1958 жылы туған. Еңбек жолын Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Бақбақты совхозындағы Жамбыл орта мектебінде бастаған. 5 ұл, 2 қызды өмірге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. «Алтын алқа» медалінің иегері. 2011 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Балалары – Жазира, Қажымұқан, Қажымұрат, Дархан, Жанат, Қанат.



Бақыткүл Біткенбайқызы 1955 жылы Талдықорған облысының Ш.Уәлиханов ауылында дүниеге келді. Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсіп, 1978 жылы терапевт мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Алматы облысы, Балқаш ауданында дәрігер болудан бастады. Бір жылдан соң Павлодар облысы, Баянауыл аудандық ауруханасында терапия бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, жеті жыл сонда қызмет етті. Кейін Алматы облысы, Қарасай ауданының Абай, 1-май ауылдарында учаскелік дәрігер, Шамалған елді мекенінде орналасқан ауруханада бас дәрігер болып жұмыс атқарды. Бұл — өтпелі кезең еді. Сол тар заманда он екі мың тұрғынға дәрігерлік қызмет көрсету оңай болған жоқ. Оның үстіне 50 төсек стационар



жұмыс істеді. Бәрін дұрыс жолға қойып, ұйымдастыра білді. Оның толық дәлелі — Бақыткүл Біткенбайқызы жетекшілік жасаған аурухана 1999 жылы барлық көрсеткіштері бойынша жеңімпаз атанып, облыстық денсаулық сақтау басқармасының жаңа «Газель» жедел-жәрдем көлігін сыйға алуы дер едік. Экономикалық қиыншылықтар кезеңінде қаржы тапшылығы ауыл ауруханасы мен дәрігерлер жұмысына оңай тимегені белгілі. Бөлімдер барынша қысқарып, небәрі үш-ақ бөлім қалды. Соған қарамастан сынықшы да, хирург те, невропатолог та, венеролог та, педиатр да, онколог та, өкпе ауруын емдейтін фтизиатр да, әйтеуір не керек, медицина саласындағы барлық мамандықты атқаруға тура келді.

Дәрі-дәрмек қымбат, қалтасы таяздардың ем-дом алуы қиын кезде бас дәрігер небір тапшылық мәселесін іштен шешу мақсатында облыстық мәслихатқа депутат болуға ұмтылады. Тілегі қабыл болып, 1999 жылы 10 қазанда бірден жеңіске жетіп, депутат болады.

Бақыткүл Біткенбайқызы бұл жайында былайша еске алады: «Округта жерлестерім маған 2,5 мыңнан астам дауыс беру арқылы суырылып бірден алға шықтым. Сөйтіп абырой биігінен көріндім». Өзіне сенім артқан халыққа берген уәдесін орындау үшін жанын салды. Медициналық қызмет көрсетуді жақсарту, салауатты өмір салтын жақсарту, «Халық денсаулығы» бағдарламасын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етіп, ел көңілінен шыққан дәрігер бола білді.

Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлайтын, қашанда тыным таппай, сөзден гөрі ісіне тиянақты, іс-тәжірибесі мол Бақыткүл Біткенбайқызын 2000 жылы Қаскелең аудандық ауруханасына бөлім меңгерушісі етіп тағайындайды. Білімі мен біліктілігіне сүйенген Бақыткүл Біткенбайқызы терапия бөлімінің тізгінін жауапкершілікпен біраз жыл ұстайды. Мұн-





да да жұртшылық құрметіне бөленіп, халқы қалап 2003 жылы екінші рет облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Сөйтіп халқының қалаулы қызы да атанған еді. «Парламенттің он жылдығы» медалінің иегері, Қарасай ауданының құрметті азаматы атанды. Зейнетке шыққаннан кейін Қаскелеңдегі ақылы медициналық орталықта қызмет етті.

Бақыткүл Біткенбайқызының еңбек жолына шегініс жасасақ, жасыратыны жоқ, кешегі нарықтық өтпелі заманда ауылдық амбулаторияның бас дәрігері болу да көп міндеттер жүктеді. Ауыл тұрмақ, қалалық, аудан орталығындағы ауруханаларда қажетті медициналық құрал-жабдықтар жетіспей жатқан еді. Осындай жағдайда іскерлік танытқан дәрігерге қалай риза болмассың!

«Дертіне дауа іздеген жандарға білікті дәрігер болу жеткіліксіз, алдыңа келген науқас адамды әуелі жылы жүзбен қабылдап, мұқият тыңдап, барынша зейін қоя қарау керек», — дейді Бақыткүл Біткенбайқызы.



Рақыш Науханбайұлы 1900 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1975 жылы 75 жасында дүниеден өткен. Бақанаста жерленген.

Жұбайы Күнсүлу екеуі сегіз бала тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары — Рахат, Рахым, Рахмет, Рахымберлі; қыздары — Айгүл, Анаркүл, Айнакүл, Кенжегүл.



1941 жылы өз еркімен Ұлы Отан соғысына аттанып, 1943 жылдың аяғында аяғынан ауыр жараланып елге қайтқан. Бірнеше орден-медальмен марапатталған.



Рахат Рақышұлы 1945 жылы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1985 жылы 40 жасында қайтыс болған. Бақанаста жерленген.

Жұбайы Айманкүл екеуі алты бала тәрбиелеп-өсірген. Ұлдары – Нұрланбек, Қадыр-

хан, Асқар; қыздары – Жанар, Ажар, Әлия.

Өмір бойы «Бурундайский АТП»-да жүргізуші болып жұмыс істеген. Үздік еңбегі үшін «Ударник социалогического труда» марапатының және де басқа да марапаттардың иегері болған.



Нұрланбек Рахатұлы 1970 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. 1987 жылы онжылдықты үздік медальмен бітірген. Осы жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық институтына үздік бағаға емтихан тапсырып, агроөнеркәсіп кешенінде экономика және басқару факультетіне оқуға түсіп, 1994 жылы ойдағыдай бітіріп шыққан. Осы аралықта әскери борышын Германияда өтеп келген.



Еңбек жолын 1994 жылы «Бірлік» совхозында экономист болып бастаған. 1995 жылы Балқаш ауданы әкімшілігінде идеология бөлімінің бас маманы, кейін экономика басқармасының бас экономисі, аудандық ауыл шаруашылық басқармасында жоспарлау-экономика бөлімінің бастығы, 1999 жылы аудандық экономика комитетінің төрағасы, 2003 жылы аудандық экономика бөлімінің бастығы, 2006 жылы аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің бастығы, 2010 жылдан 2016 жылға дейін аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы қызметін атқарған (ауданның экономикасы мен бюджеттік жоспарлау саласын 17 жыл басқарған). 2016 жылдан бері аудан әкімі аппаратының Ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық және АХАТ бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді. Отбасылы. Екі қыз, бір ұлы бар.

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақ ұлттық аграрлық университетіне 85 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Қазақ ұлттық аграрлық университеті Ғылыми кеңесінің шешімен Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілген.



Махмет Зейілтайұлы 1936 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келіп, 2016 жылы 80 жасында қайтыс болған. Бақбақтыда жерленген.

1954 жылы осы Амангелді ауылындағы мектептің 1-сыныбына барып, 1953 жылы 8-сыныбын бітіріп шыққан. 1954



жылы жүргізуші курсын бітіріп, еңбек жолын Амангелді ауылында шопыр болып бастаған.

1965 жылы Балқаш ауданы, Бәрібаев совхозына қоныс аударып, жүргізуші болып жұмыс істеген. Кейін Қарағаш совхозында, Бақбақты күріш совхозында жүргізуші жұмысын жалғастырып, 1996 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы — Дәнегүл Адалбайқызы (руы — Сарыүйсін). Ұлдары — Мұхит, Бақтияр, Алмас, Азамат, Азат; қыздары — Алмаш, Алмагүл, Сәуле.



Маматай Сәрсенбіұлы 1898 жылы Бақбақты ауылында дүниеге келіп, 1989 жылы 91 жасында Шелек ауданы, Достық ауылында қайтыс болған. Сонда жерленген.

Жұбайы Айкүміс (руы — Өгіз Балғалы) 1994 жылы Шелек ауданы, Достық ауылында қайтыс болып, сол ауылда жерленген. Ұлдары — Тұрсын, Бақытжан; қыздары — Елемес, Берікбала, Күләнда.

Атеистік заманда бес уақыт намазын қаза қылмай оқыған, оразасын тастамаған. Қой бағып, шопан болып «Еңбек қызыл ту» орденімен, «Социалистік еңбек ері» атағымен марапатталған.

Алматы облысы, Шелек ауданының «Құрметті азаматы».

Ерен еңбегі бағаланып, мемлекеттен «Волга» автокөлігін сыйға алған.



Сұлтан Керімбекұлы 1938 жылы Шелек ауданы, Калинин колхозында дүниеге келген. 1958 жылы Киров (қазіргі Абай) атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын өтеген. 1966 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік медицина институтын дәрігер-стоматолог мамандығы бойынша бітірген. Институттың жолдамасы бойынша 1966-1970 жылдар аралығында Алматы облысы, Нарынқол аудандық емханасында стоматолог-дәрігер болып жұмыс істеп, Шелек аудандық ауруханасына мамандығы бойынша ауысып келген. 1974-1983 жылдар аралығында осы аурухананың меңгерушісі болып, 2000 жылы зейнеткерлікке шыққан. Еңбегі бағаланып, В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған медальмен марапатталып, Совет одағының үздік дәрігері, жоғары санатты дәрігері атақтарын иеленді.

Жұбайы – **Роза Бәзілқызы** (руы – Албан). 1940 жылы Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келіп, 2018 жылы 78 жасында қайтыс болып, Шелек ауылында жерленген. 1958 жылы Киров (қазіргі Абай) атындағы мектепті бітіріп, еңбек жолын Шелек ауданы, Жаңашаруа колхозында үш жыл жұмыс істеп бастаған. 1966 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік медицина институтының Фармация мамандығы бойынша бітірген. 1966-



1970 жылдар аралығында Институттың арнайы жолдамасы бойынша Нарынқол ауданының орталығында дәріхана-провизоры болып жұмыс істеген. Осы жылдан Шелек аудандық ауруханасында дәріхана меңгерушісі болып жұмыс істеп, 1996 жылы зейнеткерлікке шыққан. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Ұлдары — Серік, Ерлан; қызы — Лилия.

Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Мәті, Қосақ, Жақсыбай, Нұржау, Орынбай, Сәрсембі, Әліш.



Дәсербай Әлішұлы 1915 жылы Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында дүниеге келіп, 1994 жылы 79 жасында қайтыс болған. Шелек ауданының Қаратұрық ауылында жерленген.

1932 жылы ашаршылық кезінде Бекпенбек (Шегелек) ұрпақтарымен бірге Ақкөл ауылынан Шелек ауданы, Лавар ауылына қоныс аударған. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, майдан даласында алған дене жарақатының ауырлығына байланысты соғыстан босатылып, елге оралған. Соғыстан кейін Шелек ауданына қарасты Қаратұрық ауылында тұрақтаған. Совхозда комбайн, трактор жүргізген. Механизатор болып еңбек етіп, 1975 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы — Күмісай Жігітекқызы (руы — Албан). Ұлдары — Бақтығали, Ерғали; қыздары — Раушан, Гүлшария, Шара, Сәуле.



315

Бекпенбет (Шегелек)





Дасербай атаның ұрпақтары



Асқанбай Әлішұлы 1922 жылы Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1990 жылы 68 жасында қайтыс болған. Еңбекшіқазақ ауданы, Қаратұрық ауылында жерленген.

Ата-анасынан ерте айырылғандықтан, балалар үйінде тәрбиеленген.

1941 жылы 19 жасқа толған атамыз Ұлы Отан соғысына аттанған. Панфилов дивизиясында болған. Волоколамск жолын қорғаған.

1944 жылы майдан даласында оққа ұшып, госпитальда емделіп, ауылға оралған.



Соғыстан кейін Шелек ауданы, Қаратұрық ауылында мал дәрігері болып жұмыс істеген.

Жұбайы – Жамал Ысқаққызы (руы – Албан). Қызы – Сәуле.



Тұрғынбай Адамұлы – Ұлы Отан соғысының ардагері. 1925 жылдың Алматы облысының Балқаш ауданы, Бақанас ауылында туған. 1932 жылғы ашаршылыққа байланысты Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарымен бірге Еңбекшіқазақ ауданына көшіп келген. Отбасынан айырылып жетім қалғаннан кейін 7 жасында Қорам ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. 13 жасында балалар үйінен шығып, ағайындарының қолында ержетіп, 1942 жылдың қаңтарынан бастап Калинин колхозында жұмыс істейді.

1943 жылы әскерге алынып, екінші Украина майданында 17-запастағы артиллерия, 530-артиллерия, 49-ауыр мина, 530 және 9-артиллерия бригадаларының сапында Польша, Венгрия, Румыния, Чехословакия мемлекеттерін азат етуге қатысады. 1945 жылғы 9 мамыр Жеңіс күнін Берлинде қарсы алған. Майданда ол өзін ержүрек қазақстандық ретінде таныта білді.

1950 жылы елге оралып, Калинин колхозында, 1963 жылдан 1988 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Қаратұрық



темекі совхозында, одан кейін 1989 жылдан 1997 жылға дейін Шелек тұрмыс қажетін өтеу» комбинатының құрылыс жөндеу бөлімінде еңбек еткен.

Соғыстағы жанқиярлық батылдығы мен ерлігі елеусіз кеткен жоқ. Тұрғынбай Адамов «Отан соғысы» орденімен, «За отвагу», «За взятие Берлина», «За освобождение Праги», «За Победу над Германией», сондай-ақ «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

Жұбайы Орынбас Жұмағұлқызы екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірген. Бір қызы мұғалім, екі қызы дәрігер, ұлы газ тасушы. 14 немересі бар. Еңбекшіқазақ ауданының Қаратұрық ауылдық округінің Достық ауылында тұрады.

2017 жылы Алматы облысы, Шелек ауданына қарасты Достық ауылында қайтыс болған.

ТҮТҚЫНДА БОЛҒАН АТА ӨМІРІ





Ташенқара Жантұрсынұлы Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты Ақкөл ауылында 1918 жылы 7 қарашада дүниеге келіп, 1988 жылы 70 жасында қайтыс болып, Ақжар ауылында жерленген.

Қолдан жасалған ашаршылық арқылы қалың қазақты баудай қырған 1932-33 жылғы ашаршылық нәубеті тұсында Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтары атақонысын тастап, күнкөріс қамы үшін жан сауғалап, ұрпақтарын аман сақтап қалу мақсатында Алматы облысы, Шелек ауданына көшеді.

Ташенқара Талғар ауданына қарасты Қаракемер деген ауылда балалар үйінде оқып білім алған. 1936 жылы осы Қаракемер ауылындағы «Рабфакті» бітірген. 1939 жылы Балқаш ауданына қарасты Көкжиде ауылына келіп, мектепте мұғалім болып жұмыс істеген.

1939 жылы Отан алдындағы борышын өтеу мақсатында әскерге алынған. Генерал Власовтың армиясында борышын өтеп жатқан кезінде, яғни 1941 жылы неміс-фашист басқыншылары Совет үкіметіне басып кіріп, соғыс ашқан. Осы жылдың күзінде Власов армиясы түгелдей тұтқынға түскен.

Әкемнің әңгімесінен естігенім, соғыстың алғашқы айлары өте қиын болған: бір мылтықты екі адам ұстаған, әр адамға 5 оқтан ғана берген. «Сонда жауға қарсы шығу үшін, қолыңа мылтық алып атысу үшін, қолыңда мылтығы бар адамның оққа ұшқанын күтесің. Сондай жағдайда жүрсек те, немістерге қол көтеріп, беріле салған жоқпыз», — дейтін әкем.

Әкемнің тағы бір тебірене еске алатын оқиғасы: талай қазақты өлім аузынан алып қалған адам — Мұстафа Шоқай туралы әңгімелері еді. «Бұл жағдай былай болған» деп, есте



қалған ескі күндеріне қайтатын әкем: «Немістердің тұтқынында (лагерінде) болған кезімізде, тұтқындағы совет әскерінің сарбаздары өзара сөз байласып, жоспар құрып, лагерьден қашып шықтық. Бірақ ізге түскен немістер біразымызды атып өлтіріп, кейбірімізді тірідей ұстап алып, қайта тұтқындады. Тірі қалғаннан пайда не?! Кейін бәрімізді ату жазасына кесті.

Немістердің шарты бойынша, ату жазасына кесілгендерді күн көтерілгенше атып тастайтын. Әлі есімде, сол күні көретін жарығымыз болғандықтан, Алланың құдіретімен күн көтерілгенше ешкім атылмады. Атаңа нәлет пәшістер көріңді өзіңе қаздырады. Кезекпен көр қазылып жатқан кезде жан-жағыма көз салып, ұшқан құсқа, жыбырлаған қоңызға қарап, «Е-е, біздің осылар құрлы көретін жарығымыз да жоқ екен ғой» деген ой келетін басыма. Өз ажалыңнан бұрын, өміріңнің соңғы сәттерін сүріп жатқаныңды сезіну, ажалыңды күту — сұмдық қиын дүние екен! Оны ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес!

Осылайша басымызға неше түрлі ой келіп тұрған кезде, алыстан бір кісінің қарасы көрінді. Ол кісі Мұстафа Шоқайдың өзі екен! Біздің қасымызға келіп неміс тілінде: «Мына адамдарды босатыңдар», — деді. Сөйтіп ату жазасына кесілгендердің барлығын босатып, аман қалдық. Ой, балам, көретін жарығың болса, Құдай Тағала ретін тауып, себебін жасайды екен. Қазақтың марқасқа ұлдарының бірі Мұстафа Шоқайдың қайраткерлігі арқасында қаншама жан ажал аузынан қалды. Ел анау дейді, мынау дейді, бір адамды ажалдан аман алып қалудың өзі қандай ерлік! Қасиетті Құранда: «Бір адамды құтқарған — бар адам баласын құтқарғанмен тең», — деп жазылыпты ғой. Ойлай бер, Мұстафа ердікі қандай сауап?!.



Күндердің бір күні атың өшкір соғыс бітіп, лагерьдегі тұтқындар түгел босатылды. Тұтқындағыларды АҚШ армиясы босатқан екен. Бәрімізді мәшинаға салып, теңіз портына алып келді. Портта тұрған екі кеменің біреуі АҚШ-қа, екіншісі СССР-ға жүреді екен. Сол жерде біреу Радиорубкамен неше түрлі тілде сөйлеп, «қай жаққа кетсеңіздер де, ерік өздеріңізде» деп айтып тұрды. Біреулер АҚШ-тың кемесіне өтіп жатыр, біреулер союздың кемесіне отырып жатыр.

Мен де шетелдік кемеге отырып кетсем болатын еді, бірақ еліме деген сағыныш жібермеді. Содан, қайтейін, елге оралдым. «Өз елім, отаным» деп келгенде, құшақ жая қарсы алған адам болған жоқ. Құшақ жайғанды айтасың, келе сала немістің қолында тұтқында болғандардың барлығын қайта қамауға алып, «саяси тұтқын» атандық. Бәрімізді Енесейск қаласына, Сібірге, ит шеккенге жіберді. Итжеккенде итқорлықты көріп жүріп, жас ғұмырдың біраз жылын құрбан қылдық. Көрер жарығымыз таусылмаған екен, ол жақта 1955 жылға дейін болып, аман-есен Алматы облысы, Шелек қаласына қайтып оралдым.

Ол жерде біраз ес жиып, еңбекке араласып, ақыры 1965 жылы кіндік қаным тамған жер Ақкөл ауылына қайтып көшіп келдім. Құдайға шүкір, бейнеттің түбі зейнет болды: ұрпақ сүйдім, құрмет көрдім. Е-е, балам, ондай нәубетті бастарыңа бермесін! Ел аман, жұрт тыныш болсын».

Осылай деп сыр шертіп, көргенін айтып, түйгенімен бөлісіп жүретін қайран әкеміз. Жұбайы — Нағима (Нэлля) екеуі алты ұл және екі қызды тәрбиелеп-өсірді. Балалары — Жорабек, Абай, Алтай, Абылай, Асқарбек, Фарид, Күнсұлу (Галя), Айсұлу (Айкен).





322

Қосақ ала қалақтары



Абай Ташенқараұлы 1954 жылы Шелек ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Қаратұрық мектеп-интернатына барып, 1965 жылы маусым айында Балқаш ауданына, жаңадан ашылған Бәрібаев совхозына әке-шешесімен көшіп келген. Сол жылы, яғни 1965 жылы Бақанас орта мектебіне 5-сыныпқа барған. 1969 жылы Бақанас мектеп-интернатында 8-сыныпты бітірген. 1970-72 жылдары Ақкөл орта мектебінде оқыған. 1972 жылдың наурыз айынан Бақанас орта мектебіне ауысып, сонда бітірген. 1972 жылдың қыркүйек айында әскер қатарына барып, 1974 жылдың күзінде отан алдындағы әскери борышын өтеп қайтқан. 1975 жылы Бәрібаев совхозында жүргізуші болып жұмыс істеген. 1978 жылдың наурыз айында Бақбақты күріш совхозына көшіп барған. Осы совхозда, совхоз тарағанша автомеханик, гараж меңгерушісі болып жұмыс істеген. 2017 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Жұбайы Ләмзия Әлімжанқызы Қостанай облысы, Урицкий ауданы, Ермаковка елді мекенінде дүниеге келген. Ұлдары — Айбек, Айбол; қыздары — Айда, Саида, Сания, Ания.

Абылай Ташенқараұлы 1965 жылы Шелек ауылында дүниеге келіп, 2014 жылы 49 жасында қайтыс болған. Ақ-жарда жерленген.



323



1983-1985 жылдары әскери борышын Украина жеріндегі Винаца қаласында өткерген. Еңбек жолын 1986 жылы ауылда механизатор болып бастаған. 1987 жылы Украинадағы Чугуев қаласында жас мамандарды әскерге дайындау курсы бітіріп, прапорщик шенін алып, Алматы қаласындағы 23312 әскери бөлімінде әскери еңбек жолын бастаған. 1989 жылы бір жылдай Чехословакия жерінде іссапарда әскери қызметте болып, Ресейдің Тула қаласына ауысып, кейін елге оралған. 1990-1994 жылдар аралығында Балқаш ауданы Ақжар ауылында спорт бойынша методист лауазымында жұмыс атқарып, Ақжар ауылында алғашқы комсомолдық ұйымының хатшысы болып тағайындалған. Осы уақытта Алматы қаласы теміржол техникумының курсы оқып бітіріп, Алматы қаласы 53975 әскери бөліміне әскери қызметке қайта шақырылған. Сол жылы Жамбыл облысы, Рысқұлов ауданы, Луговое елді мекеніндегі 64207 әскери бөлімінде кіші офицерлер дайындау курсы оқып, кіші лейтенант офицерлік әскери шенін алып, ҚР ҚМ Әуе Қорғаныс күштері құрамындағы 53975 әскери бөлімінде, тікұшақ авиаэскадрилиясында, тікұшақ және қозғалтқыштар бойынша инженер лауазымынан, авиация техникаларын пайдалану бөлімінің бастығы лауазымына дейін көтеріліп, қызмет атқарған.

2004-2007 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Қазақ қатынас жолдары университетінің сырттай толық курсы оқып бітіріп, жоғары білім алған. 2010 жылы зейнетке шыққан. Әскери атағы — запастағы капитан.

Жұбайы — Айжахан Ақжанқызы. Ұлдары — Шоқан, Ескендір; қызы — Альбина.

Шоқан

Альбина

Ескендір



324

Қазақстанның қайырымдылығы



Аида Абайқызы 1977 жылы Балқаш ауданының Ақжар (Ж.Бәрібаев) ауылында дүниеге келген.

1994 жылы Балқаш ауданы, Бақбақты ауылындағы Жамбыл орта мектебін бітіріп, Талғар ауылшаруашылығы колледжіне түскен. Колледжді 1996 жылы бухгалтерлік есеп экономисі мамандығы бойынша үздік бітіріп шығып, сол жылы білімін Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы бойынша әрі қарай жалғастырып, 2000 жылы бухгалтер-экономист мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Еңбек жолын 2000-2002 жылдар аралығында Балқаш аудандық Зейнетақы төлеу орталығының жетекші маманы ретінде бастаған.

2002-2007 жылдар аралығында Алматы қаласының Бостандық ауданы бойынша Салық комитетінде қызмет атқарған. Салық органының алғыс грамоталарымен марапатталған.

2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаментінде бас маман-экономисі болып істейді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының алғыс хатымен және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.



Мұқаш Смағұлұлы 1898 жылы Ақкөл ауылы аймағында, Іле өзені бойында дүниеге келген. 1958 жылы қайтыс болған. Бақанаста жерленген. Екі әйелі болған: бәйбішесі Аралбаева Шишадан (руы — Қаң-



лы) Күлтай, Ермұрат, Әбілмұрат деген балалары туған. Екінші әйелі Смағұлова (Бекқұлова) Батимадан (руы — Ысты) Тайкен, Сәуле, Наргүл дүниеге келген.

Ағамыз елінің, жерінің көркеюіне, елдің тұрмысын жақсартуға көп еңбек сіңірген. 1941-1945 соғыс жылдары броньмен қалып, майданға азық-түлік дайындаушы болып еңбек еткен. Соғысқа кеткен жауынгерлердің ағайын-туыстарына, отбасына қарайласып, қол ұшын беріп, көмегін аямаған. Сайын даламызды жүрегіне сыйғыза білген дархан көңілді адам болған. Мұқаш атаның есімі әлі күнге дейін ел есінде. Өсіп-өнген ұрпақтары еліміздің әр жерінде еңбек етіп жүр.



Құлмұханбет (Құлтай) Мұқашұлы 1928 жылы Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келіп, 1991 жылы 63 жасында қайтыс болған. Бақанаста жерленген.

Жұбайы — Дариға (руы — Арғын). Ұлдары — Бағдат, Талғат, Серік, Марат; қыздары — Гүлсима, Алма.

Жастайынан білімге құштар, техника тілін жетік меңгерген азамат болып өсті. Жайсаң мінезді, ақкөңіл жан болған. Орта мектепті бітірісімен еңбекке араласып, жолдамамен Ресейдегі Краснокутск авиация училищесіне оқуға кетеді. Бір жылдай оқып, денсаулығына байланысты елге оралды.

1949-1950 жылдары Ленинград қаласындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мектебіне оқуға түсіп, сол жерде партия қатарына өтеді. Оқуын аяқтап, қауіпсіздік саласында 3 жылдай қызмет атқарып, елге оралған.



326

Қосалықтар

Әр салада еңбек еткен. Ортасына сыйлы, қадірлі азамат болған.

1960-1970 жылдары ел жағдайы жақсарып, азаматтар жеңіл машина міне бастады. Ағамыз да алғашқылардың бірі болып автокөлік алды. Автокөлігі бұзылғанда өзі жөндеп алатын. Бүкіл ауыл мәшинесін сол кісіге жөндететін. Барлығына қол үшін беретін.

Көліктері кір болса жуғызып, шыққан қоқысын жерге түсірмейтін. Өте таза адам болатын. Ауласындағы көлік гаражы кәдімгі техникалық қызмет көрсететен кәсіпқой шеберхана болған.



Отырғандар Құлтай, Дариға,
Марат, Дина.



327



Қайкен Мұқашқызы 1947 жылы Бақанас ауылында дүниеге келген. Абай атындағы педагогикалық институтты бітірген.

Еңбек жолын Балқаш, Күрті аудандарында бастап, одан кейін Алматы қаласындағы білім беру орындарында жемісті еңбек етіп, зейнетке шыққан. Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері. Қазақ ССР оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақ ССР VI республикалық мұғалімдер съезінің делегаты болған.



Сейдахмет Смағұлұлы 1909 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген.

1928 жылдан 1935 жылға дейін Бақанас ауылында ішкі істер бөлімінде милиция қызметкері болып жұмыс атқарған. 1935 жылдан 1941 жылға дейін Киров атындағы колхозда бригадир болып жұмыс істеген.

Жұбайы — Айзада Жатқанбайқызы. Ұлдары — Ғани, Ғалым; қызы — Күлшат.

1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, қаза болған.



Ғани Сейдахметұлы 1938 жылы Балқаш ауданы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 2021 жылы 83 жасында қайтыс

Шеңбер

Шеңбер

Шеңбер



болды. Алматы қаласында жерленген. Оқуды 1956 жылы бітіріп, жағдайға байланысты 1957 жылы тракторист мамандығын алып, Бақанас совхозында тракторист, аудандық мәдениет үйінде автоклуб көлігінің жүргізушісі, аудандық ауруханада жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі, №1 Бақанас орта мектебінде трактор және шофер мамандығы бойынша және оқушылардың еңбек сабағынан мұғалімі, мектепте шеберхана меңгерушісі болып жұмыс істеген.

Алматы қаласындағы Абай атындағы мұғалім даярлайтын оқу орнын 1975 жылы ойдағыдай бітіріп, сол жылы Бақанас орта мектебіне шаруашылық басқарушы әрі тарих пәнінің мұғалімі болып кіреді. 1977 жылы Бақанас орта мектебінің жанындағы интернаттың басқарушы директоры болып, мектеп-интернат жабылғанша, яғни 1991 жылға дейін жұмыс істеген. Кейін Бақтыюраз Бейсекбаев атындағы мектепте мұғалім болып, 2000 жылы 62 жасында зейнетке шыққан.

Жұбайы — Марья Бахтығұлқызы (Кіші жүз, жаппас) 1937 жылы Ресейдің Астрахан облысында дүниеге келіп, 2015 жылы қайтыс болған. Алматыда жерленген.

Ұлы — Елтай, қыздары — Рима, Раушан, Шолпан.

1962 жылы Астраханда оқу бітірген соң, жолдамамен Қазақстанның Алматы облысына келген. Еңбек жолын 1962 жылы Балқаш ауданы, Бақанас ауылында Көлік жолын және көпірлерді салушы инженер мамандығы бойынша бастап, одан кейін сол жол бөлімінің бастығы болып 1987 жылдың 1 маусымына дейін істеген. 1987 жылдан 1992 жылға дейін Бақанас селолық советінің председателі болып сайланған.

Осы аралықта Балқаш ауданында жол бөлімінде ауданды байланыстыратын бірде-бір автокөлік жолы болмаған. 1964 жылдан бастап автокөлік жолдары салына бастаған. Қапшағай-Бақанас, Бақанас-Ақкөл, Ақкөл-Қарой, сондай-



329

-ақ күріш, ет совхоздарынан орталық бөлімшелерге қатынау жолдары салынған. 1980 жылдары Іле өзенінің үстінен көпір жоспарланып, 1986 жылы 17 желтоқсанда үлкен көпір пайдалануға берілген. Осы көпірдің жүзеге асуына тікелей басшылық жасаған Қазақстан компартиясының I хатшысы — Дінмұхаммед Қонаев.

Совхоздардың облыстық, аудандақ орталықтарымен байланысуы, Балқаш ауданының халқының әлуметтік, денсаулық, білім салаларында, экономикасының өсіп-өркендеуіне тигізген еңбегі орасан зор.

Жол бөлімін басқарғанда, жол бөлімінің өндіріс базасын нығайтуына, «Тұрғынүй-91» үйлерін салуға, Бақанас орталығының көшелерін асфальттауға, көгалдандыруға, мүрделерді қоршауға басшылық етуге анамыз атсалысқан. Ол бірнеше рет ауылдық, аудандық мәслихат депутаты болып сайланған. Аудан көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан. 2 рет Алматы облысының «Почетный дорожник» атағына ие болған. Сонымен қатар, көптеген медальмен марапатталған. 1992 жылы зейнетке шыққан.



Римма Фаниқызы 1963 жылы дүниеге келіп, 1980 жылы №1 Бақанас орта мектебін алтын медальмен бітірген. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Шығармалары (Шығармалары) шығармалары



Филология ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы, профессор. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың орыс филологиясы кафедрасында аспирантураны бітірген.

2004 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, доценті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2011 жылы ҚР Білім және ғылым министірлігінің Ұлттық аккредитациялау орталығының директоры; ҚР Білім және ғылым министірлігінің Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директоры; ғылыми кеңесші, аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің аккредиттеу кеңесінің төрағасы, 2017 жылы «Тұран-Астана» университетінің Сапаны басқару, аккредиттеу және рейтинг орталығының директоры, кейін ҚР Білім және ғылым министірлігінің «Білім және ғылым, жастар ісі және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері» жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшесі болып қызмет атқарған.

100-ден астам ғылыми еңбектері бар. 5 монографияның, 15-тен астам оқу құралының, 3 сөздіктің авторы. ҚР Білім және ғылым министірлігінің іргелі және қолданбалы бағдарламалары бойынша зерттеулерге қатысушы.

«2010 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2009), Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған медальмен марапатталған (2011).





Сағындық Бектібайұлы 1935 жылы Балқаш ауданы Бақанас ауылында дүниеге келіп, 2010 жылы 75-жасында қайтыс болған. Бақанаста жерленген. Бақанас орта мектебін бітірген соң, Алматы қаласындағы Нархоз институтын бухгалтер экономист мамандығы бойынша оқып бітірген. Еңбек жолын 1958 жылы Балқаш аудандық Райконтор коммуналдық шаруашылығының контролері болып бастаған. 1959 жылы Талдықорған қаласындағы торгово-контроль мектебін оқып бітірген. 1961 жылы Балқаш аудандық Райпо завскладының товароведі, жергілікті инспекция экономисі, Районный финотделдің аға инспекторы, Райселхоз Басқармасының экономист ревизоры, аудан әкімшілігінің экономика комитетінің аға экономисі болып әр салада қызмет істеп, 1994 жылы зейнеткерлікке шыққан. Ұзақ жылдар бойы адал еңбегі үшін 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1990 жылы «Ударник двенадцатой пятилетки» төс белгісімен, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің №1439 Жарлығы бойынша «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Жұбайы — Омарқызы Қалима (руы Арғын), алты баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Балалары: ұлдары — Алмас, Болат; қыздары — Гулнар, Анар, Жанар, Гаухар.



332



Суретте солдан оңға қарай: Гауһар, Калима, Анар, Сағындық, Алмас, Жанар



Көшкін Бектібайұлы 1940 жылы дүниеге келіп, 2008 жылы қайтыс болған. Миялыда жерленген. Қой аузынан шөп алмайтын, байсалды жан еді. Ашуланғанда темекісін тұтатып, атқа отырып кетіп қалатын кісі болған. Өмір бойы кішкентай балаға да «сен» деп айтпаған.

Еңбек жолын 1957 жылы Іле өзенінің бойындағы Жетіқыз деген жерде мал бағудан бастап, кейін Бақанас совхозында, Шаң құдықта ұзақ жылдар сиыр баққан. Зейнетке шығып, ауылға көшіп келген кезде де аттан түспей, қалған өмірін ат үстінде өткізген.

Қазақ аты ұлығайларын



Әкеміз малды ерекше бағатын, жаздыгүні таңғы 4-5-те малды қорадан шығарып, төрт-бес сағат жайып, қораға қамайтын. Өрісте құлындаған жылқы, бұзаулаған сиырды көрсе, таңғы сағат алтыда барып сүйінші сұрайтын. Сүйіншіні: «Әй, Мәнсүр, бірденкең бар ма?» — деп сұрайтын. Мәкең жоқ деп айтпайды. «Ой, о не дегеніңіз, кіріңіз», — деп сүйінші суынан құйып, төлді болғанын естіп, рахмет айтатын. «Рахмет, ағатай» дегенді ауылдағы көп кісілер айтқандықтан, оны «Ағатайым берекем» деп атап кеткен.

Жұбайы — Күнтәй Дауренбекқызы (руы — Өгіз Балғалы) 1943 жылы Бәрібаев ауылында дүниеге келген. Екеуі жеті бала тәрбиелеп-өсірген. «I дәрежелі көпбалалы ана» медалінің иегері. Қарағаш орта мектебінде жұмыс істеп, зейнетке шыққан. Талай тойларда құдалармен тойтарысқа түсіп, жеңіп, ағайын-туыстың көңілін көтерген кісі. Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтарымен, яғни қайындарымен қатты ойнайтын. Ұдары — Айдар, Дидар, Айгелді; қыздары — Шынар, Ажар, Айжан, Балжан.



Бектібайұлы Серік 1943 жылы Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Алматы қаласындағы Совет сауда техникумын бітірген. 1972 жылы Қарағанды қаласындағы кооператив институтын экономика мамандығы

бойынша оқып бітірген. Еңбек жолын 1964 жылы Балқаш аудандық тұтынушылар одағының сауда сарапшысы болып бастап, Қазақстан тұтынушылар одағының сауда сарапшысы, Іле аудандық тұтынушылар одағының басқарма басшысы,



334

Қосалы ата ұлалықтары

Қазақстан тұтынушылар одағының сыртқы сауда басқарма басшысы болып қызмет атқарған. 1970 жылы Іле ауданының депутаты, «Совет сауда үздігі» деген марапат иегері атанған. 1997 жылдан бастап денсаулығына байланысты зейнетке шыққан.

2005-2018 жылдар аралығында Мекке, Медина қалаларына, Жалайыр, Байшегір баба, Бекпенбет, Орақты, Мырза, Ақбұйым, Ескелді би бабалары үшін барып, 13 марте бәдел қажылық жасаған.

Жұбайы: Нүсіпқызы Алтынкүл (руы Балғалы), ұлы – Талғат, қыздары – Шара, Айгүл.





335



Шығармалар жинағы (Шығармалар) Шығармалар жинағы



بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ




Қажылық

“Мұнда келуге мүмкіндігі болған адамның бәрі Алла үшін сол үйіні хаж етуге парызы бар”
(Әл-Фирман сүресі, 97-аят)

“Қажылық жасаған адам анасынан жаңа туғандай болады, барлық күнәсі кешіріледі”
(Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Хадисі)



Бектемір Серік
қажы берген. Ол 2005 жылы
Қажылық Мекке - Мединедегі парыз-қажылық парызын орындап қайтты

Алла қажылығын қабыл етсін!

Қажылық жұмысының қорының басқарушысының қажылық ошағы



Сүтпенің Ардағын Халықаралық Турағын және Қабылдағысы



«Хаж және умраға Аллаһ үшін төлеу парыздары...»
(«Фирман» сүресі, 196-аят)



Умра-ҚАЖЫЛЫҚ 2018

СЕРТИФИКАТ

2018 жылғы мұсылманша бес парыздың бірі қасиетті Қажылық сапарын
Бектемір Серік аттынан орындаған *Бектемір Серік*

Қажылық күшігі берілді.
Қажылығыңыз қабыл болсын!





www.hickmet.kz



ЖАЛАЙЫР БАБАМА

Сөзін жазған: Серік Бектібаев

Әнін жазған: Әлібек Нұрғожаев

336

Бабамыз Ұлы жүздің ноқта ағасы,
Ешкіммен болған емес бақ таласы.
Жалғасып Жалайырдың ұрпақтары,
Бүгінде өркендей бер, тоқтамашы.

Қайырмасы:

Көркейген далам гүл,
Жан бабам балаңмын.
Өзің боп ұраным,
Таусылмас жыр-әнім.
Өшірмей атыңды,
Өсиет хатыңды,
Атқанда ақ таңым,
Жадымда сақтадым.

Өзіңнен он екі ата таралады,
Өсірдің елің үшін даналарды.
Жетісу — жер ұйығым алтын бесік,
Қаншама ұрпақтарың нәр алады.

Қайырмасы:

Өседі өз тұлғаңмен санам менің,
Данышпан, батыр туған, данам дедім.
Елімнің тәуелсіздік ақ таңымен,
Келеді бірге жасап, бабам менің.

Қайырмасы:

Еңбегін бабамыздың ақтайықшы,
Ерлігін ұран қылып мақтайықшы.
Құлатпай қазағымның Көкбайрағын,
Бірлігін Алашымның сақтайықшы.

Құлағым алаш ұраны

Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Мәті,
Қосакелді, Саңырақ, Жұртаман,
Ыдырышбай, Әбденбайдан Нұрсұлтан.



Нұрсұлтан Әбденбайұлы 1940 жылы Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген.

Жұбайы Аманжолова Күлғайша Бақанас қой шаруашылық совхозында жұмыс істеген.

5 ұл, 4 қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп-өсірген. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 1995 жылғы 28 маусымдағы Жарлығы бойынша, тоғыз бала туып, тәрбиелегені үшін «Алтын алқа» орденімен марапатталған.

Нұрсұлтан ағамыз 1981 жылы 26 мамырда 41 жасында, ал Күлғайша жеңгеміз 2010 жылы 69 жасында жарық дүниемен қоштасты.



337

Аманжолова

(Күлғайша)


Бекпенбет






БЕКПЕНБЕТ (ШЕГЕЛЕК) РУЫНЫҢ ҚОСАҚ АТА ҰРПАҚТАРЫ

338




Қосақ ата ұрпақтары





Әкеленбет (Шығалек) =





Красноярск
на территории

ТАЛДЫБАЙ


Кенжебек

Қанат

Мақсат

Исмаил






Бекленбет (Шегелек) —










Бекланбет (Шегелек) шежіресі











НАУҚАНБАЙ

РАҚЫШ

Рахат

Рахым

Рахмет

Рақымберлі

Нұрланбек

Кәдірхан

Асқар

Ерлан

Ұлан

Айдос

Ержан

Сержан

Нұржан

Досжан

Жандос

Нұрмұхаммед

Нұртай

Данияр

Нұрасыл

Нұрәли

Иманәли

Мадияр

Алинұр

Нұрдос

ЖАҚСЫБАЙ

НҮРЖАУ

Орынбай

Нарынбай

Бейсембі

Сәрсембі

Жексенбі

Жаңбырбай

Құтпабек

Байтұрсын


Жантұрсын


Байбатыр


Ержан




НҮРЖАУДЫҢ НАРЫНБАЙЫНАН









Тлобыктамн тцццн





БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

«Тегін білмеген тексіз», «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз», «Жеті атасын білген ұл — жеті жұрттың қамын жер» деп қазақ тегіне қатты мән берген. Сондықтан тегіміздің кім екенін біліп, оны келер ұрпаққа жеткізу — біздің мақсатымыз.

Қазақ баласын үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. Біріншісі — ұят болады. Екіншісі — жаман болады. Үшіншісі — обал болады.

Ұят болады дегені — өлімнен ұят күшті, ұят істі істеме дегені, яғни «жаным — арымның садақасы» дейді.

Жаман болады дегені — жамандықтан аулақ жүр, жақсының жомарттығы, жаманның нәмәрттігі жүғады дегені.

Обал болады дегені — әрбір істің сұрауы бар, адам баласына қиянат жасама, обал мен сауаптың ара жігін ажырата біл дегені.

СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ

• Сәлем беріп, сәлем алғанда жылы жүзбен көзге тіке қарап, шын пейілмен амандасқан абзал.

• Еркек пен әйел қол беріп амандаспайды.

• Көпшілік орында, дастарқан басында кейін келген адам жағалай бәрімен қол беріп амандаспағаны дұрыс. Бәріне ортақ «Ассалаумағалайкум» деп дауыс шығарып амандасса жетіп жатыр.

• Дәретханада, моншада сәлем бермейді, сәлем алмайды. Бас изеп, ишарат білдірсе болғаны.



ЕР АДАМ АЛТЫН ТАҚПАЙДЫ

Ер адам алтын сақина, алтын шынжыр, алтын сағат, жалпы алтын әшекей тақпайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) алтын мен жібекті ер адамға харам еткен. Ер адамның неке сақинасы алтын емес, күміс болса дұрысырақ болады.

Әйелдің күйеуінің алдында төрт міндеті болады:

1. Күйеуінің абыройын қорғау;
2. Күйеуінің ата-анасы мен туыстарын сыйлау;
3. Күйеуінің тапқанын ұқсату;
4. Балаларына иманды тәрбие беру.

Әйелге үш тыйым бар:

1. Күйеуінің рұқсатынсыз үйге бөтен еркек қондырмайды;
2. Күйеуінің рұқсатынсыз жол жүрмейді;
3. Күйеуінің рұқсатынсыз үйдегі затты, бұйымды, құралды біреуге бермейді.

- ✓ Шалбарды отырып киеді.
- ✓ Суды түрегеп тұрмай, отырып ішеді.
- ✓ Мұсылман адам өз үйінде де жалаңаш жүрмейді.
- ✓ Садақа бергенде мұсылманға оң қолымен, ал басқаларға сол қолымен береді. Берген садақаны ешкімге сөз етпейді. Жария етілсе, сауабы жойылып кетеді.

✓ Еркекте әкесінің елі — өз жұрты, шешесінің елі — нағашы жұрты, келіншегінің елі — қайынжұрты болады. Үш жұрттың ішінде нағашы жұрт үлкен жұрт болғандықтан, құрметпен қараған және тойда бірінші нағашыға сөз берген.

✓ Ал әйелде әкесінің елі — төркін, анасының елі — нағашы, күйеуінің елі — өз жұрты болады. Әйел адамнан елін (руын) сұрағанда, бірінші күйеуінің елін айту міндетті.



Шынжыр

Шалбар (Шығарыс)





✓ Қаралы жиында әйел сөз бастамайды. Әйелдер жерлеу рәсіміне қатыспайды, бейіт басына бармайды.

✓ Абыз сөзі мұсылманша хафиз сөзінен шыққан. Құранды жатқа білетін адамды қари, жатқа біліп қана қоймай оны тәпсірлейтін (түсініктеме бере алатын) адамды хафиз (абыз) дейді. Абайдың өзін ешкім абыз деген емес. Абайды хакім (оқымысты) дейміз.

Жеті қазына

1. Ер жігіт
2. Сұлу жар
3. Ақыл-білім
4. Жүйрік ат
5. Қыран бүркіт
6. Берен мылтық
7. Жүйрік тазы (Ит)

Жеті жетім

Тыңдалмаған сөз — жетім;
Киюсіз тозған бөз — жетім;
Иесіз қалған жер — жетім;
Басшысы жоқ ел — жетім;
Аққу-қазсыз көл — жетім;
Жерінен айырылған ел — жетім;
Замандасы қалмаса,
Бәрінен де сол — жетім.

Жеті ата (Он екі ата)

1. Бала
2. Әке
3. Немере



4. Шөбере
5. Шөпшек
6. Немене
7. Жүрежат
8. Туажат
9. Жұрағат
10. Жат жұрағат
11. Жекжат
12. Жамағайын

Жеті күн

1. Бүгін
2. Ертең
3. Бүрсүгіні
4. Арғы күні
5. Ауыр күн
6. Соңғы күн
7. Азына

Жеті жұт

1. Құрғақшылық
2. Жұт (Мал қырылу)
3. Өрт
4. Оба (ауру)
5. Соғыс
6. Топан су
7. Зілзала, жер сілкіну

Жеті жоқ

1. Жерде өлшеушіс жоқ.
2. Аспанда тіреуіс жоқ.



3. Таста тамыр жоқ.
4. Таспақада талақ жоқ.
5. Аллада бауыр жоқ.
6. Аққуда сүт жоқ.
7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті ғалам. Олар — дүниенің төрт бұрышы:

Күншығыс, Күнбатыс, Түстік, Терістік, Аспан — жоғарғы ғалам, Жер — орта ғалам, Жер асты — төменгі ғалам.

Жеті қат көк:

Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштәрин (Юпитер), Сатурн.

Жеті ғашық

1. Ләйлі-Мәжнүн
2. Фархад-Шырын
3. Таһир-Зуһра
4. Арзу-Қамбар
5. Уәлік-Ғарра
6. Уәки-Күлшан
7. Жүсіп-Зылықа

Мүшел туралы

- 1-мүшел — 13 жас, ер жету.
- 2-мүшел — 25 жас, жігіт жас.
- 3-мүшел — 37 жас, ақыл тоқтату.
- 4-мүшел — 49 жас, орта жас.
- 5-мүшел — 61 жас, аталық жас.
- 6-мүшел — 73 жас, қарттық.
- 7-мүшел — 85 жас, кәрілік.



8-мүшел — 97 жас, қалжырау.

9-мүшел — 109 жас, алжасу.

10-мүшел — 121 жас, шөпшек, немене сүю жасы.

Адам 24-ке, 36-ға, 48-ге, 60-қа, 72-ге толып, бір күн асқанда мүшелге кірген болып саналады.

25-ке, 37-ге, 49-ға, 61-ге, 73-ке толған күні мүшелден шығады.

ЫНТЫМАҚ

Ертеректе бір қарияға немересі келіп:

— Ата, Байлық деген бір кісі үйге кіруге рұқсат сұрап тұр, — депті.

— Бала-шағамның қарыны тоқ, маған одан артық байлықтың керегі жоқ, жөніне жүре берсін, — дейді қария.

Арада бірер күн өткенде тағы да немересі:

— Ата, Бақыт деген кісі келіпті, кіргізуге рұқсат бересіз бе? — дейді.

— Ұлымды ұяға, қызымды қияға қондырып, құт тірлік кешудемін. Ол кісі де алға тарта берсін, — дейді қария. Ертесіне кекілі желбіреген немересі ентігін баспастан;

— Ата, ата, Ынтымақ деген кісі келе жатыр, — дейді. Сонда қария:

— Жүгір, балам, алдынан шығып үйге кіргіз, — депті. Ынтымақ ақсақалдың төріне жайғасқанда, Байлық пен Бақыт та қос босағадан орын алыпты...

Осындай ғұмыр нама біліп жүргін,

Ынтымақта бауырлар өмір сүргін.

Шынымен осы тәлім дұрыс екен,

Басыңнан байлық-бақыт ұшар бір күн.



360

Пенденің тілеуі

Азға — қанағат,
Барға — тәуба,
Жоққа — сабыр,
Тойсаң — тоба,
Ауырға — төзім,
Жақсылықта — үміт,
Өткенге — салауат,
Қалғанға — береке,
Басқа — амандық,
Денге — саулық тілеңіз.

Адам бойына керек қасиеттер:

1. Естілік
2. Әдептілік
3. Қайырымдылық
4. Мейірімділік
5. Мәдениеттілік
6. Шындық

Қасиетті деп не айтамыз?

1. Қара шаңырақ
2. Киелі орын
3. Ананың ақ сүті
4. Құран кәрім
5. Дастарқан
6. Қара қазан
7. Ұстаның көрік үйі
8. Жылқышының қара қосы
9. Ертеден қалған ескерткіш
10. Бұлақ



11. Өнер иелерінің мүлкі

12. Мал басы (төл басы). Олар: үйірін ит-құсқа бермейтін айғыр, соңынан төл ерткен мама бие, қой бастайтын серке. Қазақ бұндай мал басын сатпайды, айырбастамайды.



Алдыңғы қатарда: Бибігүл, Тойбике, Ләтипа, Бақтыбай Түреген тұрғандар: Мелс, Ұлтай, Қайрат Шелек елді мекені, 1968 жыл



Суретте Есенқара ата, Абай, Дарияхан, Марияхан. Шелек елді мекені, 1958 жыл



Суретте Мәрсүлу, Лебек, Есенқара, Бәтиха, Сейсенкүл, Бибігүл, Сейсенқызы, Қиымбай, Ләтипа, Жақатай, Бақыт, Абай, Мұрат, Бақытбек, Елдос. Шелек елді мекені, 1960 жыл

361



Шелек елді мекені

(Шелек елді мекені)

Төлеубей





362

Билім (Шығарыс) шығарыс



Солдан оңға қарай бірінші қатарда отырғандар: Қазбек, Өкеш, Мыңжасар, Асубай, Талғат, Азамат, Дүйсен; екінші қатарда отырғандар: Тойбике, Ажар, Қыдырбек, Көпжасар, Сұлтан, Ырысжан, Дйгерім; түрегеп тұрғандар: Қаншайым, Ботагөз, Бөгетбай, Аймашкүл, Есенқұл, Іңкәрбек, Нүрсейт, Ғани, Қызыркелді, Күлбүбі. Бақанас 1996 жыл.



Солдан оңға қарай отырғандар: Марья, Айткүл, Торғай, Жанна; түрегеп тұрғандар: Зәурехан, Аймашкүл, Қайыпжамал, Нағима. Бақанас 1996 жыл.



363



*Сол жақтан Алтын, Ғайни, Айбек, Зауре.
Отырғандар Тұрсынтай (Мәшібай), Рысбек, алдындағы
Нүркен, Өнеркүл, Айбын. Алматы 1986 жыл.*



*Суретте Майра, анасы Шәлтай, Қызыргелді.
Балалары — Гүлназ, Әнуар. Алматы 1985 жыл.*

Шәлтай (Шәлтай) шешімі



364

Шежірегі

Бақылыбет (Шежіре)



Солдан оңға қарай отырғандар: Тұрсынтай, Зейнезәріп, Молдашбай, Төлеген, Герой, Жолдыбала; түрегеп тұрғандар: Гуля, Әсия, Тынымбек, Айтқұл, Ергелді, Серікбала, Қызыргелді, Майра, Күләш, Райхан, Бауыржан, Күнтай.
Бақанас 2004 жыл.




Суретте сол жақтан: Гауһар, Бану, Ержан, Күлбүбі, Ғалия, Жазира, Назгүл, Айман, Әлия; отырғандар Ерлан, Ернұр.



365



Суретте сол жақтан: Раушан, Дэсербай, Гүлжазира, Мәкен,
Бақтығали, Сәуле, Күмсай, Ерғали, Гүлшария.



Сол жақтан. Қызыргелді,
Тілетай, Қаратай.
Алматы 1972 жыл



Суретте сол жақтан
отығандар: Тілетай, Жеңісбек,
түрегеп тұрғандар: Рыспек,
Жауқаш. Ресей 1966 жыл.

Шығыс Қазақстан облысы
Тараз қаласы



366

Шәкелбет (Шәкелбет)



Сол жақтан отырғандар:
Көпжасар, Бану, Асубай;
түрегеп тұрғандар: Торғай,
Күлбүбі



Сол жақтан: Абжапар,
Нұрмолда, Күләш, Нұрлан,
Сейтқұл, Ордабай.
Алматы 1978 жыл.



Отырғандар солдан оңға қарай: Нұргелді, Томирис, Айбек,
Руслан, Баубек, Айбын. Түрегеп тұрғандар: Ақгүл, Файни,
Ұлар, Ғалия, Назым, Айман, Зәуре.



367

Бақанас (Шығыс Қазақстан) шекарасы



Сол жақтан: Алтын, Нұрсейіт, Абай, Мыңжасар, Төлеген, Аманжол, Берік. Бақанас 2020 жыл.



Сол жақтан: Маржан, Азиз, Қуаныш, Қуанышбек, Әділет, Амидолла, Жолдыбала, Бағдагул, Зият, Гүлнар, Динара, Дания. Отырғандар: Амангелді, Атагелді, Арсен, Сағият, Сабина, Балым, Дияна, Аният, Динар. Бақанас 2020 жыл.



368

Бекенбай (Шәзәлек) шәкірәсі



Жұмабек және Бақыт



*Суретте сол жақтан оңға қарай: Айгүл, Серік, Алтынкүл,
Талғат; түрегеп тұрған Шара.*



369



Суретте Бигелді, Жылгелді әулетінің ұрпақтары: Балдырған, Серікбала, Серіккүл, Балжан, Дүйсенгелді, Жұмагелді, Муханбет, Айбек, Анель, Мағжан.



Арайлым, Рыскелді, Шура, Әселім, Ерік.

Муханбет (Muxanbet)



370

Шежіресі

Бекеленбет (Шәзетке)

Шежіресі



Суретте сол жақтан оңға қарай: Руслан, Нұрбол, Жаңыл, Еркін, Ермек, Айшуақ, Гүлнар, Алтынай, Гүлнаш, Ғалия, Ғалия, Роза, Жасмин.



Нариман, Дастан, Нұрсейт.



Құлмұханбет (Құлтай),
Молдашбай



371



*Ақмарал, Гүлнар.
Санк-Петербург 2018 жыл.*



*Абайбекұлы
Іргебай*



*Іргебайұлы
Ільяс*

Шығармалары

Төлеқиямет (Шығармалар)



372



*Әліпбайұлы
Алматай*



*Алматайұлы
Берікбай*



*Алматайұлы
Бақыт*



Алматайұлы Серікбай, ұлдары Мәди, Медет

Шекелібет (Шығалек) шежіресі



373



Алматайұлы
Алмас, Шолпан, Ұлан,
Марлан, Берікбайұлы Баршам



Алматайұлы
Кенжеболат, ұлдар Сабигат,
Асқат, Ибраһим



Сол жақтан оңға қарай: Нағашбай, Сейтжан, Ербай,
Еркелді, Жолдасбай, Елгелді, Ахмади, Кенжегүл, Шәкіжан,
Бақтияр, Нүрсейт, Тұрыскелді, Айбек.
Отырғандар: Жандос, Данияр, Мынжасар, Талғат.

Шәкіжан
(Шәкіжан)





Жалайырдың Байшегір бабасының Бекпенбет (Шегелек) руының Бесшал, Сегізбай, Сеңгетай, Қосақ атты аталарынан тараған шежіре кітабын шығаруға үлес қосқан демеушілер:

374



**Тұрыскелді
Ерентайұлы,**
зейнеткер



Қуанышбек Шапайұлы,
Ат спорты федерациясының
президенті



Сәуле Бекқұлқызы,
«NEFT» құрылыс
компаниясының жетекшісі



Әли Ордабайұлы,
«Ордабай»
шаруақожалығының
төрағасы

шежіресі

Бекпенбет (Шегелек)



375

Шығарыс

(Шегелек)

Әкімшілік



Аманжол Елтайұлы,
Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық заң
академиясының Құқықтық
қамтамасыз ету және
күрделі құрылыс мәселелері
жөніндегі проректоры және
«ДАТ» Заң кеңсесінің
басқарушы серіктесі



Бахытжан Рахымұлы,
Швеция Корольдігіндегі
және Дания Корольдігіндегі
Қазақстан Республикасы
Елшілігінің Инвестициялар
жөніндегі кеңесшісі (қоса
атқару бойынша)



Мыңжасар Көпжасарұлы,
«Шегелек»
шаруақожалығының
төрағасы



Нариман Тұрыскелдіұлы,
«Бисен» шаруақожалығының
төрағасы



Жұмысшы топ мүшелерінің жүріп өткен іссапарлары туралы қысқаша деректер және фотосуреттер:

376

2020 жылы 13 маусымда жұмысшы топтың төрағасы Тұрыскелді қария мен Мыңжасар екеуі Бақанас ауылынан Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына (бұрынғы Шелек ауылы) барып, Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарын іздестіруге, табылса, шежіреге қосу мақсатында жолға шықты.

Осы күні Алматы қаласында тұрып жатқан Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары арасында жиын өтіп, шежіре мәселесі талқыланып, келесі күні Шелек ауылына кімдер баратыны анықталды.

2020 жылы 14 маусымда Елтайұлы Аманжолдың жеке көлігімен Тұрыскелді қария, Айбек, Мыңжасар жолға шықты.

Шелек ауылына келісімен бұрыннан тұрып жатқан Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтарымен кездесіп, жиын барысында Сегізбай атадан, Қосақ атадан тараған беймәлім бауырларымыз анықталып, шежіреге енгізілді.

2020 жылы 24 қарашада Тұрыскелдіұлы Нариманның жеке көлігімен Тұрыскелді қария мен Мыңжасар үшеуі Бақанас ауы-



Солдан оңға қарай алдыңғы қатарда: Бақыт, Тұрыскелді, Ләтипа, Аманжол. Мыңжасар; артқы қатарда: Айбек, Мақажан, Мақсұт, Айбек жиен, Бақатай, Әлибек, Камшат, Гүлнар, Сәния. Шелек, 2020 жыл.

Шежіре

Бекпенбет (Шегелек)



*Суретте солдан оңға қарай: Ерғали, Аманжол, Айбек,
Тұрыскелді, Мыңжасар, Бақыт.
Достық. (Шелек). 2020 жыл*



*Солдан оңға қарай: Шынар келін, Ерғали, Аманжол,
Тұрыскелді, Айбек, Мыңжасар, Бауыржан.
Достық. (Шелек) 2020 жыл.*

Шынар келін

Бауыржан (Шынар келін)





лынан арнайы Қаратал ауданына қарасты Байшегір ауылына барып, ата-бабамыздың бұрын мекен еткен жерлерін анықтап қайту мақсатында жолға шықты.

Осы күні оларды Талдықорған қаласында тұратын Сегізбай атадан тараған Мәди Серікбайұлы күтіп алып, жол сілтеп шығарып салды.

Кеш бата Байшегір ауылына да жетіп, ат басын Байшегір баба атындағы мешітке бұрып, арнайы ұрпақтарының атынан құдайы садақа берді. Мешіттің бас имамы Жәнібекпен тілдесіп, Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының мекені, жерленген жерлері, тары еккен алқаптары, сонымен қатар көлемі 20x30 шақырымдай болатын «Шегелектер» жерінің аталу тарихын, «Шегелектер» жерінің оңтүстік-шығыс жағында «Өтеғұл» атты үлкен төбе барын естіп-білдік. Өтеғұл шежіресі былай таратылады: Жалайыр, Байшегір баба, Бекпенбет, Батпан, Алдаберлі, Сеңгетай, Дөнен, Өтеғұл.

1865 жылы Қаратал өңірінде жүргізілген санақ кезінде Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының болғаны, ал 1868 жылы жүргізілген санақ кезінде Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының болмағанын естіп-біліп, қуанышпен Бақанасқа оралдық.



Солдан оңға қарай: Тұрыскелді қария, қарияның алдындағы
Асқар сәби, Мәди, Нариман, Мыңжасар.
Талдықорған қаласы 2021 жыл.



СӨЗ СОҢЫ

Қадірлі ағайын, қолдарыңызға тиіп отырған тарихи-танымдық шежіре кітапта біз жинақтаған деректерді, фотосурет пен мәліметтерді мүмкіндігінше түгел енгіздік. Әлі де болса бабалар тарихының бірқатар деректеріне қол жеткізе алмағанымыз анық. Сондай-ақ біраз тұлғалар туралы мәліметтер болмағандықтан, шежіре кітабына енбей қалған деректер де бар.

Бұл басылым негізінен жер тарихы мен шежіре тарихынан бөлек, көнекөз қарияларымызға, Кеңес үкіметі кезі мен Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта түрлі салада еңбек еткен Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтарына, Отан қорғаған аталарымыз бен батыр аналарымызға, қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен алдыңғы буын аға-әпкелерімізге арналды.

2020 жылдың ақпан айынан бастап кітап шығатыны жайлы білген ақпаратты ортаға салу, жауапты тұлғаларға беру туралы Алматы облыстық, Қаратал аудандық газет беттерінде ақпарат беріліп, «Шегелек руының ұрпақтары» атты WhatsApp тобында бірнеше рет хабарланды. Содан бері жиналған ақпараттар іріктеліп, сараптаудан өткізіліп, назарларыңызға ұсынылып отыр.

Әрине, Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының тарихын бір кітапта толық қамтып шығу мүмкін емес. Кітаптың кем-кетігі болса, кешірім өтінеміз.

Бүгінгі күнде ел сенімін ақтап, алыс шет ел мен еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада абыройлы еңбек етіп жүрген Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтары, Аллаға шүкір, аз емес. Осы кітапта қамтылмай қалған кейінгі толқынның жетістіктерін жазуды және кемшін тұстарды толықтырып, шежіреге қосуды келер ұрпақ еншісіне қалдырдық.



Осы шежіре кітаптың шығуына ерен еңбек сіңірген
Ақсақалдар алқасы:

Бесшал атадан: Төлеген Арқарұлына;

Сегізбай атадан: Есенқұл Дүйсенбайұлына;

Сеңгетай атадан: марқұм Көпжасар Көштекұлына;

Қосақ атадан: (марқұм) Ғани Сейдахметұлына;

Жұмысшы топ мүшелері:

Бесшал атадан: Сейтжан Садақбайұлы мен Бағыжан Мансүрұлына;

Сегізбай атадан: Тұрыскелді Ерентайұлы мен Айбек Рыскелдіұлына;

Сеңгетай атадан: Марат Билібайұлы мен Мыңжасар Көпжасарұлына;

Қосақ атадан: Абай Ташенқараұлы мен Аманжол Елтайұлына ерекше алғысымызды айтамыз!

Бесшал ата шежіресін құрастырып бекіткен: Арқарұлы Төлеген ақсақал, Мансүрұлы Бағыжан.

Сегізбай ата шежіресін құрастырып бекіткен: Ерентайұлы Тұрыскелді қария, Рыскелдіұлы Айбек.

Сеңгетай ата шежіресін құрастырып бекіткен: Сарбасұлы Нүрсейіт қария, Көпжасарұлы Мыңжасар.

Қосақ ата шежіресін құрастырып бекіткен: Тәшенқараұлы Абай, Елтайұлы Аманжол.

Шежіреде қамтылған барлық естелік-мақала, деректерді осы кісілер жазып, құрастырды.

Ізгі ниетпен:

Бекпенбет (Шегелек) руының ұрпақтары.



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аталарымыздың соғысқа қатысқаны, жасаған ерліктері, марапаттары туралы мәліметтер Ресей Федерациясы қорғаныс министрінің 2007 жылы 8 мамырда №181 «1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысы бойынша мұрағаттағы құжаттардан құпия шектеулері алыну туралы» бұйрығы негізінде ғаламтор желісінде <https://pamyat-naroda.ru> сайтында жарық көрген ресми сайтынан алынған;

2. Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы Әскери комиссариатта және «Отан қорғаған балқаштықтар» атты кітабында көрсетілген;

3. «Байшегір Баба Тоқтыбекұлы». Алматы, «Дәуір» баспасы, 2004 жыл;

4. «Балқаш еңбеккері» газетінің 16 желтоқсан, 2004 жылғы тігіндісі;

5. Книга памяти. «Боздақтар», Алматы обл. 1 т. 1941-45 жж. 50 жылдығына арналады. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға ескерткіш-кітап. «Әл-Фараби» баспасы, Алматы, 1995. 186 б.;

6. «Балқаштық батырларға мың тағзым!». Алматы, БАУР, 2015. 107 б.;

7. «Балқашым — байтақ мекенім». Алматы, Полиграфкомбинат ЖШС; 2018;

8. З.Әбілқасымұлы. «Ақкөл көтерілісінің ақиқаты». Алматы, «ТоғанайТ», 2018.



381





МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
Құран бағыштауды үйренейік	5
Фатиха сүресі	5
Ықылас сүресі.....	5
Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының алғашқы отырысы	7
Байшегір баба кітабынан	13
Байшегір бабаның балаларына кәдесый беруі	25
Тілеуғұл баба туралы тарихи дерек	33
Шегелек атауының шығу тарихы	40
Маралбай әулие	40
Маралбай әулие туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелер	44
Маралбай әулиенің бір кереметі	46
Маралбай әулиенің қасиеті.....	48
Нысанбай әулие	53
Есжан молда	60
Қырық үй Шегелек немесе Үшжарма ауылының атауы	62
Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының Іле өзенінің арғы бетіне өтуі	64
Шегелектердің Қарой ауылына қоныстануы туралы	66
Шегелектердің Шелек ауылына қоныстануы туралы	67
Қытай жеріндегі Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтары	72
Ақкөл көтерілісі	75
Қыдыр атаның батасын алған жігіт	85
Сынақтан сүрінбеген сырбаз жігіт	89
Бекпенбет (Шегелек) ұрпақтарының мекен еткен жерлері туралы деректер	92
БЕСШАЛ АТА ҰРПАҚТАРЫ	95
Бесшал атаның тарихы	96
Орда атамыздың ұрпағы.....	97
Асан атамыздың ұрпақтары	107
Үсен атамыздың ұрпағы.....	137
Айқошқар атамыздың ұрпағы	138
Байқошқар атамыздың ұрпағы.....	139
Бекпенбет (Шегелек) руының Бесшал ата ұрпақтары	145

382

Шегелек

Бекпенбет (Шегелек)



СЕГІЗБАЙ АТА ҰРПАҚТАРЫ.....	155
Бекпенбет (Шегелек) руының Сегізбай ата ұрпақтары	195

СЕНГЕТАЙ АТА ҰРПАҚТАРЫ.....	207
Жауырынга қарап айтатын жігіт туралы аңыз.....	228
Жылқы танитын әкелер	233
Еңбек орденін алған асыл аға	256
Құранда айтылған кәсіпті меңгерген жігіт	258
Көп балалы ардақты ана	260
Бекпенбет (Шегелек) руының Сенгетай ата ұрпақтары.....	268

ҚОСАҚ АТА ҰРПАҚТАРЫ.....	277
Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Мәті, Қосақ, Ырысбай, Боқыш, Ертөле, Батырбек.....	293
Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Мәті, Қосақ, Жақсыбай, Нұржау, Орынбай, Сәрсембі, Әліш.....	315
Тұтқында болған ата өмірі.....	318
Жалайыр бабама	336
Бекпенбет (Шегелек), Батпан, Мәті, Қосакелді, Саңырақ, Жұртаман, Ыдырышбай, Әбденбайдан Нұрсұлтан.....	337
Бекпенбет (шегелек) руының Қосақ ата ұрпақтары	338

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН.....	353
Білгенге маржан.....	354
Сәлем — сөздің анасы	354
Ер адам алтын тақпайды	355
Ынтымақ.....	359
Жұмысшы топ мүшелерінің жүріп өткен іссапарлары	376
туралы қысқаша деректер және фотосуреттер:	376

Сөз соңы	379
Қолданылған әдебиеттер:.....	381



383

Бекпенбет (Шегелек)





Бекпенбет (Шегелек) шежіресі.

Ақпараттар мен мәліметтерді баспасға тапсырған:

Куштеков Мыңжасар Көпжасарұлы

Редактор:

Жадыра Нармахан

Мұқабаны безендірген:

Ермек Қабланбекұлы

Беттеген:

Ермек Қабланбекұлы

Басуға 15.05.2021 қол қойылды.

Қалыбы 84x108¹/₃. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі: AcademyDT, KZM Dastan

Есепті баспа табағы 24,0

Таралымы 400 дана.

Bilik

«Білік» баспасының компьютер орталығында беттелді.

«Білік» баспасы

Алматы, Нұркент ы/а., 5/5.

e-mail: bilikbooks@gmail.com,

тел.: +7 747 719 29 28, +7 707 365 55 39

